ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

ӘОЖ 37.035.6(574):39

Қолжазба құқығында

КУЛАБЕКОВА ГУЛЬШАТ КАМАРБЕКОВНА

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ ҰЛ БАЛА-ЕР ЖІГІТ ТӘРБИЕСІНІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ

6D010300 – Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
п.ғ.д., профессор Козыбаев Е.Ш.

п.ғ.д., профессор Алметов Н.Ш.

Шетелдік кеңесші
п.ғ.д., профессор Рузиева Д.И. (Өзбекстан)

Қазақстан Республикасы
Шымкент, 2026

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР 2
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР 3
КІРІСПЕ.....4
1 ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ ҰЛ БАЛА-ЕР ЖІГІТ ТӘРБИЕСІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....18
1.1 Халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесіне тарихи шолу.....18
1.2 Қазақ отбасында ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің прогрессивті тәжірибесі.....42
1.3 Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің психологиялық-педагогикалық және әдіснамалық тұғырлары.....53

2 ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ ҰЛ БАЛА-ЕР ЖІГІТ ТӘРБИЕСІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....69
2.1 Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің мәні мен ұстанымдары.....69
2.2 Қазақ халық педагогикасы құралдары арқылы ұл бала-ер жігіт тәрбиелеудің мазмұны мен әдістері.....78
2.3 Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің құрылымдық-мазмұндық моделі.....91

3 **БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ ҰЛ БАЛА-ЕР ЖІГІТ ТӘРБИЕСІНІҢ ПРОГРЕССИВТІ ТӘЖІРИБЕЛЕРІН ПАЙДАЛАНУҒА ДАЯРЛАУ НӘТИЖЕСІ** 104
3.1 Студенттердің қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесі дәстүрлері негізіндегі тәрбие жұмысының педагогикалық даярлығының диагностикасы.....104
3.2 «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курсының мазмұны мен әдістемесі.....125
3.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері.....149

ҚОРЫТЫНДЫ.....169
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....171
ҚОСЫМШАЛАР.....178

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста мына нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылды:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (2025 жылғы 11 қаңтардағы өзгертулер мен толықтыруларымен);
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 19 қаңтардағы №2 бұйрығы) (27.08.2024ж. №419 қаулысы, өзгерістер мен толықтыруларымен);
- Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы (14.06.2024ж. №471 қаулысымен өзгерістер мен толықтыруларымен);
- Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Bilim jáne Ǵylym» атты тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзі, 16 тамыз 2019 жыл;
- Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 1 қыркүйек 2023 жыл;
- Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың IV отырысында сөйлеген сөзі, 14 наурыз, 2025 жыл, Ақмола, Бурабай.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы

ҚР МЖБС – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

ЖБМЖМС – Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

ББББ – білім беру бағдарламасы

ЖЖОКБҰ – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы

ЖОО – жоғары оқу орны

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі.

Ұлттық салт-дәстүрлердің ұрпақ тәрбиесіндегі маңызын Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауларында, Ұлттық құрылтайдың отырыстары мен Тамыз конференцияларында нақты айтып көрсетеді.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Bilim jáne Ǵylym» тақырыбында өткен тамыз конференциясында ұлттық тәрбие мәселесіне ерекше тоқталып, «Тарихы терең дәстүр сабақтастығы ұлттық тәрбие арқылы беріледі. Ұлттық құндылыққа қанығып өскен өреннің танымы терең, ділі берік болады. Ата-бабалар аманат еткен ұлан-ғайыр даланы аман сақтау, ең алдымен, жас буынға артылатын зор үміт» - деп, қазақ қоғамының ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтарына аса назар аудартады [1].

«Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекет басшысы «Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру еліміз үшін айрықша маңызды. Әркім отаншыл, білімпаз, еңбекқор, тәртіпті, адал, әділ, үнемшіл әрі жанашыр болса, алынбайтын асу жоқ. Абайдың «Толық адам» ілімінен бастау алатын «Адал азамат» тұжырымдамасының түпкі мәні – осы» - деп көрсетсе, ал Ұлттық құрылтайдың IV отырысында сөйлеген сөзінде «Озық ойлы ұрпақ өсіру үшін білім мен тәрбие әрдайым қатар жүруі керек. Ашығын айтсақ, бала оқыту ісінде бұған дейін білімге көбірек назар аударылды. Ал ұрпақ тәрбиесіне қатысты жүйелі ұстаным болған жоқ. Бұл салаға тиісті деңгейде көңіл бөлінбей келді. Былтыр мектептерде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы қолға алынды. Жобаның түпкі мақсаты – отаншыл, білімді, жасампаз ұрпақ тәрбиелеу. Мұның бәрі – адал азаматқа тән қасиеттер. Құрылтай мүшелері алдағы уақытта осы бағдарламаны «Адал азамат» деп атауды ұсынып отыр. Мен бұл ұсыныспен толық келісемін» - деп «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасын барлық білім беру ұйымдарына енгізудің қажет екендігін айқындап берді [2].

Бұл ретте педагогика ғылымының теориясы мен практикасын қайта қараудағы өзекті мәселелердің бірі, оның мазмұнын жаңа идеялармен байыту, тәлім-тәрбиені ұлттық тәлім-тәрбие негізінде ұйымдастырудың жолдарын қарастыру. Мұның негізгі көздері – қазақ халқының ғасырлар бойы жинақталған, таусылмайтын тарихи, мәдени-рухани қоры.

Егемен еліміз қаншама жыл мерзімінде ұлттық тарихымыздың асыл қазынасының ашылуын, халқымыздың әлемдегі мәдениет пен ғылымның ешбір ұлт, елден кем түспейтін үлесі бар екенін дәлелдеді. Алайда осы уақытқа дейін зерттелмей, ғылыми айналымға түспей келе жатқан құнды идеялардың да бар екені даусыз. Солардың бірі – қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасы.

Қазіргі таңда отбасынан бастап білім берудің барлық сатыларында, яғни балалар бақшасы мен мектеп, орта кәсіптік және жоғары оқу орындарында ұл бала, ер жігітті тәрбиелеу үдерісін ұлт тәрбиесінің негізінде ұйымдастыруға айрықша мән берілуде. Демек, халқымыздың ұл бала, ер жігітті тәрбиелеуге байланысты тұшымды пайымы, байлам тұжырымдары мен тәрбие ісін соған сәйкестендіріп жүргізуге қатысты қалыптасқан өмірлік тәжірибесі ерекше.

Педагогика мен психологияда қазақтың халық педагогикасындағы ұл бала мен ер жігітті тәрбиелеу мәселелері кеңінен қарастырылып, зерделенуде деп тұжырымдауға болады. Біздің зерттеулеріміздің барысында талдау жасалған ғылыми еңбектер келесідей топтастырылады:

- қазақтың ойшыл ғұламалары Қорқыт бабаның [2], Әл-Фараби мен [3] Ж.Баласағұнидың [4], М.Қашқари [5], Қ.А. Яссауи [6] мен ұлы ағартушыларымыз Ш. Уәлиханов [7], Ы.Алтынсарин [8], А.Құнанбаевтың [9] және т.б.;

- қазақ халқының ұл баласы мен ер жігітіне тән жоғары адами қасиеттерді өз бойларына дарытқан, елжандылық пен отансүйгіштіктің идеалы болып табылатын филолог-жазушылар М.Әуезов [10], Б.Момышұлы [11], М.Ғабдуллиннің [12] және т.б.;

- қазақтың халық педагогикасының құралдары негізінде жас ұрпақты тәрбиелеудің мәселелерін зерттеген С.Қалиев [13], С.Ұзақбаева [14], А.Д. Ансабаева [15], Қ.Б.Жарықбаев [16], Ә.Қоңыратбаев [17] пен Л.В. Мардахаев, Г.С. Майлыбаеваның [18] және т.б.;

- көркем өнер арқылы этно мәдени, этика, эстетикалық, экологиялық тәрбие беру мәселесін қарастырған А.Қалыбекова [19], М.Балтабаев [20], Е.Қозыбаев [21], А.Б. Наренова [22], Ш.Ж.Арзымбетова [23] және т.б.;

- баланың жас ерекшеліктеріне қатысты және басқа ұлттардың педагогикалық әдебиеті мен тарихын қарастырған Г.Н.Волков [24], А.А.Тасимова [25], Г.Н.Филонов [26], Ф.А.Афанасьев [27], А.Э.Измайлов [28], А.Ш.Гашимов [29], Я.И.Ханбиков [30] және т.б.;

- тәлім-тәрбие, ұлттық құндылықтар, патриотизм мәселелері туралы А.А.Бейсембаева [31], Ү.К.Санабаев [32], С.Ешімханов [33], Е.Жұматаева [34], С.Т.Иманбаева [35], Ғ.Б.Базарғалиев [36], Д.С.Құсайынова [37], А.К.Калимолдаева [38], А.Қ.Дүйсенбаев [39], Б.Сүлейменова [40] және т.б.;

- ұл балаларды ерлікке және еңбек дәстүрі рухында тәрбиелеу мәселелері бойынша С.Қалиев [41], Ә.Жұмақанов [42], Ш.Әміралиев [43], Р.Джанабаева [44] және т.б. еңбектерін зерделедік.

Сонымен бірге, жоғарыда аталған зерттеулерге жасалған талдау бүгінгі күнге дейін қазақ халық педагогикасында ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасы ғылыми-педагогикалық негіздері проблемасының зерттеу нысаны болмағанын дәлелдейді.

Зерттеу проблемасы ұлттық тәлім-тәрбиеге қатысты болғандықтан, көптеген жақын шет елдердегі зерттеулерге назар аударылды, жоғарыда көрсетілген ғалымдардың әр қайсысы зерттеуге алған және мәселелерді

белгілі бір деңгейде шешкен. Бірақ, осы және басқа да ұлттық тәлім-тәрбиені көрсеткен еңбектерден қазақ халық педагогикасында ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің мәселесі қарастырылмағаны белгілі болды.

Халық педагогикасына негізделген тәлім мен тәрбиені ұйымдастыру мәселесін шешуде ұл бала-ер жігітке тән берілетін сипаттама ұлттық тәрбиемізді тиімді ұйымдастырудың тетіктерінің біріне айналады.

Осы аталғандар мынадай, яғни қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігітке байланысты тәлім-тәрбиелік идеялардың болуы және олардың осы уақытқа дейін жіті зерттелмеуі аралығындағы; ұл бала-ер жігітке қатысты ұлттық ұғымдардың болуының, олардың ғылыми-педагогикалық айналымға енгізілмеуі, сонымен қатар болашақ мұғалімдерді этнопедагогикалық тұрғыда даярлау барысында қолданылмауының аралығында *қайшылықтарды* ашты. Аталған қайшылықтардың шешу жолдарын іздестіру зерттеудің проблемасын анықтады.

Зерттеу **проблемасы** қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіттің тәрбиелік идеяларын айқындап, оқу-тәрбие мазмұнына ендіру қажеттігі - деп белгіленді. Бұл зерттеуіміздің тақырыбын «Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасы» - деп анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу мақсаты – қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігітті тәрбиелеу үдерісін теориялық негіздеу, психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін анықтау және болашақ мұғалімдерді даярлаудағы оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік тексеру.

Зерттеу нысаны – қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігітті тәрбиелеудің прогрессивті тәжірибесі негізінде болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау үдерісі.

Зерттеу пәні – қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасы және болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау.

Зерттеудің ғылыми болжамы – егер, қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің теориялық негіздері анықталып, оның психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері айқындалса, заманауи модельдері жобаланып оларды болашақ мұғалімдерді даярлауда пайдаланудың әдістемесі әзірленсе және тиімділігі дәлелденсе, онда халық педагогикасының озық тәжірибелеріне негізделген ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің әлеуметтік-педагогикалық маңыздылығы мен нәтижелігі арта түседі.

Зерттеу міндеттері:

1. қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық негіздерін жүйелеу;
2. қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін айқындау;
3. қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің мәні мен ұстанымдарын белгілеу;

4. қазақ халық педагогикасы құралдары арқылы ұл бала-ер жігіт тәрбиелеудің тиімді әдістемелік қорын жинақтау, іріктеу;
5. қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің құрылымдық-мазмұндық моделін жобалау және негіздеу;
6. жоғары оқу орындарында қазақ халық педагогикасы негізінде болашақ мұғалімдерді даярлауда ұл бала-ер жігіт тәрбиесін ізгілендіруге бағдарланған «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курсын әзірлеу және тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүргізу арқылы тексеру.

Зерттеудің жетекші идеясы – қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің озық тәжірибелерін теориялық жүйелеу және оларды болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудың маңызды құралына айналдыру, қазіргі қоғам сұраныстары және отбасы құндылықтарына орай, ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің маңыздылығы мен нәтижелігін арттырады.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері – ұл бала-ер жігіттің тұлғасын дамыту, жалпы адамзатқа тән ұлттық, рухани құндылықтар жүйесінің диалектикалық бірлікте болуына қатысты философия, педагогика және психология ғылымдарының қағидалары, қазақтың халық педагогикасының және болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық даярлығының тұжырымдамалары мен қазіргі теориялары.

Зерттеу көздері – ҚР Конституциясы, ҚР «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған тұжырымдамасы, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдаулары мен Ұлттық құрылтай отырыстарында алға қойылған оқушы және студент жастар тәрбиесінің жаңа тұжырымдамалық міндеттері, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы, ғылыми педагогикалық мерзімді басылымдар мен автордың педагогикалық тәжірибесі.

Зерттеу кезеңдері.

Бірінші кезең (2017-2018жж.) – зерттеу мәселелері айқындалып, тақырыбы нақтыланды, ғылыми аппараты құрылып, материалдар жинақталды. Философия, психология және педагогикалық бағыттағы әдебиеттерге, зерттеу тақырыбына байланысты бағдарламаларға, отандық және шетелдік ғалымдар зерттеулеріне талдаулар жасалып, жинақталған материалдар зерделенді. Сонымен қатар эксперимент жұмысының жоспары мен бағдарламасы дайындалды. Зерттеу тақырыбының аясында дайындалған мақалалар басылымдарда жарияланды.

Екінші кезең (2018-2019жж.) – эксперимент жұмыстарының мақсат-міндеттері айқындалып, анықтау эксперименті барысында алғашқы деңгейлері тексерілді. Сауалнамалар жүргізіліп, нәтижесі қорытындыланды. Теориялық материалдар жүйеге келтірілді. Қазақ халық педагогикасында ұл бала-ер жігіт тәрбиесіне байланысты «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курсының бағдарламасы жасалып, тәжірибелік-

эксперименттің қалыптастырушы кезеңі жүргізілді. Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің құрылымдық-мазмұндық моделі құрылды, сонымен қатар өлшемдері мен көрсеткіштері және деңгейлері анықталды.

Үшінші кезең (2019-2024жж.) – диссертациялық жұмыстың қалыптастыру эксперименті жалғастырылып, зерттеудің нәтижелері сұрыпталып, өңделді. Диссертация талап бойынша рәсімделді және пайдаланылған әдебиеттер жүйеленді.

Зерттеу әдістері:

- **теориялық:** зерттеу мәселесіне байланысты ғылыми идеяларды тұжырымдау және жүйелеу, ұл бала-ер жігіт тәрбиесі бойынша философиялық, тарих, әдебиеттану мен этнографиялық, психологиялық және педагогикалық ғылыми-әдістемелік еңбектерді талдау, тарихи-педагогикалық сипаттамалар беру, жинақтау, модельдеу, қорытынды жасау;
- э**мпирикалық:** әңгімелесу, сұхбат, педагогикалық эксперимент, авторлық сауалнама;
- **математикалық-статистикалық**: зерттеу мәселесіне байланысты алынған нәтижелерді математикалық-статистикалық тұрғыдан өңдеу, графикалық рәсімдеу әдістері.

Зерттеудің базасы: Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің – 5В010400-«Бастапқы әскери дайындық» және 5В010800-«Дене шынықтыру және спорт» мамандықтары. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің – 5В010400-«Бастапқы әскери дайындық» және 5В010800-«Дене шынықтыру және спорт» мамандықтары.

Зерттеудің ғылыми нәтижелілігі:

- қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесіне қатысты жіктелу үлгілері, отандық ғалымдардың осы бағытқа арналған зерттеулері талданды және өзіндік ерекшеліктерін анықтау арқылы мәдени құндылықтары сипатталды. Бағзы заманнан келе жатқан этникалық тәрбие қағидалары түзілді және ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің даму үдерісіндегі әкенің, ананың, үлкендердің рөлі зерттелді. Сонымен қатар, қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесіне қатысты бірқатар еңбектерге кешенді талдау мен тарихи экскурс жасалып, ұмыт болған тәрбие бағдарлары мен бүгінгі күнгі мәселелер сабақтастығы негізінде тиімді жолдары көрсетілді;
- қазақ отбасында ұл бала-ер жігіт тәрбиесін ізгілендіруге бағытталған отбасылық тәрбиенің мазмұндық сипаты көнеден қалыптасқан құндылықтарды іріктеу арқылы тарихи кезеңдерге бөліп қарастырылды және даму динамикасына ғылыми талдау жасалды. Зерттеу барысында алынған мәліметтерге орай қазіргі қазақ қоғамында отбасындағы ұл бала-ер-жігіт тәрбиесіне қатысты проблемалар кеңінен ашылды. Олардың қатарындағы ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрлерін және дінін білмейтін жастар, сондай-ақ, ұл балаға қатысты мінездің әлсізденуі сынды тетіктері салыстырмалы түрде көрсетілді. Қазақ

халық педагогикасы арқылы ұл бала-ер жігіт тәрбиесіне қатысты қордаланған түйткілді мәселелерді шешуге бағдарланған педагогикалық амалдарды жандандыруға қатысты ойлар ұсынылды;

- Қазақстанның білім беру мекемелерінде іске асырылып жүрген ұлттық тәлім-тәрбие бағдарламаларының негізінде ұрпақ тәрбиелеудегі оның ішінде ұл бала тәрбиесіне қатысты тағылымдар ғылыми жүйеге келтіріліп, басым тұстары жіктелді. Мұндағы педагог, оқу мекемесінің тәрбие жұмысы және даму ортасының ықпалдастыру талаптары түзілді және ізгілендіру жұмыстары ұсынылды. Жаһандану дәуірінде ұл бала-ер жігіттің ұлттың болмысына, сана-сезіміне, тұлғалық сипатына сай жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды сіңіруде ұлттық кодты сақтауға арналған оқу орнында жүргізілуге қажетті іс-шаралар мен жеке дара тәрбие жұмыстарының түрлері, заманауи педагогикалық ресурстары сараланды;
- отандық білім-тәрбие жүйесінде қолданысқа ие қазақ халық педагогикасы құралдарының жеткіліксіздігі анықталды және тиімділік картасы жүргізілді. Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиелеуді күшейту мен тұрақтандыруға арналған әдістері мен тәсілдері қамтылды. Сонымен қатар, бүгінгі қоғамда ұлттық педагогика арқылы қазақ ұл баласының тұлғалық сапаларын дамыту мен тәрбиелеуді модельдеу жүйесі ұсынылды. Бұл өз ретінде зерттеу жұмысының маңызды құндылыққа ие нәтижесі деуге негіз бар;
- студенттердің қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесі дәстүрлері негізіндегі тәрбие жұмысына педагогикалық даярлығы диагностикаланды. Диагностика барысында қолданылған сауалнамалар, ашық хаттар мен жүргізілген сұхбаттардың заманауи ағымға негізделген жаңа әдістерді қолдану арқылы тиімділігі дәлелденді. Әрбір нақты жағдай бойынша интерпретация барысында қазақ ұлттық педагогикасына негізделген нағыз ұл бала-ер жігітті қалыптастыруға бағдарланған тәжірибелік жұмыс бағдары әзірленді. Студент жастардың отбасылық этникалық ерекшелігі және әлеуметтік ортасы есепке алынып, нәтижесінде көзделген мақсатты шешуге бағытталған нақты ұсыныстар әзірленді;
- студенттердің қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесі дәстүрлерін тереңдету мақсатында «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» тақырыбында элективті курсы әзірленді. Сондай-ақ, қазақ ұл баласының этникалық тәрбиесін ізгілендіруге бағдарланған іс-шаралар кешені ұсынылды. Нәтижесінде элективті курстың мазмұндық сипатына орай бірнеше әдістер арқылы эксперимент жұмысы жүргізілді. Тәжірибелік жұмыс барысында студент жастар қазақ халық педагогикасының құндылықтарымен терең танысып, ұл бала-ер жігіт бойына сіңіруге қажетті ұстанымдар, қағидалар, іскерлік пен дағдыларды қалыптастыру жолдарын игерді. Ұлттық намыс, ұлттық мүдде, ұлттық рух, дала заңы сынды мәліметтердің феноменін ажыратып, құнды ақпарат алып, ашық сөз дискуссиялық алаңында пікірлерін ортаға салды. Әзірленген элективті курс қолдау тапты.

Зерттеу жұмысының тиімділігін айқындайтын тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының нәтижесі оңтайлылығын көрсетті. Курстың құрылымдық сипатын құрайтын 15 тақырып қазақ ұлттық педагогикасының құнары мен ұл бала-ер жігіт тәрбиесін дамытуға арналған тың тақырыптар кіріктірілді. Өткізілген кластерлік бейнересурстардың мектептің тәрбие ісін одан әрі күшейтуге септігі мол болды. Сонымен қатар қазақтың салт-дәстүрлеріне қатысты интеллектуалды бейне-аудио тапсырмалары құрастырылды. Білім беру ұйымының тәрбие секторлары тарапынан және арнайы педагогтар ұсынысы бойынша тәжірибелік жұмыс барысында қолданған осы материалдарды арнайы баспадан шығаруға ұсыныс берілді. Болашақта зерттеу тақырыбының нәтижесін бағамдйтын «Қазақ салт-дәстүрлері мен ер жігіттің ұлттық болмысы» тақырыбын қамтитын бейне-аудио иллюстративті тапсырмалар әзірлеуге жол ашты. Тәжірибелік-эксперимент жұмысының қорытындысында респонденттердің және арнайы мамандардың ұсыныстары негізінде қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесін жақсартуға арналған нақты шешімдер ұсынылды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесіне байланысты жасалған теориялық тұжырымдар мен зерттеу қорытындылары, жасалған әдістеме болашақта жүргізілетін ғылыми бағыттағы ізденістерге негіз бола алады. Сонымен қатар, білім беру ұйымдарында қазақ халық педагогикасы арқылы ұл бала тәрбиесін жақсарту мен ұлттық тәрбие өзектерін жаңғыртудағы тиімділігі мол;
- жаһандану дәуірінде ұл бала-ер жігіттің ұлттың болмысын қалыптастыруға бағытталған заманауи тәрбие жұмыстарының түрлері, заманауи педагогикалық ресурстары өскелең ұрпақтың сана-сезіміне, тұлғалық сипатына сай жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды сіңіруде және ұлттық кодты сақтауға бағдарланған тәжірибелік материалдары жеткілікті;
- ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасына арналған «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» атты элективті курс бағдарламасы жасалып, ұл бала тәрбиелеудің мазмұны қарастырылды;
- элективті курс мазмұнын орта білім беру мектептерінің жоғары сынып сатысында, колледж білім-тәрбие жүйесінде және жоғары оқу орнының тәрбие бағдарында қолданудағы құндылығы биік;
- элективті курстың мазмұнына бейімделіп дайындалған «Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесі» атты оқу-әдістемелік құралы болашақ мұғалімдерге, білім беру ұйымдары педагогтарына және ата-аналарға көмекші әдістемелік құралы бола алады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Қазақ халық педагогикасы жүйесіндегі болашақ ұл бала-ер жігітті тәрбиелеудің теориялық тұжырымдамасы негізделген. Тарихи қалыптасқан этнопедагогикалық идеялар мен ұл бала-ер жігіттің әлеуметтену дәстүрлерін ғылыми реконструкциялау және жүйелі талдау негізінде қазақ халқының

тәрбиелеудегі дәстүрлі жүйесі ер азаматты бірегейлікті мәдени детерминистік қалыптастырудың тұтас моделі болып табылатыны дәлелденді. Этнопедагогикалық әлеуетті институционализациялау «Жергілікті қоғамдастықтарға негізделген білім беру», «Мәдени ерекшеліктерге негізделген даму» және «Әлеуметтік капитал теориялары» заманауи тұжырымдамаларына сәйкес келеді, олардың шеңберінде «Тәрбие әлеуметтік институттар мен мәдени тәжірибелер» кооперациясының нәтижесі ретінде қарастырылады.

2. Қазақ халқының тәрбиелеудегі дәстүрлі жүйесінің аксиологиялық өзегі (Ар-намыс, жауапкершілік, қоғамға қызмет ету, рухани және физикалық жетілу, ұрпақтар сабақтастығы) ұлдарды тәрбиелеуді позитивті, әлеуметтік жауапты және мәдени тұрғыда ұл бала-ер жігітті қалыптастыру үдерісі ретінде қарастыратын қазіргі теориялық шеңбермен тұжырымдамалық тұрғыдан байланысты екендігі анықталды. Бұл құндылықтар жеке тұлғаның мәдени кодтар жүйесіне интеграциялануын қамтамасыз ететін ұл баланы қалыптастырудың тұрақты нормативтік-семантикалық матрицасын құрайтыны дәлелденді. Бұл тұрғыда тәрбие әлеуметтік нормаларды беру үдерісі ретінде ғана емес, сонымен бірге субъективтілікті, моральдық автономияны және тұлғаның азаматтық жетілуін қалыптастыратын этномәдениеттің аксиологиялық негіздерін интериоризациялау механизмі ретінде де әрекет етеді.

3. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың, тәлімгерліктің және мінез-құлықты мотивациялық реттеудің басым болуынан тұратын ұлды қазақ халық педагогикасында тәрбиелеудің басым тетіктері анықталды және теориялық негізделді. Тәрбие үдерісінің тиімділігі субъектінің өзара әрекеттесуін жүзеге асырумен, ішкі мотивацияны, өзін-өзі реттеуді және әлеуметтік жауапкершілікті дамытумен қамтамасыз етіледі. Бұл тұлғаға бағытталған, белсенді және гуманистік көзқарастардың ережелерімен байланысты. Дәстүрлі тәлімгерлік институты ұлттық құндылықтарды интериоризациялауды қамтамасыз ететін нормалар мен мінез-құлық үлгілерін аударудың мәдени механизмі ретінде түсіндіріледі. Өзін-өзі дамытуға және қоғамдық қызметке қабілетті мәдени-шынайы, әлеуметтік жауапты субъект ретінде баланың ғылыми негізделген бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік беретін отандық зерттеушілердің тұжырымдамалық ұстанымдары айқындалды және жүйеленді. Осылайша, қазақ халық педагогикасы тарихи-мәдени құбылыс ретінде ғана емес, сонымен қатар дәстүрлі қоғамдардағы ұл бала-ер жігітті тәрбиелеу идеясын кеңейтетін «жасөспірім ұлдардың мәдени шартты әлеуметтенуі» теориялық тұрғыдан маңызды моделі ретінде түсіндірілді.

4. Қазақ халық педагогикасы жүйесіндегі болашақ ұл бала-ер жігітті тәрбиелеудің мотивациялық, мазмұнды, іс-әрекеттік-практикалық және рефлексивті компоненттерін қамтитын құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді және ғылыми негізделді. Баланың әлеуметтік және мәдени сәйкестігін қамтамасыз ететін жеке қасиеттердің критерийлері, көрсеткіштері

мен деңгейлері (жоғары, орташа, төмен) анықталды. Модель жүйелік, тұлғаға бағытталған, іс-әрекетке және аксиологиялық тәсілдерге негізделген және құндылық көзқарастарының, тәрбие мазмұны мен практикалық іс-әрекеттің өзара байланысын көрсетеді. Ұл балаларды болашақ ер адам ретінде тәрбиелеудің дәстүрлі қазақ моделі мәдени жадыны, мінез-құлқының нормативтік үлгілерін және ұжымдық бірегейлікті таратудың институционалдық және мәдени тұрғыдан бекітілген тетігі ретінде жұмыс істейтіні негізделген. Ол ұрпақтар арасындағы сабақтастық, символдық тәжірибелер және әлеуметтік маңызды қызметке қосылу арқылы құндылық құрылымдарының артуын қамтамасыз етеді.

5. Баланы әлеуметтік серіктестік арқылы тәрбиелеудің этнопедагогикалық әлеуетін институционализациялау тетігі негізделген және сыналған. Білім беру ұйымдарының ұлттық құндылықтарды сақтауға бағытталған қоғамдық бірлестіктермен, әскери-патриоттық клубтармен, спорттық және мәдени орталықтармен интеграциялануы тәрбие үдерісінің нәтижелілігін арттыратыны дәлелденді. Әлеуметтік әріптестік дәстүрлер сабақтастығын және тәрбиенің практикалық-бағдарланған бағытын қамтамасыз ететін әлеуметтену кеңістігін кеңейтудің жүйе құраушы факторы болып табылады. Қоғамдық-саяси дискурс пен бұқаралық ақпарат құралдары ұл бала-ер жігіт тұлғасын қалыптастырудағы идеялардың күрделілігін, әртүрлілігін және мәдени күшін көрсетіп, пікірталасты осылай насихаттауы керек.

6. Білім беруді цифрландыру жағдайында қазақ халық педагогикасының тәрбиелік әлеуетін іске асырудың әдістемелік жүйесі әзірленді. Этнопедагогикалық мазмұнды трансляциялау үшін заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың орындылығы негізделген (цифрлық білім беру ресурстарын, медиа контентті, консультациялық онлайн-платформаларды құру, аралас форматтағы іс-шараларды іске асыру). Дәстүрлі құндылықтар мен цифрлық құралдардың интеграциясы білім беру кеңістігін кеңейтіп, этномәдени бірегейліктің тұрақты қалыптасуына ықпал ететіні дәлелденді.

7. «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курсы аясында жүзеге асырылған қазақ халық педагогикасы арқылы болашақ ұл баланы тәрбиелеудің әзірленген әдістемесінің тиімділігі дәлелденді. Курс 5В010400 – «Бастапқы әскери дайындық» және 5В010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандықтарына жүргізілді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері құндылық бағдарлары, әлеуметтік жауапкершілік, этномәдени бірегейлік және әлеуметтік маңызды қызметке ынталандыру көрсеткіштерінің статистикалық маңызды оң динамикасын растады. Қазіргі этнопедагогикалық және гендерлік зерттеулер контекстінде және оны жоғары педагогикалық білім беруде іске асырудың тәжірибеге бағдарланған моделін әзірлеуде қазақ халқының дәстүрлі тәрбие тәжірибесінің жүйелі түсіндірмесі ұсынылған.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі:

Бірінші нәтиженің жаңалығы – қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасы мәселесіне қатысты отандық, шетелдік ғалымдардың психологиялық-педагогикалық еңбектерін зерделеу нәтижесінде зерттеудің теориялық негіздерінің әдіснамалық тұрғыдан айқындалуымен сипатталады; әдіснаманың жүйелілік, тұлғаға бағдарланған, іс-әрекеттік, аксиологиялық тұғырларын басшылыққа алу нәтиженің негізділігін дәлелдейді.

Екінші нәтиженің жаңалығы – қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін айқындау ұл бала-ер жігіттің эмоционалдық, интеллектуалдық және физиологиялық ерекшеліктерін зерделеумен дәйектеледі.

Үшінші нәтиженің жаңалығына – қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуы жатады. Ұсынылған модель жүйе ретінде компоненттерден (мотивациялық, когнитивтік, мінез-құлықтық), өлшемдер (ынталанушылық, танымдық, іс-әрекеттік) мен көрсеткіштердің жиынтығынан тұрады.

Төртінші нәтиженің жаңалығы – қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің практикасын қамтыған «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» атты элективті курс пен аталған курстың тақырыптары кіріктірілген «Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесі» оқу-әдістемелік құралының дайындалуымен, тиімділігі тәжірибелік эксперимент негізінде тексерілуімен, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілуімен сипатталады.

Зерттеудің нәтижесін сынақтан өткізу:

Диссертациялық **з**ерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері ғылыми басылымдарда жарияланды. Диссертациялық зерттеу аясында 30 ғылыми мақала жарық көрді. Соның ішінде 1 мақала Scopus деректер қорына енетін басылымда, 5 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған басылымдарда, 24 мақала шетелдік және халықаралық конференция материалдары жинақтарында жарияланды.

1.«Kazakh national pedagogy in the upbringing of boys» – Opción, Revista de Ciencias Humanas y Sociales Año 35, 2019. No.90-2, P.806-819. DOI:https://dialnet.unirioja.es/descarga/articulo/8172813. Қосалқы авторлар: Kozybayev Y., Kurmanbekova A., Sarybekova Zh., Ayazbaev T.

2. Дәстүрлі және бүгінгі қазақ отбасындағы ұл бала тәрбиесінің өзекті мәселелері. «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» халықаралық ғылыми-көпшілік журналы, №2 (56). Алматы, 2018. Б. 130-133.

3. Қазақ балаларын Отан сүйгіштікке тәрбиелеудегі ұлттық идеологияның мәні. «Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы» ғылыми журналы. «Педагогика ғылымдары» сериясы, №2 (58). Алматы, 2018. Б. 232-238.

4. Бала тәрбиесі: Ұлы дала елінің тәжірибесі. «Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы» ғылыми журналы. «Педагогика ғылымдары» сериясы, №3 (59). Алматы, 2018. Б. 255-259.
5. Ұл бала тәрбиесі және Бауыржан Момышұлы тағылымы. «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы» ғылыми журналы, №4 (80). Алматы, 2019. Б. 263-271.
6. Абай мұрасындағы ер жігіт тәрбиесі. Научный журнал «Вестник Академии Педагогических наук Казахстана», №3. Алматы, 2020. С. 20-29.
7. Ұлттық құндылықтар – ұрпақ тәрбиесінің өзегі. Материалы III международной научно-практической конференции «Интеграция научного сообщества перед глобальными проблемами современности», г. Киото (Япония), 2018 г. С. 84-88.
8. Елбасы тұлғасы – нағыз азаматты тәрбиелеудің үлгісі. «Н.Назарбаев феномені: саяси ұстанымы мен бастамалары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының еңбектері. Т. 3, Шымкент, 2018. Б. 3-5.
9. Роль казахских женщин в гражданском становлении и воспитании национальной интеллигенции**.** Сборник материалов международной научно-практической конференции «Женщины-ученые Беларуси и Казахстана». Минск, 2018. С. 160-161.
10. Ұлттық тәрбие негізінде қоғамның белсенді азаматының өнегелі тұлғасын қалыптастыру. «Педагогикалық ғылымның және заманауи білім беру басымдықтары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы жинағы. Астана, 2018. Б. 202-204.
11. Жаһандану жағдайында ұл балалар бойында ұлттық сана мен мінез-құлықты қалыптастырудың маңыздылығы. Материалы III международной научно-практической конференции «Перспективы развития современной науки». г. Сеул (Корея), 2018. С. 309-313.
12. Нравственное воспитание средствами народной педагогики. Материалы XIV международной научно-практической конференции «Научное пространство Европы-2018» (Педагогические науки). Польша, 2018. С. 28-33.
13. Қазақ отбасында ұл бала тұлғасының қалыптасуының психологиялық ерекшеліктері. «Заманауи білім беру ғылымы және психология» халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы. Астана, 2018. Б. 346-349.
14. Ұлы түркі ғұламаларының мұраларындағы бала тәрбиесі мәселелері. Материалы международной научно-практической конференции «Европа и тюркский мир: наука, техника и технологии», г.Алания (Турция), 2018. С. 383-387.
15. Ұл балаларға адамгершілік тәрбие берудің этнопедагогикалық негіздері. «Әуезов оқулары-16: «Төртінші өнеркәсіптік революция: Қазақстанның ғылым, білім және мәдениет саласындағы жаңғырудың жаңа мүмкіндіктері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектері. Т. 2 (1). Шымкент, 2018. Б. 199-202.

16. Қазақтың ұл балаларға арналған қимыл-қозғалыс ойындарының тарихи-педагогикалық аспектілері мен бүгінгі жағдайы. «Байтанаев оқулары-VI: «Педагогикалық жоғары оқу орындарындағы болашақ ұстаздың сана ашықтығын дамыту және қалыптастыру» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының мақалалар жинағы. Шымкент, 2018. Б. 266-270.
17. Ұл бала тәрбиесіндегі ұлттық ерекшеліктер. «XXI ғасырдағы Евразия кеңістігіндегі білім мен ғылымның сабақтастығы, даму перспективалары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. Т. 1.Тараз, 2018. Б. 27-30.
18. Педагогтің гендерлік құзіреттілігі. «Рухани жаңғыру аясында болашақ мамандар даярлау: жаңашылдық және тәжірибе» Ф.Н.Жұмабекованың 60 жылдығына арналған республикалық ғылыми-әдістемелік семинар жинағы. Астана, 2018. Б. 320-324.
19. Қазіргі заман және рухани-адамгершілік тәрбиесі. «Білім, ғылым және қазіргі заман» II халықаралық ғылыми-білім беру конференциясының жинағы. Астана, 2018. Б. 104-107.
20. Ұл бала тұлғасының қалыптасуындағы әке тәрбиесінің ролі. Global science and innovations 2019: Central Asia» IV халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының жинағы. Т.3. Астана, 2019. Б. 13-16.
21. Қазақ отбасындағы ұл бала тәрбиесінің кейбір ерекшеліктері. XXII «Аханов оқулары» аясында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 85 жылдығы мен түркітанушы ғалым А.С. Аманжоловтың 85 жылдық мерейтойына арналған «Түркі әлемі: Ұлы дала даналары» атты халықаралық Workshop материалдары, Алматы-Тараз, 2019. Б. 128-131
22. Роль и значение народной педагогики в воспитании детей. «Научный Вестник Ташкентского государственного педагогического университета», №3 (19). Ташкент, 2019. С. 76-81.
23. Бастауыш сынып оқушыларының қазақ салт-дәстүрлері негізінде ұлттық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық мәселелері. Материали XV международна научна практична конференция «Ключови въпроси в съвременната наука - 2019». Volume 8. София, 2019 г. С.43-46.
24. Ұл бала тәрбиесінің бүгінгі күнгі мәні. «Global science and innovations 2019: Central Asia» V халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының жинағы. Т. 8. Астана, 2019. Б. 320-323.
25. Халықтың дәстүрлі ұл тәрбиесіне бүгінгі көзқарас. «Теориялық және практикалық психологияның өзекті мәселелері» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. Алматы, 2020. Б. 408-412.
26. Қазақ отбасындағы қарым-қатынастар және олардың ұл бала тұлғасының қалыптасуына әсері. Материалы X международной научно-практической конференция «Интеграция научного сообщества перед глобальными проблемами современности». г. Марсель (Франция), 2025. С. 138-142.
27. The Role of Folk Pedagogy in the Upbringing of Boys. Materials of the XI international scientific-practical conference «Innovation Management and

Technology in the Era of Globalization», Volume I. Glasgow, Great Britain, 2024. P. 102-105.
28. Ұл бала тәрбиесіндегі қазақтың моральдық-этикалық дәстүрлерінің маңызы. Материалы VIII международной научно-практической конференции «Европа и тюркский мир: наука, техника и технологии». Т. 2. Конья (Турция), 2023. С. 50-54.
29. Ұл бала тәрбиелеудегі қазақ отбасы құндылықтарының маңызы. Materials of the VIII international scientific-practical conference «Quality management: Search and Solutions». Seattle (WA, USA), 2022. P. 123-127.
30. Цифрлық қоғам жағдайында ұл балаларға ұлттық тәрбие берудің этнопедагогикалық негіздері. А.С.Қалыбекованың 80 жылдығына арналған «Қазақ халық тәрбиесінің асыл мұрасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектері. Шымкент, 2025. Б. 175-179.

Диссертацияның зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі – талапқа сәйкес теориялық және әдіснамалық қағидалармен, зерттеудің пәні және мақсатына сәйкес әдістер мен тәсілдерді қолданумен, эксперимент бағдарламасының жалпы мақсатқа сәйкестілігімен, бастапқы және соңғы алынған көрсеткіштер нәтижелерінің қорытындыларымен, оларды өңдеумен қамтамасыз етілді.

Диссертацияның құрылымы:

Диссертациялық жұмыс кіріспе, 3 тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады.

Кіріспе бөлімінде зерттеу тақырыбының көкейкестілігі дәлелденіп, ғылыми аппараты: нысаны, пәні, мақсаты, болжамы, міндеттері мен жетекші идеясы, теориялық-әдіснамалық негіздері, зерттеудің көздері, әдістері, негізгі кезеңдері мен базасы, қорғауға ұсынылатын қағидалары, ғылыми жаңалығы мен теориялық және практикалық маңыздылығы, алынған нәтижелердің дәлелділігі мен негізділігі көрсетіледі.

«Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесін зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері» деп аталатын бірінші тарауда мәселенің философия, педагогика, психология бағыттарындағы ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде қарастырылу жағдайы, зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне талдау жүргізу арқылы мәселенің ғылыми және теориялық негіздері анықталды. Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің тарихи қалыптасуы және дамуы туралы мәселелер қарастырылды. Ұл бала-ер жігіттің физиологиялық және психикалық ерекшеліктеріне талдау жасалумен қатар, «ұл бала-ер жігіт» ұғымы нақтыланды. Қазақ халық педагогикасы негізінде ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері айқындалды. Аталған мәселелерді негізге ала отырып құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, мақсат, міндеттері, өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері айқындалды.

«Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері» атты екінші тарауда қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің мәні мен

ұстанымдары анықталып, мазмұны мен әдістері қарастырылған. Абайдың «Толық адам» ілімі, Бауыржан Момышұлының тәрбиелік идеялары негізінде қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің модельдері ұсынылған.

«Болашақ педагогтарды қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің прогрессивті тәжірибелерін пайдалануға даярлау нәтижесі» тарауында «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курсының тиімділігі тәжірибелік-эксперимент барысында тексерілді, мазмұны мен қорытынды нәтижелері келтірілді. Ұсынылып отырған болжамның дұрыстығы дәлелденіп, зерттеу жұмысында алға қойылған мақсат пен міндеттер шешімін тауып, жүзеге асырылды.

Қорытындыда зерттеудің негізгі қағидалары, нәтижелері тұжырымдалып, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасалады.

Қосымшада зерттеудің тәжірибелік-эксперимент жұмыстарында қолданылған материалдар беріледі.

1. ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ ҰЛ БАЛА-ЕР ЖІГІТ ТӘРБИЕСІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесіне тарихи шолу

Бүгінгі қоғамның даму үдерісі жасанды интеллект пен цифрлық технологиялар ықпалымен жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Адамзаттың қол жеткізген жетістігі қоғамдық құрылыстың барлық салаларына дерлік өзгерістер әкелуде. Бірақ бір нәрсе – ақиқат. Технологияның бұл жетістігі адамның рухани әлемін, ұлттық тәрбие арқылы берілетін ізгі қасиеттерін алмастыра алмайды. Цифрландыру дәуірінде өсіп келе жатқан жаңа буын тасқа қашалып жазылған тарихымызды, ұлттық дәстүрлерімізді жадында ұстап, рухани құндылықтарымызды ұлықтай білуі қажет. Әр адам өз халқының дәстүр салтынан, рухани асыл қазынасынан, мәдениетінен нәр алып тәрбиеленгенде ғана ұлттың бар болмысын тал бойына сіңіріп, «ұлт азаматы» болып қалыптасады. Халықтық педагогиканың мықты әлеуеті негізінде ұлттық тәрбие беру идеясы бүгінгі күннің талабынан, әрі өмірлік қажеттіліктерден туындап отырған маңызды мәселе. Демек, халқымыздың ұл бала, қыз балаға қатысты ой-пікірлері және тәрбиелеу қызметін соған сәйкес ұйымдастыру туралы өмірлік тәжірибелерінің өзіндік орны бар.

Жаңа буын өз қоғамының білімі мен ғылымын, тұрмыстағы жаңалықтарын қолдана отырып өмір сүреді. Цифрлық дәуір келешек ұрпақты тәрбиелеу жүйесіне өзіндік ерекшеліктерін әкелуде. Десек те, соңғы уақытта халық педагогикасына қайта бет бұру, ұрпақ тәрбиелеудегі ұлттың қалыптасқан тәрбие мектебін жаңғыртудың маңызды болып отырғандығы белгілі. Туған халқының дәстүрлерін, халықтың шығармашылығын, өмір сүру қағидаттарын білу – қоғам талабына сай «адал азамат» пен «толық адамды» қалыптастырады.

Қазақ халқының дәстүрлі тәрбие түрлері арқылы болашақта қазақтың ұл баласының ұлттық келбетін қалыптастыру әрекетін уақыт пен тарихи санамен үндес дамыту маңызды. Халқымыздың ұл балаға қоятын межесі өте жоғары. Шаңырақтың жалғасы болып табылатын ұл бала шежіресін, ата тегін, туыстық қатынастарды білуі, уақытпен үндестікте таным-білімін жетілдіруі, ұлттық салт-дәстүрімізді құрметтеуі тиіс.

Ұл баланың қабілет-қарымы мен ұлтына қызмет етудегі жауапкершілігін анықтайтын өлшемдер және бар, яғни туған елі мен жерін қорғау, ұлтжандылық, бауырмашылдық, еңбексүйгіштік, мінездегі және өзін қоршаған ортадағы тазалық. Осы аталған қасиеттердің ұл бала бойында ерте жас кезеңінен бастап сіңірілуі өте маңызды болып табылады. Бұл маңызды іс ең алдымен баланың киелі әрі қасиетті ортасы отбасында басталады.

Тарихқа көз жіберсек, адамзат қай кезде де тәрбие ісімен саналы түрде айналысқан. Дұрыс тәрбие алған ұрпақ өнегелі болары сөзсіз. Ұрпақ тәрбиесі

қай заманның, қай қоғамның болсын көкейкесті мәселелері болып келгендігі анық. Адамзат қоғамы жаратылғаннан бастап бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Баланы халқымыз өздерінің абзал ісін алға жетелеуші, өмірдің жалғасы, болашақтың жасампаз күші деп санаған.

Халқымызда «баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтының тәрбиесімен тәрбиеле» деген қанатты сөз бар. Ал ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық діл мен мәдениет, яғни, халық педагогикасы дамиды. Халық педагогикасы сол халықтың әдебиеті мен салт-дәстүрі, жөн-жоралғыларынан құралады.

Қазақ халық педагогикасында баланы туғанымен, оның мінезін тумайтындығы немесе бір биеден аланың да, құланың да туылатындығы, әкенің парызы – балаға үміт арту болса, ал оны ақтау – баланың парызы екендігінің айтылуы тәрбие ісін әр баланың мінез ерекшеліктеріне сәйкес, жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып жүргізудің қажет екендігі қатаң ескеріледі [45, 16 б.].

Жеке тұлғаның қалыптасып дамуына дана Абай: «Баланы ең алдымен қоршаған ортасы, көшесі тәрбиелейді» – деп тұжырымдап, баланың өміріне қажетті тәлім-тәрбиенің іргетасы жайындағы ойын: «Адамның адамшылдығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болатындығын» көрегендікпен түйіндеген. Баланың тәрбиелі болуына тікелей ықпал ететін маңызды қажеттілік оның туып-өскен ортасы, өмір берген ата-анасы, әулеттің мүшелері, ұстаздың үлгісі мен өнегесі деп бағалаған [46].

Халық педагогикасы сан алуан жылдар бойы халықпен бірге жасасып, тәжірибесі мен құнды идеялары толысып, жетіліп, өскелең ұрпаққа үзіліссіз, жүйелі түрде беріліп келеді.

Белгілі грек ойшылы Аристотель «Біз тәрбиеде халық тәжірибесіне сүйенеміз» деген [47, 25 б.]. Шындығында, ежелден халықпен етене бірге жасасып, дамып келе жатқан тәлім мен тәрбиенің мектебі – халық педагогикасы болып табылады.

Бүгінгі күні ұлттық тәрбиеге немқұрайлылық танытуға хақымыз жоқ. «Баланың тәрбиесі бесіктен» демекші, бала тәрбиесінде әрқандай істе мұқият болуымыз болашақ үшін кезек күттірмейтін мәселе болып табылады.

Халықтық педагогика тарихында осы уақытқа дейін еш хатталмаған, дегенмен, ұлттық ділде жинақталған ұрпақ тәрбиесінің белгілі бір жүйесінің болғандығы анық.

Ұрпақты тәрбиелеудің ұлттық өзегіне тоқталатын болсақ, атап айтатындарымыз:

1. Болашағымызға саналатын ұрпақтың намысшыл, ар мен әділдікті бәрінен биік қоя білетін, батыр, ойлы болуын сұрау. Шындығында, өмірге келген әрбір нәресте ата-анасына ғана емес, бүкіл әулеттің, елдің қуанышы болуымен қатар, өзіндік жауапкершілік артатыны даусыз. Осы тұста, әрбір сәби үшін алғашқы тәрбие діңгегі – халықтық тәлім-тәрбие екені айқындалады.

Әрбір жас отау иелері ата-ана атанған күннен бастап өз сәбилерінің болашақта елтұтқа болар азамат, тұлға болуын армандап, осы мақсатта тер төгеді. Елге танымал, ақыл айтар ақсақалы мен батагөй қарттарынан батасын алып, өмірлік тілектеріне сәйкес есімін қойып, азан шақыртады. Елі мен халқына еңбегі сіңген тұлғаларға ұқсасын деп, аузына түкіртіп, шапанына орайтын ырымдар да осындай игі мақсатқа орай жасалады. Нәрестені көп жасаған, көп ұрпақ өсірген апаларға бесікке салдырып, қырқынан шығару мен алғашқы қадамын баса бастағанда жасалатын тұсауын кестіргенде де болашаққа деген ата-аналық армандарымен ұштастырған. Қарап отырсақ, үлкендердің баталары да Жаратқан құдіреттен шаранаға жарқын болашақ тілейді.

2. Шағын мемлекет болып саналатын отбасы, бүкіл әулеттің бар мүддесі мен ортақ тілегі – дүниеге келген сәбиді мейірімді, тілалғыш, ең бастысы, еңбексүйгіштікке баулу. Оның көріністері апалар айтатын бесік жырлары мен тұсаукесер баталарында, түрлі тілектерде жатыр. Еңбекті – тұлғалыққа тәрбиелеудің басты шарты деп таныған халық қағидаты отбасылық істерге жұмсаудан бастап, түрліше қоғамдық тапсырмалар жүктеген. Мәселен, қыз балаларды үй тіршілігіне, ал, ұл балаларға мал жайғау, отын жарып, шамасы келген жұмыстарды жүктесе, қамшы, қылыш, жүген, басқа да түрлі өздеріне қажетті заттар жасатады.

3. Өмір мәні мен барша тіршіліктің негізіне саналатын білім мен өнерді де халқымыз аса жоғары бағалаған. «Білім – өмір шырағы», «Өнерлінің өрісі кең», «Білімді мыңды жығады, білекті бірді жығады», «Білім – жанып тұрған шырақ, өнер – ағып жатқан бұлақ» дегенді насихаттай отырып, ертегілер мен өлең-жырды, аңыз әңгімелерді, мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді ұсынған.

4. Ұлтымыздың қайталанбас дәстүр-салты арқылы жас буынға ақыл-ой, рухани-адамгершілік, әсемдік, дене тәрбиесін беру және мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Оларға «ақылы жоқтың – арманы жоқ» дегенді түсіндіріп, келешекті қиялдай білуге, ой дербестігіне тәрбиелеу.

Жалпы «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» ұл бала – ата-ананың перзенті, ұрпақ, тұқым, өмірдің жалғасы деген мағынаны білдіреді [48, 69б.]. Сонымен қатар, негізгі кілттік ұғымдарға талдау жасай келе **«Ұл бала»** – қазақ дәстүрінде шаңырақ иесі, әулетті жалғастырушы, болашақ ер азамат. Ол – ата-ананың қолғанаты, үйдің тірегі және жауапкершілікті ерте сезінуге тәрбиеленетін ұрпақ деп танылса, **«Ер жігіт»** – намысшыл, батыл, отбасы мен Отанын қорғайтын, сөзіне берік, жауапкершілігі жоғары, тәрбиелі әрі қайсар тұлға сипатында көрсетілген.

«Ұл бала» мен ер жігіт» ұғымдарының қатар алынуы – қазақ дүниетанымындағы тәрбиелік және әлеуметтік сабақтастыққа байланысты. Нақтырақ айтсақ, тәрбиелеудегі идеологиялық байланысты қарастырады: жас ерекшелік пен өмір кезеңі,тәрбиелік мағына және әлеуметтік рөлі.

Қазақ халық педагогикасындағы ұл баланы тәрбиелеудің теориялық негізін айқындау үшін, осы тарауды ұл баланы тәрбиелеудің тамыры тереңде екендігін және тарихқа шолуды Ұлы Даланы мекен еткен көшпенділерден

бастауды жөн көрдік. Себебі, ұл баланы тәрбиелеудің өзіндік дәстүрі болғандығы және ол ұл бала тәрбиесінің пайда болу, даму тарихымен тығыз байланысты. Сондай-ақ ата-бабаның көздің қарашығындай сақтап жеткізген рухани мұрасын ұл баланың бойына дарыта білуіміз қажет. Ол үшін өткенді бағалай біліп, ұлттық құндылықтарды жан-жақты зерттеп, саналы тәрбие беруде ұтымды пайдаланған жөн. Осы орайда кең даланы қоныстанған көшпенді ғұмыр кешкен халқымыздың тарихы туралы деректерде бір көштің басы солтүстікке, енді бірі оңтүстікке қарай бұрылады. Мәселен, орман, тоғайды мекендеген ру-тайпалар Еуропаға ығысса, ортаазиялық, ежелгі сақ және түркілер Батысқа қарай көшті, ежелгі сақ-түркілердің бір бұтағы – шумерлер Кіші Азияға қоныстанған. Соның нәтижесінде, Таяу Шығыста алғашқы өркениетті мемлекеттер құрылды.

Бұдан кейінгі үдере көшу біздің заманымызға дейінгі II мыңжылдықтан кейін болып, Батыстан Шығысқа бағытында болды. Алайда, бұған қатысты тарихи нақты деректер сақталмаған. Бұл көш туралы тек халық арасында сақталған ауызша шежіреде, аңыз-әңгімелерде айтылады. Олардың ішінде кеңінен таралғаны су тасқынынан кейінгі Нұқ пайғамбар кемесінің қалып, аман қалған Хам, Сам, Иафетті үш бағытқа жібергені туралы аңыз. Солтүстікке жіберілген Иафет Еділ мен Жайықтың ортасына келіп, қоныстанады. Бұл туралы атақты Әбілғазы шежірешінің «Түрік шежіресі» кітабында келтіріледі. Оның Түрік, Хазар, Сақлап, Орыс, Мең, Шын, Кеймар, Тарих атты ұлдарының болғандығы, ең үлкені Түріктің патша болғандығы айтылады. Осы мұрагерлік жалғасып, Алансуоның заманында бұзылған екен. Алансуо дүние саларынан аз уақыт бұрын егіз ұлы – Татар мен Моңғолға тең етіп бөліп берген екен [49, 26 б.].

Өркениет эволюциясына жүгінсек, тарихи-мәдени үдерістер мазмұнын беруде археологиялық, этнографиялық, педагогикалық зерттеулерге жүгінеміз. Осы орайда, ұл бала тәрбиесіне қатты мән берілгендігі байқалады. Мәселен, Орта Азияда алғашқы адамдар ежелгі палеолит кезеңінде пайда болды деп жазылады. Сол мәліметтерге зер салсақ, палеонтроптар аң аулау құралдарын жасауға, түрлі шаруашылық жұмыстарымен айналысуға, үңгірлерді мекендеп, от жағу, ас дайындау, түрлі жемістердің тамырлары мен дәнін жинақтау, басқа да түрлі жұмыстарды жасауға ұл балаларды жұмылдырған. Мұның өзі – тәрбие екені белгілі, осы көрініс тәрбиенің пайда болуы – заңды құбылыс.

Бастапқы қауымдық құрылыс кезеңінде шаруашылықпен қатар, түрлі адами-қоғамдық байланыстардың дамып, түрліше өзгеруі отбасының құрылуының алғашқы шарты болып саналады. Аталған уақыттан бастап, қоғамдағы барлық үстем тап өкілдері, игі жақсылар, ақсақалдар, дінбасылары әрбір отбасындағы ұл баланы еңбекке баулу тәрбиесіне, тәрбие мазмұнын ұлғайтуға, дамытуға назар аудара білді. Осы кезеңде-ақ, ауа райын болжап, түрліше табиғи апаттарды айтатын, адамдарды емдейтін арнайы орындар ашылды. Осыларда да негізінен ұл балалар еңбекке жегіліп, олардың

тәжірибелік іскерліктері мен қабілет-дағдыларының ашылуына жағдай жасалды.

Ұрпақ тәрбиесінің басты міндеттерінің қатарында балаларды ересек өмір сүру жағдайына дайындау, сол ортаның өзіндік ерекшелігі мен тыныс-тіршілігіне бейімдеу қауымдастықтағы барлық ересектер үшін ортақ іс болған. Он-он екі жасар ұлдар ересектердің санатына қосылуы үшін түрлі еңбек әрекеттерін атқарды, өмірге қажет дағдыны игерумен қатар тәжірибе жинақтады. Ересектердің жетекшілігімен жасалатын қызметтерде ұлдардың бойында жоғары талғам, іскерлік, ептілік, жауапкершілік сынды қасиеттерді тәрбиелеуге айрықша көңіл бөлінді. Ұл баланың қажеттіліктері қатарындағы түрлі жабдықтар, атап айтқанда киімдер, ат әбзелдері, қарапайым қару және т.б. оның күш-қуатына, жас және жеке ерекшелігіне сәйкестендіріліп жасалатын болған.

Сондай-ақ, үшінші өркениеттің дамуы кезінде де ұл бала тәрбиесі назардан тыс қалған емес. Тарихта сақ тайпалары тармағының бірі ретінде танылған III өркениеттің пайда болуы мен дамуына ықпал еткен ежелгі халық – шумерлер болған. «Қарабастылар» деп аталған шумерлердің мәдениеті Мысыр мәдениетінен кем түспегендігі тарих беттерінде айқын көрініс табады [49, 35 б.].

Шумер мектебінің ұжымдық бағыты сол замандағы қоғам құрылымының жүйесіне негізделіп, білім беру мен тәрбиелеу ісі үлкен маңызға ие болған. Ұл балалар 7-8 жасынан бастап эдубба мектептеріне қабылданып, математика, тарих, оқу мен хат тануға үйретілді. Сонымен қатар, болашақтағы жұмысына байланыста география, астрономия, медицина, сәулет және т.б. меңгеруі тиіс болды. Оқыту ісі өте ұзақ мерзімде жүргізілді. Жас жеткіншек бала мектепті жігіттік шағында аяқтап, жұмысқа араласатын болған. Ұл балалар отбасында ата-анасы мен ересек бауырларын құрметтеуге, шыншыл болуға, еңбексүйгіштікке тәрбиеленген. Осы дәуірде жазылған «даналық сөздерінде» әкесі баласына екі жүзді болма, өзгенің затына қол сұқпа, ұрыс-керіске барма, жалғыз саяхаттама деген тағылымды кеңестер берген.

Әкелер ұл баланың қалыптасуына жауапты басты тұлға ретінде саналған. Әр әкенің міндеті өз ұлына ықпал ету арқылы қоғамға пайдалы азаматты тәрбиелеу болған. Бұл туралы Таяу Шығыстың тарихын зерттеумен айналысқан танымал ғалым И.М.Дьяконов «Хатшы әкенің қиқар ұл баласымен әңгімесі» атты мәтінде келтіреді. Мәтіннің желісі бойынша өзі хатшы болған әкесі ұлына көшеде бос жүрмей, мектепке барып, ең қиын, әрі қажетті мамандықтың бірі хатшылықты үйренуді міндеттейді. Себебі, ұл бала сол кезеңдегі қоғамда қалыптасқан тәртіп бойынша әкесінің ісін үйреніп, жалғастыруы тиіс болған.

Ежелгі Вавилон дәуіріндегі «Энлил айтты» деген аңызда әкесінің ісін ұл баласының жалғастыруы қажет екендігі, олай болмаған жағдайда оның ешбір абырой-атаққа жетпейтіндігі, құдайдың осы өсиетін орындау міндетті екендігі айтылады [49, 42 б.].

Ал бертіндері б.з.д. X-V ғасырларда Хуанхэ өзенінен Еділ мен Дунайға дейінгі аралықты түркі тілдес тайпалар мекендегені тарихтан белгілі. Сақтарда ұл бала тәрбиесіне кішкентай кезінен мән берген. Сақтар өз заманына сай ұлдарды ерте жастан бастап (төрт-бес жас шамасы) атқа мінуге, дене күшін дамытуға бағытталған жүру, жүгіру, күш сынасуға және қару түрлерін (қылыш, найза, садақ, шоқпар және т.б.) пайдалануға үйретсе, бозбала шақта жауынгерлік дағды-әрекеттерге дайындаған. Әйгілі Геродот өз еңбектерінде сақ пен ғұндардың ұл баланың тәрбиесіне маңызды іс деп қарағандығы және бес пен жиырма бес жас аралығында олардың мына қасиеттерге үйретілгендігі туралы жазады:

- атқа жайдақ міну,
- садақ ату,
- сөзінде тұру, екі сөйлемеу.

Сақ, ғұн, үйсін тайпаларынан басталатын арғы тарихымызға көз жіберсек, әрбір ер азаматтың өз елін, жерін, дінін, тілін қорғап, бірлік пен ынтымаққа ұмтылған, ата-баба жерін кеңейтіп, байытуды көксеген арман аңсары мен елжандылық құндылықтардың сонау заманнан бастау алғанын аңғарамыз. Сонымен қатар, тарихта көк түріктер – ең ежелгі сақ пен ғұндардың ұрпағы болып айтылады. Ұлы сахараны мекен еткен түркі тектес тайпалардың VI-VIII ғасырларда ұйысуына тірек болған халық – Түрік деп айтылады.

Орхон өзенінің бойынан табылған Күлтегін мен Білге қаған, басқа тарихи-мәдени ескерткіштер – орта ғасырлық дәуірдің баға жетпес рухани жәдігерлері. Қазіргі әлемді дүр сілкіндірген Бумын және Естемір хан ұрпақтары бабаларының ізін жалғастыра алмай, VII ғасырларда табғыш тайпаларынан жеңілгеніне өкініп, «Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» деген тұжырымды баяндайды. «Егер сіз, түркі халқы, қағаныңызды, Отаныңызды тастамасаңыз, бірге жүрсеңіз, бақытты өмір сүресіз, отбасыңызда болыңыз, ештеңеге мұқтаж емессіз» деп барша қауымды бірлікке үндейді. Күлтегін ескерткішінде сол заман бейнесі былайша беріледі:

Өлімші халықты тірілттім,
Жалаңаш халықты киімді,
Жарлы халықты бай қылдым,
Аз халықты көп қылдым
Тату елге жақсылық қылдым, -

деп туған халқы үшін бақытты өмірге қол жеткізгенін баян етеді.

Сондай-ақ, Күлтегін жазбасында ел бірлігін бұздырмай, халқын жауға бермей, ерлікпен, даналықпен басқарған Білге қаған асқан ақыл иесі ретінде суреттеледі:

Әкеміз, ағамыз құраған халықтың
Атақ-даңқы жоқ болмасын деп,
Түркі халқы үшін
Түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым...делінген [50, 18 б.].

Біздің заманымызға дейін сақталып қалған тас мүсіндердегі жазбалар түркі халықтарының ел билеу мен басқаруда өзіндік тұжырымдары мен жауынгерлік дәстүрлерінің болғандығын баяндайды. Жазбалардан көп жәйттерді аңғарамыз. Біріншіден, мұндағы тәуелсіздік пен елдің азат болу жолында өз өмірін беруге дайын болу әрекеті, елжандылықтың ең жоғарғы өлшемі деп түсіндіріледі.

Екіншіден, елді басқаратын тұлғалардың білім-білігінің болуы.

Үшіншіден, әділетті қоғам орнату идеясы аясында елдің бірлігін сақтау.

Төртіншіден, ел мен жердің тыныштығын сақтауда, жаудан қорғауда ерлік жасаған батырларға сенім арту, үлгі ету, яғни ұл балаларды өз Отанын қорғай білетін, ер мінезді, қайсар да ержүрек, батыр етіп тәрбиелеу.

«Жігіт» деген сөз ер жеткен, кәмелетке толған азамат деп түсіндіріледі. Жігіт сөзінің ерте замандағы мағынасы өзгешеленеді екен. Мысалы, Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі Күлтегін немесе Тоныкөк жазуларына назар аударсақ, «ігід» деген «қолдау, көтермелеу» деген мағынаны білдірсе, Жүсіп Баласағұнидің еңбегінде «ігід» – тәрбиелеу, дағдыландыру, үлгі көрсету мағыналарына ие. Осы ақпараттарға қарағанда, қазіргі «жігіт» деген сөзіміз «қолдау» содан соң «өнеге, тәрбие беру» сияқты мағыналарға дейін жетілген.

Әбу Насыр Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Данышпандықтың маржаны», «Бақытқа жету туралы», «Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері», «Ақылдың мәні туралы трактат» тағы басқа әлемге әйгілі туындыларының идеялары мен «Құтты білік» дидактикалық дастанындағы толғам, философиялық түйіндер бір мәдениеттің, бір өркениеттің ел-жұрт тіршілігі тұтастырған бір дүниетанымның жемістері. Екі ғұламаның ел, шынайы көшбасшы, құтты қоғам мен әлеумет туралы ой-толғаулары бір арнадан тоғысып отырады. Екеуі де адамгершілікті, имандылықты, мейірім-рахымшылықты адам баласының асыл қасиеті ретінде жоғары қояды.

Одан бериректе тәлім-тәрбиеге ерекше мән беріп, болашақ санасын ұлттық тәрбие негізінде қалыптастыру алғаш рет Қорқыт атадан басталған. Күй абызы Қорқыт атаның мұрасындағы тәлімдік өсиет-нақыл сөздері бүгінгі ұл бала үшін де аса маңызды. «Анасынан өнеге көрмей өскен қыздың, атадан тағылым алмаған ұлдың жаман, Менмен, тәкаппар адамды тәңірі сүймейді... Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ... Қонағы жоқ қараша үйден құлазыған түз артық. Ұл – атаның ері, екі көзінің бірі. Дәулетті ұлы болса, ошағының қоры болар, дәулетсіз ұл болса атаның көрі болар. Ұлдың күні қараң, ата өліп, мал қалмаса», - дейді ұлы Қорқыт баба [51]. Күй абызының ғибрат сөздерінің тағылымдық өнегесі орасан зор. Қаншама уақыт өтсе де тәрбие негізі ер азаматқа байланысты екенін нұсқаған ғибратты даналық сөздерінің ұқтырар сыры өте мол. Қорқыт ата ойларының қорытындысы «өмір барда өлім бар, өзгеру бар, өлмес өмір жоқ, сынбас темір жоқ, бәрі де өзгереді, ұмыт болады, тек мәңгі бақи өлмейтін, ұмытылмайтын нәрсе адамның өмірінде істеген ісінің нәтижесі» дегенді аңғартады. Тарихи болмысы ғаламға мәлім Қорқыт атаның тәлімдік мәні аса зор нақыл, ғибраты

аңыз болған сөздері – барша адамзатқа мәңгілік өмір іздеген игі-тілегімен бірге халқымыздың ежелгі тарихын, әдет ғұрпын, бұрынғы тәлім-тәрбие жолдарын танытатын рухани қазына, қай заманда болмасын ескіріп көнермейтін асыл мұра.

Бірде-бір адамзат қоғамы өзінен бұрынғы аға буынның ақыл-ойын, тәрбие тәжірибесін пайдаланбай өмір сүрген емес. Олай болса, сонау ұлттық тәлім-тәрбиенің қалыптасып, дамуына үлесін қосқан түркі халықтарының ғұлама-ойшылдары Әл-Фарабидің сан-салалы трактаттарында, Қ.А. Яссауидің «Диуани хикметінде», Ж.Баласағұнидің «Құтадғу білігінде», М.Қашқаридің «Диуани лұғат-ат-түрігінде», А.Иүгінекидің «Хибатул халайық», Хорезмидің «Махаббатнама» еңбектерінде ұл бала тәрбиесіне байланысты педагогикалық, психологиялық, философиялық, дидактикалық, әдіснамалық ой-пікірлер өріліп жатыр.

Энциклопедист-ғалым Ж.Баласағұнидың «Құтадғу білік» атты кітабында адамның асыл қасиеттері, ой-талғамдары жайлы, адамға білімнің қажеттілігі, оның тірліктегі мәні, сонымен қатар отбасылық өмір, некелесу, ұлдар мен қыздар тәрбиесіндегі өнегелілік, басқа да ойлар мен көзқарастар нақты баяндалған. «Құтадғу білік» еңбегінің бүгінгі таңда ұл бала тәрбиесінде өз өнегесін берері даусыз. Мәселен,

Қастық қылма, арамдықты сайлама,
Тый құлқыңды, жақсылық ет қайда да.
Кіреріңде, шығар жерді байқап ал,
Қор боларсың шыға алмасаң қайтадан! [52] - деген сөздері әрбір ұл баланы жақсы қасиеттерге баулып, жаман жат мінез-құлықтардан аулақ болуды негіздейді.

Сонымен қатар, Ж.Баласағұни балаға тәрбие қылу мәселесін отбасына беру керектігін «маңдайы кере-қарыс ұл туса, үйіңде өсір ...» деп ескертеді. Ғұламаның тағылымға толы осындай пайымдары білімнің, тәрбиенің өзара байланысын жоғары бағалағандығының дәлелі деп білеміз. Ұл баланың жаны мен тәні ерте жастан білім, өнер мен еңбекке араласу арқылы сабақтастықта жетілуі керек. Көне дәуірден бізге жетіп отырған білім мен тәрбиенің бұл жүйесі адал, парасатты ұрпақты қалыптастырудың мәнін ашып көрсетеді. Ойшыл ізгі адамдарға қауіп төндіретін жағдайды – өсіріп отырған ұл баланың жаман атының шығуымен байланыстырады. Ұрпақ бойындағы ата-ана мен аға буынға деген құрмет сезімі имандылықтан, мейірімділіктен, сүйіспеншіліктен көрінуі қажет. Сондықтан ең бақытты өлім бұл әкесінің амандығы үшін өзінің жанын құрбан еткен ұлдың өлімі деп есептеледі. Ұлы гуманистің дидактикалық еңбегі даналық ойлар мен тәрбиелік ақиқатқа толы. Былайша айтқанда, «Құтадғу білік» – тарихи кезеңнің сипатты белгілерін бойына терең сіңірген, қоғамдық-саяси, әлеуметтік бітімі қанық, моральдық-эстетикалық, рухани қазынамыз болуымен қатар, ұл балаға тәлім-тәрбие беру жөнінде тиісті деңгейде бағдар берерлік мәні зор педагогикалық еңбек деп тануға тиіспіз. Осыдан он ғасыр бұрын адамгершілік тәлімдерінің қандай деңгейде болғанын ұғындырып, өміршең дәстүрдің ұрпақтан-ұрпаққа

жалғасу деңгейін аңғартатын, түсініктерді терең тануға бағыт беретін ұлы туынды, тәрбие дәстүрінің ертеден келе жатқан алтын қазынасы. «Құтадғу білікте» халқымыздың әлеуметтік тіршілігі, дүниетанымы, философиялық ойы, эстетикалық талғамы, педагогикалық-психологиялық көзқарасы, сөз саптау кестесі айқын көрінген. Ол ер жігітке тән адамшылық қасиеттері туралы сөз етіп, қиыннан қиыстырып, қайырымдылық, бауырмалдық, жомарттық, мырзалық, білім мен ақылдың зор пайдасын зерделеп, өзінің ой-толғамын биік те ізгі туындыда қарастырады.

Келесі кезекте ұл бала тәрбиесінің мәнін жоғары бағалаған, ортағасырлық жұлдыздардың бірі М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ат-түрік» атты еңбегі бүкіл түрік ұлысының тілтану энциклопедиясы болып саналады. Еңбекте екі жүзден аса танымал мақалдар мен мәтелдер, нақылдар мен қанатты сөздер, екі жүз қырық екі шумақтан тұратын өлеңдердің үлгілері беріледі. Мәселен,

Менен, ұлым, ақыл ап, жақсы жолға жаратқын,

Елдің дана ұлы боп, біліміңді таратқын, -

деген өсиеттерінен ұл баланың кемеңгер, дана болып өсуін және келешек ұрпақ тәрбиесіне деген жауапкершілік сезімін танимыз [53].

Ал, халық тәлімгері атанған У.Кейқауыс өзінің «Кабуснама» еңбегінде: «Сені жан-ділмен жақсы көріп, тәрбиелеп жүрген ата-ананың көңілін қалдыратын құрттай іс жасасаң, сен ешқандай да жақсылыққа лайықты жан емессің, өйткені кімде-кім ата-ананың жақсылығын білмесе, басқа біреудің жақсылығын да бағаламайды...сен ата-анаңа не істесең, саған перзентің де соны жасайды» деген ата-ананы құрметтеу туралы нәрлі ойлары арқылы тәлім-тәрбиенің кілті тереңде жатқанын сипаттайды [54, 22 б.].

Ғұлама-ойшылдардың бізге жеткен тәлімдік мұраларында әдет, әдеп, мінез, бақыт, дағды, ақыл-парасат, имандылық, мейірімділік, әділеттілік тұрғысындағы ұлағатты өсиетнамалар тұнып тұр. Ұлы ойшылдар шығармаларының алтын арқауы ұл баланың өнегелі тәрбиесі, бала мен ата-ананың қарым-қатынасы, отбасы мен неке, адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз, моральдық-этикалық қасиеттер және т.б. болды.

Жүйрікті желісінен тани білген халқымыз асыл маржандарын тұңғиықтан тірнектеп жинап, өз үлесін қосқан ғұламалар, ата-бабаларымыз жазу-сызуды білмеген кездің өзінде де бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, адам құқығын қорғауды назарда берік ұстаған. Мысалы, «Қасымның қасқа жолы», «Есімнің ескі жолы», Әз Тәукенің «Жеті Жарғысы» сияқты көрнекті заңдардың өзі қағазға түспеген. Бұл – заңдық құжаттар. Ата-заңды аттаған азғындарды «етегін кесіп, елден қу» деген қағидамен аяусыз жазалаған. Әз-Тәуке хан ел басқарған уақыт – қазақ хандығының дамып, күшейген және танылған кезеңі болып табылады [55].

Олай болса, ұлттың тәлім-тәрбиелік ілімін хандық дәуірдегі мәдени мұрасы XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулар толғауларынан ғасырлар үнін, халықтың салт-дәстүрлері мен аңсау арманын, ерлік, елдік мәселесін және т.б. келер ұрпаққа айтар әңгімесін көруге болады. Ойымызды

дәлелдей түсу үшін ақын-жыраулар шығармаларына қысқаша тоқталып, талдау жасап көрелік.

Жыраулар поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі – Асан Қайғы. Ол өз халқына адал еңбек етіп, кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге етерліктей мұра қалдырды. Асан Қайғы жырау туралы ғалым М.Мағауин: «Кейінгі ұрпақ әулие танып, аңыз кейіпкеріне айналдырған, ал Ш.Уәлиханов «көшпенділер философы» атаған Асан Қайғы өз заманының үлкен ойшылы еді...» - деп жазды [56].

Асан Қайғы жыраудың «Көлде жүрген қоңыр қаз» толғауларындағы ғибратнамалық ойлары өзінің тереңдігімен, парасаттылығымен құнды. Ұл балалардың туған жер, өскен елдің қадірін біліп, Отанын сүю адамгершіліктің үлкен парызы деп ұғуын қалаған жырау Отан, ел-жұрт намысын қорлаушы ұлдарды ашына сынға алып:

Көлде жүрген қоңыр қаз,
Қыр қадірін не білсін!
Қырда жүрген дуадақ,
Су қадірін не білсін!
Ауылдағы жамандар,
Ел қадірін не білсін!
Көшіп-қонып жүрмеген,
Жер қадірін не білсін!...
Ақылына көнбеген,
Жұрт қадірін не білсін! – дейді [54].

Ел қамқоры Асан Қайғы жырларында ел бастаған хан да, қол бастаған батыр да, әрбір шаңырақ иесі ұл бала да халқымен бірлікте болуы керектігі, жүрегі елім, жерім, халқым деп соққан азамат қанша ел тірегі болатыны насихатталып, ұл балаларды қайсар, жомарт, намысқой, шыншыл болуға шақырған ой меңзеуі айқын көрінеді.

Ал жыраулық поэзияның алыбы – Шалкиіз жырау. Оның тәлімгерлік құдіреті күшті асыл ойға құрылған афоризм сөздерге толы толғауларының елге тірек болар азаматтарға берері мол. Шалкиіз жыраудың ерлік дәстүрін, ел бірлігін, қазақ халқының бойындағы табиғи ерлік қасиеттерін жеке батырлар бейнесін суреттеп, адамның ерлік тұлғасын сомдау арқылы көрсетуі – өлеңдерінің негізгі түйіні. Шынында да, Шалкиіз жырау поэзиясының рухы – ерлік. Оның шығармалары жауынгерлерді қаптаған қалың жаудан именбеуге, тайсалмай ұрысқа кіруге шақырған өр ұранға толы.

Батыр болмақ сойдан –дүр,
Жалаңаш барып жауға ти,
Тәңірі өзі біледі,
Ажалымыз қайдан – дүр!

Елін жауынан, дұшпанынан тек «жалаңаш барып жауға тиер» ер ғана қорғай алар «Батыр жігіт қол бастар» деп ерлікті, батырлықты жырына ту еткені жыр өрнектерінен айқын көрінеді.

Есендікте малыңды бер де батыр жый,

Басыңа қыстау іс түссе

Дұспанның қолы жете алмас! – деп тілек айтады [54].

Тәрбие негізі – халық даналығында демекші, «Ынтымақты елге жау тимес», «Бірлік болмай, тірлік болмайды» деген халық тағылымымен өзектес бұл жыр – ұл балаларды адамгершілікке, өжеттікке, қайсарлыққа меңзейтін өрісті өнеге, тағылымды тәрбие. Сондай-ақ XVII-XVIII ғасырларда өмір сүрген Ақтамберді – «Елі үшін еңіреген» ерлердің бірі, ел шетіне қорған, халқының кегін алып, «қатын-бала қамы үшін» қылышын сермеген, мақсаты айқын, айбынды жырау.

Ерлер жортар мал үшін,

Қатын-бала қамы үшін,

Әркім өзі талпынбақ,

Басына бітер бағы үшін, - деген мақсатты соғыстың жеңіске жетуі – елін сүйген, намысты, елжанды ерлер арманының айғағы. Ақтамберді жырау толғауларында «ермін» деген жігіттің әр тұста елі үшін ерлік көрсетуін, заманы мұқтаж етіп отырған ер-азамат болуын уағыздайды.

Ел шетіне жау келсе,

Алдыңа сірә дау келсе,

Батырсынған жігіттің

Күйін сонда сынаса! - деп, жігіттің жігіттігі қиын қыстау кезеңде сыналады дегенді меңзейді. Қазіргі қоғамға сай ұл баланы тәрбиелеуде жүйрік тілді Ақтамберді жырау өмірі мен ойлы сөз өрнектерінің маңызы зор.

Келесі парасат иесі XVIII ғасырдағы ақын-жыраулар поэзиясының көрнекті өкілінің бірі – Шал ақын. Белгілі психолог-ғалым Қ.Жарықбаев «Шал Құлекеұлы да қазақ өмірінің ұңғұл-шұңғылына үңіле қараған, оның рухани тіршілігіне, мәдени дамуына шама-шарқынша үлес қосқан зиялыларымыздың бірі» - деген. Ол: «Құдая құдыретіңмен сақтағайсың» деп тәңірге сыйына келе:

Жігіттер ораза ұста, намаз оқы,

Парасат майданы бар тергеледі- деген. Ер жігіттің қандай болуын:

Айдынды жақсы аймен тең,

Жомарт жігіт баймен тең,

Шешен жігіт дүрмен тең,

Иманды көңіл нұрмен тең [54] немесе «Ер жігіт жауға аттанған елдің көркі» деп ел қамын ойлар ұл баланың ер болу парызын, әділет жолын және адам бойына лайық абзал қасиеттерді нұсқайды. Шындығында, ұл балаларды ерлікке, елдікке, ар-ұятқа, адами-рухани құндылықтарға тәрбиелеуде ақын мұраларының орны ерекше. Шал ақын мұраларының тәрбиелік тағылымын зерделей келіп, белгілі ғалым С. Қалиев: «Халыққа қызмет ет, ел қамын ойла деуден артық патриоттық сезім болуға тиісті емес. Бұл – Шал ақынның педагогикалық ой-пікірінің келер ұрпаққа айтар өсиетінің тобықтай түйіні» - деп тұжырым жасайды [57].

Қазақ даласында Дулат Бабатайұлының жыраулардың ішіндегі саңлағы болғаны бәрімізге мәлім. Дулат ақын ер жігіттің абзал қасиеттерінің бірі –

жігерлілік, ол көздеген мақсатқа жетуге ұмтылатын адамның қасиеті. Ол адамды нағыз ер еткізетін, жақсылыққа баулитын, адамның бойындағы керемет қыры, - деп санаған [57].

Жалпы ақындық қазақ халқының бойына біткен табиғи қасиет екенін шығысты зерттеуші ғалымдардың бәрі ерекше атап өткен. Ол жөнінде XIX ғасырда қазақ даласында болған Дат ғалымы Э.С.Вульфсон өзінің «Қазақтар» атты очеркінде «Тап қазақтардай бүкіл өмірінде әнді қастерлеп өтетін халықты табудың өзі неғайбыл... Осы халықта қарттар үлкен ұстаз» десе, ал қазақ даласында айдауда болған поляк офицері А.Янушкевич өзінің «Күнделіктер мен хаттар» атты еңбегінде қазақ халқының өлең шығаруы мен орындау дарынының олардың ақыл-ой қабілетін тамаша айқындайтындығын және жанына жылы тиіп, тәнті еткендігін айтқан. Ал Ш.Уәлихановтың досы Г.Н.Потанин «Қазақ халқы – ақын халық. Ақын деген сахараға сыймайды» - деп жоғары баға береді [58].


Бұдан шығатын қорытынды, әсіресе ел тізгінін ұстайтын ұл балалардың сана-сезімін тәрбиелеп жетілдіруде аға ұрпақтың игі өнегесін, «елім, жерім» деп халықтың мұңын жырлаған ақындар мен зар-заманның хал-ақуалын домбырасымен бере білген жыраулар қоғамдық тәлімгерлердің рөлін атқарғанын байқаймыз.

Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм қашанда ұлттық сипатқа ие, халқымыздың атамекенді ардақтау сезімі өте терең. Әр адам Отанның қадір-қасиетін ұққанда, оның тарихы мен мен жүріп өткен даңғыл жолын, қиын-қыстау кезде бастан кешірген трагедиясын көз алдынан өткізіп, жанымен білгенде, жат жұрттықтардан жерін, даласын, тау-тасын жанқиярлықпен қорғағандағы ерліктерін білген кезде мақтаныш сезімі оянады [59].

Қазақ халқының ұрпағына тәлім мен тәрбие беру мәдениетінің бастауында ұлттық мұрасы мен құндылықтары тұр, атап айтқанда:

- халықтың ауызекі әдебиеті шығармалары,
- ежелгі дала ескерткіштері,
- тас бетіндегі жазба мұра,
- дәстүрлер, әдет-ғұрып, жөн-жоралғылар,
- дала данышпандары мен ұлы ағартушылардың еңбектері.

Ұлтымыздың тәлім-тәрбиелік мұрасы қайталанбас дала өркениетіне тән «тәрбиелеу мектебінің» қалыптасуымен ерекшеленеді. Заманның өзгеруі мен қоғамның дамуы адам санасының жетілуі мен рухани өсуін талап етеді. Халқымыз парасат-пайымы жоғары, рухани толысқан, табиғи және әлеуметтік ортада кездесетін түрлі жағдайларға төзе алатын және одан шыға білетін, кемел тұлғаларды қалыптастырды [60]. Үлгі өнегеге толы қазақтың ұрпақ тәрбиелеу мектебінің өзіндік ерекшеліктері бар. Оны кезеңдерге бөліп топтасырып, қарастырамыз:



Сурет 1 – Қазақтың тәрбие мектебі.

Ұзақ уақыт шеңберінде ұрпақ тәрбиесі халықтық мәдениет пен өркениеттен, ұлттық құндылықтарымыздан рухани нәр алып, осы халықтық педагогиканың өскелең ұрпақ тәрбиелеудегі маңыздылығын төл шығармашылығына арқау етіп, өмірлік ұстанымдарына айналдырған, ең бастысы өз халқын қараңғылықтан алып шығып, өркениетті ел болуын көксеген ағартушылар Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлының орны ерен. Бұлар көздеген мақсат пен ағартушылық сарын бірден туа салған жоқ. Оның экономикалық салдарларымен қатар, мәдени себептері де көп еді. Атап айтатын болсақ, халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған ұлттық мәдениеті мен әдебиеті, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі болса, екіншіден көршілес болып, тыныс-тіршілігіне етене араласқан халықтардың мәдени-әдеби мұрасы, ұлттық қайнар көздері, ал, үшіншіден, Ресейге қосылуға ниет еткен XVIII ғасырдан басталған орыс пен батыс мәдениетінің әсер-ықпалы. Мұның көріністері мен себебін сол уақыттағы Н.Г.Чернышевский, А.И.Герцен, В.Г.Белинскийлердің демократтық көзқарасты жақтап, әріптестік байланыста болуынан аңғарамыз.

Тұңғыш этнограф ғалым Шоқан Уәлиханов халқымыздың салт-дәстүріне ерекше қызығушылық танытып, еңбек арнаған, қазақ халқына тұңғыш жан-жақты баға берген А.Левшиннің «Қырғыз, қайсақ ордалары» атты еңбегімен толыққанды танысып, сол идеяны жақтағаны үшін жер аударылып, Қазақстанға келген В.М.Достоевский, С.Ф.Дуров, А.Н.Майковтармен әрі достық, әрі ғалымдық қарым-қатынаста болып, хат жазысып тұруды әдетке айналдырған. Бұған қоса, ұлы Абайдың П.М.Михаэлис, Н.Н.Долгополовтармен дос болып, тұңғыш педагог, оқулық авторы Ыбырай Алтынсариннің В.В.Григорьев пен Қазан университетінің профессоры Н.И.Ильминскиймен тығыз байланыста болуы, достық сезіммен қатар, ұлттық қызығушылықтарының ортақ болуы жайдан-жай емес.

Құйрықты жұлдыз секілді,

Туды да көп тұрмады.
Көрген білген өкінді,

Мін тағар жан болмады [61,75 б.] - деп жырлаған Абай ақын. Шоқан Уәлиханов – құйрықты жұлдыздай жарқ етіп сөнген, теңдесі жоқ тұлға болды. Айрықша туған тұлғаның қысқа уақыт өмірінде жазып қалдырған еңбектері – ұлтымыздың ұрпағын тәрбиелер рухани мұрасы.

Ұрпақ тәрбиесінде халықтық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды жаңғыртып, оларды бүгінгі өмір үшін құрал ретінде пайдалану қажет. Осы тұрғыдан Ш. Уәлихановтың этнография саласындағы еңбегін ерекше атай аламыз. Жастайынан еуропалық білім алған әжесі Айғаным (Шыңғыстың анасы, Уәлидің тоқалы) оның қазақ халқының дәстүрлері мен мәдениетінің тарихын терең білуінің бірден-бір себебі болғанына күмән жоқ. Уәли, Шыңғыс ауылдары қазақ өнерін іздеушілердің жиналатын орны еді. Орынбай, Жанақ, Шу, Нысанбай және т.б. атақты айтыс ақындары, Біржан сал, Ақан сері, үкілі Ыбырай сынды атақты өнер тарландары, сазгерлер Абылай Семеннің айналасына жиналды. Осындай поэма, аңыз-әфсаналар мен ертегілер, жыр мен айтыстың қалың ортасында өсіп жетілген Ш.Уәлихановтың қазақтың салт-дәстүрлері мен өлеңдерін жан-жақты білуімен қатар, зерттеуге ұмтылуы – заңды құбылыс еді. Омбы кадет корпусында оқып, еуропалық білім алған кезде де ол қазақ-қырғыз әдебиеті мен мәдениетінен, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерінен алшақтамады. Бала Шоқанның дана Шоқанға айналып азамат, ағартушы, ғалым, тұлға болып қалыптасуының негізінде халықтың тәрбие мектебінің тұрғандығы анық.

Ағартушының бірқатар мақалалары қазақ ән-күйлерінің тарихына арналған. Және бұл жазба еңбегін ол қазақтың тарихымен байланыстыра қарап баян етеді. Мысалы, батыр Баянның өліміне байланысты шыққан «Шаңды жорық», Еділ қалмақтарымен болған қақтығыстағы жеті күнге созылған аштық жорығын баяндайтын «Қапты-қақ» күйлері. Халық шығармашылығының жарқын туындылары ән мен күй, өлең, жыр-дастандар мен дәстүрлер – қашанда халық өмірінің жарқын көрінісі мен айнасы саналған. Бұл елдік пен ұлтқа деген сүйіспеншіліктің дәлелі.

Әдет-ғұрыптар мен дәстүрлердің этнопедагогикалық мәні терең тамыр жайған. Атап айтатын болсақ, әдет – ұлттық дәстүрді қалыптастыру, оны өмірдің заңдылығына, этникалық тіршілікке айналдыру; әдет-ғұрып – халықтың санасында және ұлттық мағынада әдет-ғұрыптардың, дәстүрлердің көрінісі; дәстүр – игі әрекеттер мен ұлттық қадір-қасиеттердің әлеуметтік көрінісі; этика – іс-әрекеттің барысындағы ізгілік, адамгершілік көрінісі, сенім – бұл дін мен болашаққа деген сенім, игі істер болашағына; ұлттық ар-намыс – туған елдің ар-намысын қорғай отырып ұлттық мұрамызды қастерлеу, ата-бабаларымыздың дәстүрлеріне деген ұқыптылық, жалпы адамзатқа деген құрметтеу сезімі [Ә.Табылдиев «Қазақ этнопедагогикасы» пәнін оқытудың әдістемелік бағдарламасы мен бағдарлары. - Алматы, 1999. - 34 б.]

Ш.Уәлихановтың ұлтымызға тән дәстүр-салтымыз бен әдет-ғұрыптарды, оның діни сенімдері мен нанымдарын зерттеуге арналған еңбектері өте құнды болып саналады. Біріншіден, олар ғылыми ауқымының кеңдігімен ерекшеленеді. Яғни, XII-XIX ғасырлар арасын қамтиды. Ағартушы ғалым осылармен қатар, шығыс халықтарының тұрмыс-тіршілігі мен мәдениеті, әдебиеті жайлы зерттеу еңбектерімен танымал болған Марко Поло, А.Левшин, Д.Банзаров және т.б. саяхатшылар мен ғалымдардың еңбектерімен жіті танысады. Ғалым Шоқанның туған ұлтының дәстүр-салтын көршілес жатқан қырғыз, өзбек, қарақалпақ, түркімен, моңғол, татар және басқа да халықтардың тарихымен, дәстүрімен байланыстыра зерттеуі үлкен ғылыми және тарихи зор еңбек. Бұл екі жағдайда да Шоқанның тарихи шындықты ашып, көз жеткізуге байланысты жасаған батыл қадамдары екендігі белгілі. Ол әр халықтың өз әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері, сондай-ақ аралас экономикалық кәсіптері мен мәдени өмірі бар көрші елдердің бір-біріне әсер ететінін мұқият қарастырды. Сонымен қатар ежелгі тарихи мұраға сыни көзқараспен қарайды және дәстүрдің тәрбиелік құндылығына объективті ғылыми баға береді. Ол сондай-ақ кейбір дәстүрлер мен діни нанымдарды реакциялық тұрғыдан талдайды. Оның жұмысының тағы бір құндылығы – қазақ мәдениетінің болашағы туралы терең ойланып, оны оқу-тәрбие жұмысымен байланыстыруы болып саналады [62]. Ұлы ғалым мәдениет пен ғылымды барлық адамдарға ортақ рухани байлықтың қайнар көзі деп таныды.

Педагог-ағартушы Ыбырай Алтынсарин бүкіл саналы өмірін халық ағарту ісі мен оқытушылық қызметке арнаған ұлт новаторы. Халықтың көзін ашу, білімге құштарлықты ояту, дала балаларынан білімді ұрпақты тәрбиелеу идеясын өзінің қасиетті миссиясы санаған ұлы ағартушының халқының құрметі мен зор сеніміне бөленуінің себебі – отбасында берілген ұлттық тәрбиенің жемісі. Қазақ қоғамында білім алуға байланысты қалыптасқан теріс көзқарастарды өзгерту, өнер мен білімге баулу жөніндегі жұмыс барысында ол халық өмірінің қаталдығы мен қайғысын, халықтың өмірімен өрілген ұлы трагедияларды көріп, көңіліне бекітті. Халқымыздың баға жетпес рухани мұрасы – ауыз әдебиетінің үлгілерін жатқа айтып, тәлім алды, халықтық жырларды тыңдап, аса сүйіспеншілікпен қағазға түсірді. Ұлы ағартушы туған халқы үшін қызмет ететін білімді адамдардың қатарын көбейту арқылы елдегі сауатсыздықты жоюға болатындығын терең түсінді. Сондықтан қазақ жастарын оқытып, тәрбиелеуден құдіретті еш нәрсенің жоқ екендігі туралы ойға келеді.

Ы. Алтынсарин өз заманындағы танымал орыс педагогикасы өкілдерінің еңбектеріне сүйене отырып, бүгінгі күнге дейін өзекті саналатын «Қазақ хрестоматиясы», «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» еңбектерін жариялап, қалың жұртшылыққа ұсынды [63]. Мысалы, жазушы Ыбырайдың «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» атты шығармасы – балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеуге, уақытты босқа өткізбеуге байланысты ой тастайтын, әсіресе ұл балаларды тәрбиелеуде қажетті саналатын туынды.

Әңгіме желісінің негізгі кейіпкерлері әке мен бала. Өнегелі әке жанына ерген он жастағы ұлын табиғаттың тылсым сырларымен таныстырып, көңілін аудартады. Ол көктегі қарлығаштың, жерде өрмелеген өрмекші мен кішкентай құмырсқаның да өмірге құштар, тіршілік қамында жүргендігін баяндайды. Әкесі ұлына табиғаттағы барлық жәндіктер жұмыс істейтінін түсіндіріп: «Сен де уақытыңды ертеден кешке дейін босқа өткізбе. Уақыт қымбат, сондықтан осы уақыттан бастап жұмыс істеуге дағдылан», - деп ақыл береді.

Сондай-ақ оның «Бақша ағаштары» әңгімесінен әкенің отбасындағы басты тәрбие субъектісі болуы ерекше назар аударатын мәселе екенін көруге болады. Жаздың бір күні таңертең керемет бақша ағаштарын аралап, әке мен бала бір қисық ағашты кездестіреді. Ұлы қисық ағашқа қарап, оның неге басқа ағаш сияқты тік емес, қисық болып өскендігіне таңырқап: «Әке, неге басқа ағаштар түзу, ал мына ағаш қисық? - деген сауал қояды. Сонда ұлының сауалына әкесі өз уақытымен суарылып, бапталып, күтім жасалған ағаштың түзу, әдемі өсетінін, ал күтімі дұрыс болмаған ағаштың қисық болып өсетінін түсіндіреді. Әкесі ұлына бағып-тәрбиелеудің ерекше маңызды екендігін жеткізеді. Бұл әңгімеден де терең рухани ғибрат, әсіресе, ұл балаларға қатысты тәлімдік ойларды байқаймыз. Ы.Алтынсариннің хрестоматияға енген әңгімелерінде мейірімділік, кішіпейілділік, талапшылдық және т. б. қасиеттер дәріптелді, олардан басқа зұлымдық, екіжүзділік, өтірік және т.б. теріс мінез-құлықты әшкерелеу өзекті болды. Ол ұлдарды ержүрек, батыл, адамдарға пайдалы етіп тәрбиелеуге шақырады. Кітапқа енгізілген әрбір шығарма ақыл-ойға, үлгі болуға негізделген. Бұл шығармалардың барлығы өлеңдерде, мақал-мәтелдерде насихатталған гуманистік идеяларымен құнды.

Мектепті «білім берудің басты құралы» деп есептеген Ы.Алтынсариннің аса назар аударған мәселелерінің қатарында қазақ даласында мектептер ашу, балаларға арнап оқулықтар жазу, мектептің материалдық базасын күшейту, оған көбірек қаржы бөлу болды. Ы.Алтынсарин қазақтың ұл балаларына елдің болашағын жасайтын азаматтар деп ерекше сенім артады. Сол себепті ұлы ұстаз ұлдардың тәрбиесіне ыждағаттылықпен қарап, адамгершілік қасиеттерін дарытуға күш сала отырып, бұл істің қаншалықты маңызды екендігін айтады. Өзінің педагогикалық қызметі барысында ой-пікірлері және көзқарастарымен бөлісетін замандасы Н.Н.Ильминскийге жолдаған хаттарында білім алушы ұл балалардың білімді, өнегелі, жақсы азамат болып қалыптасулары үшін бар күш-жігерін салатынын жеткізеді. Ол оқыту мен тәрбие ісінде жазалауды құптамайтынын айта келіп, бірақ ұлдардың тентектікке бой алдырып, жалқау, білімсіз, масыл болып өсуіне жол бермейтіндігін де ескертеді. Бұл ұлы ағартушының гуманистік ұстанымының жоғары екендігін тағы да дәлелдей түседі.

Қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаушы ұлы ақын, ағартушы, философ Абай Құнанбаевтың рухани нәр алған үш бастауы мыналар:
- қазақ халқының бай ауыз әдебиеті,
- шығыс әдебиеті,

- орыс және батыс әдебиеті.

Бала Абайдың туған халқының әдебиетімен қатар шығыс әдебиеті үлгілерін, шешендік сөздерін жадында сақтап, өлең сөз бен қара сөздің ара-жігін ажыратып, өнердің мәні мен құдірет-күшін тануына зор ықпал еткен қазақтың зиялы азаматтары – аталары Өскенбай мен Кеңгірбай, әкесі Құнанбай, әжесі Зере, халық арасынан шыққан ақындар Шөже, Балта, Байкөкше еді. Осы зиялы қауым өкілдерінің берген тәлімі мен тәрбиесінің негізінде балаң Абай данышпан Абай деңгейіне көтеріліп, заманының ең танымал тұлғасына айналды.

А.Құнанбаев қазақтың салт-дәстүрін сөз қылғанда озығын дәріптеп, ескірген тозығын үнемі сынап отырған [64, 78б.]. Кемеңгердің қай шығармасын алсақ та өскелең ұрпақты еңбекке, өнер-білімді меңгеруге шақырып, тәлім-тәрбие мен үлгі-өнеге беруге бағыттайды. А.Құнанбаев қазақ халқының ежелгі кәсібінің бірі аңшылық болғандықтан, аң аулау кәсібімен бірге аңды аңшының жанындағы жасы үлкен жолдасына байлау, тарту ету дәстүрін де паш етіп дәріптеген. Бұл үлкенге құрмет көрсету мен сыйлаудың, аңшылық дәстүрдің бір көрінісі.

Кей жігіт арсыздықпен ұятсынбай,
Қол жетпес әр нәрсеге тырақтаған.
Орынды іске жүріп ой таппаған,
Не болмаса жұмыс қып, мал таппаған.
Қасиетті болмайды ондай жігіт,

Әншейін құр бекерге бұлғақтаған, - деп сынапша жүз құбылған баянсыз жігіт мінезін келеке, мазақ етеді. Ұл балалардың ондай мінезден аулақ болуын қалайды. «Арыңды жасыңнан сақта, ар ақылдың сауыты» - дегенді айтады [65].

Керек іс бозбалаға талаптылық,
Әртүрлі өнер, мінез жақсы қылық.
Кейбір жігіт жүреді мақтан сөйлеп,

Сыртқа пысық келеді, көзге сынық, - деп жігітке қойылар талапты саралап көрсетіп береді.

Үлкеннің ақылын тыңдау, жақсының жанына еріп, жақсымен жолдас болу ежелгі ел дәстүрі болса, осы қағиданы берік жадында сақтап, абзал азамат болып өсу әрбір саналы ұл баланың борышы екендігін ол:

Басында әке айтпаса, ақыл жарлық,
Ағайын табылмаса, ой саларлық,
Қалжың басып өткізген қайран өмір,
Түбінде тартқызбай ма, ол бір зарлық? - деп түйіндейді.

Орынсыз қылжақпен ойланбай өткізген өмір түбінде опық жегізеді, өмір көші тура жолмен жүре беретін керуен емес, кезінде ойланбасаң, кейін кеш қаласың, өкінесің, - деп ұл балаларға терең ой салады.

Сондай-ақ, ұл баланың дене бітіміне және тал бойына, мінез-құлқы мен жүріс тұрысына қарай сынап, болашақта қандай азамат болатынын да

болжаған. Мысалы, дана Абай Көжекбай деген көршісінің Рақымшал деген баласының жүріс-тұрысына қарап:

Сұлу аттың көркі – жал,
Адамзаттың көркі – мал.
Өмір сүрген кісіге,
Дәулет – қызық, бала – бал.
Бала болатын бала бар,
Бала болар ма Рақымшал?
Бүйтіп берген баланды,
Берген құдай, өзің ал! - деп сынаған екен [66].

Осылармен бірге, ғұлама ақын ұл балалардың тәрбиесіне қатысты өзекті мәселелерді «Оныншы» қара сөзінде кең түрде қозғап, өзінің педагогикалық көзқарасын нақты көрсетеді. Ақын «Ал, мен саған мынаны беремін, ананы беремін деп алдасаңыз, оған мәз болғаныңызбен, кейін балаң алдаса, оны кімнен көресің? Орынсыз сөз сөйлетіп, боқтық сөз айтса, мәз болсаң, қу, сұм бол деп тентектікке тәрбиелесең, не үміт күтесің?» - деп балаларын орынсыз мақтаншақтық пен даңғазалыққа тәрбиелейтіндерді сынайды. Ғұлама өз қарасөзінде жат әдет пен дағдылардан аулақ болып, жағымсыз әдеттерден арылуға, адамгершілік қасиеттерге шақырады [67].

Біз бүгінгі таңда жер егесін, Отанның ұлын тәрбиелеудің, ер жігіт, ер азамат бойында ұлттық рух пен елжандылық сезімін қалыптастырудың амал-тәсілдерін Абай тағылымы мен еңбектерінен табамыз. «Жер егесі» деген кім? Жер егесі – туған елі мен жерінің болашағы үшін адал қызмет ететін ұлтжанды тұлға, озық білімімен, іскерлігімен өзгелермен лайықты бәсекелесе алатын, салауатты өмір салтын ұстанатын зиялы азамат, тәлімі мол әке, сыйлы ел ағасы, елтұтқа. Яғни саналы ұл, жігерлі жігіт, парасатты адал азамат.

Ғұлама Абайды қынжылтқан нәрсе ер жігіттің тәртіпке мойынсынбай, білім мен кәсіпті, өнерді үйренудегі кертартпалығы болған. Ол ұлттың болашағы білімді, намысты, қолынан іс келетін мықты ұлдардың (ерлердің) қолында екендігіне тоқталып, қазақты сақтап қалатын сара жол «білім-ғылым-кәсіп» екендігін айтып, осыларға бас бұрудың қажеттігін ескертеді. Хакім Абай «Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып алармық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады» - дейді. «...Осы жұрттың көбінің айтып жүрген мықты жігіт, ер жігіт, пысық жігіт деп ат қойып жүрген кісілерінің бәрі – бәлеге, жаманшылыққа еліртпек үшін, бірін-бірі қолпаштап қыздырып алады да, артын ойлатпай, азғыратұғын сөздері» - деп мақтанға салынып, өзгені күйттейтін, өз бойын өзі тексермейтін, арсыз ерлердің адам санатында бар екендігіне күйінеді [60].

Тәрбие мен халықтық тәлім турасында бағалы мұраларды жинақтап, кейінгі ұрпаққа қалдырған ұлы тұлғалардың өнегесі, тәлімі мен үлгісі «ел мен жердің егесі» болатын Отанның ұлдарын тәрбиелеу ісіне берік негіз болады. Өткен ғасырдың 20-30 жылдарында ұлттың жаңа өкілдерін

тәрбиелеу туралы қазақтың ағартушы-педагогтары А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж.Аймауытов және т.б. ұлт зиялылары көтерген маңызды мәселелердің қатарында халықтың төл педагогикасы негізінде тәрбие беру, ұл балаларды «ұлша» тәрбиелеу мәселелері болды. Олар өз еңбектерінде ұлтымыздың сан ғасырлық дәстүр-салтын, әдет-ғұрпын, тәлімдік ой-пікірлері мен қалыптасқан тәжірибесін болашақ ұрпақ тәрбиелеу үшін қалай пайдалану керектігін көрсетті.

Қазақтың ұлы ағартушылары, көрнекті қоғам қайраткерлері, Алаш зиялылары А.Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, Х. Досмұхамедовтың қазақ этнопедагогикасын қалыптастырудың теориялық алғышарттарын жасау туралы ой-пікірлері педагог-ғалым, профессор Қалдыбек Бөлеевтің зерттеуінде айтылған [68, 37-бет].

Тәрбие туралы ілімді қалыптастырған ұлы педагог-ағартушы, әдебиеттанушы, түркітанушы А. Байтұрсынов ұлттық мұраны қастерлейтін әділ, зорлық-зомбылыққа төзбейтін отбасында туып-өскен. Ақын Семей түрмесінде жазған «Анама хат» атты арнау өлеңінде:

Қарағым, дұғагөйім, қамқор анам,
Арнап хат жазайын деп алдым қалам.
Сені онда, мені мұнда аман сақтап,
Көруге жазған еді Хақ тағалам!
Отырмын абақтының бөлмесінде,
Бұйрықсыз көз жетеді өлмесіме.
Есіктің құлпы мықты, күзетші көп.

Ажалдан басқа ешкім келмесіне [69] - дей келіп, өз анасына деген терең сезімін жеткізеді, ананы сыйлап, құрметтеу, онымен қауышу арман екендігін жырлап, ұлы мұрат жолында ешқандай қауіп-қатерден қорықпаған ерлердің ісін үлгі етеді. Ұлт ұстазы өз заманында мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесі мәселесі бойынша құнды еңбектерімен танымал болған қазақтың ғалым қыздарының бірі Нәзипа Құлжановаңың «Мектептен бұрынғы тәрбие» деген атпен жарық көрген еңбегіне жоғары баға беріп, алғы сөзін жазады. Ол еңбекте балаларды ерте жастан бастап тәрбиелеудің, яғни жас ерекшеліктерін ескерудің маңызды екендігін және жас уақыттан дұрыс тәрбиемен өскен баланың еңбекке икемді, бейнеткеш болатындығы көрсетіледі [70].

«Айқап» журналына педагог-ағартушы Ыбырай Алтынсарин жазған «Қазақ өкпесі» атты мақаласында ұлы ақын өз халқына жалқаулықтан арылу, еңбек ету, ғылым мен өнерді, мамандықты оқып үйрену, терлеу қажеттігін айтып, ата-аналарға баланы жас кезінен бастап мамандыққа үйретуді еске салады, ұлы Абайдың ұлағатын жалғастырады.

Сонымен қатар, көрнекті ағартушы, педагог-ғалымдар А.Байтұрсынов пен М. Дулатовтың тұлғалық үлгісін бойына сіңірген ұлттық рухани ұстыны – Мағжан Жұмабаев болды. М.Жұмабаев алғашқылардың бірі болып, «Педагогика» оқулығын жазып, отбасы тәрбиесі туралы жан-жақты толғанады. Ағартушы отбасын тәрбиелеу ісінде халықтық педагогиканың үздік элементтерін қолданудың қажеттілігін айтады. Ол «Егер бала кезімізде

көргеніміз көңілді, қызық болса, онда бізде аққөңіл мінез қалыптасады. Бала кішіпейілділік пен зұлымдықты ұлы адамдардан үйренеді. Бала әкесінің ұрлық жасағанын байқаған кезде, ол ұрлықты жақсы қасиет деп санайды және өзі ұрлыққа бір аяғымен жақын тұрады. Бала үйінде нені көреді, ол ұшып бара жатқанын көреді», - дейді [71, 72-бет].

М. Жұмабаев – өз елі мен жерінің болашағын ойлаған, ұлтын шын сүйген тұлға. Оның пікірінше, тәрбие қызметіндегі маңызды міндеттердің бірі жас ұрпақтың ұлттық сезімдерінің ерте жастан бастап қалыптасуын қолға ала отырып, халықтың дәстүр-салты, ғұрпы, тарихи таным-білімімен қаруланууы деп санайды. Баланың мейірімді болуы үшін оның айналасындағы адамдар, яғни ата-аналар, туыстары, өздері мейірімді болуы керек. Ол «баланы ерік-жігерге жіберу оған естілікті, батылдықты үйретеді, ал темір тәртіпке бағыну оған шыдамдылық пен табандылықты үйретеді» - деген қорытындыға келеді [71].

Халқымыз ұл бала тәрбиесінде шариғатқа сүйенген. Ұл балалардың елдің қорғаушысы, отбасының ұйытқысы, ұрпақ жалғастыратын сенімді тірек екендігі жоғары бағаланып, өмір сүруге, түрлі қиындықтарды еңсеруге бейім болуға тиіс екендігі қатаң түрде ескерілген. «Ата-аналар балаларын өздеріне ұқсатып тәрбиелемеуі керек, керісінше, оларды өздерінен күштірек қылуға ұмтылу керек, өйткені, заман талабы уақыт озған сайын күшейіп, өзгеріске түседі», - дейді М.Жұмабаев ата-аналар кеңесінде. Ағартушы пайғамбарлық хадистердегі тәрбиеге қойылатын талаптардың өскелең ұрпақ тәрбиесіндегі ғылыми ой-пікірлер мен қағидаттардан еш кем түспейтіндігін, қайта мұсылмандық шарттардың ғылыми тұжырымдарға берік негіз болатынын айтады.

Ұлттық оқу-тәрбие мен білім беру саласында үлкен тәрбиелік маңызы бар ғылыми, педагогикалық құнды еңбектер жазған ұлт зиялысы Ж.Аймауытов. Педагог-ағартушы өзінің «Тәрбие» атты мақаласында баланы тәрбиемен, үлгілі іс-әрекеттермен, адамгершілікпен, болашақ ұрпақты тұлға ретінде қалыптастырумен тығыз табиғи байланыста тәрбиелеу қажеттілігін баяндады. Әсіресе, «адамның қоғамдық еңбегінің нәтижесі тәрбиемен тығыз байланысты» - деп тұжырымдайды. Сондай-ақ, адамның мінезі мен интеллектінің теңсіздігі тәрбие іс-әрекетінің әртүрлілігіне және адамның ұрлық, жалғандық және т.б. сияқты бұзақылық әрекеттерді жасауына, тәрбиенің болмауына байланысты» [72, 435-бет]. Ж. Аймауытов балаларды тәрбиелеудегі отбасының рөлін ерекше атап өтіп, оның жағдайын бұзуға немесе түзетуге әкелетін басты шарт – ол жас кезінде көрген, отбасында көңіліне түйгені екенін атап өтті. Ол «ата-ананың мықты тәрбиесі негізінде баланың тұлғалық қалыптасуы жүзеге асырылады» деп атап айтты. Ізгілікті дәріптеген отбасынан тентек мінезді бала немесе тәрбиеге немқұрайды қарайтын отбасыдан өнегелі бала пайда болуы мүмкін, ол қоршаған ортаның, құрдастарының әсерінен немесе оларға еліктеуден болады деп тұжырымдайды.

Тарихқа үңілер болсақ, әр ұлттың төл мәдениеті мен салт-дәстүрінің, өмір сүру қағидалары мен өзіне тән бірегей тәрбие жүйесінің, әдіс-тәсілдерінің болғандығына көз жеткіземіз. Ықылым заманнан сұрыпталып, бүгінгі күнге дейін жеткен халық тәрбиесі – халықтың тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы қалыптасқан дәстүрлерінің негізінде пайда болып, даму сатысынан өтіп, жетіліп, өзектілігін жоғалтпай ұрпақтарға беріліп келе жатқан мұрасы, асыл қазынасы.

Қазақ ұлт ретінде қалыптасқалы бергі тарихында түрлі кезеңдерді басынан өткізіп, тар жол тайғақ кешсе де, болашақ ұрпағының тәлім-тәрбиесіне өте зор көңіл бөле отырып, сонымен қатар елін, жерін ішкі, сыртқы жаулардан қорғайтын ер бойына ұлы дала перзентіне тән – еркіндік пен тәуелсіздік, қайсарлық пен қайырымдылық, ақ ниеттілік пен парасаттылық, өрлік пен ерлік тәрізді асыл қасиеттерді дарыта білген. Осы аталған қасиеттерді өскелең ұрпақ ата-бабадан қалған өнеге деп қабылдаса, ертеңгі күннің жарқын болашағына сеніміміз арта түсері анық [73, 53 б.].

Жаһандану кезеңінде өскелең ұрпағымызды туған халқының төл тарихы мен бай шежіресін, дәстүр-салтын, ана тілін білетін білімді, мәдениетті, зиялы, адамгершілік қасиеттерді бойына дарыта білген ұлт азаматы ретінде тәрбиелеу қазақ қоғамындағы басты талаптардың бірі болып табылады. Қайсыбір халықтың ұлт ретінде қалыптасуы үшін оның құрамындағы кіші ұлыстардың материалды-техникалық және тұрмыстық жағдайлары, рухани және әлеуметтік-экономикалық өмірі, құқы мен мәдениеті, ұлттық психологиясындағы негізгі этикалық нормаларының ортақтастығы қажетті жағдайлар болып табылатындығы анық [74,137 б.].

Ұлттың мәдениеті мен психикалық құрылымының арасында тығыз байланыстың болатындығы белгілі. Озық салт-дәстүрлер ұрпақты тәрбиелеудегі құрал ретінде ғасырлар бойы қоғамға қызмет етуде. Ол адамның шыр етіп дүниеге келген күнінен бастап, қартайғанға дейін және сол қоғам мүшелерін тәрбиелейтін алтын бесігі іспеттес. Ғалым С.Қалиев өз зерттеулерінің негізінде халық педагогикасында тәрбиенің басты сегіз принципінің насихатталғандығын және олардың бала тәрбиесіндегі мәнін жоғары деп көрсетеді. Мысалы, тәрбие ең алдымен әдептілікке үйретуді көздейді. Содан кейін мейірімді болуға, тіл алғыш елгезек болуға үйретеді. Бұл баланы еңбекке баулудың алғашқы көрінісі екендігі белгілі. Келесі принциптер адалдық пен шындыққа баулуды, ұстаз бен ғалымның, данышпан қарияның сөзін тыңдап бойына сіңіруді көздейді. Халық даналығы үлкенді, ата-ананы сыйлауды, кісі мінін бетіне баспауды басты міндет етіп қояды. Ұл баланы елдің қорғаны болып, халқына адал қызмет етуге, өнерін соған жұмсауға үйретеді [74, 138 б.].

Осы насихатталған тәрбие принциптері балада жастайынан жүзеге асырылуы тиіс болған. Бұл жөнінде қазақтың дауылпаз, ұлы ақыны І.Жансүгіров:

Жаста білген, басқа сіңген тәлімнің

Өзің өлмей сүйегіңнен қала алмас, - деп балаға жастайынан берілген тәрбиенің жемісті болатынын айтады. Бабалар жасаған рухани асыл байлықтар мен тәрбиенің осы нысанасы қазіргі таңда да өз құнын жойған жоқ. Оларды зерттеу, танып бағалау,қалың көпшілікке жеткізе білу – қазіргі және келер ұрпақтың абыройы әрі азаматтық, ұлттық парызы.

Ғасырлар тоғысында, жаңа мыңжылдықта өткен тарихи-мәдени жолды зерделеп, саралап, болашақты болжап, қадам басу қалыпты жағдай. Өткенді сана талқысынан, ой таразысынан өткізбейінше, болашақты анық бағдарлау мүмкін емес. Халықтың алға басуы тек саяси-экономикалық ахуалға ғана емес, оның руханилығына да тікелей байланысты. Олай болса, руханилықты дамытатын халықтық педагогиканы насихаттаушы халық ауыз әдебиеті болып табылады. Оған: ертегілер, лиро-эпос жырлары, батырлар жыры, тарихи жырлар, тұрмыс-салт жырлары, айтыс өлеңдері, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар және т.б. жатады. Бұлардағы айтылатын барлық тәрбиелік тағылымдарды ата-бабамыздың жатқа білуі былай тұрсын, күнделікті тіршіліктеріне дейін салт-дәстүр қылып енгізіп, үлкен мән берген. Адам баласының шыр етіп туғаннан бастап, қартайғанға дейінгі өмір жолының әр кезеңін атап өту, оған өлең-жыр арнау қазақ халқының ежелгі дәстүрі саналған.

Ғалым, ақын әрі ұстаз А.Байтұрсынұлы: «...ертегі баланың рухын, қиялын тәрбиелеуге зор керегі бар нәрсе, халықтың ұмытылған сөзі ертегіден табылмақ» - дейді [69]. Демек, ертегі А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, бертіндері М.Әлімбаев айтқандай рухты – яғни, баланың өзін тәрбиелеумен қатар, бала қиялының шектен шыққан бос арман-мақсаттарға бой алдырмауына да ықпалы зор екен. Олардың балалар жанын жыға түсініп, олардың мінез-құлқына, қабілет-қарымына, дүниетанымына, жас ерекшелігіне, еліктегіштігіне лайық жазылған шығармаларының ақыл-тәрбиесіне қосар үлесі қомақты [75, 38б.].

Халық ертегілерінің бүгінгі заманда да өзектілігі артпаса төмендеген емес. «Халық ертегілері ұлттық болмыс пен ұлттық менталдықты айқындауда өнімді де анық ақпарат беріп қана қоймайды, онымен бірге оның болашақта сақталуына да үлкен мүмкіндік береді әрі маңызды тәрбие құралы болады. Ертегі мәтіндерін тілдік тұлғаның сөйлеу-ойлау қызметінің жемісі ретінде қарастыруға болады. Әлемдік тіл білімінде ертегілер жанр ретінде адамзат тарихынан мәлімет беретін ең маңызды жанрлардың бірі ретінде саналады. Ертегінің коммуникативтік сипаты, негізінен, балаға бағытталған, сондықтан мұндай мәтіндердің тәрбиелік, психологиялық маңызын да атап көрсету орынды болмақ. Кез-келген фольклорлық шығарма ұлттық ерекшелікті, ұлттық болмысты көрсетеді» [Т.Нұрбеков].

Ұлы данышпан Әл-Фараби философиялық трактаттарының бірінде адам үшін бірінші кезекте білімнің емес, тәрбиенің берілуі маңызды екендігін, ал тәрбие болмаған жерде берілген білім қашанда адамзатты қасіретке душар етіп, оның тұтас өміріне орасан зор апат әкелетіндігі туралы жазса, қаһарман батыр Б.Момышұлы баланың дүние есігін ашқаннан кейін адам ретінде

қалыптасуына ықпал ететін ұлттық тәрбиедегі бесік жыры, ертегілер сынды маңызды халық шығармашылығының қалып бара жатқанына қынжылады. Ол баланың алғаш еститін киелі әуені бесік жырын айтатын келіндердің азаюы, ғажайып ертегілерді айтып бере алмайтын әжелердің көбеюі, осының салдарынан туындайтын ата дәстүрін сыйламайтын ұрпақтың өсуінен қорқатынын жеткізеді [76].

Туғаннан анасының дауысын, бесік жырын естіп, оның нәзік әуеніне елтіп, қиялға қанат бітіретін ғажайып ертегілерді тыңдап, ұлттық дәстүрлерімізді тал бойына сіңіріп өспеген жас өркеннің тас бауыр болып, көкірегіндегі саналы саңылауы ашылмаса, соқырлықтан жазылмаса халық болудан қалармыз деген қорқынышы, батырдың ұрпақ болашағына қатты алаңдайтынын білдіреді. Осы қорқынышты сейілтуде отбасында ата-әженің рөлі өте зор.

Қазақ отбасындағы бала тәрбиесіне жауапты басты тәлімгерлер – әке мен ана, ата мен әже және ағайын туыстар. Отбасында уақытының көбін ата-әжесімен өткізетін болғандықтан олардың мінез-құлқындағы парасаттылығы, ұстамдылығы, сабырлылығы, тіршілік барысында кездесетін түрлі қиыншылықтарға қажырлылықпен қарауының бәрі бала үшін үлкен өнеге саналған. Отбасында балаға түрлі өнер мен еңбекке үйретушілер де осы ата-әжелер. Ұл бала атасының, ал қыз бала әже тәрбиесінде болады. Мысалы, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, М.Әуезов секілді ұлы тұлғалардың жастайынан ауыз әдебиетін сүюіне тікелей әсер еткен әжелері мен аталары болғанын тарихтан жақсы білеміз. Қазақ отбасында ата-әжеге деген ықылас, ілтипат, сый-құрмет ерекше болған. Ата-әжесі тұрғанда ата-анасының баласын «менікі» деуі әбестік саналған. Балаларының оларды аға, жеңге деп атауы қарттарға деген құрмет саналған. Мұндай игі дәстүр ата мен бала, ене мен келін арасындағы сыйластық пен татулықты, отбасындағы шынайы қарым-қатынасты қамтамасыз етіп отырған.

Қазақ фольклорының тарихында: «Лиро-эпостық жырлардың өлмейтін көркемдік қасиеті – қоғам өмірінің ұсақ көрінісін емес, ішкі сырын, жұмбағын, философиясын жинақтайды» деп атап көрсетілген [77]. Үмбетей жырау айтқандай «Суытпа босқа түсіңді, қайрама онша тісіңді, сырт тазасы не керек, тазарт әуелі ішіңді», қоғамды – адам десек, онда сол адамның ішкі жан дүниесінің дұрыс тәрбиеленуіне жырдың да тигізер пайдасы зор екен.

Батырлар жыры туралы ғалым М.Ғабдуллин: «Қазақтың батырлар жырының қайсысын алсақ та бәрінде де ел бірлігі мен Отан қорғау мәселесі бірінші кезекте тұрады. Батырлардың ойы мен арманы, ел-мұңы халық тағдырымен ұштасып жатыр», - деп атап көрсетеді [78, 52 б.]. Батырлар жырында ұл балаларды жерін сыртқы жаулардан қорғау, ел-жұртының, халқының тәуелсіздігін сақтау мұратымен қатар адамгершілікке тәрбиелеу құндылығы да басым.

Өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап қана сан ғасырлық халықтық логиканың прогрессивтік мәнін ғылыми тұрғыда зерттеп, зерделеу ісі қолға алына бастады. Осы тұста аталған мәселеге алғаш көңіл бөліп қарастырған

жүзге жақын шетелдік және қазақстандық ғалымдар халық педагогикасын ғылыми-педагогикалық тұрғыда зерттеудің қажеттілігін жақсы түсініп, аталған бағытта ғылыми еңбектерін жаза келе «халықтық педагогика» ұғымына тереңірек тоқтала отырып, өздерінің анықтамаларын беріп өтті [79, 41 б.].


Сондай шетелдік ғалымдардың бірі – академик Г.Н.Волков «халықтық педагогика» ұғымына «Халықтың тәрбиелік мәселелері жөніндегі эмпирикалық мағлұматтарының және білімдерінің жиынтығы» деген анықтама берсе, 1974 жылы жарыққа шыққан «Этнопедагогика» атты еңбегінде «Халықтық педагогика – халықтың ауыз әдебиетіндегі, дәстүр-салты мен ырым-тиымдарындағы, баланың негізгі іс-әрекеті деп саналатын ойын түрлерінде және ойыншықтарында сақталып келе жатқан педагогикалық мұрасы мен тәрбие тәжірибесінің жиынтығы», - екендігіне тоқтала келе, халықтық педагогиканы ғылыми-теориялық, методологиялық жағынан жан-жақты қарастырады [68, 131 б.].

Ал этнопедагог ғалым Я.И.Ханбиков: «Халық педагогикасы – халықтық эмпирикалық білімдердің саласы. Онда тәрбие әрекетінің мақсат-міндеттері, еңбекші халықтың кеңінен пайдаланатын білім беру мен тәрбиелеудегі халықтық құралдары мен іскерліктерінің және дағдыларының жиынтығы көрініс тапқан» деген анықтама берсе, профессор А.Ш Гашимов: «Халықтық педагогика – кең мағынада алғанда халық бұқарасының тәрбие мәселелері жөніндегі көзқарастарының, идеяларының, салттары мен дәстүрлерінің жиынтығы», - деген анықтама береді [68, 131 б.].

Ғалым В.Ф.Афанасьев: «Халықтық педагогика – балалардың және халықтың өзінің күнделікті өмірі үшін қажетті білімдерді меңгеруде қамтамасыз еткен және қамтамасыз етіп келе жатқан халық бұқарасы білімдерінің жиынтығы. Жинақталып, практикада тексерілген бұл білімдердің қосындысы халықтық педагогиканың мәнін құрайды», - деп жазса, ғалым-педагог Г.Н.Филонов: «Халықтық педагогика – осы жергілікті халықтың қабылдаған тәрбиелеу әдіс-тәсілдері», - деп нақты атап көрсетеді [68, 131 б.].

Ғалым С.Ұзақбаеваның зерттеулері жас ұрпаққа халық педагогикасы негізінде тәрбие беруде мына мәселелерді теория және тәжірибе тұрғысында шешуге мүмкіндік береді, атап айтқанда тәрбиенің әдіснамалық негіздерін, эстетикалық тәрбие тарихнамасын, қазақтың халықтық шығармаларының жас жеткіншектерге эстетикалық тәрбие беру мүмкіншіліктерін, сонымен қатар қазақтың халық педагогикасын бүгінгі мектептегі эстетикалық тәрбиелеу жүйесінде пайдалану [80].

Сонымен жоғары айтылған ғалымдардың еңбектерін саралай келе, ұл бала, ер жігіт тәрбиесін қазақ халық педагогикасы негізінде жүзеге асыру үшін көптеген материалдардың талдамасын жасап, ол жіктемені білім алушылардың оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану қажеттілігін көрсетеміз.



Сурет 2 – Халықтық педагогика құралдарының қолданылу бағыттары.

1.2 Қазақ отбасында ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің прогрессивті тәжірибесі

Жалпы XX ғасырдың екінші жартысында этнопедагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздерін зерттеу ісімен шұғылданған қазақстандық ғалым-педагогтардың еңбектеріне Қ.Бөлеев мазмұндық талдау жасайды. Ғалым өз монографиясында «халықтық педагогика» ұғымын алғаш ұсынған қазақтың ғалымы, профессор Т.Тәжібаев деп атап көрсетеді. Т.Тәжібаевтың қазақ ұл балаларының ауылдағы тәрбиесінің халықтық педагогика негізінде жүргізілгендігі туралы жазған мақаласы, біздің зерттеу тақырыбымыздың өзектілігін арттыра түседі [68, 37 б.].

Расында ер-азаматтың ерлігін, елін сүюшілік сияқты адамгершілік асыл қасиеттерін қастерлеу, өнегелі істерін арттағы ағайын-туысқа, аға-ініге, ел-жұртқа үлгі өнеге етіп ұсынудың да тәрбиелік мәні зор. Бұл біріншіден, халықтың «елі үшін туып, елі үшін өлген ерді» дәріптеуін білдірсе, екіншіден, ұл балаға, келешек өскелең ұрпаққа оның ерлік ісін үлгі-өнеге етіп ұсына отырып, сол арқылы «ат тұяғын тай басар», «ел намысын ер жоқтар» деп халық қамын жейтін «елі үшін еңіреген» ерлерді тәрбиелеу көзделіп отыр. Халық мақал-мәтелдерінде осы идея өзекті орын алып, жалғасын тапқан:

«Батыр туса – елдің ырысы,
Жаңбыр жауса – жердің ырысы»,
«Болат қайнауда шынығады,
Батыр майданда шынығады» - деп, халық үшін жанын қиюға бар, ел қамын жеген ерлерді дәріптейді. Ерлік елін сүюден, ар-намыстан, тәуекелден туады. Осыны сезе білген халық: «Елін сүйген ер болар», «Ерді намыс өлтірер», «Ерлік білекте емес, жүректе» деп, арыстанша ажалға қарсы шаба білетін, елінің ар-намысын қорғай білетін азаматты дәріптейді. Халқымыз: «Жалаңаш бар да жауға шап, ажалың жетпей өлмессің», ерлікке баули

отырып, жауды жеңу үшін күшпен бірге айла, әдістің де керек екенін ескертеді. «Сақтықта қорлық жоқ», «Айлалы батыр алдырмас», «Арыстан болсаң жау үшін, Түлкідей болсын әдісің» деп сақтандырады. Халық намысын аяққа басатын, қоянжүрек қорқақтарды «Қорқақ көлеңкесінен де қорқады», «Қорықсаң құның болмайды», «Ез күнде өледі, ер бір күнде өледі» деп мінеп-сынайды. «Үйде шешен – дауда жоқ, Үйде батыр – жауда жоқ» деп, қорқақты келеке етеді.

Халық мақалдарында батырды досқа қайырымды, жауға қатал болуға шақырады. «Жауды аяған – жаралы», «Жауға жаныңды берсең де, сырыңды берме», «Қыраны жоқ көлден без, қайырымы жоқ ерден без» деген мақал-мәтелдерден осы пікір айқын көрінеді. Ердің уәдеге беріктігін қалаған халық «Ердің екі сөйлегені – өлгені», «Ер айтпас, айтса қайтпас» [45] ердің уәдеге берік болуын қалайды. Іс-әрекет пен уәде мақсаттың бір жерден шығуын талап етеді. Уәдеге беріктік те ерлікпен бірдей бағаланатын қасиет. Шындығында, мақал-мәтелдерден халықтың ой-санасы, дүниеге көзқарасы, ақыл-өнегесі мол көрініс тапқан. Мақал-мәтелдерде бүкіл тылсым дүниенің сырлары қамтылады және адамның бойындағы жақсы қасиеттерді айшықтауға, кісілік, адамгершілік, достық мәселелеріне ерекше мән беріледі. «Ымға түсінбеген, дымға түсінбейді» демекші, мақал-мәтелдің мән-мағынасын түсініп, оны қарапайым күнделікті өмірде іс-әрекетке пайдалана білген адам ақылсыз, тәрбиесіз болуы мүмкін емес.

«Тәрбие басы – халық даналығында» деп түсінген педагог-ақын М.Әлімбаев халықтық педагогика ұғымына алғаш анықтама берген қазақстандық тұлғалардың бірі. Ол өзінің халықтық педагогика хақындағы «Халық – қапысыз тәрбиеші» атты еңбегінде «халықтық педагогика дегеніміз – халықтың рухани мәдениетіне толқын-толқын ұрпақтардың көп болып, қауымдасып қосқан шығармашылылық үлесінің нәтижесі. Халық педагогикасы – халықтың рухани мәдениетінің бір бөлігі, еңбекқор қалың көпшілік мүддесінің айқын көрінісі. Халықтың мұң-мұқтажына, қажетіне сай бұл педагогика тәрбиенің ең адамгершіл, ең демократияшыл мұраттарын ұсынады», - деп атап көрсетеді [81, 3 б.].

Ғалым С. Қалиев қазақ этнопедагогикасының туып, қалыптасуы және даму кезеңдерін үшке бөлетіндігін «Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы» атты оқу құралында баяндайды. Ғалым бірінші кезеңді қазақ этнопедагогикасының туу кезеңі деп алып, оған XIX ғасырдың екінші жартысын жатқызады. Екінші кезеңді қазақ этнопедагогикасының қалыптасу кезеңі деп атап, оған 1920-1930 жылдар аралығын кіргізеді. Ал үшінші кезеңді яғни, 1970-2000 жылдар аралығын қазақ этнопедагогикасының даму кезеңі деп атап көрсетеді [82].

Ең бастысы, белгілі ғалым: «Қазақстанда осы жылдары этнопедагогиканың ғылым ретінде халық ауыз әдебиетіндегі көрінісіне ерекше мән беріп, зерттеу ісімен академик-профессор М.Ғабдуллин, жауынгер жазушылар Б. Момышұлы, М.Әлімбаев... айналысты», - деп М.Әлімбаевты қазақ этнопедагогикасының даму кезеңінің белсенді

қайраткерлерінің қатарына жатқызды [79]. С. Қалиев, М.Әлімбаевтың есімдерін өзінің ғылыми еңбегінде атап қана қоймай, «1970-1990 жылдар арасында қазақ этнопедагогикасын дамытуға елеулі үлес қосқан көрнекті қайраткерлер ретінде М.Ғабдуллин, Б.Момышұлы, Б.Адамбаев, М.Әлімбаев еңбектеріне арнайы тоқталуды қажет деп білдік» деп тәлімгер ақынның педагогикалық туындыларына ерекше тоқталып өтеді. Ұлттық тәлім-тәрбиенің ауыз әдебиетінде өзекті орын алуы М.Әлімбаевтың еңбектерінде арнайы сөз болғандығын айта келіп ғалым: «Шын мәнінде, қазіргідей ғылым түрлері тармақталып бөлінбей, халықтың өмірі, тұрмыс-тіршілігі, мүддесі, әдет-ғұрпы, салт-санасы, дүние танымы, ой-арманы ауыз әдебиеті үлгілерінен өзекті орын алып тұрған, сөйтіп тәлімдік ой-пікір, көзқарас атаулы тұтасып, синкретті көрініс тапқан заманда фольклорлық шығармаларға этнопедагогикалық мәдениеттің озық үлгісі ретінде қарау заңды құбылыс еді», - деп қоштай жазады [79].

Ал, белгілі ғалым Қ.Бөлеев өзінің монографиялық еңбегінде М. Әлімбаевты қазақ этнопедагогикасының ғылымы мен әдіснамалық-теориялық және психологиялық-педагогикалық негіздерін жасаушылардың бірі ретінде атап өтеді. М. Әлімбаевтың педагогикалық көзқарасы жайында сөз қозғаған өзге ғалымдардан профессор Қ.Бөлеевтің еңбегінің ерекшелігі – педагог-ақынның «халықтық педагогика» ұғымына тұңғыш анықтама берген қазақстандық ғалымдардың бірі екенін анықтап, дәлелдеп бергендігінде [69, 132 б.].

Халық педагогикасының қайнар көзі фольклорлық шығармаларды зерттеу ісімен ширек ғасырдан астам уақыт үздіксіз айналысқан, халқымыздың отбасылық тәрбиесінің ерекшелігін зерттеудің қажеттігі туралы мәселені алғаш көтерген көрнекті педагог М.Ғабдуллин өзінің «Ата-аналарға кеңес» атты еңбегінде «әрбір ата-ана өздерінің ұл балаларын жастайынан жақсы қасиеттерге баулып тәрбиелегенде, олардың елгезек, пысық, және өмірлік тірлікке икемді, қолынан іс келетін ұл бала болуын мақсат тұтқан» дейді [83, 58 б.]. Тәлім-тәрбие мәселесінің ең бір маңызды тұстарын басты назарға ұстаған бұл еңбек жайында ғалым С. Қалиев өзінің «Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы» атты еңбегінде «...кітапта халықтың рухани бай мұрасы – ауыз әдебиеті үлгілерінің ұл балаларды арманшыл, мұратшыл, адал, шыншыл, патриот етіп тәрбиелеуге баулитыны туралы сыр шертеді. Ауыз әдебиеті үлгілерін отбасы тәрбиесінде еркін пайдалану арқылы ұл балаларды тәрбиелеудегі ата-ананың рөлін ғылыми тұрғыда сөз етеді. Ұл балаларды атамекенді қорғауға, ана тілін ардақтауға, әділ, шыншыл болуға шақыра келіп, қазақ халқының өмірінен өзекті орын алған ұлттық тәрбиенің тарихын жан-жақты қарастыру өз алдына зерттеуді қажет ететін келешектің мәселесі дегенді айтады», - деп жазады. Сонымен қатар ғалым қазақтың халықтық педагогикасындағы бала тәрбиесі ерекшеліктерінің мынадай топтарын көрсетеді. Ерекшеліктердің бірінші тобына автор балаларға көшпелі малшылық негіздерін үйретуді, еңбексүйгіштікке, табандылыққа, төзімділікке тәрбиелеуді, ру намысын,

отанды қорғау, жауынгерлік, батылдық, батырлық сияқты қасиеттерді тәрбиелеуді, шыққан тегінің тарихын білуге, ата-бабаларды, ата-текті, әке-шешені құрметтеуге, халықтың салт-дәстүрлерін сақтауға, үлкендерді сыйлауға, қонақжайлылыққа, көршілерді ерекше құрметтеуге, туысқандық сезімге тәрбиелеуді жатқызады. Нәтижесінде қазақтардың ерекше ойлау мәнері және ар-намысы үшін жанын құрбан ету, кеңпейілділік, аққөңілділік, адалдық, қайырымдылық, қамқорлық сияқты өзіндік мінез-құлқы қалыптасты. Ерекшеліктердің екінші тобын автор қазақтардың ұлттық психологиясының гносеологиялық тұрғыдағы, яғни қоршаған ортаны қабылдаудағы (Атамекен, ел-жұрт) ерекшеліктерімен, т.б. байланыстырады. Тәрбие ерекшеліктерінің үшінші тобы, халықтың ана тіліне қатысты түсінігінен көрініс табады. Сондай-ақ қазақтар сөз өнерін, тілді, тапқырлықты, өткір тілділікті, суырыпсалмалық қабілетті жоғары бағалаған. Мұны қазақтың мақал-мәтелдерінен жақсы байқауға болады. Төртінші тобы қазақ халқының ұлттық психологиясының көшпелі мал шаруашылығына байланысты ерекшеліктерін көрсетеді [82, 245 б.].

Осы тұста ұлттық тәрбиені сөз етсек, ол – ұлт болашағының негізі. Ал болашақтың негізі отбасында қаланатындықтан, белгілі ғалым Қ.Қ.Шалғынбаева отбасында ұл бала тәрбиесінің өзіндік ерекшелігін ескере отырып, ұл балалардың физиологиялық даму кезеңдеріне қарай үйрене бастайтын еңбектерінің топтамасын жасаған. Онда ұл балаларды балбөбектік –жаста (1-6 жас) лақ, қозыларды, бұзауларды өріске айдатуға және қайыруға қатыстыруға болатынын, балиғаттық (7-15 жас) кезеңде қозы-лақтарды тек айдап қана қоймай, оны бақтыруға, шөп шабуға, оны құрғатуға, қармақ салу арқылы аң аулатуға, киіз үй сүйегін жасауға керекті ағаштарды кесуге, іріктеуге, отын дайындауға, оларды үйге жеткізуге, өз киімдерін күтіп ұстау секілді еңбек түрлеріне қатыстырып, баулудың қажет екендігін айтады. Ал бозбалалық – жетілген азамат (16-18 жас) кезінде малды төлдету, қой қосақтау, сақман, қой қырқу, жүкті түйеге арта білу, шөп шабу, шөмелеу, жер жырту, егін салу, бау-бақшамен айналысу, қақпан құру, тор салу, тұзақ құру, мылтық ату, аң аулау, қару-жарақ әшекейлеу, киіз үй мен тұрмыстық заттар мен бұйымдарды әзірлеу секілді еңбек түрлерін меңгерген болуы тиіс деп ой түйіндейді.

Қазақ этнопедагогикасы ғылымының көрнекті өкілдерінің бірі С.Қалиев өзінің «Халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі және оны орта мектептің оқу-тәрбие үрдісіне падалану» атты кітабында халық тағылымының негізгі мақсаты және оны қазіргі уақытта жас ұрпақтың тәрбиесіне пайдалану мәселесін сөз етеді. Сондай-ақ, «шетел педагог-ғалымдарының халықтық педагогиканы ұл бала тәрбиесінде пайдалану туралы ой-пікірлерін, қазақ халқының мәдени мұрасын зерттеуші орыс және батыс оқымыстыларының, қазақ халқының ағартушы-демократтардың еңбектерін талдай отырып, олардың халқымыздың өткендегі мәдени мұрасы жөніндегі ағартушылық ой-пікірлерін ортаға салды. Еңбекте ұл балаға деген атамыз қазақтың сүйіспеншілігі, тәлім-тәрбие мәселесіне деген жауапты

көзқарасы, ұрпақ тәрбиелеуде отбасының, қоршаған ортаның алар орнын қаншалықты бағалағаны, ұл бала мен қыз баланың тәрбиесі, осыған байланысты халқымыздың салт-дәстүрлері және олардың тәрбиелік мәні жан-жақты қарастырылған.

Ұл баланы нағыз азамат етіп тәрбиелеуде отбасының рөлі орасан зор. Ғалым халықтық педагогиканы отбасындағы тәрбиенің негізі жеке тұлғаның бойында оңды мінез-құлық нормаларын қалыптастыру мен рухани-адамгершілік қасиеттерді тал бойына сіңіртуде атқаратын қызметінің ерекше екендігін атап көрсетеді. Отбасы тәрбиесіне жауапты тұлғалардың өзге отбасы мүшелеріне дөрекілік танытып, ренжітуіне жол берілмеген. Отбасы мүшелері өзінің атқаратын әлеуметтік ролінің шеңберінен шықпауы тиіс. Әсіресе, өнегелі әке қыз баланы ренжітіп, көңілін қалдырмайды. Ал ұл балалардың отбасының асыраушысы және түздің адамы екені ескеріліп, «ұл балаға үй күшік болғанын, ал қыз балаға қыдырмашы болғанының жараспайтындығын» ескертіп, ұл мен қыздың жыныстық ерекшеліктеріне қарай жүріс-тұрысындағы жарасымдылық пен әдемілік және әдепсіз қылықтардың алдын алу шаралары да қарастырылып отырылған [61, 20б.].

Белгілі ғалым Ә.Табылдиевтың қазақ ауыз әдебиетінің балаларға арналған өлең-жырларының этнопедагогикалық мәні туралы айтылған «Қазақ этнопедагогикасы» атты оқу құралында санамақ жырларын тәрбие процесіне ендірудің жолдары шебер көрсетіледі. Автор санамақтарды халықтың жас балаға сан үйрету мақсатымен шығарғанын және санамақтар дүниені таныту, әрі ұл баланың қисынды ойлауы мен математикалық ойлау қабілетін дамытатындығын айтады. Ал ата-ананың отбасындағы міндеті – санамақтың әрбір түрін әсіресе ұл балаға үйретуі керек. Себебі ұл балалар кеш дамитындықтан жаттатып, олармен бірге ойнай отырып, ойлауын дамыту маңызды. Сонымен қатар, ғалым ересек ұл балаларға неғұрлым күрделі санамақтарды айтқызып, мүмкіндігінше олардың шешімін өлең ұйқастарымен жеткізуін талап ету керек дейді. Білім беру жүйесінің мектепке дейінгі және орта мектеп сатысында балалармен жұмыста санамақтардың сан алуан түрлерін үйретіп, оны айтқызып, пайдалана білу қажет [84, 12-14б.].

Қазақ халқының балаларын туылуына қарай атауы да ерекше. Бірінші көрген перзентін «тұңғышым», одан кейінгілерін «ортаншы», соңғы туылған баланы «кенже» деп атайды. Әке мұрасы дәстүр бойынша кенже ұлға қалған. «Мұрагер» ұғымы – тек қана мал-мүлікке ие болу емес, әкедегі талантқа, өнерге де тәлімгер болу. Осыны ерте кезден байқайтын әке ұлы неге бейім болса, ұлын соған бейімдейді. Қазақта бұл да – тәрбие, қамқорлық, үлгі-өнеге. Ата-анасы үнемі баласына оның ертеңгі шаңырақ иесі, болашақ әке, арқа сүйер жар, отбасының негізгі асыраушысы екендігін үнемі айтып, жаманнан жиреніп, жақсыдан үйренудің қажеттігін ескертіп отырған. Өз кезегінде адам боламын деген ұл бала ата-ананың тарапынан қойылған талаптар мен сенімді бұлжытпай орындап, олар күткен сенімнен асып түсуге тырысатын. Қазақ қоғамында өзінің әлеуметтік рөлін дұрыс түсінетін жайсаң жанды ер жігіттер «жігіттің нары, жігіттің төресі» деген атаққа ие болған.

Отбасындағы бала тәрбиесінде әкенің рөлі ерекше екендігі белгілі. Әке – шаңырақтағы басты тұлға, балаларына қорған, отбасындағы арқа сүйейтін сенімді тірек және асыраушы. Ұл бала-ер жігіттің бой түзеп, өнегесін бойына сіңіріп, үлгі тұтатын адамы – әкесі. Оның мінезі, беделі, білімі мен өмірлік тәжірибесі, әдебі, мәдениеті болашақ ер азамат үшін тәрбиенің мықты мектебі болып табылады. Халқымыз біреудің баласының жақсы азамат екендігін көрсе, оның мұндай қасиеттерге жетуін ең алдымен әкесінің өнегелі жерден шыққан азамат, текті адам екендігімен байланыстырады. Сондықтан «ұлдың әкеге қарап, ал қыздың шешеге қарап өсетіні» халықтың қуаттауынан туған мақалдарда көрініс тапқан.

Отбасында әке өз өнерін ұлына үйретіп, оны өзіндей мерген, аңшы, құсбегі немесе «сегіз қырлы, бір сырлы» етіп тәрбиелеуі маңызды саналған. Ежелгі дәстүрлердің бірі – әке өнерін баласының меңгеруі. Қазақтың өмірінде жеті атасына дейін аңшылық, мергендік немесе ұсталық өнерді жалғастырған жағдайлар көптеп кездеседі. Әке мұрасын қуған өнерлі ұлдарды дәріптеу, қастерлеу қазақ ауыз әдебиетінен өзекті орын алған. Мысалы, «Атадан ұл тумас болар ма, ата жолын қумас болар ма» деген халық нақылы осы пікірдің айғағы деп, автор ұл бала тәрбиесіндегі ана мен әкенің, атасы мен әжесінің рөлдерін, отбасындағы ұл бала тәрбиесінің ауыз әдебиетіндегі көрінісіне тоқталған.

Сондай-ақ, ғалым Ж.Байжановаңың «Отбасы бақыты» атты кітабында ертеңгі аналар мен әкелер тәрбиелеудегі отбасының рөлі сөз болады. «Қызым, саған айтам...» деген атаумен берілген кітаптың бірінші тарауында қыз тәрбиесі жайлы, келесі тарауда ұл баланың дүниеге келуі, оның оқушы, студент болуында және әке атануында отбасындағы тәлім-тәрбие жайы, соңғы тарауда аналардың балаға тәрбие берудегі рөлі баяндалған [83, 69 б.].

Отандық ғалымдардың бірі Қ.Жарықбаев қазақ ұлтының тыныс-тіршілігінде, отбасылық әдеп-ғұрып пен салт-санасында ұлан байтақ өлкені мекен еткен өзге де халықтарғы тән мінез нышандарының көрініс беретіндігін айтқан болатын. Автор қазақтың бұрын жылқы мінезді болып, енді қой мінезді болған жуас, намыссыз халық еместігі жайлы [85] тұжырым жасаған болатын.

Ғалымның 1978 жылы «Революцияға дейінгі Қазақстанда педагогикалық ой-пікірлердің даму тарихынан» атты әдістемелік нұсқауы жарық көрді. Бұл әдістемелік ұсынысында ұлы дала төсін мекендеген көшпенді қазақ халқының салт-дәстүрлері, моральдық-этикалық және адамгершілік нормалары, ата кәсібі мал шаруашылығына байланысты пайда болған еңбек дәстүрі, және т.б. туралы айтылады. Сонымен қатар, бұл еңбекте тәрбиеге қатысты салт-дәстүрлер, ұл мен қыз баланың отбасындағы тәрбиесі, ұл балаға дене тәрбиесін бере отырып, оны шынықтыру, ұлттық ойындардың маңызы, отбасы мүшелерінің ролі, беделі, өзара қарым-қатынас мәселелері сөз болады [68, 42б.].

Отбасындағы ұл баланың рухани жан дүниесінің көркем, денсаулығының мықты болуымен қатар, оны отансүйгіштік, еңбекқорлық,

адалдық, тазалық, имандылық, қамқорлық пен бауырмалдық сынды ізгі қасиеттерге тәрбиелеу өте маңызды. Бұл қасиеттерді бала бойына жас күнінен бастап дарытатын орта – отбасы институты, ата-ана екендігі белгілі. Әрбір бала үшін ата-ана оның қорғаушысы, қолдаушысы, өмірде дұрыс бағыт беретін нұсқаушысы, үлгі алатын идеал тұлғасы.

Танымал әлеуметтанушы И.С.Кон ата-аналардың ұл балаға ықпал етуін үш түрлі сипатта бейнелеген:

1) Ұл балаға ата-ананың ықпалын нығайту. Ұл баланың жағымды қылықтары мен іс-әрекеттерін қуаттау, нашар мінез-құлықтары мен іс-әрекеттері үшін әділ түрде сөгіс бере отырып, санасына біртіндеп, мінез-құлық нормалары жүйесін сіңіру. Сөйтіп, ол ой елегінен өтіп, белгілі бір ережеге айналады. Өмірде бірнеше рет қайталану барысында ол әдетке айналып, ішкі жандүниесінің қажетті құрамдас бөлігі ретінде қалыптасады.

2) Ұл баланың ата-анасына ұқсауы және оны өздеріне ұқсастыру. Бұл жағдай ұл баланың өз ата-анасына сүйіспеншілігіне, беделіне және құрметке негізделеді.

3) Ата-ана мен ұл бала арасындағы өзара түсіністік. Өз баласының ішкі жандүниесі мен мінез-құлық ерекшеліктерін біле отырып, кездесетін қиыншылықтарды еңсеру арқылы оны азамат етіп тәрбиелеуге болады [86, 206 б.].

Халқымыздың тәлімі мен тағылымын халық ауыз әдебиеті жанрының бірі мақалмен түйіндей білген профессор М.Тілеужанов жігіттің балалық шағынан бастап, тіршілік барысында сан түрлі қиындықтар мен сынақтардың, сондай-ақ сәтті жағдайлардың кездесетінін ескеріп, намысын қайрап «аты аталған төбенің, аты аталмаған жігіттен артық» екендігін, «өнері жоқ жігіттің жер соғатынын, ал өнерлінің қашанда өрге озатынын» айтып шамдандыратын, «айтсаң, үйде туып, түзде өлетін жігіттерді айт» деп таңданысын тудыратын, «қоянды қамыс, ал ер жігітті намыс өлтіретінін», «ерліктің білекте емес, жүректе» екенін айтып қайраттандыратын, «ақылдың жастан, ал асылдың тастан» екендігін айтып сенім ұялататын, «атадан мықты ұл туып, ата жолын қуса игі еді», - деген қазақтың арманы бар деген пікіріне орай, ғалым С.Ұзақбаева айтылған әр қағиданың жігіттің сипатына бір-бір тақырып болуға сұранып тұрғандығын жазады [14].

Ұл бала тәрбиесінің қазақ халқы үшін орны ерекше. Қай заманда болмасын ер жігітке айтылар сын мен қойылатын талаптың қашанда жоғары екендігін «Ұлға отыз үйден тыйым, он сан үйден сын» деген тұжырымнан, халықтың ер жігіт тәрбиесіндегі «жігіт сыны» деп бекіткен өлшемінен көреміз.

М.Қазбековтың еңбегінде қазақтың мақтан тұтар ұлының қандай болу керектігі туралы халықтың талғамына сай келетін нағыз жігіт бейнесі былай көрсетілген, яғни кескін-келбеті: еңсегей бойлы, өткір көзді, қара қасты, кең маңдайлы, торсық шекелі, қыр мұрынды, қиық мұртты, кең иықты, апай төсті, өткір тісті, жуан білекті, қынай белді, қапсағай денелі, темірдей саусақты т.с.с. [83, 116 б.]. Егер біз бүгінгі заманауи қоғам жағдайында дәл

осы аталған кескін-келбет пен қадір-қасиеттерді ұл балалардың бойына тұтастай дарыта білсек, онда парасат пайымы биік, зерделі, білімі және білігімен бәсекеге түсе алатын, өнерлі, дарынды, намысқой, жігерлі, адал, мейірімді, еңбекқор халқы сыйлайтын ер жігітті тәрбиелей аламыз. Отбасындағы ата-аналардың пайдалы кеңесі, ақылы, үлгі-өнегесі ұл баланың дұрыс тәрбие алуының басты құралы. Ата-бабамыз жасап кеткен жігіттің сұлбасын одан әрі заман талабына, ағымына сай өсіп келе жатқан ұрпағымыздың бойына дарыту, ұлы халықтың жалғасы екендігін ұғындыру, ұлты үшін мақтана алу сезімін бойларына дарыту – әрбір ата-ананың, қазақ отбасының басты мақсаты.


Халықтың ер жігіттің мінезіне қоятын талабы да жоғары. Үш асыл мінез, яғни адалдық, әділет пен шыншылдық ер жігіттің көркі. Асыл мінезі бар ер жігіттің жанында болатын үш серігі халықтың түсінігінде былайша сипатталады, яғни, мінген тұлпары, шыңдалған ақыл-айласы, айнымас адал жары [83, 117 б.].

Ғалым ұсынып отырған нағыз жігіт бейнесіне ішкі дүниесі сай қазақ азаматын тек кітаби жолмен даярлау өз жемісін бермесі анық. Оған бала тәрбиесіне қатысты барлық факторлар ықпалдастық табуы керек. Олай болса, отбасындағы тәрбие мәселесі, салт-дәстүрлердің қоғамдағы маңызы жайлы Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Қ.Шалғынбаева, Ж.Сарыбекова сынды және т.б. ғалымдардың еңбектерінде терең талданғаны белгілі. Бұл ғалымдардың біздің зерттеу еңбегіміз үшін берген ғылыми пайымдаулары мен ұсыныстарының маңызы зор.

Қазақ халқының ұлы қайраткерлерінің бірі батыр Бауыржан Момышұлы ұлттық тәрбие турасында былай дейді: «Ана тілі – кез келген ұлттың салт-дәстүрі, оның қадір-қасиетін, жанын, ұлттық сипатын, тұрмысын бейнелейтін өзіндік төл ерекшеліктері. Бұл бүкіл халық ғасырлар бойы өмір жолында жинақтаған рухани қазыналар, ол ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген қымбатты мұрасы. Онсыз іргелі ел болу, ұлт болу мүмкін емес. Ана тілі, ата-ана дәстүрлері өздігінен жалғаспайды немесе біреу сырттан келіп, сіз үшін оны сақтап, елдігіңді сақтамайды. Халықтың өз бет-бейнесінен айырылуы не сақтап қалуы – әрбір ұрпақ өкілінің өзінен кейінгі ізбасарларына бабалар аманатын қай сапада жеткізуіне байланысты» [87]. Осы айтқандарды сараптай келе, әрбір адамның мойнына ұлттық құндылықтарды сақтау мен дәріптеудің жауапкершілігін артуды айтып көрсеткен.

Бауыржан Момышұлы азамат тәрбиелеу ісіне қатаң талап қойған тұлғалардың бірі. Әсіресе, ұл бала, ер жігіттің бойында қандай жоғары сезімдердің және адамгершілік қасиеттердің болуы керектігін, сондай-ақ болмауға тиісті төменгі сезімдерді атайды. Мұны төмендегідей топтастыра аламыз:

Сурет 3- Б.Момышұлы бойынша жоғары сезімдер және қасиеттердің талдамасы.



Бүкіләлемдік даму жағдайында жеке тұлға, өскелең ұрпақ тәрбиесімен қатар, ұл балалардың қалыптасуы да аса көкейкесті теориялық та, тәжірибелік те мәселеге айналды. Бұл тұрғыда, Бауыржан Момышұлының батырлық болмысы мен жеке азаматтық ұстанымдары өскелең ұрпақ үшін үлгі болатыны сөзсіз, ал оның туған топырағына, ата мекеніне, қазағына деген шынайы сезімдері, тәлімдік мектебі мен қалдырған өнегесінің бағасы қашанда жоғары болады [88].

Б. Момышұлы өз еңбектерінде намыс пен батырлық ұғымдарына, ерлік сезіміне қатысты терең топшылауларын жеткізіп, адамның қайраты мен жігері, ақылы мен ойы, ары мен намысы, еңбек пен ел қорғаудағы ынта әркетінің жеңісі мен жемісті көрінісін ерлік деп атайды. Ерлік жасағанға дейін адам батылдық пен батырлыққа тәрбиеленеді. Халық батыры сондай-ақ ерлік ұғымына түсінікті былайша жеткізеді, яғни ерлік

- бұл адамның туа біткен қасиеттерінің бірі деп саналамайды,
- бұл жүйелі, дұрыс жүргізілетін әскери тәрбиенің жемісі,
- бұл табиғат сыйы емес,
- бұл азаматтардың ар-намысында,
- бұл азаматтың абыройын ұятқа қалу, опасыздық пен масқара болудан қорғау,
- адамгершілік және теңдік жағдайдағы адамның ішкі әрекеті, яғни өз-өзімен күресуі,
- бұл ұжымдағы игі әркеттер мен қауіп-қатерді бөлісу,

- жауды түпкілікті жою жолында өзіңнің және отандастардың қауіпсіздігін ойлау,
- бұл күрделі сынақтар мен қауіпке саналы бас тігу [88].

Жазушы-ғалым Немат Келімбетов өзінің «Ұлыма хат» атты эссе-повесінде ер адамға қажетті қасиеттерді атай келе, ер жігіттің өмірлік ұстанымдарын айқын көрсетеді. Мысалы, автор ұлына «өмір сүргісі келетін болса қазірден бастап өзбетінше тіршілік етуді үйренуге тиіс екендігін, өмірдің аспанында өз қанаттарымен ұша білетін қыран болуды балапан кезінде көрсету керектігіне тоқталып, сақалы шығып, ержеткенше сүйремейтіндігін» айтады. Және «жетелеген ит аңға жарамайды. Әркетіңді өзің жаса» деген ойымен ер жігітке қажет жауапкершілік пен еркіндік, өмір сүруге керекті қасиеттерін дамытуға бағытталған дербестік пен қайраттылықты дәріптейді [89].

Академик М.К.Қозыбаев халқымыздың ерлік және жауынгерлік дәстүрлеріне тоқтала келе, «Ер дегенде ең алдымен бізге Отан қорғаған сәтте жау шебін бұзып, қамал алған қайрат-жігер иесінің бейнесі оралады» - деп атап көрсетеді [90].

Зерттеуші С.Т.Иманбаева өзінің еңбегінде ер дегеніміз ар-намыс, азаматтық қасиетін үнемі жоғары ұстап, қажетті жерде қауіп-қатерге өз басын тігіп, батыл іс-әрекетке бара алатын тұлғаны айтады, ердің ерлік қасиеті қай уақытта болса да көрінеді, яғни бейбіт немесе соғыс кезінде дей келе, ерлік бұл жаугершілік немесе күнделікті өмірде де өзінің елін, жерін ойлайтын, халқының мүддесін бірінші орынға қоятын сол үшін өзін құрбандыққа дейін апаратын іс-әрекеттер екенін анықтайды [91]. Сонымен қатар ол «ерлік тәрбиесі дегеніміз ата-бабаларымыздың жауынгерлік дәстүрі негізінде оқушылардың ерік-жігерін, табандылық, батылдық қасиеттерімен бірге ұлттық сана, парыз, намысты қалыптастыра отырып, отансүйгіштікке тәрбиелеу» деп көрсетеді.

Бірқатар қазақ ғалымдары К.Құнантаева, Ә.Жұмаканов, Ш.Әмірәлиев, С.Ешімханов, Ә.Айтақов және т.б. еңбектерінде жас жеткіншектерімізді аға ұрпақтың ерлік және еңбек дәстүрі рухында тәрбиелеу мәселесі қарастырылады. Олар ерлікке, батырлыққа бағытталған жұмыс түрлеріне: сыныптан тыс тәрбие жұмыстарына, тәрбие сағаттарына, көркем әдебиеттегі батырлар бейнесі арқылы тәрбиелеуге және әскери-даңқ мұражайларының тәрбиелік мәніне тоқталады.

Р.А.Джанабаеваның «Халық педагогикасындағы патриоттық-ерлік тәрбиесінің негіздері» атты оқу құралының «Патриоттық-ерлік тәрбиесінің теориялық-әдістемелік негіздері» деп аталатын бірінші бөлімінде Асанқайғы, Ақтамберді, Бұқар жыршы-жырауларына талдау жасап, мазмұндаған [92].

Берілген мемлекеттік аксиологиялар негізінде жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар жүйесінде тәрбие жүйесін жаңғыртудың мемлекеттік басымдықтары «Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңында, «Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында көрсетілген.

Жастардың әлеуметтену үдерісі келесі құндылықтарға негізделеді: патриотизм, халық бірлігі, мәдени саналуандық, толеранттылық, отбасы, денсаулық және спорт, саламатты өмір салтын сақтау. Тұжырымдамада, сондай-ақ, маңызды құндылық ретінде заңға мойынсұнушылық, заңға бағынатын азаматтар ғана демократияны жетілдіруге және шынайы құқықтық мемлекет құруға қабілетті; білім мен мансап, білім беру жүйесінің еңбек нарығына айқын бейімделуін назарға ала отырып, қайта қаралуы тиіс; еңбекқорлық – жалпыға ортақ еңбек қоғамында жастардың аса маңызды негізгі құндылықтары жастарды экономикалық-еңбек қызметіне тартуға негізделген еңбексүйгіштік пен ерекше еңбек этикасы, сонымен бірге оң мұрат-мақсаттар, инновациялылық және жаңа экологиялық этика болуы керек [93].

Қорытындылай келе, қазақ халық педагогикасындағы ұл бала тәрбиесінің бастауы қазақ даласының кемеңгер данышпандары, ұстаздарының еңбектерінде, халықтың салт-дәстүрлері мен мәдениетінде көрініс тапқанына көз жүгірте отырып, «тәрбие ісіндегі мақсат, ең алдымен мінезді түзетумен қатар адамшылыққа қызмет жасау, адал еңбекке тәрбие қылу» қағидасына негізделеді, «Балаға тәрбие беруде әр тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы қажет. Бала айтып ұқтырғаннан гөрі, көргеніне көп еліктегіш болады. Сол себепті балаға жақсы мінез іспен көрсетілуі керек» [94] дегені отбасына тікелей қатысты, себебі баланың басты тәлімгері – ата-анасы. Бала тәрбиесі ең алдымен, аға ұрпақтың өскелең ұрпаққа деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығынан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан адамгершілік қасиеттердің жиынтығынан пайда болады. Атадан балаға ұласатын асыл құндылықтар ересектердің әңгімесінен, іс-қимылынан көрініп, сезім арқылы жүректен-жүрекке беріліп отырған.

Біздің алдымызда тұрған негізгі міндет – ұлттық мәдениет пен әлемдік өркениетті өзара сабақтастыра отырып, ана сүтімен берілген тілде еркін сөйлейтін, өзге тілдерге құрметпен қарайтын, парасат пайымы жоғары, ұлт тәрбиесімен өскен, жасанды интеллект пен цифрлық технологиялар дәуірінің талаптарын меңгере білетін XXI ғасыр ағымына лайықты тұлғаны тәрбиелеу. Туған тарихымызды ұлықтап, ұлтымыздың ешбір ұлтта қайталанбайтын тектілігі мен өзіндік ерекшелігін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе білгенде Ұлы дала балаларының бойында өз еліне, ұлы тарихына, ұлы адамдарына деген деген мақтаныш сезімі қалыптасады [95].

Сондықтан, ұл-балалардың санасына осы ұлағатты асыл қасиеттерді сіңіре білудің мәні зор. Адамзаттың азаматтық асыл мұралары халық тәжірибелері арқылы қалыптасқан. Қазақ отбасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің тәжірибесі көне заманнан бергі уақыт аралығындағы деректері зерттеліп, талдау жұмысы жүргізілді.

1.3 Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің психологиялық-педагогикалық және әдіснамалық тұғырлары

Қазақ халық психологиясы – адамдардың қоғамдық және жеке тәжірибесінен, өмірдегі пайымдауларынан туындайтын қарапайым психологиялық білімдердің жүйесі, «психика мен мінез-құлықтың қанға «сіңген», тез өзгеретін, бейімделгіш, жоғалмайтын ұлттық бітісі, мезгіл мөлшерімен алғанда ұзақ дәуірдің жемісі. Көшпелі өмір тіршілігі қиындыққа төзімді, табиғат жағдайына тез икемделгіш болумен қатар, жан-жақты қалыптасқан, кемел адамдарды жетілдірді» [Қозыбаев Е.Ш., Құлабекова Г.Қ. Жаһандану жағдайында ұл балалар бойында ұлттық сана мен мінез-құлықты қалыптастырудың маңыздылығы, 96].

Халық педагогикасының негізі – баланың тілінің шығуы, оның физиологиялық-психологиялық және денесінің дамуына байланысты жас кезеңдеріне бөлінеді. Осыған орай халық дәстүрінде балаға жеті атасын, ру-елін, туған жерін, халқының тарихы жайында мәліметтерді үйрету маңызды саналады.

Қазақ халқында қыздар мен ұлдарды жастарына қарай тәрбиелеудің психологиялық өзіндік ерекшеліктері бар. Халық «қыз өссе – елдің көркі, ұл өссе – ел қорғаны» деген. Оларды белгілі еңбектің түрлеріне, тұрмыстың салт-дәстүріне жаттықтырып отырған. Ұлдарды жасына қарай киіндіріп, бой-басын күтуге машықтандырған. Ұлдардың тәрбиесінде халқымыз анатомиялық, физиологиялық, психологиялық мінез-құлықтың педагогикалық жағын да ұмытпаған. Ол үшін жеке басты жанұядағы санитарлық-гигиеналық тазалықты сақтауға үйреткен. Халқымыздың бала тәрбиесіндегі «туғаннан беске дейінгі балаға патшадай қара, он беске келгенше құлша жұмса, одан соң өзіңе ақыл дос сана» - деген даналық қағидасының психологиялық-педагогикалық мәні тереңде жатыр. «Болса тәртіп, бала өседі сомдалып, қатаң ұста, бос жүрмесін сандалып» деп Жүсіп Баласағұн айтқандай, есі кіріп, тілі шыға бастасымен-ақ баланы шектен тыс еркелетпей, байсалды ұғымтал етіп тәрбиелеу керек.

Халқымыз ұл баласын ежелден-ақ адамгершілікке табиғи өзіндік ерекшеліктері тұрғысынан баулыған. Ұл баланы мал бағуға, отын шабуға, аң аулауға, мергедік құруға, қол өнерін үйренуге, мал тауып отбасын асырауға, туыстарына қамқоршы болуға үйретіп, іні-қарындастарына бас-көз болу сияқты отбасының күнделікті тіршілік тынысына бейімдеп баулыған. Ұлдарға ер-тұрман, киіз үй сүйегін, кебеже,сандық, аяқ-табақ т.б мүліктерді жасап үйрену қажет деп санаған.

Халықтық сана-сезім мен дүниетанымын, жан-дүниесінің сыр-сипатын, психологиялық ерекшеліктерін айқын көрсететін тұрақты қасиеттер – әдет ғұрыптар. Халықтың психологиясы мен өзіндік ерекшеліктері оның экономикасы мен әлеуметтік тіршілігінен, географиялық жағдайынан айқын көрінеді. Халқымыздың ұл бала тәрбиесіне қатысты салт-дәстүрлері, үлкен мен кішінің өзара қарым-қатынасы, ұл балаларды өнер-білімге үйрету, сөйлеу шеберлігін дамыту тек этнографиялық ерекшеліктерімен ғана емес, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отыруы психологиялық сипат болып табылады.

Ол тұрғысынан бала тәрбиесінде үлгі-өнегенің психологиялық негізін мұғалімдер мен ата-анасы ескеріп отыруы тиіс.

Зерттеп отырған нысанамызға байланысты мәліметтерді іздестіруде Ж.Аймауытұлының «Психолоғия» [94] оқулығына қайырылдық. Ғалым оқымысты азаматтардың зерттеулеріне сүйеніп, қазақ өміріндегі «ірі адам» ұғымын өз деңгейінде түсіндіреді. Ж.Аймауытұлы «... өзі өмір сүрген заманның ағымына ықпал ете білген адамдардың» ірі адам екендігін айтады. Аталған еңбектің жеке адам психологиясы жайлы баяндалатын бөлімінде тұлға мінез-құлқының психологиясына жете тоқталады. Мұнда автор «ұшқалақ бала» мен «байсалды баланың» мінез ерекшеліктеріне сипаттама береді.

Өз заманының ғұлама ғалымы, ойшыл М. Ж. Көпеевтің барлық ізденістері, сайып келгенде, адам және оның болмысы туралы болып табылады. Мәшһүр Жүсіп Көпеев баланың ана жатырындағы дамуын сипаттап, оның санасы бес айынан-ақ жетілетіндігіне тоқталады. Ғұлама адам өмірінің жарқын жігіттіктің кезеңін «қырағылығы бүркіттей ... зеректілігі байғыздай ... жүрісі маймылдай ... он екі қырлы, бір сырлы, отыз аяқты ... орнына қарай мінез қылсын» деп көрсетеді [97].

Халық педагогикасын оқытудың үш бөлімі туралы айта отырып, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қалдыбек Бөлеев [98] оның теориялық-әдістемелік құрылымын, қазақ халық педагогикасын тәрбиелеу негіздерін және қазақ халық дидактикасын бөліп көрсетуді ұсынады. Бұл ғалымдар адам өмірінің кезеңдеріне тоқталмаған. Педагог-ғалым С. Ұзақбаева теориялық және іс жүзінде өскелең ұрпақты тәрбиелеудің әдіснамалық негіздерін халық педагогикасы, қазақ еліндегі эстетикалық тәрбие тарихнамасы, қазақ халқының шығармаларынан балалар мен жастарды эстетикалық тәрбиелеу мүмкіндіктері және қазіргі мектептердегі эстетикалық тәрбие ісінде қазақ халық педагогикасын қолдану мәселелері арқылы шешеді [99].

Ал, зерттеуші А. Б. Бәлдіков болса, қазақ халық педагогикасының ерекшеліктерін сипаттай келіп, «бала кезінен әке болуға, одан аталыққа жету – үлкен кезең, онда баланы тәрбиелеу үдерісі жүзеге асырылады, ересектері кішілеріне қамқор болудың өзінде үлкен тәрбиелік астар бар екендігіне тоқталады.

Қазақтың ұл баланы тәрбиелеу жүйесінде жас ерекшілігіне үлкен мән беріледі. Баланы ерте жастан бастап ересек өмірге дайындау қазақ қоғамындағы заңдылық. Ересек өмірге алғаш жасалған қадам, жастық-жыныстық жіктелуді айғақтайтын ұғыптың бірі ашамайға мінгізуден басталып, он үшке келгенде отау иесі деп саналған. Дәл осы жаста жауға қарсы тұрып ерлік жасаған батырлардың, топты жарып даналықтың үлгісін көрсеткен би-шешендердің болғаны ұлт тарихынан белгілі. Ғалым сонымен қатар, қазақ отбасындағы тәрбие ерекшелігінің бірі – қарт адамдарға, ата-анаға, әлсіздерге құрмет көрсету мен қамқор болу екендігін нақты көрсетеді.

Ә.Аюбаева қазақтың төл тәрбиесі жайлы шетел ғалымдарының көзқарастары мен пікірлеріне талдау жасай отырып, неміс этнографы Рихард Крауцтың «Среди киргизов и туркменов на Мангишлаке» атты еңбегіндегі «Бұл жерде бала үшін ешкім әуре болмайды, қай уақытта болсын, баланың өзі – қожа» деген пікірін келтіреді. Алайда, бұл сөздегі ұлттық ілімнің ерекшеліктерін ашпайды.

Бұдан басқа, А. Н. Ахатов «Халықтық педагогикадағы баланы тәрбиелеу» атты мақаласында ұл мен қызды жеке тәрбиелеудің маңыздылығын атап өтіп, ұлды үш бөлікке тәрбиелеуді қарастырады.

1. Отбасында ер балаларды тәрбиелеу «ұл балаға» үлкен үмітпен қарау керек, туылған сәттен бастап тәрбиенің ерекше мақсаттарын, іске асыру шараларын қалпына келтіру керек.

2. Ұл баланы балабақшада тәрбиелеу.

3. Ұл баланы мектепте тәрбиелеу. Ол халқымыздағы «Он үш жаста – отау иесі» деген ұғымға сәйкес ұл баланы қалай дүниеге әкелгені туралы айтты. Яғни, оған өмірдің барлық құпияларын, қиыншылықтарын, ерекшеліктерін, бүкіл өмір салтын үйретіп, дұрыс меңгерген, қазір сол өмірді басқара алатын, басқалармен бірдей шаңырақтың жүктерін көтере алатын, елді қорғауға дайын, жетілген ойлау өрісі бар дәрежеге жеткізудің артықшылықтарын баяндап, тәрбие бағдарламасын жетілдіруді ұсынады және ұлдар мен қыздарды халықтық негізде тәрбиелеуді ұйымдастыруды атап өтеді.

Қ. Тынысбекова болса, өзінің «Ер баланы халықтық педагогика негізінде тәрбиелеу» деп аталатын мақаласында халықтық педагогика негізінде ұл баланы тәрбиелеу мәселесіне тоқтала келіп, «ұлттық тәрбиеге сүйене отырып, ұл балаларды тәрбиелеуді дұрыс бағытта қою керек, өйткені ұлдарды отбасында, балабақшада, мектепте тәрбиелеуді әйелдер жүзеге асырады. Баланың психологиясы әкесіне қарағанда анасына жақын» дей келіп, оның «Мұрагер» ұйымының іс-шаралары аясында: әкелердің өсиеті; басқа да тақырыптағы іс-шаралар; сөз өнері; ол ұлттық ойындарға бағытталған ұйымдастырушылық жолдарға тоқталады.

Зерттеліп тұрған мәселеміз ұл баланың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері туралы сөз болғандықтан, жалпы әдіскерлер үшін негізгі айырмашылықты келесі топтарға бөліп қорытындылауға болады:

- биологиялық-организмнің анатомиялық-физиологиялық және психофизиологиялық құрылымының артықшылықтары мен қызметтері;
- ерлер мен әйелдерді қоғамдағы өмірлік ұстанымға, күйеуі-әйелі, әкесі-анасына әлеуметтік дайындау, сондай-ақ, жасөспірім баланың тағдырына әсер ететін тарихи қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды меңгеру;
- психологиялық-педагогикалық: қоршаған ортадағы және үйдегі, оқу орындарындағы бүкіл тәрбие жүйесіндегі қыз бен ұл балаға деген көзқарас.

Ұлттық педагогикамыздың маңызды бөлігі болып есептелетін қазақ халқының дербес ел болып тарихи аренаға шыққан кезеңіндегі, педагогикалық ой-пікірлердің дамып қалыптасуына Т.М. Әлсатов «Қазақ

хандығы тұсындағы педагогикалық ойлардың дамуы (XY-XYIII ғ.ғ.)» диссертациялық еңбегін арнаған. Мұнда ғалым Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының ұлттық педагогикаға қосқан үлесі, Орта ғасырда өмір сүрген М.Х.Дулатидың ұлт, дін және ел билеу психологиясына қатысты, Қ.Жалайридің имандылық, адамгершілік, отаншылдық, ақыл-ой, сұлулық пен сымбат тәрбиесіне қатысты идеяларына талдау берген. Ғалым, XY-XYIII ғ.ғ. ақын-жыраулардың – Асан Қайғы, Бұқар жырау, Ақтамберді, Үмбетей, Шал ақын т.б. тәлімдік көзқарастарын, қазақ тәлім-тәрбие тарихына қосқан үлесін анықтаған. Бірақ осы ақын-жыраулар мұрасындағы адамның өсіп жетілуіндегі жас ерекшеліктерінің тәлім-тәрбиелік маңызы, сипаттамасы ескерілмей қалған. Бұл ретте К.Ж.Қожахметованың «Теоретико-методологические основы казахской этнопедагогики» тақырыбындағы ғылыми зерттеу жұмысын да атап өтуге болады. Ғалымның зерттеу барысында, алғаш рет, қазақ этнопедагогикасының негізі айқындалып, ерекшелігі, жалпы педагогикамен байланысы дәлелденіп, қазақ этнопедагогикасының мазмұны, формалары, әдістері, құрылымның кешенді үлгісі жасалып, ғылыми-әдістемелік жүйесі құрылған [100].

Халықтық педагогика бұл күрделі әлеуметтік-педагогикалық құбылыс және жалпыадамзаттық құндылықтардың құрамды компоненттерінің бірі болып табылатындықтан, біз халықтық педагогиканың құрылымдық моделін келесідей етіп көрсетеміз.



Сурет 4 – Халық педагогикасының құрылымдық моделі.

Балалардың бойында адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған аңыз-әңгімелер, жыр дастандар, ертегілер қазақ халқының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрпы, мақал-мәтелдері, олардың дүниеге деген көзқарасының қалыптасуына шарт түзеді. Ақын-жыраулар баланың ой-өрісіне қатысты пікірлерінде, көбінесе, өз жеке өмірлерін негізге алады. Олар өздерінің басынан өткен жас кезеңдерін сипаттауда ғылыми педагогика мен психологияның гуманистік қағидаларынан алшақ кетпейді. Керісінше, оны дәріптеп отырады. Олар өздерінің балалық шағын есейіп, ақылы толысқан кезде есіне түсіріп, өлең, терме, толғау түрінде жеткізеді.

Мәделі Жүсіпқожаұлы 5 жас туралы ой-толғауында балалық шақтың өтпелі екендігін, ата-ананың қамқорлығын айта келіп, ата-ана мен бала ортасындағы қарым-қатынасты тек қана «сыйластықта» білу керек – десе, 5 жастағы қыз бала туралы айта келіп «ойнарсың қыздарменен қуыршақты» - деп, балалардың жыныстық айырмашылығының олардың іс-әрекетінде белгі бере бастайтындығын аңғартады. Ер балаға қатысты «жүгіріп, қыр басында»- деген сөздерді қолданса 5 жастағы қыз баланың ойынын қуыршақпен байланыстырады.

Ақын-жыраулар шығармаларындағы баланың өсіп-жетілуіне қатысты пікірлерді зерделей келе, жалпы олардың ой-пікірлерінің ғылыми педагогика мен психологиядан алшақ кетпейтіндігін анықтадық. Олар баланың анасының бойында жатқан кездегі (перенатальное) даму процесінен олар «әуелі атаның белінде», «қатра су», «етке шапты» немесе «бір тамшы судан», «қан болып» - деп даму кезеңдерін дәлме-дәл пайымдап өлең түрінде жеткізген.

«Ерлер зерттеулері» («Men's Studies») шетелде XX ғасырдың 80-ші жылдарында бастау алып, отандық зерттеулерімізге қарағанда, біршама ұзақ тарихы бар. Зерттеу назарын ерлер мәдениетінің нормалары мәселелерімен айналысқан бірқатар шетел зерттеушілерін қарастырдық (Ш. Берн, Р. Брэннон, О. Пил, Е. Томпсон және т. б.), сонымен қатар жақын шет ел мемлекетіндегі зерттеулерге назар аудардық. Мысалы, ұл баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес оның психологиялық, физиологиялық аспекттеріне тоқталған.



Сурет 5- Балалардың жас ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар жіктемесі

Біздің зерттеулерімізде ұл балаларға тән психологиялық ерекшеліктерге сипаттаманы қыз балалар психологиясымен өзара салыстыра отырып беріп, ондағы айырмашылықтардың төмендегі принциптерін атауға болады [101].

Бірінші, мұндағы айырмашылықтар ұл бала мен қыз бала бойында жыныстық жетілу кезеңіне дейін байқалады және ол қалыптасу үдерісі кезеңінде күшейеді.

Екінші, айырмашылықтар тәрбиелік сипатымен айқындалмайды, бірақ нақты жағдайларда тәрбиелік ықпалдар дамуға жағдай жасауы мүмкін.

Үшінші, мұндағы айырмашылықтар орташа статистикалық сипатта болып, қос жыныс өкілдерінің қандай да бір қасиеттерінің болуын емес, тек типін білдіреді. Адам бойында сан түрлі қасиеттер мен ерекшеліктер тоғысқан. Және мұнда ер адам болмаса әйел жынысы өкілдерінің біреуінің басымдылығы жоғары болады.

Төртінші, жеке адамға тән түйсіну, ойлау, қабылдау, эмоциялылық, қызығу, бейімделу және т.б. психологиялық ерекшеліктер біртұтас қалыпта бөлмей қарастырылады және бұл өте маңызды. Бұл жалпы алғанда қос жыныс өкілдерінің психологиялық тұрғыда ұқсас екендігін, тек белгілі бір жағдайларда ғана бір-бірінен артықшылығының бар екендігін көрсетеді.

Бесінші, ұл бала мен қыз балаға немесе ер мен әйелге тән ерекшеліктерді тереңірек білудің педагогика ғылымында маңызы зор. Себебі, білім беру және тәрбиелеу қызметімен айналысатын адамдар білім алушылар мен тәрбиеленушілердің психологиялық және эмоционалдық қалпының ерекшеліктерін білуі керек.

Тәрбие саласында «Адамгершілік-жыныстық тәрбие ең алдымен баланы адам болуға тәрбиелеу» дей келе, жастардың бойында адамгершіліктік мінез-құлықты тәрбиелеу, моральдық-этикалық негіздерді дәріптеу, ұл баланың бойында айналадағы адамдарына деген сүйіспеншілікті дарыту. С.Ұзақбаеваның айтуынша «Егер балалардағы адамгершілік және жыныстық ерекшеліктер табиғи жолмен ерте анықталатын болса, онда сәйкесінше жыныстық мінез-құлықтарындағы түрлі ауытқушылықтар сирек кездесетін болады» [102]. Бұл қағидада баланың бойындағы қалыптасқан ерік-күшін, қабілеттерін, қасиеттерін, нышандарын, сезімін, моральдық ұстанымдарын табиғи негізде дамыту керек екендігі туралы айтылады. Ұл баланың жыныстық дамуына оның туылған сәтінен басталатыны ескеру керек, яғни «баланы қырқынан шығару», «шілдехана», «бесікке бөлеу» (бесік той), «тұсау кесер», «тілашар», «атқа мінгізу» т.б. Мысалы шілдехана кезінде бала дүниеге келген соң, үйде үлкен дастарқан жайылып, көңіл көтерілген.шілдехана тойы жеті күнге дейін жалғасын тапқан. Баланы қырқынан шығару рәсімі жаңадан туылған сәбидің қырық күні толғаннан кейін, тырнағы алынып, шашы қырқылып, бесікке салынған. Бесікке бөлеу дәстүрі көп ұрпақ өсірген, елге танымал, ардақты анаға тапсырылған. Бесікті жабдықтау, бесік шашуын жасау, түбек үстін отпен аластау, баланы бөлеу ырымдары мерейі үстем аналардың өнегелі ісі.

Тән тазалығы үшін бесікке бөлеудің жағымды жақтары өте көп. Қазіргі уақытта педагогикалық, медициналық, психологиялық, физиологиялық, гигиеналық жағынан бесікке жатқызудың мүмкіндіктері мол екені айқындалды. Ұл балаларды сүндетке отырғызу сияқты рәсім жыныстық тәрбиенің негізгі түрі. Егер тарихқа жүгінсек, онда VII-VIII ғғ. сүндетке отырғызу араб мемлекеттерінен енген дәстүр. Қазіргі уақытта оның да тән мен жанға байланысты жағымды жақтары дәлелденіп келе жатыр. Дәстүр бойынша сүндетке отырғызу рәсімі ұл балалар үш, бес, жеті немесе тоғыз жасында өткізілетін болған. Содан соң балаға мереке, той жасап, атқа отырғызып, туған-туыстардың арасында атап өткен.

Ұл баланың тілі шығып, ес білгеннен кейін оған руын, тегін, ата-жұртын еске алып өмір сүруді үйрете бастаған. Ер жігіттің үш жұртын, оның тарихын, тегін білуі азаматтық парызы деп түсіндірген. Ата-тектің, ел жұрттың тарихын білу – ер жігітті қайсарлыққа, батырлыққа, елдікке, ерлікке, отансүйгіштікке, елжандылыққа баулыған. Ұл балаға өз ата тегінің адамгершілік қасиеттерін, ерліктерін, іс-әрекеттерін әңгімелеу арқылы түсіндіріп отырған.

Бала тәрбиесі мәселесі төңірегінде гендерлік ерекшеліктерге тоқталып өтейік. Отбасы гендерлік әлеуметтендіру институты ретінде баланың эмоционалдық саласының дамуына да әсер етеді. Р. Фифуш мәліметтері бойынша, ата-аналар қыздарымен қарым-қатынаста көптеген эмоциялар көрсетеді және ұлдарымен салыстырғанда олармен сезімдер туралы жиі айтады [105]. Бірақ зерттеушілер ерлерді эмоционалды емес деп атауға болмайтынын айтады.

«Дені сау балаларды дамыту үшін әкелердің маңыздылығы» атты американдық мемлекеттік сайтының мәліметтері бойынша, арнайы зерттеулерге сілтеме жасасақ, қамқор әкелері бар балалар жақсы оқиды, жоғары IQ, ең жақсы лингвистикалық қабілеттері бар екендігін мәлімдейді. Мұндай әкелердің балалары мектепке дайын, оқу қабілеттері жоғары, шыдамды және мектептегі оқытуға байланысты күйзелістер мен фрустрацияларды оңай жеңетінін де айқындаған.

Сонымен қатар, баланың гендерлік әлеуметтенуінде маңызды рөлді Э. Фромм әкесі өз балаларына «шартты махаббат» деп атаған әкелік махаббат түрі атқарады деп есептейді. Э.Фромм бұл феноменде баланы гендерлік әлеуметтендіру үшін маңызды рөлді: «әкесі – бұл баланы үлкен әлемге қадам басуды үйрететін адам» деп сипаттаған. Осындай қорытындыға О. Б. Чиркова келді [85], ол өз зерттеуінде әкесі балада жауапкершілікті қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын анықтады. Әкелер балаларға өз іс-әрекетіне жауап бере отырып, дербес болуына үлкен мән береді.

Сонымен қатар зерттеулер көрсеткендей ер адамсыз үйде өскен балалардың көпшілігі жасөспірім шақтарында қажетті-қажетсіз өз-өздерін қорғауға даяр тұрады. Жас кездерінде қорғауды жеткілікті дәрежеде көрмеген балалардың бәрінің бойларында қорғанысқа деген қажеттілік байқалған.

Қазақ отбасында да ұл бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі өте жоғары. Ол әулеттің сақталуына, отбасының материалдық игілігінің артуына және халық алдында абыройлы болуына өор жауапкершілік артуды көздейді. Мысалы: «жеті ата заңы», «жеті атасын білген ұл – жеті жұрттың қамын жер», яғни туған шаңырақты құрметтеу заңын сақтау – «қара шаңырақ»; өз халқының тарихи шежіресін тану арқылы шыққан тегін білу; «қара шаңырақты» қадірлеу арқылы – ата-бабасын қастерлеу; оларды естен шығармау, жаңа буынмен арадағы уақыт байланысын арттыру. Ұл бала, ер жігіт өзінің шыққан тегін білу арқылы, руымен, отбасымен бір екенін сезініп, әлеуметтік ортада қабылданған адамгершілік қағидаларының жүйесіне мойынсынып, құрметтеп, сыйлап, әдеп нормаларын еркін қолданған.

Жасөспірім балаға әке үлкен досы ретінде қажет, бірақ бұл кезде ол паналайтын жер емес, арқа сүйейтін тірек ретінде қажетсінеді. Біз әлі күнге дейін жасөспірім баланың өміріндегі ересек еркектің рөлін дұрыс түсінбейміз: «тәртіпке салатын адам болғанда ғой...», «сабап алатын ешкімнің жоқтығын қарашы...» сынды пікірлер қорқыныш пен сыйластықтың орнын алмастырып жібереді. Үлкеннің жасөспірімге жақсы ықпал етуінің жалғыз шарты – сыйластық болып табылады. Бұл сыйластықты сұрап, не талап етіп ала алмайсың, оған тек еңбек сіңіру арқылы ғана қол жеткізуге болады. Ұл балалар ер адамның қимылдарын бақылай жүріп, ересектерге тән қимылдар мен өзін-өзі ұстау мәнерін қатесіз таңдап алады. Бірінші кезекте өз әкесін және оның өмір салтын ғана емес, өмірге деген көзқарастарын да қайталайды. Егер әкесі әйеліне мейіріммен қарайтын болса, ол да кейіннен үйленгенде әйеліне дәл солай қарайды. Әкесі

үй шаруаларына көмектесуден қашқақтайтын болса, оның ұлының да дәл сондай болу мүмкіндігі өте жоғары. Күшті, сенімділікті, алғырлық пен рухтың беріктігін де балалар өз әкелерінен қабылдайды.

Балалар психологы Бенджамин Спок егер әкесі баласымен қарым-қатынасында жиі шыдамсыздық, ашушаңдық танытатын болса, ондай бала әкесінің ғана емес, басқа да балалар мен ер адамдардың арасында өзін жайсыз сезінетінін айтады, яғни мұндай баланың шешесіне қарай бейімделіп, оның мәнерлері мен әдеттерін қабылдауы мүмкін. Сонымен қатар Б.Спок ұл балаға үнемі ер адаммен қарым-қатынаста болу қажеттігін айта келе, егер әкесі баласының нағыз ер жігіт болып өскенін қалайтын болса, онда уақытының көбін ұлымен өткізіп, оған сенетінін сездіруі қажет және оған сеніммен, түсіністікпен қарауы керек, бұл аз десеңіз, әкенің ұлымен ортақ істері, өздерінің кішкентай құпиялары болуы тиіс деп өзінің еңбектерінде әке мен ұл баланың арасындағы терең қарым-қатынас пен байланыстың маңыздылығын айқындайды.

Ал XI ғасырдың ұлы ойшылдарының бірі Жүсіп Баласағұни «Құтты білік» атты еңбегінде «бала бойы тұнған ақыл болса, әкесінің жүзі де жарқын болмақ» деп атап көрсетіп, ұрпағының азамат болып қалыптасуында әке рөлінің ерекше екендігінде тоқталады.

Ұл бала ерлерге тән ойлау жүйесін, жігіттік болмыс-бітімін мен мінез-құлықты әке тәлімінен сіңіретіні анық. Ұл бала өзін әркез әкесіне ұқсас болғанын қалайды. Ұлы үшін әкесінен асқақ ақылды, мықты, жау жүрек, іскер адам жоқ. Бүгінде қазақ қоғамында әкенің осындай асыл қасиеттері бәсеңдеп, бала тәрбиесіндегі орны кейінге ысырылған жағы бар. Кейбір әкелердің енжарлығы, жаман әдеттерге бой алдыруы, жауапкершілікпен бас тартуы, кесіп шешім қабылдай алмауы және т.б. сынды әдеттер әке беделінің төмендеуіне әкеліп отыр. Саналы тәрбие алған салауатты ұрпақ өсіруде қазіргі қоғамда әкенің отбасындағы өз жауапкершіліктері мен міндеттерін сезінуін қоғамдағы басты мәселелердің бірі деп атар едік. Сондықтан әрбір әке өз ұрпағының ұлтымызға тән ізгі қасиеттерін бойына сіңіріп, сан ғасырлық тарихы бар елдің азаматы екендігін сезініп өсуіне жағдай туғызуда енжарлық танытып, бей-жай қарамауға тиіс [106].

Сонымен қатар, толық емес отбасыларындағы тәрбиеленіп жатқан ұл балалар жағдайы. Отбасылық өмірде кездесетін түрлі мәселелердің салдарынан ұл баланың әкесіз өсуіне тура келеді. Әке тәрбиесінің болмауы кейбір кемшіліктердің туындауына себеп болады, атап айтқанда ұл бала мінезіндегі «әйелдік» белгілердің пайда болуы, яғни жұмсақтық, тәуелділік, көнгіштік, жасқаншақтық, өз пікірінің дұрыстығын растай алмау, қыздарға тән әрекеттерге бейім болу және т.б. Бірақ, керісінше, балалардың бойындағы шамадан тыс батылдықтың көрінуі, еркектік «Менді» дәлелдеуге ұмтылуы, өзгелердің қолдауын талап ету және т.б. тәртіп бұзуға итермелеуі мүмкін.

Ұлттық психологияның феноменін зерттеуші Н.Сәрсенбаев ұлттық психика құрылымын үш компоненттен тұратынын атаған: ұлттық сезімнен, ұлттық салт-дәстүрден және ұлттық мінезден.

Осы тақырыптағы ғылыми еңбектерді зерттеген қазақтың ұлттық психологиясын қалыптастыратын факторларға мыналар жатады деп көрсетті: тарихи, шаруашылық, мәдени, тіл, салт-дәстүр, табиғи, идеологиялық және діни, әлеуметтік, демографиялық факторлар. Зерттеуші қазақ ұлтының психологиялық қалыптасу барысын жүйелеп, ұлттың ұлт болып қалыптасуына қыз баласының маңызды рөл атқаратындығын, ол қоғамның қозғаушы тұлға екендігін дәлелдейді [107].

Ерте жас (1 жастан 3 жасқа дейін). И.С. Кон атап өткендей, алғашқы жыныстық сәйкестік, яғни өзінің жыныстық тиістілігін білу, әдетте 1,5 жыл бойы қалыптасады. Жас шамасына қарай бұл бірегейліктің көлемі мен мазмұны өзгереді, бұл баланың ақыл-ой және әлеуметтік дамуымен байланысты. Екі жасар бала өз жынысын біледі ,бірақ әлі де бұл атрибуцияны негіздей алмайды.

Ата-аналардың гендерлік ұстанымдары баланың тәрбиесінде де көрінеді. Мысалы, кейбір ата-аналар ерте жаста жылауға тыйым салады («ұлдар жыламайды», «Сен жігітсің» және т. б.).),

Қазақ халқында ұл бала 3,5,7 жасқа толғанда (тақ сандар), сүндетке отырғызылуы тиіс болып саналады. Бұл діни дәстүр саналғанымен, оны мұсылмандардан басқалар да қолданады. Қазақ ата-аналары оған мойындағы парыз, отбасылық мереке деп қарайды.

Этнографиялық әдебиетте бұл ғұрып жас баланың келесі жас кезеңіне өтуімен бірге жүретін жыныстық жас ерекшелігін айқындаудың мұсылмандырылған қалдығы деп қарастырылады. Қазақша нұсқасында, Орта Азиядағы отырықшы халықтан бір айырмашылығы, сүндеттегенде сан алуан ғұрыптарды орындай бермеген, шағын ғана отбасылық дастархан жайып, атап өткен.

Келесі дәстүр – баланы атқа мінгізу. Баланың алғаш рет атқа мінуіне орайластырылған оқиға. Төңкеріске дейінгі материалдар бойынша, ата-аналар мал сойып, ауылдастарын шақырған. Әйелдер құрт-ірімшік ала келіп, киіз үйге кіре бергенде шашып: «Қуаныштарың құтты болсын, біз де қуаныштымыз» деген (ерлер мен әйелдерді бөлек киіз үйде күткен). Қонақасынан кейін ат жарысы – бәйге ұйымдастырылған, содан соң ерлер жқніне кетіп, әйелдер ғана қалған, араларында бір ер адам- ауылдың ең сыйлы кісісі болады. Әйелдер баланы киіз үйден алып шығады, әке –шешесі оны қарттың қолына береді, қарт баланы ерттеулі аттың үстіндегі жігіттің алдына отырғызады. Жігіт баламен бірге ауылды аралайды, ауылдастар балаға сыйлық жасайды – балаға арналған ер-тоқым, айыл, жүген, ірімшік, ал жақын туыстары ат, т.с.с. Баланы атқа отырғызған қартқа шапан жапқан. Этнографиялық деректерге жүгінсек, ұл бала атқа алғаш рет шамамаен 6-7 жасында отырған. Сонымен қатар Ә.А.Диваев қазақтардың ұл бала жасын белгілі бір кезеңдерге бөлетінін көрсетіп кеткен: 1-7 жаста бала, яғни сәбилік

шақ; 7-15 жаста бозбала, яғни жасөспірімдік шақ, 15-20 жас – жігіт, яғни жастық шақ. Көріп отырғанымыздай ер жігіттік кезең болып, жасөспірім шағының аяқталу кезеңінен басталады десек болады. Алдыңғы тарауларымызда ұл бала тәрбиесі ер жігіт тәрбиесіне ұласып кеткенін байқауға болады.

Шетелдік зерттеулерді сараптасақ, олардың көбісі келесідей балалардың жас шақтарына тоқталады. Мысалы:

Мектепке дейінгі жас (3 жастан 7 жасқа дейін).

Мектепке дейінгі жастағы ұл балалардың психикалық дамуына көбінесе аналар елеулі әсер етеді, бұл ерте тарихи кезеңдерге де тән.

Қазіргі психологиялық зерттеулерде ерлердің мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеудегі рөліне қатысты әртүрлі көзқарастар бар. Дегенмен, ерлер әлеуметтенуі субъектісіне сәйкестендіру және еліктеу үшін үлгі толық емес отбасы жағдайында да қажет (әкесі жоқ). Педагогтер мен психологтар қоршаған әйелдер баладан өзін қалай ұстау керектігін көрсетпестен оның гендерлік рөліне сәйкестігін талап ететінін айтады [6].

Зерттеулерге сәйкес, бастапқы гендерлік ұқсастық екі жыныста да мектеп жасына дейін, яғни үш жасқа қарай белгіленеді. Бұл жаста балалар басқаларды ұлдар мен қыздарға, ерлер мен әйелдерге бөледі және өз жынысына қатысты сұраққа дұрыс жауап бере алады, бірақ «қыз баланың киетін көйлегін ұл бала кисе, оның қызға айналуы мүмкін деген пікірге сенеді» [85].

Мектепке дейінгі бала ұл бала немесе қыз деген не екенін түсінеді, содан кейін өзін ұл бала немесе қыз ретінде анықтайды, содан соң мінез-құлықты өзінің гендерлік ұқсастығы туралы түсініктермен түсіндіруге тырысады. Л. Колберг «Әлеуметтенген Мен» деп атаған осы үдеріс барысында ұлдар әдетте ерлердің мінез-құлқын, ал қыздар әйелдердің мінез-құлқын танытады [119].

Кіші мектеп жасындағы балалар (7 жастан 10/11)

Бастауыш сынып оқушыларының гендерлік сәйкестігін дамытуға арналған қазіргі заманғы зерттеулерде көбінесе ұл балалар мен қыз балалардың стереотиптік гендерлік рөлдерді меңгеруіне бағытталған мектеп жүйесінің проблемалары көрініс табады.

Мысалы, зерттеушілердің мәліметтері бойынша, гендерлік әлеуметтендірудің аса маңызды агенттері ретінде мұғалімдер мен мектеп оқулықтарынан басқа, кіші мектеп жасындағы ер баланың гендерлік ерекшелігін қалыптастыруға құрдастары үлкен ықпал етеді. И.С. Кон атап өткендей, сегрегация жыныстық белгісі бойынша 8 және 11 жас арасында күшеюде: ұлдар мен қыздар барлық уақытта бөлек ойнайды. Ер балалардың гендерлік-типтік ойындары мен сабақтарының артықшылығы қыздарға қарағанда күшті және төзімді.

Жасөспірімдер жасы (12-ден 18/19 жасқа дейін).

Осы жас кезеңінің шекарасын анықтау кезінде біз В. Квинн, Г.Крайга және Э.Эриксонның жас кезеңдеріне сүйендік, олар 12 жастан 18/19 жасқа

дейінгі жасөспірімдер үшін жас шектерін анықтайды [95; 123]. бұл жас кезеңі әдетте жасөспірімдер (11/12 - ден 15-ке дейін Д. Б. Эльконин бойынша) және жасөспірімдер (13-тен 18 жасқа дейін Слободчиков бойынша) болып бөлінеді.

Жасөспірімдік кезеңге сәйкес мектеп оқушыларының өзіндік психологиялық және физиологиялық ерекшеліктеріне сипаттама бере отырып, И.В.Харламов бұл жас шағын «өтпелі кезең» яғни, балалықтан бозбала кезеңіне өту шағы деп белгілейді. Осы шақты «жартылай бала, жартылай ересек» (полуребенок, полувзрослый) дейді. Біз де мұны «бала жігіт», «жас өспірім», «жеткіншек» деген қазақтың ұлттық ұғымына сыйдырып отырған атаулармен бергенді жөн көрдік.

«Полувзрослый» деген сөз жартылай ересек десек, бұл осы жас кезеңіне онша тура келмейді. Орыс тілінде «бала жігіт», «жігіт» сөзі болмағандықтан, ғалым өз пікірін осылайша білдіруге тырысқан. Орыс тіліндегі «парень», «кавалер» -деген шет тілден енген сөздер де осы мағынаға тура келе бермейді. Ғалым сондықтан «полувзрослый» - жартылай ересек деген терминді қолданған. Сонымен, жасөспірім немесе жеткіншек кезеңін, баланың дене қуатының қарқынды өсуіне байланысты рухани сұраныстары да жаңа сипатқа ие, бірақ оның бәрін қанағаттандыруға мүмкіндігі жоқ және өмір тәжірибесі де жеткіліксіз. Осындай қайшылықтар бұл жас кезеңін оқытып, тәрбиелеуде біраз қиыншылықтар туғызады дейді ғалым. Осы жас кезеңіндегі жыныстық даму, сүйектерінің қатаюы, бұлшық еттерінің нығыздалып, жүрек қабының қызметінің күшеюі т.б. салдарынан жеткіншектің мінез-құлқы, іс-әрекетінде жігерлілік пайда болады. Қан айналымы, гормондардың көбейіп, азаюына байланысты олардың көңіл-күйі бірде көтеріңкі болса, бірде салғырт, мінез-құлқы тұрақсыз, қуаты мен төзімділігі де тұрақсыз, сол себепті мінез-құлқында да тұрақсыздық пайда болады. Осының барлығы кейде өмірі, іс-әрекетіне өте қатты кедергілер, тоскауылдар алып келеді. Жасөспірім шақтың қиын болуының себебі де осыдан. Мінез-құлқындағы шоқтық, қылжақбастық, асыра сілтеушілік т.б. ой-санасының дамуы, танып-білуге ынтасының артуымен қабаттасады. Барлық нәрсенің ішкі мәніне үңіліп, терең танып-білуге ұмтылады, логикалық ойлауы, дерексіз ой жүргізуі, қиялдануы дамиды – деп белгілейді ол [108].

Ғылыми педагогикада баланың өсіп-жетілуіндегі 11-12 және 14-15 жас жасөспірім кезеңі деп белгіленеді. Мұнда 11-12 кіші жасөспірім кезеңі, 14-15 ересек жасөспірім кезеңі деп белгіленеді дағы, 13 жас қыз балаларға байланысты қарастырылады.

Бірақ, біз ғылыми педагогикалық, психологиялық, анатомиялық-физиологиялық әдебиеттерді зерделей келе, әрбір жастың өзіндік сипатын анықтауға ұмтылдық. Өйткені, ақын-жыраулардың ой-толғауларында жасөспірімнің әрбір жылдағы дамып жетілуі жеке-жеке қарастырылады. Біз олардың ішінен ұтымды ой-түйіндер мен тұжырымдарды саралап алуды көздеген едік.

Он бір жас педагогикалық психологияда жасөспірімдік кезеңнің алғашқы сатысы. Бұл өтпелі, қиын, кейбір жағдайларда жан-дүниесінің дағдарысқа ұшыраған кезеңі деп белгіленеді. Бұл кезде жасөспірімнің балалық шақтан есеюге аяқ басқаны, ондағы мазмұнды өзгерістер, айырмашылықтармен дәріптеледі. Дене бітімінің өзгеруі, аяқ-қолдары ұзарып, бойының өсуі, ақыл-оймен мінез-құлқында балалықпен қоса, ересек адамға тән қылықтарының байқалуымен белгіленеді. Ой-санасы мен іс-әрекетінде жаңа сапалық өзгерістер белгі береді. Мысалы, қоршаған ортаны пайымдап бағалауда белсенділігі арта түседі. Құрбылары мен ересек адамдармен қарым-қатынаста әдептілік нормаларын сақтауға ұмтылады. Бұл өзгерістер 11 жаста басталып 15 жастар аралығында біртіндеп дамып тұрақтанады. Осы кезеңдегі кейбір ерекшеліктердің белгі беруі, көңіл-күйінің жылдам ауысып тұруы, жүйке жүйелерінің жаңа сапалық қызметіне ауысуына байланысты. Қыз балалардағы жыныстық өзгерістер осы 10-11 жас кезеңінде басталса, ер балаларда бұл 12-13 жаста байқалады. Осы жыныстық өзгерістерге байланысты қыз баланың сана-сезімі де ерте жетіледі [109].

Әр жастағы баланың өсіп-жетілу дәрежесін білу оларға дұрыс жол табуға, олардың ішкі жан-дүниесі мен мінез-құлқының ерекшеліктерін жақсы түсінуге көмектеседі. Әр жасқа тән жалпы ерекшеліктерді білу әрбір баланың жеке басының мінез-құлқын терең зерттеуге, оған педагогтік дара жол табуға шарт түзеді.

В.Ситникова өзінің жұмысында балалардың жыныстық өзін-өзі анықтау процесінде олардың қоршаған құрдастарында, ересектерде, үлкен және кіші балаларда маскулинділік/феминділік белгілерінің бөлінуі айқындаушы рөл атқаратынын көрсетті. Автордың пікірі бойынша, гендерлік бірегейліктің қалыптасу процесінде үлгі-эталондар, үлгі-бағдарлар, түрлі жастағы ерлер мен әйелдердің бейнелер жүйесі басты рөл атқарады.

Жыныстық дифференциация жасөспірімдік шақтағы белсенді іс-қимылдары арқылы көрінеді. Жасөспірімдік шақта олар бір-бірімен өзара қарым-қатынасқа түсіп, түрліше әлеуметтік субъектілердің қызметін атқарады, бір-бірлерін жан-жақты тани алады. Осы тұрғыда олар бір-бірлерін жақсы тануға мүмкіндік алып, жыныстық айырылулары айқын байқалады. Әдетте, бұл процесс ерте басталады. Олар туа салып, өзіндік жеке жыныстық белгілерге ие болса, өсе келе, олар да дамиді. Мәселен, ұл бала шаш қоюға әуес болса, қыз бала қандай киім кию қажеттігін біледі, олар қандай ойыншықтармен ойнауды біледі. Олар жынысына қарай достық қарым-қатынаста болып, бірігеді. Ұл балалар футбол ойнайды, қыз балалар бұл ойынға әуестенбейді. Халықтық педагогикада ұл баланың ойнайтын ойындарына да қатаң шектеу қоймай, қайта шынықтыру құралы ретінде ұғындырады. Еркек пен әйелдің қарым-қатынасы да өздігінен дамымайды. Ерлер мен әйелдер жұмыс кезінде немесе махаббат қатынастарынан басқа уқытта өте сирек қатынаста болады. Көбіне, бір жынысты болып, араласады.

Қыз балалар құрбыларымен сырласса, ұл балалар көбіне ортақ мақсатта қарым-қатынаста болады.

Ал, қыз балалар мен ұл балалар өзара араласса да, ол ұзаққа созылмайды. Тек бірге тамақтану, түрлі жиындарда, демалыс кезінде, тағы да басқа уақыттарда.

Отбасылық құндылық – әке мен ана. Олар сәби сүюге өздерін іштей дайындауы тиіс. Қыз бала ойынға араласқан сәттен бастап қуыршақ ойнап, ана болуға дайын болса, әке болуға адам нәрестелі болғаннан кейін қалыптаса бастайды. «Әлем тағдыры – әке иығында» деген сөз осы айтылғандарды нақты анықтайды. Қыздар мен ұлдардың дамуына өмір де болған шын оқиғалар мен құбылыстар, қоршаған тәрбие істерінде әр түрлі әсер етеді. Алғашқы бес жылдың балаларға батылдық пен нәзіктіктің белгісінің дамуында айқын рөл атқаратыны белгілі.

М.Ю. Бужигеева [110] 1-сынып оқушыларының психологиялық-педагогикалық диагностикасына талдау жасайды. Мақсаты ұлдар мен қыздардың мектепке дайындық деңгейін анықтау болды. Алынған нәтижелер көрсеткендей ұлдар мен қыздарда мектепке психологиялық-педагогикалық дайындық деңгейінде де, оқуға бейімделу деңгейінде де елеулі айырмашылықтар бар екенін көрсетеді.

Қыздардың оқу қызметіне бейімделуде ұлдардан қарағанда табыстырақ болып сипатталады. Олар мұғалімнің түсіндіргенін тез әрі жақсы түсінеді, сабақта өз қызметін ұйымдастырады, мазасыздық деңгейі төмен және оқуға оң көзқараспен сипатталады. Ал бірінші сыныптағы ұлдар бір де бір көрсеткішпен қыздардан оза алмайды.

Ауылдық және қалалық мектептердің бірінші сынып оқушыларының мектепке психологиялық-педагогикалық дайындық деңгейі мен оқу қызметіне бейімделу деңгейімен арасында бірқатар статистикалық сенімді өзара тәуелділік анықталды. Бұл балалардың гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, бастаыш сыныптан бастап білім беруді дамыту қажеттілігін көрсетеді

Осылайша, жоғарыда сипатталған зерттеулердің нәтижелері бойынша ұлдар мен қыздардың жыныстық туралы білімін дамытуға оң гендерлік бейнелер, үлгі-бағдарлар, эталондар бейнелері елеулі әсер етеді, бұл ретте оларды саралау деңгейі маңызды рөл атқарады.


Зерттеушілердің мәліметтері бойынша, балалар жасөспірім кезеңінде яғни психоәлеуметтік даму кезеңінде, Э.Эриксон теориясы бойынша өмірде ойнайтын әлеуметтік рөлдерді анықтау бойынша санада күрделі жұмыс жүріп жататындығын айтады [111]. С.З. Нишанбаева өз еңбегінде атап өткендей, жасөспірімдік жастағы гендерлік теңдік осы жастағы басты психологиялық сұрақтардың бірі - өзін-өзі тану аясында дамиды [112].

Жасөспірімдер жасындағы көптеген зерттеулердің нәтижелері ата-аналардың ықпалының төмендеуін және құрдастарының референттік топ және өзін-өзі бағалау көзі ретіндегі әсерінің жоғарылауын сипаттайды [113, 114, 115]. Сондықтан құрдастарымен өзара қарым-қатынас жасөспірімдік

жастағы ер адамның бірегейлігін қалыптастырудың маңызды факторы болып табылады.

Жасөспірімдік жастың басы, атап айтқанда, ұлдар компанияларының қалыптасу кезеңі ерлердің психологиясын қалыптастыру үдерісіндегі маңызды кезең болып саналады, өйткені құрдастарының әсері үлкен дәрежеде көрінеді.

Стив Биддалфтың теориясы бойынша ұл баланың психологиялық ерекшеліктері мынадай 3 кезеңнен тұратынын атап көрсеткен. Осы үш кезең баланың ұл бала және ер жігіт болып қалыптасуына үлкен әсерін тигізеді деп анықтайды [116].



Сурет 6. - Стив Биддалф теориясы бойынша ұл баланың психологиялық ерекшеліктері.

Психофизиологиялық сипаттамаларды қарастырған кезімізде ұл бала мен қыз баланы ерекшендіріп тұратын негізгі аспекті бұл жүйке жүйесінің қасиеттеріболып табылады. Жүйке жүйесіндегі қасиеттерде қарқынды стимул реакцияларының пайда болуы туралы деректер кейбір авторлардың ерлермен салыстырғанда әйелдердің күйзеліске төзімділігінің төмендігі туралы ұсыныстарымен келісіледі. Д.А.Жуковтың пікірінше, бұл айырмашылықтар жоғары деңгейдегі стресс болған кезде, ер адамдар өздерін жақсы ұстайды және шешім қабылдау қабілеті жоғары деп көрсетті [117]. Биологиялық деректерге сүйене отырып, зерттеушілердің пікірінше, әйелдердің күйзеліске төзімділігінің төмен механизмдері стресстік өзгерістерден кейін әйелдерде кейбір физиологиялық параметрлердің

нормаға баяу қайтып келуінде деген тоқтамға келеді. Сонымен қатар ерлерде әйелдерге қарағанда қозғалыс белсенділігі жоғары екендігін көзімізді жеткіземіз, яғни ерлерде жалпы бұлшық ет күші мен жеке буындардың (саусақтардың, білезіктердің, табанның және т.б.) максималды күші әйелдерге қарағанда жоғарырақ екенін де анықтадық [118].

10 жасында ұлдар мен қыздардың дене күші шамамен бірдей, содан кейін 12 мен 19 жылдар арасында дене күш ұл балаларда қыздарға қарағанда жылдамырақ, дененің өсуі мен салмағының ұлғаюына пропорционалды жылдамдықпен, 25 жасқа дейін жетеді. 30 жасқа келген кезде әйелдердің дене күшінің мүмкіндіктері шамамен 2/3 күшін ерлерден кем бола бастайды. Шамамен 10 жыл бойы ерлер мен әйелдердің дене күші көрсеткіштерінің өзгеріссіз болып қалады екен, содан кейін әйелдердің дене күшінің мүмкіндіктері ерлерге қарағанда тезірек төмендей бастайды. 50 жасар әйелдер өз құрдастары ерлерден орта есеппен 50% дене күші мүмкіндіктері төмендейді. Мүмкін, ер адамдардағы үлкен күш-қуат мүмкіндіктері бұл олардың қайратты, қажырлы, денесінің мығым боп келу сезімі халықтық тәрбиедегі ер жігітке қойылатын талаптарының нәтижесі.

Қорытындынсында, қазақ халық педагогикасындағы ұл бала – ер жігіт тәрбиесінің теориялық және әдіснамалық негіздерін зерттей келе, тарихи шолу жасалды. Бұл мәселенің зерттелу деңгейі, дереккөздерін талдау арқылы, ғалымдардың көзқарастары жүйеленді. Қазақ ұл бала – ер жігіт тәлім-тәрбиесіндегі жас ерекшеліктеріне қатысты даму үрдісі туралы тарихи-педагогикалық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге шолу жүргізіліп, әдіснамалық тұғырлары қарастырылды.

2 ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ ҰЛ БАЛА-ЕР ЖІГІТ ТӘРБИЕСІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2.1 Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің мәні мен ұстанымдары

Халықтық тәрбиеде ер жігітке қойылатын белгілі бір талаптар, шарттар бар. Бұл «жігіт сыны» деп аталған. Халықтың түсінігінше, нағыз жігітке қойылатын талаптар шамамен мынадай:

а) сыртқы келбеті: «Еңсегей бойлы, өткір көзді, қара қасты, кең маңдайлы, кең иықты, қияқ мұртты, мығым денелі, өткір тісті, т.с.с.».

ә) жан дүниесі: «Ақылды, терең ойлы, сөзге шешен, ержүрек, арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, бөрідей алғыр, құландай сезімтал, нар түйедей төзімді, жылқы мінезді, қырандай епті, түлкідей айлалы» немесе «жігіттің қыраны, «жігіттің сұңқары», «жігіттің арыстаны», «жігіттің құланы», «жігіттің сырттаны» «жігіттің нары», «жігіттің сұлтаны» т.с.с.

б) қабілеттері: «көсем жігіт» – ел басқаратын жігіт, «шешен жігіт» – дау шешетін жігіт («тілін қару етіп, дауды шешуге шығатын жігіт»); «батыр жігіт» – елінің тірегі, жауына қаһарлы, («бес қаруын асынып, темір сауыт киініп, арғымаққа мініп ап, батыр жігіт қол бастар»); «сері жігіт» – мерекеге жиналған халықтың көңілін әнімен, жырымен көтеретін жігіт («сұлу атқа ер салып, қасына алғыр тазы ертіп, қаршығасын қолына қондырып, қылышы күнге шағылып, ән жырымен халықтың құлақ құрышын қандырады); «жомарт жігіт» – пейілі кең, ізгі жүректі, қолы ашық жігіт («жомарт жігіттің дастарханы үнемі жақсылыққа жаюлы, көңілі шат») ; «алып жігіт» – мойыны жуан, қолы қарулы, ұстағанын жібермес, дені сау, қимылы ширақ, ойы сергек, алып күш иесі» («Бұлшық еті бұлт –бұлт ойнап, жымия күліп, алып батыр ортаға шығады»); «үйкүшік жігіт – үй шаруасымен ғана айналысатын шаруақор жігіт («ел танымай, үй танып құр ») және т.б.

Сонымен қатар, ата-бабаларымыз жігіттің мінезінде «алты ерекше қасиеттің», «үш ерекше мінездің» және «үш ажырамас достың» болғанын қалаған. Яғни, онда мыналар болуы тиіс: «надан болмауы үшін ақыл-сана, дүниенің құпиясы мен жұмбағын түсінуі, дүниетанымы; жер қозғалса да қозғалмайтын табандылық пен түсіністік; тағдырдың киындықтарына төзімділік; биікке самғап, көпті көру үшін білім», осы талаптар «алты ерекше қасиет» деп аталған .

Жігіт өз еліне, халқына, достары мен туыстарына адал болуы тиіс. «Адал болсаң, өзіңе үш есе болып қайтады»; ол саналы әрі дұрыс шешім қабылдай алатын, адал, шындықтан қорықпайтын, оның көзіне тура қарай алатын болуы тиіс. Бұл жігіттің үш негізгі ерекше мінезі деп аталған.

Ал жігіттің ажырамас үш сенімді досы: «егер ол жақсы өмір сүргісі келсе, астына мінген сенімді тұлпары, ізгі ақылы және мейірімді адал, ақылды әйелі болсын». Ал жігіт шынында да нағыз жігіт болғысы келсе, осы үш өмірлік серігі болуы тиіс. Бірақ мұнымен қатар, халықта жігіттің бітіспес тоғыз жауы болады деген ұғым бар. Бұлар мінездің жағымсыз сипаттары, жігіттің бойындағы жақсы нәрсенің бәріне кесірін тигізеді.

1) Бірінші жауың – жаныңа у себетін жалқаулық.
2) Екінші жауың – енжарлық, бұдан көп адам зардап шегеді.
3) Қорқақ болсаң, малыңды ұры айдап кетеді.
4) Ал сараңдық жақсылыққа апармайды
5) Өтірік айтсаң, ар-ұятың кетеді.
6) Өсек таратсаң, сол өсек түбіңе жетеді.
7) Босқа мақтануға, мақтауға болмайды, бұдан саған байлық жоқ
8) Жалбақтама, жағымпазданба, оныңды ешкім бағаламайды
9) Өзгені бақытсыз етіп, бақытты боламын деме.

Бұл жолдардан біздің ата-бабаларымыз ұрпақтарына қандай тәрбие бергісі келгенін ұғамыз.

Халықтың ер жігіттен талап етіп отырған жағымды кескін-келбет пе қадір-қасиет, қабілет-икемді Әсеттің Сәмен тұлғасына «ажары жай оғындай», «сабырлы, терең ойлы, маңғаз», «қырмызы қыз мінезді», «денесі тең

садалдың терегіндей», «кең біткен иықты», «шалқақ төс, бура санды, бұлшық етті», «ер тұлғалы батыр» деп дәстүрлі теңеулермен берген бедерлі сипаттамасынан және Шәкәрімнің Кебек батырдың адамшылық тұлғасына:

Ел қамы үшін өлуге жанын сайлап,
Соғыс десе тұрмайды қойса байлап.
Жауға батым, жақынға және әдепті,
Кішіні – іні, үлкенді ағатайлап.
деп айтқан мінездемесінен көруге болады.

Көшпелі халық үшін ар-намыс, ұят дегеннен құнды нәрсе болған жоқ. Олар бұл қасиеттерді балаларының бойына жасынан сіңіруге тырысты. Ойы таза, риясыз, ізгі адам барлық жерде жұртқа сыйлы болатынын олар білді.

Сондықтан ар-ұят туралы бізге жеткен мақалдар әлі де бар. Мысалы: «малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы». Өмірге келген ұл баладан болашақ ер азаматты қалыптастыруда халқымыздың көнеден келе жатқан дәстүр-салтының тәлімдік, таным-білімдік ықпалы зор.

Қазақ қоғамында игі істері мен ерлігі арқылы қалың жұртшылыққа танымал болған тұлғалардың өнегелі істерін үлгі тұту – болашақ ұрпақты отансүйгіштікке, елжандылыққа тәрбиелеуде жоғары орын алады.

Халықтың ауыз әдебиетін, оның жоғарғы формасы – батырлар жырын білмей, халықты, оның тағдырын, тарихын, тұрмыс-тіршілігін тану мүмкін емес. Қазақтың батырлар жырында қазірге дейін қазақтардың тұрмысында жалғасып келе жатқан мәдениет пен дәстүрдің элементтері және белсенді дамушы ұлттық педагогикалық мәдениет көрініс табады. Атап айтсақ, «Ер Тарғын», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Алпамыс батыр», «Ер сайын» т.б. батырлар жырында қазақтардың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, ата кәсібі, моралдық-этикалық нормалары жан-жақты көрсетіледі. Батырлар жыры арқылы халық педагогикасы құндылықтарын терең сезінуге, ұлттық менталитетінің қайнар көздерімен терең түсінуге мүмкіндік пайда болады.

Белгілі ақын, әнші Ақан Сері Қорамсаұлы – жан-жақты дарынды, сезімтал, зейінді, сыршыл композитор, талапты орындаушылық шеберлігіне байланысты «сері» атанған. Ол өз өлеңдерінде адамның жан дүниесі мен көңіл-күйін, өмір салтын қазақ дәстүрімен астарлай бейнелеген. Оның өлеңдері тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерге толы. Әсіресе, ақынның адамның туған күнінен бастап 30 жасқа дейінгі аралықтағы өмір жасына берген педагогикалық, психологиялық мазмұнды сипаттамасы көңіл аударарлық.

«Айтамын замандасқа біраз кеңес» атты өлеңінде Ақан сері он үш түрлі жігіттің мінез-құлқына тоқталады. Оның бұл сипаттамасын педагогикалық және психологиялық тұрғыдан берілген жан-жақты және негізгі пікір дей аламыз. Өйткені, ақын көңіліне көп ой түйген, көрген білгенін, бақылап байқағанын өлең түрінде келтіріп, пікірлері ғылыми педагогика мен психологиядағы мінездемелерге әбден сәйкес келеді.

Ақынның суреттеуіндегі бірінші жігіттің мінездемесі біздің көз алдымызға абзал, көштің алдында жүретін саңлақ, уәдесіне берік, дархан мінезді, қолына алған істі жайнатып жіберетін бесаспап жігіттің бейнесін

әкеледі. Сері өлеңіндегі «бір мінез» дегенді, біз өлеңнің мазмұнына қарап отырып және қазақтың «бір сырлы» деген ұғымына келтіре аламыз [119].

Қазақ халқы ұл балаға «темір қазықтай» уәдесінен айнымайтын, қолына қандай істі алса да табысты орындай алатын қабілетті болуға ағыттаған. Мұндай адамды асыл тас гауһармен теңейді. Мұны ақынның «биік дәрежелі» деп бағалауы қазіргі педагогикадағы «мұрат тұлға» (идеал) Абайдың «толық адам» деген ұғымдарына сәйкес келеді. Сері мұндай адамның бір басы жүзге тең деп, жоғар бағалайды. Ақын келтірген 25 жастағы «бір мінез, әрі дана, дарқан» дегеніне қарап, халқымыздың «сегіз қырлы, бір сырлы» дегені осы болар деген ой түйеміз. Осы жастағы берілген сипаттамасы педагогика мен психологиядағы ғылыми мінездемелерге дәл келеді. Онда бір іске қабілетті адамды көп нәрсеге қабілетті болады делінген. Осыған негізделе отырып, қандай адамды «биік дәрежелі» деуге болады деген сұраққа жауап табамыз. Тәлім-тәрбиелік жұмыстарда өсіп келе жатқан жас буындарға ақынның өз басын өнеге десек, тағы бір жақтан оның «мұрат адам» туралы пікірін алға тарту арқылы қандай адамға теңелу керек, нені мақсат тұту керек деген сұрақтарға жалықтырмайтын өлең түріндегі үгіт-насихатты келтіре аламыз. Бұл серінің *«Бірінші жігітке»* берген мінездемесі.

Ақын өлеңінде суреттелген *екінші жігіт* надан болмаса да ақылды, ерік күші мығым, «ілмей түспейтін», алғыр, қабілетті, тегеурінді, алмас қылыштай қайратты, өжет мінезді болғандықтан ақылмен ұстауды болмысы талап етеді, оған тәрбие қонады. Серінің «баулы құстай», «бауынан босанбайды» деуін біз өзін-өзі тежеп ұстамаса қызу мінезділігі, батылдығы ақылын жеңіп кетуі мүмкін, сондықтан «нұсқау» ақыл-кеңесті талап етеді, «бабын» тапса бұдан жақсыны таппассың. Алды-артын ойлап, әр қадамын санап басады, «үшінші жігіт», әрі мұны өзінің жақсы қасиеттерінің бірі екенін білгендіктен «нағыз асыл жігітпін» деп мақтанады. Қабілеті көп нәрсеге жеткенімен әлгі есепшілдігі қадамын аштырмай «құлашын сермей» алмай жас кезін өткізіп алады. Ақын мұндай адамның бойында жақсы мен жаман мінездердің бірдей болатынын «оң мен солы» тей дей келе істеген ісін жан адамға білдірмейтінін «із түспеген», «көмескі» деп келтіреді. Қазақта, «жымысқы», «мысық жүріс» - деп қу адамдарды айтушы еді. Бар есі-дерті «сыр алдырмай» ебін тауып тындыру болғандықтан білімі мен басқа да қабілеттерін, мүмкіндіктерін пайдалануға шарасы жетпей қалатын секілді. Сондықтан, Ақан сері мұндай жігіттерді білімі «зайығы кеткен» (зая кеткен) дейді.

Енді ақынның суреттеуіндегі *үшінші жігіттің* қасиеттеріне тоқталар болсақ, «кеудесін көтеретін» мақтаншақ, өзі қорқақ өйткені «нағыз асыл жігітпін» - деп мақтанумен бірге дұшпанға кезігіп қалам ба» - деп тартыншақтайды. Мұндай жігіттің істеген істері ар-ұятқа тура келмейтін болғандықтан жасырын, оны елге жария істеуге қорқады, ісінің қате екендігін біле тұрсадағы одан бас тартпайтындықтан, бір жігітке жетер білімі бола тұра, оны пайдаланбай зая кетіргендіктен мұндай мінезді қазақтың «залым» дейтінін суреттеп береді.

Төртінші жігіт – өзі ажарлы, өңі тәуір, мінезі ауырлау, қажымайтын еңбекқор. Қазақта салмақты, бір тоға «жер қозғалса, мен қозғалман» деп те сипаттайды. Олар, көбінесе, қара күш иелері. Бірақ, бойындағы осы қасиеттерін дұрыс пайдалана алмауы себепті өз басына пайдасы жоқ, көп нәрседен құр қалатындығын «аманатын да ала-алмайды» дей келе мұны ақын «асыл зат» дегеніне қарағанда нашар, жаман емес, «қырсыз». Оның жан дүниесі таза, озбырлығы жоқ. Сол себепті озып кетпейді, артта қалмайды «орташа» жағдайда ғана болуы мүмкін. Бірақ, ешкімге зияны жоқ, аса бір пайдасы да жоқ. Осының барлығын ақын «мінезі ауыр», «өңі тәуір», «қажымас... аттай берік» деп сипаттайды.

Бесінші жігіт – әр нәрсені жан-жақты пайымдай алады, терең ойлы, сыр бермей – жақсылығын, жамандығын жасыра алады. Тілі майда ақыл айтқыш, көлгірсіп ақ көңіл болып көрінгенімен «білдірмей бітеу сояды», біреудің қолымен «от көсейтін айлакер», өз бас пайдасы үшін еш нәрседен тайынбайды. Алды-артын түгел болжайды, майдалап отырып, алдап соққанын басқалар аңғармай қалады, «жыланның аяғын көрген қу». Бірді-бірге соғып, ортасынан пайда табад. Біреуді, екінші біреуге айдап салып, өзі шеттеп қызығын тамашалайтын арсыз «қылығымды ел біліп қалды-ау» деп қаймықпайды. Мұндайларға амалы болмаған соң басын шайқап қала береді.

Алтыншы жігіт – бір зиян шегіп қалмайын деп ойламайды, өз бас пайдасы үшін көп қаймықпайтын «алқымдаған» арсыздықпен, әділетсіздікті жаны жек көреді. Осындай іс-әрекетті көргенде қарсы тұрамын деп кейде өзі қорлық көріп те қалады. Ашық, аңқылдағын ақ көңіл «ашық ауыз» бірақ, алды-артын болжауға эмоциясының қуаты мұрша бермейді, түбінде әлгі ілтипат «қылып жүрген» арсыздардан зиян тартып қалатын аңғал. Өлер жерін білмейтін, тайманып тартынбайтын, іс-әркеті ақылынан алда тұрады басқаша айтқанда сезімнің жетегінде кетеді. Ақан сері мұны «қарқылдаған», «ақ жарқын», «ашық мінез», «дұшпанынан тарынбағын» - деп сипаттайды. Қазақ мұны «аңғал» дейді.

Жетінші жігіт – сөзінің байлауы жоқ, «желдей ескен» шынынан өтірігі көп. Салдырлап көп сөйлеген «аузын ашса көмекейі көрінген» байқамай бәрін айтып салып, «сыр алдырып қоятын, өзі «ұшпа бұлт» секілді тұрақсыз, дүниенің сырын болжай алмайтын ойсыз, жеңілтек. Олар, көбінесе, алды-артын ойламай, болжамай, байқамай сөйлейді. Қазақ мұны «ойламай сөйлеген, ауырмай өледі» - дейді. Осы көп сөзділігінен зиянды да көп көретін «басқа бәле тілден» - дегеннің дәл өзі осы жігіт. Мұны қазақ ұшқалақ, жеңілтек, аузы жеңіл, тілінде «сүйек жоқ» - дейді. Жалпы мұндай жігітті жеңілтек десе болғандай.

Сегізінші жігіт – қысқаша айтқанда «сегіз қырлы, бір сырлы» сөзі нақты, көңілі жарқын, сөзіне тұрақты, жаман істен аулақ, қандай мәжілісте юолса да сөйлей алатын, әркіснің тілін табатын «парасатты» жігіттің сипаты. Беталды сөйлемейді, егер бір уәделі сөз аузынан шықса, оны орындамай қоймайтын «нық сөзді», ашық-жарқын «раушан көңіл». Істеген ісіне айтқан сөзі сәйкес, арына кір келтіретін істерден аулақ, болашағын болжап

отыратын «бір сырлы». Білімдар, ақылы кең, әр нәрседен хабардар, кез келген адамның сырын тез меңгеріп алатыны себепті жіне байқағыш, пайымшылдығынанкіммен босын әңгімесі жарасатын ой өрісі кең. Ақыл парасатына мінезі сай, кез келген мәжіліске лайықты сөз айта алатын, шумақтың басында сері өзі айтқандай «сегіз қырлы, жалғыз сырлы», ақыл иесі «бекзат» десек жаңылмаспыз.

Тоғызыншы жігіт – «жел шықпай қозғалмайды», елден озбайды, артта қалмайды, сырын ашпайтын «қоңыр бөрік», өз сырын шетке білдірмейді, бірақ кісіден алып, өзі бермесе, біреуден қулығын асырса, алдап, пайда тапса, мұны ақылдың белгісі деп санайды. Мұндай мінезді жігітті «өзімшіл» деуге болады. Өмір ағымынан артта қалмайды, алдыға озбайды, қабілеті, талабы ерекшеленбейді орташа ғана, сондықтан ақыл-ой да оташа «қоңыр бөрік». Ақылдың белгісі айлакерлік деп санайтын мұндай жігіт «ірі кесек» істерге бара алмайтын «тасаң», тасқақтап алдыға оза алмайды. Мұны ақын шенеп «базарда бағасы бар қырық теңгелік» дейді.

Ақынның оныншы жігітке берген бағасы – бұл жерде «қатын жанды» деп бір жақтан, тартыншақ, жасқаншақ, ұялшақ, жасық кейбір мінездері әйелдерге ұқсас (сол кездегі әйелдер) осындай бір жігіттің мінезін бейнелесе, екіншіден «киелі қатынынан артылғанын» - деп тікелей нақты өмір көрінісін сипаттап отыр. Ондай жігіт өз бетімен бір істің басын қайыра алмайтын, ырықсыз, кім біледі ол жанын аяйтын қу не болмаса жалқау, қор ынжық шығар. Әрине, Ақан сері өмір сүрген дәуірдегі еркекті де, әйелді де бүгінгілермен салыстыруға болмайды. Қазіргі әйелдер өмірге бейімделгіш, еркектерден кем түспейді. Сондықтан, бұл жердегі ақын сөзін ой елегінен өткізе отырып қабылдаған жөн. Ақын «әйелдің қолтығына кіріп алып, не айтса соның бәрін мақұлдады» дейді.

Он бірінші жігіт – мұндай жігітті қазақта «суайт» дейді. Қолынан түк келмесе де адамдарға «үйтіп берем, бүйтіп берем» деп, жақсы көрінгісі келеді. Олар өздерін бәрін білетін, бәрі қолынан келетін адам етіп көрсеткілері келеді. Жалпы, олар көбінесе, қабілетті, пысық кейде көңілшектігінен «ауызбен көп адамды ол байытар» және жақсы жаманды ажырата алады. Дегенмен, оның «бірді-бірге құйылыстырған» өтірігін қазақта «өтірікиің өзіне сенбе қисынына сен» десе ақын мұны «кішкене торсығына сөз құйып ап, апарып әр ауылға барып шайқар» деп бейнелейді. Өлеңінің мазмұнына қарап отырып, мұны «өтірікші» жігіт деуге болады. Ақан сері өзі де осындай жігіттерді «өтірікші» деп атапты. Оны сөз қуған, сөз жинаған, бірді-бірге соғады, қате сөзді түсінгенімен, оған байыптап мән бермейтін жігіт дейді.

Он екінші жігіт – сері «кербез сал» дей келе, оның адамгершілігі мол қасиетін «бойына адамдықты жиып алды» деп сері, сал үлкен өнер иелері, ел ішінде қадірлі болуы, себепті мінезінде «тәкаппарлық» болатындығын белгілейді. Олардың басқа ақын, жыраулардан ерекшелігі көркемдікке ынтықтығы, киімі, ат-тұрманы, жүріс-тұрысы, бет әлпетін өнеріне сай сұлулап ұстайды. Екінші бір ерекшелігі өздерін елден ерекше ұстап, жан

дүниесіне ешкімді жақын тартып ендірмейді, өз сыры өзінде, ақыл-кеңес тыңдауға селқос келетіндігін сері» «көзіне кеңес айтар ілмес жанды» дейді. Сері бұл жерде әлгі кербездердің ойлағаны тек қана өз басы екенін сынайды. Бұлардың ақынның кербез адамдарға берген мінездемесін көрсеміз. Осы өлең шумағының соңында сері «Майданда кейбір жігіт жалғыз тұрар, ойға алмай санамастан дүние малды» - деп біздің пайымдауымызша «ер жігітке» берген мінездемесі. Өлең шумағында айтылғандай мұндай жігіттердің ақылы мен мінезі сай, сөзі мен ісі бір, кесек мінезді, нағыз азамат.

Он үшінші жігіт – Ақан сері пайымында жай «май семіз» емес күшіне семірген, қара күш иесі. Мұндайлар жалықпайтын, еңбекқор, «жігіттік пен» ісі жоқ. Біртоға, ақын сөзі айтқандай «сабаз» көбінесе мұндайлардың қулық-сұмдығы жоқ, арамдықтан аулақ. Не істесе де көрінеу іс істейді адал, бірақ жауықса аямайды. Бір беткейлігі де жоқ емес, ақын мұны «базары жігіттіктің ойында жоқ» деп сипаттайды. Серінің «жігіттіктің қызығы» дегенін тек ойын-сауыққа қатысты деп сыңар жақты ойлау қате. Ақын бұл жерде өнер, білімді меңгеру жігіттіктің бір сипаты екеніне жаңсап отыр. Ақын мінездемесі он үш түрлі жігіт мінезі бүгінгі күні де адамдар арасында кездеседі. Мұны педагогика мен психология пәндерінде пайдалану оларға ұлттық сипат берсе, тағы бір жақтан қазақ ақын-жыраулары мен ойшылдары сөзіндегі мінез-құлық сипаттары жастардың өзін-өзі танып білуіне ықпал етіп отырған, қазіргі күні өзін-өзі тәрбиелеу мәселесі замана талабына сай қайта келтіріліп отырғанда біздің зерттеуіміздің тигізер септігі мол [120].

Тарих сүзгісінен өткен ұлттық болмыс пен ұлттық руханиятымызды өскелең ұрпақтың бойына сіңіру біздердің де ұлт алдындағы борышымыз. Әсіресе, келешек ұрпақтың тал бойына ізгі қасиеттерді дарытуды мақсат еткен ұл тәрбиелейтін отбасы мүшелері мен тәлімгер-педагогтар халық педагогикасын терең білумен бірге, ол арқылы өзінің бойына асыл құндылықтарды сіңірген, рухани жаны таза болуы шарт. Өйткені адам баласының ой-санасы өсіп, ақыл-ойының кемелденуі үшін де тіршілік нәрі санаға отбасынан кіреді, отбасында көрген жақсы-жаман қылықтардың бәрі бала сезіміне әсер етеді, күллі парасат-пайым отбасынан өрбиді деп ұғады. Сондықтан қазақ салтында отбасының тәлім-тәрбиесі ерекше дәстүр.

Көптеген ғылыми-педагогикалық, тарихи-психологиялық еңбектерді зерделей келе, қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесіне қатысты ғылыми-педагогикалық негізделген ой-пікірлерді аз кездестірдік.

Біздің пікірімізше заманауи қазақ қоғамында білім алушыларды халық педагогикасы негізінде ұл бала тәрбиесі жайлы көзқарасын жаңғырту, ұлттық құндылықтарға негізделген тәлімге, саналы қызметке баули отырып, елдің азаматы болуға және өзін-өзі тануға ынталандыру болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарды сараптай келе, біз ұл бала, ер жігіттердің бойындағы төмендегідей ерекшеліктерін анықтадық:

Кесте – 1. Ерлер мен әйелдердің психофизиологиялық ерекшеліктерінің салыстырмалы сипаттамасы

Көрсеткіш	Ер адам	Әйел адам
Соматикалық сипаттамалары		
Дене өлшемдері мен пропорциялары	Бойы, иық ені және жалпы дене өлшемдері үлкен	Бойы аласа, жамбасы кеңдеу
Бұлшық ет күші	Жоғары	Төмен
Жыныстық гормондар	Андрогендері басым	Эстрогендері басым
Ағзадағы зат алмасу	Қарқын күші жоғары	Қарқын күші төмен
Ұзақ жұмыс жасағандағы төзімділігі	Төмен	Жоғары
Мидың құрылымдық-функционалдық қызметінің ерекшеліктері		
Бас миының және оның бөліктерінің жалпы өлшемі	Ми салмағы ауыр Гипоталамустың супрахиазмалық ядросы ірі Сильвиевтың (бүйірлік) бороздарының ұзындығы мен тармақталуы неғұрлым айқын	Ми қабығындағы нейрондардың тығыздығы Жоғары Мозольді дене ірі Есту аппаратының қабығындағы нейрондар саны көп
Ми жарты шарларының функционалдық ассимметриясы	Айқын көрінген, мидың сол жақ жарты шарының ми қызметіндегі үстемі жоғары	Айқын көрінбейді, симметриясы үстем
Сөйлеу функциясындағы ми регуляциясы	Сол жақ ми жарты шарының үстемдігі Сол жақ ми жарты шарының артқы бөліктерімен сипатталады	Оң жақ ми жарты шарының үстемдігімен, Оң жақ ми жарты шарының алдыңғы бөліктермен сипатталады
Эмоциялармен байланысты мидың белсенділігі	Бір жақ ми жарты шарында латерализациясы жоғары	Мидың екі жақ жарты шарында да симметриялы, латерализациясы төмен
Психофизиологиялық сипаттамалары		
Көздің түстерді ажыратуы	Көздің түстерді ажырату функциясының ауытқуы жоғары	Көздің түстерді ажырату функциясының ауытқуы төмен
Ауырсыну сезгіштігі	Төмен	Жоғары
Жүйке жүйесінің күші	Жүйке жүйесінің қарқынды сигналдарға жауап беру реакциясы күшті	Жүйке жүйесінің қарқынды емес сигналдарға жауап беру реакциясы күшті
Стрестік жағдайлардан кейін физиологиялық параметрлерінің нормаға келуі	тез	баяу
Эмоционалды реакциялар: -эмоционалды экспрессия -эмоция жағдайындағы физиологиялық функциялар жылдамдығы -эмоционалдық стимулдарға психофизиологиялық жауаптардың қарқындылығы	-эмоционалды экспрессиясы төмен -баяу -психофизиологиялық жауаптар қарқындылығы төмен	-эмоционалды экспрессиясы жоғары -тез - психофизиологиялық жауаптары қарқындылығы жоғары

Жоғарыдағы айтылған, зерделенген ойлардың барлығын сараптай келе, ұл бала, ер жігіттің бойынан келесідей психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін атап өтуге болады.



Сурет 7- Ұл бала, ер жігіт дамуының педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері.

Ұл баланың **эмоционалдық кейпін психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін** талдау барысында әдетте қыздарға қарағанда қозғыш, ашушаң, мазасыз, шыдамсыз, ұстамсыз өз-өзіне сенімсіз және тіпті агрессивті болып келетінін ескеруге мүмкіндік береді. Ұл балалардың эмоционалдық дамуы көбіне белсенділікке, бәсекелестікке және ішкі сезімдерін жасыруға (төзімділік танытуға) бейімделген. Педагогикалық тұрғыдан олардың эмоциялары сыртқы әрекет, ойын және физикалық қимыл арқылы көрініс табады, бұл олардың тұлғалық қалыптасуы мен әлеуметтенуінің негізі болып табылады. Ұл балалар эмоциясының психологиялық-педагогікалық ерекшеліктерінің белгілері:

Эмоцияны сыртқа шығару (Экстернализация): Ұлдар сезімдерін (ашу, қуаныш, қорқыныш) сөзбен жеткізгеннен гөрі, физикалық әрекеттер, белсенді ойындар немесе кейде агрессия арқылы білдіруге бейім.

Эмоционалдық төзімділікке тәрбиелеу: Әлеуметтік нормалар мен тәрбиеге байланысты ұлдарға «жылама», «еркек бол» деген ұстанымдар сіңіріледі, бұл олардың ішкі эмоцияларын жасыруына және сезімдерін басқаруды ерте үйренуіне әкеледі.

Жетекші әрекет – ойын: Психологиялық тұрғыдан ұл балалардың эмоциясы ойын үстінде, әсіресе бәсекелестік, құрастыру, рөлдік ойындар (жауынгер, көшбасшы) кезінде қарқынды дамиды.

Тәуелсіздік және көшбасшылық: Ұл балалардың эмоциялық қажеттіліктері тәуелсіздікке, жетістікке жетуге және өз бетінше шешім

қабылдауға бағытталған. Олардың сезімдері жетістік пен сәтсіздікке тікелей байланысты.

Педагогикалық тәсілдер: Ұлдармен жұмыс жасауда эмоцияны тікелей талқылаудан гөрі, оларды іс-әрекет, спорт, техникалық шығармашылық арқылы реттеу (эмоционалдық интеллектіні әрекетпен дамыту) тиімді. Ұл балалардың эмоцияларын оң арнаға бағыттау үшін олардың физикалық белсенділігін қолдап, еңбекке баулу және шешім қабылдау құқығын беру маңызды.

Ұл баланың **интеллектуалдық тұрғыда психологиялық-педагогикалық ерекшелігі** айқын көрініс табады. Интеллект аясына кіретін балалардың логикалық ойлау қабілеті мен есте сақтау дағдыларының жақсаруы, танымдық процестердің жылдам дамуы және оқу үлгерімінің артуы, зейін қою, жылдам шешім қабылдау және проблемаларды шешу қабілеттерінің дамуы қарастырылады. Психолог Л.С. Выготскийдің «Жақын арадағы даму аймағы» теориясы бойынша көбінде қыз балалардың логикалық ойы шапшандық танытса, ұл балаларда керісінше баяу іске асады деп көрсетілген. Сондықтан, әр түрлі когнитивті дағдылардың даму атап айтқанда ұл баланың қабылдауының, есте сақтауының, ойының, тілінің, қиялының қалыптасуы мен даму процесін жақсартуға бағытталған арнайы педагогикалық әдістердің болғаны дұрыс деп есептейді. Ойлау қабілеттерін, есте сақтау қабілеттерін, шығармашылықтарын арттыруға негізделген тиімді инструментарий және қызығушылықтарын арттырудағы мотивтендіру әдістерінің қоры.

Физиологиялық тұрғыда дамытудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері.

Ұл балаларды физиологиялық дамытудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері олардың жоғары белсенділігіне, кеңістікті қабылдауға бейімділігіне және бәсекелестікке қабілеттілігіне негізделеді. Тәрбие процесінде ұлдардың эмоционалды тұрақтылығын нығайту, қозғалыс белсенділігін қолдау (спорт, ойындар) және мақсат қою қабілетін дамыту маңызды. Оларға тапсырма бергенде нәтижені көру және нақты нұсқаулықтар өте маңызды. Физиологиялық белсенділікті дамытудың басты қағидасы: ұл балалардың физикалық дамуы жоғары белсенділікпен сипатталады, олар үнемі қозғалыста болады. Болашақта ер азаматқа тән батылдық, төзімділік, қорғаушылық қасиеттерін қалыптастыру және дамытуды көздейді.

Педагогикалық тәсілдер: Ұл балаларға нақты, қысқа және нұсқаулыққа негізделген тапсырмалар тиімді.

Тәрбиелеудегі басты қағидалар:

Қозғалыс қажеттілігін қанағаттандыру: спорттық секциялар, белсенді ойындарды қолдау.

Дербестікке баулу: Өз бетінше шешім қабылдауға, жауапкершілікті сезінуге жағдай жасау.

Әдіснамалық ізденістердің еңбектерін талдау, жинақтау, арқылы «халықтық педагогика», «ұл бала», «ер жігіт» жайлы түсініктерінің мазмұнын салыстыруға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесі дегеніміз – қазақ халық педагогикасының ұл бала, ер жігіт жайлы ұлттың рухани тамырынан нәр алған, жалпыадамзаттық және мәдени-әлеуметтік құндылықтарының білімі, тәжірибесі, жиынтығы.

2.2 Қазақ халық педагогикасы құралдары арқылы ұл бала-ер жігіт тәрбиелеудің мазмұны мен әдістері

Мыңдаған жылдық тарихы бар, батырлығымен, елжандылығымен танылған рухы мықты, қайсар да еркін халық – қазақ халқы. Ел мен жерді, Отанды сүю, ең алдымен туған тарихты құрметтеуден басталады. Өз ұлтының дәстүр-салты мен әдет-ғұрпын, тарихын бойына сіңіріп өскен жас өркен Отанына қастық жасамайды, сын сағатта сатып кетпейді. Бірегей мәдениетімен, қонақжайлылығымен, қайталанбас дәстүрімен ерекшеленген халқымыз ғасырлар бойы «мінсіз ұрпақ» тәрбиелеудің өзіндік мектебін қалыптастырды. Бұл мектеп ұлтымызға тән жөн-жоралғыларды, мінез-құлық ережелері мен қағидаттарын, тәрбие ісінің тәжірибесін жинақтап ұрпақтан ұрпаққа мұра ретінде жалғастырып келеді. Кіші буын орта буыннан, орта буын аға буыннан үздіксіз үйреніп отырады.

Халқымыз қашанда ел мен жердің тыныштығын, тұтастығын сақтау ер азаматтардың парызы, қасиетті борышы деп санады. Осы орайда дала халқының ұл баланы тәрбиелеуге қатысты өзіндік талаптары айқындалды. Ұл баланың бойында болуға тиісті қасиеттер: еңбексүйгіштік, жауапкершілік, шаруаның көзін тауып жүргізе білу, қиындыққа төзімді болу, батылдық, адалдық, қамқорлық, білімділік, тапқырлық, сабырлық және т.б. ерте жастан бастап қалыптастырылды. Осы қасиеттер «сегіз қырлы, бір сырлы азаматтың», «мінсіз жігіттің» эталонын сомдады.

Нағыз ер жігітті тәрбиелеудің бұл талаптары қазақтардың көшпелі өмір салтынан, көшіп-қону сипатынан, малды бағып қағу тәсілінен туындаған, сондықтан дала тұрғындарының қатал өмірі ер жігітке қойылатын талаптарды да қатайтқан. Нағыз ер жігіт дене күші мығым, төзімді, қайсар, тез өзгеретін ауа жағдайына жылдам бейімделе алатын және психикасы тұрақты болуы қажет деп есептелінеді [121].

Қазақ халқының тәрбие үдерісіндегі негізгі ұстанымдары мен талаптары сан салалы. Мінез-құлқы мен әдебі, адамдармен қарым-қатынасы, ортаны басқаруы мен көшбасшылық қасиеттері, тағы да басқа тілдік факторларға байланысты қырларына ерекше мән беріледі. Олай болса, ұл баланың тұлға болып қалыптасуы тілдік аспектілерге де тікелей байланысты.

«Қазіргі таңда антропоөзектік парадигма аясындағы зерттеулердің тереңдеуіне орай қазақ тіл білімінде «тілдік тұлға» мәселесі қарқынды дамуда. Өйткені, тілдік тұлға субьектінің сөйлеу қабілеті, игерген сөздік

қоры туралы, ана тілін меңгеру деңгейі туралы ғана мәлімет бермейді, ойлау мен мәдениеттің, қарым-қатынас пен ұлттық сананың тоғысында зерделеніп келеді» [А.Кембаева]. Олай болса, ұл бала тәрбиесіндегі ана тілін құрметтеу, тіл арқылы коммуникация жасаудағы шеберлікті меңгерту, ұлттық санасының стереотиптері мен құндылықтарын ажырата білуі тәрізді ана тілімен байланысты негізгі мәселелерді бойында қалыптастыра білу – заман талабы. Ана тілін жетік меңгерген тұлға өз бойында халықтың менталитетін, мәдени кодтарын, бағалау жүйесін терең зерделеп барып пайдалана алатын, этномәдени болмысты сақтай алатын көшбасшылық қасиетке ие болатынына көз жеткізумізге болады.

А.Т.Кембаева өзінің ғылыми-зерттеу еңбегінде Ш.Мұртазаны ұлттық-мәдени феномен ретінде талдауының бірнеше себебі бар екенін аңғаруымызға болады. Ұл тәрбиесіне ерекше қажет деп саналатын сөз зергерінің ұлттық болмыспен қатар азаматтық айқын ұстанымы, қоғамдық қызметі, қазақ халқының рухани болмысы мен санасын оятудағы сіңірген еңбегі қоғамда ерекше беделге ие болды. Расында да сөз зергерінің көркем, публицистикалық, драмалық, эпистолярлық дүниелері өскелең ұрпақ тәрбиесі үшін құнды құралдардың қатарында деген ғалым пікіріне толық қосыламыз.

Сонымен бірге, А.Т.Кембаеваның тілдік тұлғаның ұлттық тіл және қатысымның ұлттық сипатына сай этномәдениеттің бір бөлшегі ретіндегі *ұлттық аспекті* мен әйел және ерлердің «тілдік іс-қимылдарындағы» ерекшеліктерді қарастыратын *гендерлік аспектілер* тұрғысынан талдауы ғылыми зерттеуміздің негізгі бағыттарымен етене жақын екендігін аңғаруымызға болады [136].

Жоғарыда айтылып өткен ер жігіттің психологиялық ерекшеліктері әйел, қыз баланы тым әлсіз, әлжуаз екендігін білдіртпейді, қайта қазақ әйелі ер азаматтар түздегі шаруалармен айналысқанда, отбасында бала тәрбиелеген, ауыл-өңірдің тыныс-тіршілігінің қалыпты болуына жауап берген. Дәстүрлі дала мәдениетінде қазақ әйелдері қоғам мүшесі ретіндегі әлеуетін өнер-білім саласында, қоғамдық өмірде көрсетіп, өзін-өзі дамытуға мүмкіндігі болды. Қазақтың ұлы азаматтарының аналары мен жарларының, сонымен қатар өарапайым қыз-келіншектердің мемлекеттік тәуелсіздікті сақтауда, ұлт-азаттық қозғалысында, ел ішіндегі ынтымақты нығайтуда, саналы, текті, ұрпақты тәрбиелеудегі ісі орасан зор [122].

Егеменді ел болуда пайым-парасаты жоғары, рухани жан дүниесі бай, мәдениетті, ар-намысы зор ұл бала тәрбиелеуде көп ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениеті, діні, ділі, тілі, тарихы бар ел екендігін ұлдардың санасына ұялатып, ұрпақтан-ұрпаққа өмір тәжірибесін беруді жүйелі жүргізетін тұлға – педагог. Демек, бүгінгі заман педагогі жаңашыл ойлау дағдысын меңгерген, ұрпақтың жан-жақты дамуын ұйымдастыра алатын және ата-аналармен ынтымақтастық орнатуға икемді тұлға болуы тиіс. Ол үшін әрбір педагог оқыту мен тәрбиенің тиімді жолдарын іздестіріп, оны

ғылыми негізде құруы, яғни, тұлғаны қабілеті мен дарындылығына сүйене отырып, жан-жақты дамыта алатындай улгіде еңбек етуі қажет.

Бүгінде ғылымның дамыған кезеңінде сол көрнекті тұлғалардың болжамдарының түп-төркінінде де үлкен ғылыми негіз жатқанына көз жеткізуге болады. Жалпы тәрбие мәселесіне мемлекеттік мекемелер де терең мән беретіндіктен, жалпы орта білім беретін мектептің оқу-тәрбие үдерісінде ұл бала тәрбиесі мәселесіне байланысты жүргізілген жұмыстарға келесі бөлімде кеңірек тоқталуды жөн көрдік.

Енді осы ғылыми-теориялық мазмұн негізінде зерттеу тақырыбымыздың негізін құраушы ұл баланы тәрбиелеудің моделін жоспарлаймыз. Модельде ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің бүкіл мазмұнын ашатындай және оқу-тәрбие үдерісінде пайдалануға ыңғайлы және тиімді жолдарын қарастырамыз.

Соңғы кездердегі педагогика, психология, әлеуметтік ғылымдар бағытындағы ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектеріне сүйенер болсақ, бүгінгі ақпараттық қоғамдағы түрлі өзгерістер салдарынан болған үдерістер жас ұрпақ өкілдерінің рухани-адамгершілік тәрбиесіне кері әсер ететіндігін байқаймыз. Дүниетанымның өзгерістеріне бейім тұлғалардың ең белсенді бөлігі ретінде жас ұрпақты қоғамдағы болып жатқан кері ықпалдардан сақтап, рухани-құндылықтарға баулу қажет [123].

Бұл орайда Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» атты тамыз конференциясындағы пікірі өте маңызды және биылғы жылдан бастап білім беру жүйесінде «Адал азамат» атты тәрбиенің біртұтас бағдарламасының қолға алынып, жүзеге асырылатыны да нақты айтылды. Ел Президенті: «Бұл бағдарламаны барлық мектеп, соның ішінде жекеменшік мектептер де қолданады. Сондай-ақ мен осы жобаны педагог мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарына да енгізуді ұсынамын. Ұлттық білім саласындағы тәрбие жұмысында біртұтас жүйе болуы керек. Жас ұрпақтың бойына жалпыұлттық құндылықтарды сіңіру қажет. Әрбір жас отаншыл, жасампаз, жаңашыл, білімпаз, еңбекқор, ұқыпты, үнемшіл болып өсуі керек. Сондай азаматтар ғана мәдениетті, қауіпсіз әрі «Заң мен тәртіп» үстемдік құратын қоғамның іргесін қаламақ.

Халқымыз «Тәрбие тал бесіктен басталады» деп бекер айтпаған. Ұрпақ тәрбиесінде ата-ана, мұғалім және мемлекеттік органдар бірге жұмыс істеуге тиіс. Себебі, жауапкершілік бәріне ортақ. «Адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» [124] деген Хакім Абайдың сөзімен ойын тұжырымдаған Мемлекет басшысы қазақ қоғамының келешек ұрпақты тәрбиелеудегі жауапты миссиясын тағы да нақтылап өтті. Демек, бүгінгі мақсатымыз – жаңа ғасырдың азаматтарын ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық игіліктердің, рухани және мәдени мұралардың арасындағы байланыс пен сабақтастық дәстүрін сақтап тәрбие беру, адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілділік, қайырымдылық, ізеттілік, қарапайымдылық, отансүйгіштік қасиеттері мен мінез-құлықтары қалыптасқан саналы ұрпақты тәрбиелеу болып табылады.

Қазақ халық педагогикасындағы ұл баланы тәрбиелеудің теориялық моделін жасау үшін ең алдымен негіз болатын әдіснама тұғырларын саралап, қарастыруымыз қажет. Олардың қатарында қазақтың халықтық педагогикасындағы ұл бала мен ер жігіт тәрбиелеуде тиімді болып табылатын әдіснамалық тұғырлар, атап айтқанда *мәдени-тарихи, тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік, аксиологиялық* тұғырларға тоқталамыз.

Л.С.Выготскийдің ойынша адам санасының шығуы және даму мәселесін қарастыра отырып, адам психикасы мәселелерінің шешудің ғылыми жолын айқындаған психологиялық тұжырымдамаларының біріне тоқталамыз. Кейін оны адам психикасының шығуының мәдени-тарихи теориясы деп атап кетті. Кейбір еңбектерде оны адамның жоғары психикалық функциясының қоғамдық тарихи шығу теориясы деп атайды. Мәдени-тарихи тұғыр (Л.С.Выготский, Леонтьев, Лурия) Мәдени-тарихи тұғырдың мәні бұл адамның мінез-құлқы балалық шақтың даму нәтижесі ғана емес, сонымен қатар тарихи дамудың өнімі. Л.С. Выготскийге сәйкес, адам өзінің тарихи даму процесінде өзінің мінез-құлқының жаңа қозғаушы күштерін құруға дейін көтерілді. Адамның қоғамдық өмірі процесінде ғана оның жаңа қажеттіліктері пайда болды, қалыптасты және дамыды, ал адамның тарихи дамуы процесінде табиғи қажеттілігінің өзі терең өзгерістерге ұшырады. Мәдени дамудың, мәдени мінез-құлықтың әрбір түрі адамзаттың тарихи дамуының өнімі деп санады.

Тұлғалық-бағдарлы тұғырды негізге алуымыздың себебі, оның мақсаты мен қызметі – тұлғаның жеке қасиеттерін, қабілеттерін, нышандарын дамыту. И.С. Якиманскаяның ойынша, жеке тұлғаға бағдарланған оқытуда даралау тәсілі барлық білім беру үдерісінің негізгі қағидасы болып табылады, оның мақсаты – әр баланың мүмкіндіктерін танып, дамыту. Бұл тұғыр бойынша ұл бала, ер жігіттің психофизиологиялық, педагогикалық ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру, тәрбиелеудің аса маңыздылығы қазіргі уақытта айқын .

Іс-әрекеттік тұғыр нақты ғылыми-әдіснамалық ұстаным ретінде танылады. Ғалым А.Н.Леонтьев «адамзат мәдениетінің жетістіктерін игеруде іс-әрекет атқару маңызды, себебі сол арқылы оның жетістіктері одан әрі жетіледі» - деп санады. Сол себепті жас өскінді өмірге және жан-жақты жақсы іс-әрекеттерге дайындауда олардың барлық жеке дара мүмкіндіктерін ескеру қажет. Бала өміріне қатысты әлеуметтік және адамгершілік тұрғыдан ұйымдастырылған іс-шараларға балалардың тартылуы өте маңызды.

Баланың іс-әрекетін қалыптастыру, оны таным, еңбек және қарым-қатынас субъектісі тұрғысында болатындай арнайы жұмысты талап етеді. Бұл жерде негізгі міндет іс-әрекет арқылы жеке тұлғаны белсенді қалыптастыру жолын жасайтын дамытушы оқу-танымдық және қоғамдық пайдалы іс-әрекетті ең көп толық пайдалану болып табылады. Бұл өз кезегінде педагогтың тірбиеленушілерді мақсат қоюға және іс-әрекетті жоспарлауға, оны ұйымдастыруға және реттеуге бақылауға, өздігінен талдауға және іс-әрекет нәтижелеріне баға беруге үйренуін талап етеді.

Іс-әрекеттік тұғыр болашақ маман иесінің негізгі әрекеттерінің бірінен саналатын кәсіби және педагогтік іскерлігі мен дағдысын қалыптастырудағы теориялық және тәжірибелік дайындығының өзара байланысы мен бірлігін көрсетеді. Білім беру жүйесінің тәжірибеге бағдарланған мазмұнын құрастыруда дайындау пәндері бойынша теориялық білімдердің педагогикалық әрекет түрлері дағдыларымен өзара байланысын қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Іс-әрекеттік тұғыр болашақ педагог мамандарды дайындауда маңызды, сондықтан студенттерді жоғары оқу орнына қабылданған сәттен бастап педагогикалық іс-тәжірибенің әр түрлерінен өту мәселелерін жан-жақты қарастыру қажет.

Зерттеуші Н.Ф.Талызина іс-әрекеттік тұғырдың білім беру жүйесі теорияларына негізделетіні туралы: «... білім беру үдерісін оқушылардың таным әрекетін қалыптастыру құралы ретінде» түсіндіреді [36, б.53]. Аталған бір жақты тұғыр білім беру жүйесінің білімдік-бағдарлы парадигмасын нақтылауға әкеледі. Бүгінгі білім беру жүйесіндегі дайындау техникасы кәсіби педагогикалық іс-әрекетке дайындаудың жоғары деңгейіне қол жеткізуге бағытталуы тиіс. Осы жағдайда теориялық білімдер кәсіби даярлықтың тәжірибелік-бағдарлық үдерісімен орын алмастырады.

Ұл бала, ер жігіт тәрбиесін қалыптастыруда аксиологиялық тұғырдың маңызы ерекше. Аксиологиялық тұғырдың өкілдері (В.А. Сластенин, Н.Д. Никандров, В.А.Кан-Калик, Е.Н. Шиянов и др.) және т.б. Аксиология әртүрлі өркениеттердің жетістіктері мен рухани-мәдени құндылықтардың қалыптасуын, даму тетіктері мен бағдарларын айқындайтын білімдердің нақты тарихи жүйесі түрінде көрініс тауып отыр. Сондықтан да адамды өмірге бейімдеп, Отанын, елін, жерін, тілін, ділін құрметтейтін, рухани дүниесі бай, мораль мен этиканы бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеуде жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды негізге алып, жүгінген дұрыс. Құндылықтар жүйесінде білімді, ғылымды, тәрбиені, парасаттылықты, тектілікті, ақиқатты, сүйіспеншілікті, бірлікті, сенімділікті, ерлікті және де басқа рухани-адамгершілік қасиеттерді кең дәріптеу қажет.

Аксиология философияның дербес саласы ретінде тұрмыс ұғымын ашатын екі белгі: шынайылық пен құндылық арқылы адамның түрлі талап-тілектері мен талпыныстарының нысаны ретінде зерттеле бастайды.

Педагог-ғалым Л.И.Гриценко «құндылық – адамның санасына бағынбайтын іс-әрекетке қатысты реттегіш» - дейді. Тұлғаның құндылықтар жайлы өзіндік ой-пікірі мен саналы көзқарасы бар.

Э.Фроммның пікірінше, құндылықтар мен құндылықты бағдарланулар өмірдің мәнін табуға мүмкіндік береді және сол себепті қоғамның құндылықты бағдарлану жүйесіне деген қажеттілігі әрдайым болады [125]. Заманауи жағдайларда жалпыадамзаттық моральдық құндылықтардың біртұтас жүйесі ғаламданудың негізгі сипаттамасы болып табылады.

Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала тәрбиесіне байланысты қазақ халқының дәстүрлерін ұл баланың ұлттық келбетін, бітім-болмысын

қалыптастырудағы модель құруында негізге ала отырып қолдандық. Модельды құру үшін төмендегідей қоғамдық талаптар ескерілді:

1) қоғамның жаңару мен рухани даму кезеңінде болып жатқан саяси экономикалық, мәдени-әлеуметтік және т.б. өзгерістерге және білім мен тәрбие беру жүйесінің жұмысын жаңа сатыға көтеру қажеттігіне көңіл бөлу;

2) мектептің оқу-тәрбие процесінде қазақ халқының ұл баланы тәрбиелеудегі тәжірибелерін, ата-баба мұраларын пайдалану арқылы ұл баланың дүниетанымын, адами көзқарасын қалыптастыруды жүзеге асыру, салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты білуге үйрету, елді-жерді қорғаушы, шаңырақтың өзін шаңырақтың тұтқасы мен толыққанды егесі ретінде сезіне білуге тәрбиелеу;

3) өмір сүріп отырған қоғамның талаптарына сай туып-өскен елі мен жеріне деген құрмет сезімдері қалыптасқан, болашақта өз мемлекетінің дамуына, гүлденіп өркендеуіне үлесін қосуға даяр ұлтжанды, адамгершілігі жоғары, саналы, өз бетінше дербес өмір сүруге икемді, халқының дәстүр-салтын, әдет-ғұрпын жан-тәнімен қорғайтын және оған жауапкершілікпен қарайтын ұл баланы тәрбиелеу [19, 20 б.].

Кейінгі уақыттарда ғылым мен тәжірибенің бірқатар салаларында модельдеу әдісінің кең түрде қолданылғанын ғалымдар Ю.К.Бабанский, А.Н.Беляева, В.П.Беспалько, Н.Д.Хмель және т.б. зерттеу еңбектері дәлелдейді. Осы мәселе бойынша Ю.К.Бабанскийдің пікірі мынадай: «Модельдеу зерттелетін үдеріс немесе құбылыс туралы білімді жүйелеуге көмектеседі, олардың тұтас сипаттамаларының жолдарын болжайды, компоненттер арасындағы толық байланыстарды анықтайды, біртұтас жіктемесін жасау үшін мүмкіндіктер ашады» [126].

Қазақтың халық педагогикасы – ғасырлар бойғы жүйелі, ұлттық мазмұнға бай, қоғам сұранысын қанағаттандыратын бірегей тәжірибе. Халықтың ұл балаға қатысты жасайтын дәстүр-салты мен әдет-ғұрыптары тәрбиенің мықты мектебі. Ұл бала-ер жігітті тәрбиелеуде халықтың қолданыста келе жатқан өзіндік тәрбие құралдары бар. Педагогикалық құралдар аясында:

- салт-дәстүрлер мен рәсімдер;
- халықтың ауызекі шығармашылығы (аңыздар, ертегілер, әңгімелер, мақал-мәтелдер, өлеңдер және т.б.);
- ұлттық ойындар;
- еңбек дәстүрлері;
- тәлімгерлік мектебі және т.б. кең көлемде қарастырылады.

Прогрессивті ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар тәрбиенің күшті және тиімді құралы болып табылады. Олар адамның өмірін реттейтін қағидалар, нормалар, ережелер мен идеалдар түрінде әрекет етеді. Көшпелі тіршілік кешкен халқымыз ұл баланы дүниеге келген сәтінен бастап ер азамат атанғанға дейін өмірдің барлық қыр-сыры мен тұрмыс әрекетінің түрлі жолдарына үйреткен. Тұрмыс-салт әрекетін жетік меңгерген ұл баланы ел қорғауға даяр, ақыл-парасаты толысқан ер, мықты азамат деп санаған.

Ұл балаға қатысты өткізілетін барлық жөн-жоралғылар белгілі ретпен, жүйелі түрде өтіп отырады.

Ұл бала дүниеге келгенге дейін жүргізілетін рәсімдердің қатарында ананың көңіл-күйі мен денсаулығының дұрыс болуы, күтінуі, жерік асының берілуі өте маңызды саналған. Әсіресе, ананың «жерік асына қанбауы» баланың толыққанды туылмауына әсер етуі мүмкін деген сенімді тудырған. Халық арасында ұрпақтың қандай азамат болып туатынын күні бұрын «жерік асына» қарай топшылап білетіндер де болған. Аңыз-әфсаналар мен халық арасына тараған әңгімелерде әйгілі батырлардың аналарының аяғы ауыр кезінде арыстанның, қасқырдың, қабыланның жүрегіне жерік болғандығы туралы айтылады. Тағам түрлеріне байланысты тыйымдар мен шектеулер жүйесін сақтау да (түйе мен қоян еттерінен жасалған тағамдарды пайдаланбау) міндетті саналған.

Ұл бала дүниеге келгеннен кейін жасалатын дәстүр-салт, әдет-ғұрыптар:

- кіндік кесу – ерекше мәнге ие дәстүр. Кіндікті үлгі-тағылымды, құрметті адам кеседі. Ұл баланың кіндігін шаңырақтың, босағаның иесі деп табалдырықтың астына көмген;
- шілдехана – сәби дүниеге келген соң жасалатын дәстүр. Келушілер таңға дейін көңіл көтеріп, ән айтып, ойын-сауық ұйымдастырады. Оның мәні жаңа туған нәрестені пәлекет күштерден қорғау болып табылады;
- балаға ат қою – түрлі ырымдар, наным-сенімдер, түсініктер мен тілектер ескеріліп балаға ат қойылады;
- қырқынан шығару – бала мен ана өмірінің қауіп-қатерлі қырық күні аяқталған соң жасалатын ғұрып;
- бесікке салу – баланың кіндігі түскен соң жасалатын дәстүр. Бесік – бала денесінің түзу, сымбатты, таза, қауіпсіз жылы ортада өсуіне арналған жайлы орын. Ұл бала бесігінің бас жағына пышақ, қанжар қойылады. Шүмегінің формасының өзіндік ерекшелігі болады;
- тұсау кесу – бала қаз тұрғаннан кейін тез жығылып-сүрінбей жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын дәстүр;
- сүндет той – ер жетудің алғашқы баспалдағы;
- атқа мінгізу – ерлікке бастау;
- тоқымқағар, сірге жияр – әлеуметтік ортаға бейімдеу;
- үйлену – шаңырақ көтеріп, ұрпақ жалғастыру.

Ұл балаға байланысты өтілетін жөн-жоралғылардың түпкі мақсаты – сол қоғамның сұранысына сай келетін дені сау, пайым-көзқарасы дұрыс, ел мен жердің егесін тәрбиелеу.

Халық педагогикасының қайнар бұлағы, халық ауыз әдебиетінің озық үлгілері – ұл баланы азамат етіп тәрбиелеуде таптырмайтын құралдардың бірі. Оларды төмендегідей бөлуге болады:

- батырлар жыры (Қамбар батыр, Алпамыс батыр, Қобыланды батыр, Ер Тарғын, Ер Көкше, Ер Қосай және т.б.) – ерлік, намыс, елжандылық;
- ақын-жыраулар толғауы – азаматтық позиция;
- мақал-мәтелдер – даналық мектебі, қысқа, нақты өмір қағидасы;

- бата беру – рухани қолдау, моральдық бағдар.

Адамдық қағидаларға негізделген шығармалар – ертегілер, эпостық жырлар, ақындар айтысы, аңыз-әңгімелер, өлең-жырлар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер, тыйым сөздер, бата – ұл бала-ер жігітті адамгершілікке (отаншылдық, елжандылық, туыстық, бауырмашылдық, достық, қайырымдылық, ізеттілік, имандылық, құрметтеу, үлгі тұту), еңбекке, (күнделікті тұрмыстағы еңбек әрекеттері, шаруашылық түрлеріне баулу) эстетикалық (қолөнері, жан және тән сұлулығы) және т.б. тәрбиесін жүзеге асыру мен ақыл-ойын дамытуға бағытталған.

Халқымыз ертегілердің тәрбиедегі мүмкіндіктерін жоғары бағалады. Қазақ ертегілері мейірімділікке, адалдыққа, әділеттілікке, тапқырлыққа үйрете отырып, бала бойындағы сенімділікті орнықтырады. Ертегідегі түрлі оқиғалардың соңында жақсылықпен аяқталуы, кейіпкердің кез-келген қиындықты жеңіп шығуы баланы батылдыққа жетелеп, жігерлендіре түседі.

Халқымыз ертегілерді тәрбиелік мақсатта өте ұтымды пайдалана білді. Олар арқылы адамгершілік-этика негіздерін меңгертумен қатар, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрдегі тәрбие талаптары мен заңдылықтары түсіндірілді. Әрбір жастағы балалардың түсіну деңгейіне байланысты өз ертегісі болды. Кіші жастағы балаларға арналған шағын ертегілердің мазмұны ойды дамытып, нақты ақпарат берді. Бала жасының өзгеруіне қарай ертегілердің мазмұны күрделеніп, шытырман оқиғалар бала қиялының дамуына ықпал етті. Ертегі кейіпкерлерінің жағымды образдары мен тұлғасы балаларды еліттірді. Мысалы, ұл балалар Ер Төстік, Керқұла атты Кендебай, Жақсылық, тіптен тапқыр Алдар Көсенің орнына өздерін қойып, бірі зұлымдықты жеңген батыр, ержүрек, ал енді бірі айлакер, жанашыр, жақсы адам болуды қалады.

Ұл бала тәрбиесіне қатысты халықтың пайымы мен тәжірибесі, ойы, тілегі мен арман-мүддесі, ел сүйінген тұлғалардың мінезіндегі жақсы қасиеттер сөз мәйегі мақал-мәтелдерде көрініс табады. Мақал-мәтелдер – бұл халықтың өзі тұжырымдап жасаған логикалық формуласы. Мұнда халықтың даналығы, өмірлік тәжірибесі мен талғамы сақталып, мінез-құлыққа, әдепке, өнерге, тілге деген талап-тілегі тұжырымдалған. Қазақта ер азаматтың жүйесіз артық сөйлеуі бір ауыз сөзбен, мақал-мәтел арқылы тоқтатылып отырған. Мұндайда «Көп сөз – көмір, аз сөз – алтын» деген тұжырым жасалған. Ерте жастан ұл бала мақал-мәтелдің мәнін түсініп, ондағы ойдың астарына үңілуге тәрбиеленді. Ұл бала-ер жігітке қатысты айтылған «Жігіттің жұмсаған күшін сұрама, бітірген ісін сұра», «Білімі жоқ ұл – жұпары жоқ гүл», «Озар елдің ұлы өнерлі келеді», «Ұлы бардың ұрпағы бар», «Жау төнгенде батыр бол, дау төнгенде ақыл бол» және т.б. көптеген мақал-мәтелдер өз алдына тәртіп пен тәлімнің мектебі саналған.

Ұл баланың адами қасиеттерінің қалыптасуында тыйым сөздердің маңызы зор. Олар жаман әдет пен пиғылдан, ерсі әрі әдепсіз істерден сақтандырып отырды. Күнделікті тұрмыста тиімділігі дәлелденген тыйым сөздер – әрбір азаматтың өмір бойы басшылыққа алатын моральдық-этикалық ережесі ретінде саналады. Мысалы, «Ұрлық жасама, өтірік айтпа»,

«Адалды араммен араластырма», «Аманатқа қиянат жасама», «Арыңды сатпа», «Біреуге жамандық тілеме», «Дініңді сатпа», «Кемтарға күлме», «Үлкеннен бұрын сөйлеме», «Адамды саусақпен санама», «Үйге қарай жүгірме», «Қолыңды төбеңе қойма», «Босағаны керме», «Бүйіріңді таянба», «Мал сүйегін отқа жақпа», «Малды теппе», «Ақты төкпе», «Нанды баспа», «Пышақты жалама», «Үйде ысқырма», «Құдыққа түкірме» және т.б. Осындай адамгершілік өлшемдерінің негізінде «Ұлға отыз үйден тыю» деген қағидат қалыптасқан.

Балалардың саналы әрекеттерінің бірі, тарихи түрде қалыптасқан қоғамдық құбылыстың, танымның, денсаулықты нығайтудың құралы – ойын болып табылады. Ойын барысында балалар мінез-құлық ережелері мен нормаларын игерумен қатар, халықтың әдебі мен салтын үйренеді, түрлі тапсырмаларды орындау барысында еңбекке деген көзқарастары қалыптасады. Демек, ойын әрекеті балалардың рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты болып табылады.

Жалпы қазақ ұғымындағы ойын – ұлттық мұра ғана емес, ол тәрбие діңгегі, дағды мен жетістікке бағыттау, дене шынықтыру мен сергудің құралы саналған. Танымал этнограф Зейнолла Сәнік өз еңбектерінде қазақ халқының баласын ойын арқылы тәрбиелегендігін алға тартады.

Ұлтқа тән деп атаудың себебі, ойын кез-келген ұлттың қалыптасуы барысында пайда болып, оның ұрпағының рухани азығына айналады. ұлт ойындарының маңызын, ұрпақ тәрбиелеудегі мол мүмкіндіктерін ерте кездерден-ақ білген Бұл қазақ халқының әуел бастан ерекше мәдениетінің болғандығын, сонымен қатар бала тәрбиесіне аса көңіл бөлгендігін айқындайды.

Қазақтың ұлттық ойындарына тек көңіл көтеру, бала көңілін шаттандыру ғана емес, оны халықтың тарихы мен әлеуметтік өмірімен тығыз байланысты сан ғасырлық асыл қазынасы, бір жүйеге келтірілген мықты тәрбие құралы деп қараған жөн. Және халқымыздың сан ғасырлық тарихында ұл бала-ер жігітті адамгершілік пен еңбексүйгіштікке тәрбиелеумен қатар, жалпы дене дайындығының мықты болуына, сонымен қатар рухы биік, елі мен жерін сүйетін тұлғаның, адал азаматтың қалыптасуына мән берілген.

Халқымыз «ойын баласы» деп, жас баланың ойнауына мүмкіндіктер туғызып отырған. Белгілі зерттеушілеріміздің, этнограф-ғалымдарымыздың зерттеулерінде көне дәуірлерден бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде б.з.д. бірінші мыңжылдықта қалыптасқандығы айтылады. Олардың ішінде тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары Азия елдерінде кеңінен тараған. Қазақтың ұлттық ойындарының тамыры, шығу тегі халқымыздың көшпелі дәстүрінен бастау алып, мал шаруашылығына, аңшылық пен жаугершілікке негізделген. Осыған орай қазақтың ұлттық ойындары: аңшылыққа байланысты, малға байланысты, түрлі заттармен ойналатын, зеректікті,ептілік пен икемділікті, батылдықты қажет ететін және соңғы кезде қалыптасқан ойындар болып бөлінеді.

Көрнекті ғалым педагог Ә.Табылдиев «әрбір ойынның тәрбиелік мақсаты болады. Мысалы, «асық» ойыны бағдарлыққа, дәлдікке, мергендікке үйретсе, доп ойыны бүкіл дененің тұтас қимылдап шынығуына себепші болады. Ойнаудың түрлерін қауымдасып ойнау, одақтасып ойнау, жеке ойнау деп, ал мазмұнына қарай тұрмыстық ойындар, шынығу ойындары, кәсіптік ойындар, спорттық ойындар деп топтауға болатынын» айтады.

Қазақтың ұлттық қозғалыс ойындарын зерттеген ғалым М.Гуннер қазақ халқының ұлттық ойындарының ережелерін сараптау негізінде мынадай жүйесін ұсынды:

- Жалпы сипатта ойналатын ойындар;
- Түрлі кедергілер мен күрес элементтері кездесетін ойын түрлері;
- Алаңқайда, ашық жерлерде өтетін ойындар;
- Қыс мезгілінде ұйымдастырылатын ойын түрлері;
- Көңіл көтеру мен демалу ойындары;
- Ат спорты ойындары.

Ал, қазақтың ұлттық ойындарын топтасыруда ғалымдар М.Тәнекеев (Ат-спорттық ойын түрлері; Атқа мініп жүруге байланысты ойындар), Б.Төтенаев (Салт-тұрмыс негізінде пайда болған ойындар; Жастар ойындары мен қимыл ойындары), Е.Сағындықовтың (Көңіл көтеретін қимыл ойындары; Дене шынықтыру спорт ойындары; Ойлау қабілетін дамытатын ойындар) зерттеулері құндылығымен ерекшеленеді.

Қимыл-қозғалыс ойындарының қайнар көзі халықтық ойындар екендігі белгілі. Оларға түпкі ойдың айқындығы мен мазмұндылық, қарапайымдылық пен қызғылықтылық тән келеді. Бұл ойындардың көптеген түрлері балалық, жеткіншектік, жас өспірімдік шақтағы балалар тәрбиесінде кеңінен пайдаланылды. Әсіресе, ұл балалардың жүгіріп, секіріп, Әсіресе, өкпенің жұмысын арттырып, жас ағзаның дұрыс жетіліп шынығуына, сұлу мүсінді тұлға болып қалыптасуына әсер ететін жүгіру, секіру, күш сынасу элеметтерін қамтитын ұл балаларға арналған қимыл-қозғалыс ойындарының маңызды екендігін дәлелдеу артық етеді. Бала ағзасын дамытып, денесін шырататын, көңіл-күйін көтеретін қимыл-қозғалыс ойындарын былайша топтастыруға болады:

а) табиғи заттарды қолданып ойнайтын ойындар: «Асық», «Бес тас», «Лек жалау», «Сиқырлы таяқ», «Бақай пісті», «Жылмаң» және т.б.;

ә) жануарлар бейнесіндегі және аңшылыққа байланысты ойындар: «Соқыр теке», «Түйе-түйе», «Ақ байпақ», «Көк сиыр», «Жануарлар қалай үндейді», «Ала күшік», «Аңшылар», «Тұзақ құру» және т.б.;

б) түрлі бұйымдарды қолданып ойнайтын ойындар: «Шалма», «Бөрік», «Түйілген шыт», «Орамал тастау», «Белбеу тастау», «Тақия тастамақ», «Тымақ ұру», «Ақ сүйек» және т.б.;

в) құрал-жабдықсыз ойнайтын ойындар: «Айгөлек», «Ақсерек-көксерек», «Шымбике», «Мәлке тотай», «Тоқтышақ», «Шертпек», «Жасырынбақ», «Көрші» және т.б.

г) дене шынықтыру спорт ойындары: «Тең көтеру», «Арқан тарту», «Теңге ілу», «Жамбы ату», «Аударыспақ», «Білектесу», «Арқан тартыс», «Қазақ күресі», «Қыз қуу, «Бәйге» және т.б.

Бұл ойындардың ішінде ұл балалар мен қыз балалардың, ер жігіттер мен бойжеткендердің бірлесіп ойнайтын «Айгөлек», «Алтыбақан», «Соқыр теке», «Орамал тастамақ», «Сақина тастау», «Қыз қуу», «Тобық», «Көрші», «Қассың ба, доссың ба?» және т.б. ойындары бар.

Ұл балалардың тәрбиесі мен қалыптасуына ерекше мән беретін халқымыз олар үшін арнайы ойындар жүйесін жасаған. Бұл ойындар ұл балаларды батылдық пен ептілікке, тапқырлық пен күштілікке, төзімділік пен икемділікке және басқа да дене және адамгершілік қасиеттерге баулуға бағытталған.

Ұл балаларды жастайынан бастап көкпар, қылыштасу, найзаласу (найзамен семсерлесу), аударыспақ, теңге ілу, жамбы ату сынды ұлттық ойындар болашақ ел қорғаны болатын жауынгердің қасиеттерін қалыптастыруға арналса, асық ойындары дәлдік, алшақтық, көзбен шамалау қабілеттерін дамытуға арналған. Ер жігітке тән қасиеттердің көбісі ұлттық ойындарды бала күнінен бастап ойнаудың нәтижесінде қалыптасатындығы белгілі. Ұлт ойындары тек дене шынықтыруға ғана емес, ұл бала-ер жігітті өмір сүруге бейімдеп, туған халқының өткен жолын, тарихын, тілін, әдет-ғұрпын біліп қадірлеуге көмектеседі.

Бірде-бір адамзат қоғамы өзінен бұрынғы аға буының ақыл-ойын, тәрбиелік тәжірибесін пайдаланбай өмір сүрген емес. Ұрпақтар сабақтастығы үзілмей жалғасын тауып отырған. Ұл баланы тәрбиелеуде қолданылатын құралдардың маңыздыларының бірі – еңбек әрекеті. Еңбек тәрбиесі алғаш еркін әрекет жасап, талпыну, талаптану, ойын үстінде үйрену кезінде жүзеге асырылады. Еңбекшілдік, іскерлік, шеберлік, жалқаулық пен жатыпішерліктен аулақ болу, еңбек пен қолөнерді қадірлеу сынды қасиеттер ұл баланың еңбексүйгіш, дені сау, тәлімді азамат болып жетілуіне негіз қалайды.

Ерте жастан кәсіпке үйрету баланың белгілі бір сала бойынша маман болуына зор ықпалын тигізеді. Халқымыз баланың жігіт болып қалыптасуын еңбекке араластырудан бастаған. Қазақ қоғамында еңбекқорлық, төзімділік, шаруашылық жауапкершілікті талап ететін еңбек дәстүрлерінің өзіндік салалары бар, олар:

- мал шаруашылығын жүргізу, ат баптау, үй шаруасына араласу;
- егін салу;
- қол өнері, ұсталық, ағаш шеберлігі, зергерлік;
- аңшылық, балық аулау кәсібі, құсбегілік.

Еңбекке баулуда әулеттік тағылымдар мен дәстүрлер, яғни бір атадан тараған әулеттің өзіне тән қалыптасқан мұралық дәстүрлері бар. Мысалы, ұсталық, емшілік, өнерпаздық, диқандық, т.б. әулеттік дәстүрлер ұрпақтан ұрпаққа үлгі-өнеге, үйрету арқылы жалғасып отырады. Қазақ халық

педагогикасындағы бұл дәстүрлер бүгінде жаңаша сипатта дамуда. Еңбек адамы барлық уақытта құрметті саналған.

Ұл баланы адамгершіліктің бір негізі – үлкенді сыйлауға, жеке адамның адамгершілік іс-әрекеті мен мінез-құлқының жақсылық көрінісі – кісілікке, әлеуметтік тәртіптің, борыш пен міндеттің айғағы – әдеп сақтауға, жақсы мінез бен батылдықтың көрінісі – намыс, абырой, шыншылдыққа, ата дәстүрін ардақтау және т.б. сынды қасиеттерге баулыған. Осындай қасиеттер «жігіттің сыны» деген ұғымды құрайды.

Ұл бала тәрбиесіндегі қазақтың тәлімгерлік мектебінің ролі айрықша. Өмір мектебінен өткен қазақ ақсақалдарының талабы да үлкен адамдар үшін талқылауға түспейтін моральдық ереженің бірі болды: жастарды ата дәстүрін сақтауға үйретті, рухани адамгершілікке бағдарлады, болашаққа сенімін арттырды. Баланың басты тәлімгерлері:

- әке – ерліктің, еңбек пен жауапкершіліктің үлгісі;
- ата – ақылгөй тәрбиеші, шежіре үйретуші, «тектің» бұзылмауына жауапты тұлға;
- ана – мейірім, адамгершілік, имандылық бастауы;
- әже – әулеттің игі дәстүрлерін сақтаушы, таратушы, қамқоршы.

«Жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін», «Үлкенді сыйлау – кісілік», «Сыпайы сөйлеу – сырбаздық, ағайын сәні – сыйластық», «Әркім сыйлағанның құлы», «Сыйға – сый, сыраға – бал» деп тұжырымдаған халқымыздың ежелден берік ұстаған әдеп-салтының бірі – адамдар арасындағы ілтипатты қарым-қатынастар, екі жақты сыйластық. Сол себепті жасы үлкенді сыйлап, атын атамай, оларды жас ерекшелігіне қарай ата, әже, аға, апа, көке, жеңге, әпке, жезде десе, жасы кішілерді інішек, қарындас, қызым, балам, қалқам, қарағым, шырағым, бауырым және т.б. деп, құрметпен атайды. Жеңгелер қауымы жанама ат қойып, жақындарының атын атамауға тырысады. Әсіресе, топ ішінде жасы үлкен адамның атын атау тәрбиесіздік болып есептеледі. Жақсы, көргенді әрекеті үшін әрбір жас үлкендердің ақ батасын алады.

Халық өз тәжірибесінде балалардың дүниетанымын қалыптастыру, пайдалы қоғамдық іс-әрекеттерге араластыру, рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеуде түрлі әдіс-тәсілдер мен амалдарды пайдаланған.

Ұл баланың тұлғалық қасиеттерін тәрбиелеуде түрлі тиімді әдістер кеңінен қолданылады. Атап айтқанда,

1. *Педагогикалық ықпал ету, үлгі-өнеге көрсету:*
- ер адамдардың ісі, мінезі, ұстанымы – негізгі әдіс;
- отбасы мүшелерінің, ауыл-аймақтағы мақтаулы азаматтардың жақсы әрекеттерін үлгі ету.

2. *Тәжірибелік-іс әрекетке үйрету:*
- атқа міну, аңшылыққа шығу, мал бағу;
- ер-жігітке тән тұрмыстық істерді нақты үйрету, көрсету;
- машықтандыру, жаттықтыру;
- тапсырма беру.

3. *Іс-әрекет пен мінез-құлықты ынталандыру, сенім арту*:
- ерте жастан шамасы келетін тұрмыстық-шаруашылық жұмыстарды тапсыру;
- ел ішіндегі істер мен міндеттерге араластыру;
- қолдау, мақтау, мадақтау, ризашылық білдіру, бата беру, тілек тілеу;
- ескерту жасау және т.б.
4. *Сөз арқылу тәрбелеу*:
- ақыл-өсиет;
- тұспалдап айту;
- түсіндіру, кеңесу, ақылдасу;
- әңгімелесу.
5. Сыннан өткізу (инициация элементтері):
- ұл баланы қиындыққа төзімді ету;
- талап ету.
6. *Ұжымдық тәрбиелеу әдістері:*
- әулеттің, ауыл азаматтарының бірлесіп бақылауы;
- иландыру, көзін жеткізу, жазалау.

Халық педагогикасында қолданылған тәрбиелік әдіс-тәсілдер ұл баланың тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудағы тиімділігін сан ғасырдан бері дәлелдеп келеді.

Халқымыздың ұл бала тәрбиелеудегі дәстүр-салтын әрбір жас азаматтың әдет-дағдысына айналдыру – қазақ қоғамының алдындағы маңызды миссия болып табылады. Осылайша, ер азамат жас күнінде бойына сіңірген ең ізгі қасиеттерді келешекте өз ұрпағының бойына дарытып, сабақтастықты жалғастырады.

2.3 Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің құрылымдық-мазмұндық моделі

«Модель» ұғымына сөздіктерде түрліше түсініктемелер беріледі. Біз философиялық сөздікке тоқталамыз, мұнда ол «нысанның сипаттамаларын зерттеу үшін арнайы құрылады» деп түсіндіріледі [127]. Яғни философиялық тұрғыдан түсіндіретін болсақ, модельдеу әрі әдіс, әрі үлгі ретінде саналады:
- жеке адамның жасанды түрде ұсынған жүйесі арқылы, тікелей зерттеу нысаны болатын жүйе арқылы білім алуға мүмкіндік беретін әдіс;
- білім алу, ол бүкіл жүйені зерттейтін жүйе немесе үлгі.

Белгілі бір нысанды зерттеу барысында түрлі қиындықтар туындағанда немесе зерттеу мүлдем мүмкін болмаған жағдайда, онда ол модельдеуді қажет етеді. Философияда «модельдеу» адам танымы тәсілдерінің (әдіс, тәсіл, шешу жолдары) бірін сипаттайтын маңызды санаттардың бірі ретінде ерекшеленеді. Ал психологияда модельдеу – шындықты зерттеудің кең таралған ғылыми әдістерінің бірі, жалпыланған әрі дерексіз нысанның құрылысы, зерттелетін құбылыстың схемасы. Бұл нысанды зерттеудің үлгісі ретінде саналады [128].

Ғалым В.А.Штоффтың пікірі бойынша, «... модель зерттеу объектісін

бейнелейтін немесе қайта шығаратын және оның зерттеуі осы объект туралы жаңа ақпарат беретін етіп ауыстыруға қабілетті ақылға қонымды немесе елеулі түрде іске асатын жүйе болып табылады» [129].

Ал В.В.Краевский «модель» ұғымын «зерттеу пәнінің әрбір жақтарын, байланысы мен функцияларын құрастыратын элементтердің жүйесі», - деп анықтайды. Әрбір үдерісті модельдеуде, ол оның қозғалыс құрылымын қарастыруды көздейді. Жүйені де оның белгілі бір жағдайда іске асуын жан-жақты сипаттаудың жиынтығы деп түсіндірсе, үрдістің динамикалық жаратылысын жеке адамның қалыптасуындағы мәселелерді шешудің өзіндік функциялары мен ерекшеліктерін бір жағдайдан екінші жағдайға бір белестен екінші белеске өтуі ретінде көрсетеді [130].

Жалпы модель зерттеу нысанының кейбір қатынастары мен функциялары элементтерінің жүйесі ретінде анықталады. Ғалым И.П.Подласыйдың ғылыми модельдеу туралы еңбектеріне сүйене отырып біз «модельдеуді зерттеу тақырыбына сай жаңа ақпараттарды алуға мол мүмкіндіктер жасайтын, сонымен қатар зерттелетін тақырыптың дұрыстығын көрсететін және оны алмастыруға қабілетті психологиялық жүйе деп қарастырамыз [131].

Бүгінде ұлттық сананың жаңғыру үдерісі адамгершілік мінез-құлықтың қалыптасқан тәжірибесімен, мәдениет және рухани мұрамен тығыз байланыста болып, көкейкесті мәселеге айналып отыр. Бұл мәселе адамның материалдық және рухани құндылықтарды жасаудағы рөлінен, белсенділігінен көрінеді, өз кезегінде ол парасатты тұлғаның қалыптасуы мен дамуына жағдай жасайды. Аталған міндеттердің жүзеге асуы көп жағдайда педагогтар қауымының халық педагогикасының ұрпақ тәрбиелеудегі әлеуетін қаншалықты тиімді пайдалануға дайын екендігіне байланысты. Нағыз жақсы мектеп жас ұрпаққа өз халқының рухани мәдениетін, қоғамдық бейнесін, өнегесін, тұрмысын, халық мәдениетін, бұрынғы бабалардың ұл балаларды тәрбиелеуге пайдаланған жалпыға ортақ тәсілдерін, құралдар мен әдістерін дарыта алатын қоғамдық институт болуы тиіс. Мектептердегі тәрбие жұмыстарын талдау жасағында байқағанымыз, халықтық тәрбиенің жасампаз идеяларын пайдаланудың кездейсоқ және жекелеген әрекеттері ойдағыдай нәтиже бермейді. Егер бұл жұмыс ата-аналардан, қоғамнан бөлек жүргізілсе, аға буынның даналылығы мен тәжірибесі, отбасындағы, еңбектегі әлеуметтік этикалық тәрбиедегі мәдениеті пайдаланылмаса тіпті қиын. Сонымен қатар, ұл бала тәрбиесінің даналығына тұнып тұрған халықтық эпикалық шығармалар мектепте мүлдем дерлік оқылмайды. Халықтық дәстүрлерге негізделген мәдениеттанушылық, еркін шығармашылық, ересектермен біріккен іс-әрекет деген де ұмытылған.

Қазақтың жөн-жоралғыларын, ділін, өзіне тән этикетін танып білу халқымыздың рухани мәдениетінің қайнар көздерін кеңінен пайдалануға, қазақ тұрмысы мен дәстүр-салтының төлтумалығын мұқият сақтауға мүмкіндік береді. Халқымыздың тұрмысы мен тіршілігінің мәні мен мағынасы дәл осы халықтық мерекелер мен әдет-ғұрыптарда, ұлттық

ойындар мен рәсімдерде барынша толық көрініс тапқан. Қағидалар, жөн-жобалар, мінез-құлық нормаларына негізделген ережелер, бала тәрбиесі жайлы, еңбекке баулу дағдылары туралы түсініктер солардан табылатыны белгілі.

Елімізге белгілі ғалымдар К. Ж. Қожахметова, С.С. Қоңырбаева жалпы қыз бала мен ер бала тәрбиесіне қатысты тың еңбектер жазады. Ұл бала тәрбиесі мен қыз бала тәрбиесінің ара жігін ашып, ғылыми тұрғыда негіздейді.

Отандық ғалым С.С. Қоңырбаева «Отбасы: бала мен ата-ана» тәрбиеші-мұғалімдерге арналған әдістеместемелік құралында тың идеялар ұсынады. Мұнда ер баланың дамып қалыптасуына орай «Нағыз жігіт бейнесі» сипатына көңіл аударады.

Ал профессор К.Ж.Қожахметова беделді әке болу үшін асыл азаматтың бойындағы қасиеттерді талдап көрсеткен. Ол өзінің еңбегінде нағыз ер жігіт бейнесінің кескін-келбетін, қадір-қасиетін, қабілет-икемін, іскерлік-дағдыларын сипаттай келіп, ер жігіттің бойындағы асыл қасиеттер мен салмақты мінез-құлықтың нашандарын белгілеп көрсеткен. Ғалым ер жігіт болып қалыптасуына мынадай факторлар әсер етеді деп анықтайды. Олар:

-жанұя мүшелері толық отбасының тәрбиесі;

-жанашыр әке қамқорлығы мен hәм тәрбиесі;

-ер-азаматтар ұжымдасқан тәрбиеге ықпалды орта;

-табиғатпен байланыс;

-мүмкіндігін шыңдайтын, жетістігін бағалайтын орта т.с.с.

Сонымен қатар оқытушы, тәрбиеші, ата-ана т.б. ұл бала тәрбиесін қалыптастыруда мектептің, отбасының аясында тәрбие жұмысының іс-тәжірибесінде келесідей мүмкіндіктерді қалыптастыру керек деген қорытындыға келдік. Олар: қоғамда болып жатқан өзгерістерді ескере отырып, әлеуметтік-саяси тұрғыдан өзіндік дүниетанымы мен көзқарасына негізделген мақсат қоя білуі қажет; ұлттық санасы, азаматтық ұстанымы, отансүйгіштік қасиеттері дамыған, мәдениеті мен тарихын білетін, жаһандық қоғамда өзінің рөлі мен орны бар елдің қалануына талпынуы қажет; әлеуметтік жауапкершілігі мол, ішкі еркіндігі мен ар-намысы бар азамат болуы қажет; өз әлеуетін сезінетін, қабілеттер мен нышандарын дамытуға күш салатын, өздігінен шешім қабылдайтын ер азамат; жаңашылдыққа құмар, өмірлік жағдаяттарды шешуге бейім тұлға; қамқор, жанашыр, өнегелі, саналы, басқа ұлттар мен діндерге деген құрметі жоғары, толерантты болуы керек; салауатты өмір салтын ұстанатын, өзінің өмірлік ресурстарын арттыратын болуы керек.

Жан-жақты жарасымда, үлгілі, бітім болмысы келіскен, ақылы көркіне сай, рухани-адамгершілігі мол ер жігіттің сұлтаны тәрбиелеу елдің, халықтың арманы. Ұл баланы тәрбиелеу әрбір қазақ еліндегі білім беру ордасының міндеті болуы тиіс. Ұл баланың кескін-келбетін, бітім болмысын тәрбиелеу дегеніміз – болашақ ұрпақтың оқу, тәрбие үдерісінде, өзін-өзі тануында, өзін-өз тәрбиелеуінде, өзін-өзі дамытуында, өздігінен білім алуда

іске асатын оқытушының, тәрбиешінің, ата-ананың көмегімен ұл бала, ер жігіттің жеке көзқарасы, дүниетанымы, рухани-адамгершілігі, жалпы мәдениеті мен кәсіби қабілетінің жасалуына бағытталған айнала қоршаған ортаның (мектеп, отбасы т.б.) іс-әрекеттері арқылы жүзеге асады.

Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесіне қатысты жан-жақты зерделеу жұмыстарын жүргізе отырып, ұлтымыздың тарихындағы ұлы тұлғалардың тәлім-тәрбиелік еңбектері мен азаматтық тұлғасының негізінде ер жігіт тәрбиесінің модельдері жасалды. Атап айтсақ:

Ер жігіт тәрбиесінің моделі
(Абай ілімі негізінде)

↓

Ер жігіт тәрбиесінің негізі

- Бес асыл іс
- Ақыл, ғылым, ар, мінез ілімі
- Адамның үш қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек

Ер жігіт тәрбиесінің негізгі қағидалары:

- Адамның баласы бол;
- Адамзаттың бәрін сүй;
- Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста;
- Пайда ойлама, ар ойла;
- Ой кеселді нәрселерден қашық бол;
- Мінездің беріктігін бұзба;
- Қалпыңды таза сақта;
- Адамшылықтың қарызы үшін еңбек қыл;
- Қайғысыздан сақ бол, қайғылыға жақ бол;
- Өзіңнен өзің есеп ал.

↓

Ер жігіт тәрбиесін жүзеге асырудағы құндылықтар

↓

Әлеуметтік орта:	**Жалпыадамзаттық құндылықтар:**
Қазақ қоғамы, отбасы, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаз	Табиғат, білім, ғылым, еңбек, өнер (қолөнері), мәдениет, тіл

↓

Жігіт сынының өлшемі:
Адалдық, әділеттілік, арлылық, намысқойлық, білімділік, парасаттылық, ізденімпаздық, зеректік, алғырлық, терең ойлылық, қайраттылық, мейірімділік, қайырымдылық, имандылық, бекзаттық, еңбекқорлық, жәуанмәртлік, талаптылық, әдептілік, тазалық, кісілік, рақымдылық, сабырлылық, төзімділік, шыдамдылық, сертке беріктік, сенімділік, табандылық, өжеттік, тәуекелшілдік

↓

Нәтиже:
Қазақ жігітіне тән ұлттық келбеті қалыптасқан, мінсіз мінезді
ТОЛЫҚ АДАМ

Сурет 8 – Абай іліміне негізделген ер жігіт тәрбиесінің моделі.

Ұлы Абайдың «толық адам» ілімінің түпкі мәні ыстық қайрат, нұрлы ақыл мен жылы жүректі тең ұстаған, тұла бойындағы ізгі қасиеттерді қоғамға пайда келтіру жолына жұмсайтын адал ұлды, нағыз ер азаматты тәрбиелеу болып табылады.

Ер жігіт тәрбиесінің моделі
(Шәкәрім ілімі негізінде)

↓

Ер жігіт тәрбиесінің негізі

- Сау ақыл
- Ар ілімі
- Жан мен тән тазалығы

Ер жігіт тәрбиесінің негізгі қағидалары:

- Өзімшіл болма, көпті ардақта;
- Адамның бәрі – өз халқың;
- Арың сатпа, терің сатып адалдық ізде;
- Бәріне қанағат қыл, адал еңбек ет;
- Егін сал, не сауда қыл, малыңды бақ,
- Адал іске талаптан;
- Талаптан да білім мен өнер үйрен;
- Құмарың - бір, ісің - көп болсын;
- Өз бойыңдағы нәпсіңді тый;
- Арамдық, өтіріктен – ерте сақтан;
- Шыдамды бол, еріншек болма;
- Жалған айтып, біреуге жалынба;
- Өтірік, өсекке еріп, сабылма;
- Білімі жоқ наданның тілін алма.

↓

Ер жігіт тәрбиесін жүзеге асырудағы құндылықтар:
Табиғат (жаратылыс), адал еңбек, білім, ғылым, өнер

↓

Жігіт сынының өлшемі:
Ұждан, ар, ұят, намыс, ынсап, сау ақыл, мейірім, әділеттілік, рақым, ізгілік, адал еңбек, қамқорлық, қарапайымдылық, кішіпейілділік, ақ пейілділік, таза жүрек

↓

Нәтиже:
Адалдық жолын қуған, арлы, намысты
АДАМНЫҢ АДАЛ ҰЛЫ

Сурет 9 – Шәкәрім іліміне негізделген ер жігіт тәрбиесінің моделі

Шәкәрім Құдайбердіұлының ар ілімі – шыншылдық пен әділеттіліктің, жалпы адамзат баласына құрмет көрсетудің мәні мен маңызын түсінетін саналы ұл, адал азаматтың қалыптасуына берік негіз болады.

Ер жігіт тәрбиесінің моделі
(Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының тағылымы негізінде)

↓

Ер жігіт тәрбиесінің негізі
БЕС ҚЫМБАТ:

- Иман
- Ғақыл
- Сабыр
- Қанағат (шүкіршілік)
- Әдеп

Ер жігіт тәрбиесінің негізгі қағидалары:

- Үйренуге қылма намыс, үйретуге болма кер;
- Ғұмырыңды ғылым-білімге сарп қыл;
- Жас шағыңда ынталан, көп білуге талаптан;
- Өнерге құштар бол;
- Санаменен ой ойлап, өз көзқарасыңды қалыптастыр;
- Ой-өрісіңді кеңейт, пікір айт;
- Әр істі әуел бастан ойлан;
- Жалқаулық пен еріншектікпен шамаң келгенше алыс;
- Сергек бол, ұйқы мен ішер асқа үйір болма.

↓

Ер жігіт тәрбиесін жүзеге асырудағы құндылықтар:
Халал кәсіп, оқу-білім, ғылым, өнер, жақсы орта

↓

Жігіт сынының өлшемі:
Имандылық, ынсап, рақым, әдептілік, сабырлылық, мейірімділік, ізгілік, білімділік, талаптылық, абырой, қарапайымдылық, жақсылық, еңбексүйгіштік

↓

Нәтиже:
Иманды, ақылды, сабырлы, әдепті
ҰЛТ АЗАМАТЫ

Сурет 10– Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының тағылымына негізделген ер жігіт тәрбиесінің моделі

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының иман, әдеп ілімі – ер азаматтың рухани жетілуінің басты тетігі саналады. Оның ілімінің түпкі мәні ер жігіттің мына қасиеттерін қалыптастыруға негізделеді – оқу-ғылым, ілімге талаптану, жүрекке иман қондыру, өнеге іс қылу мен ақиқатқа жақын «таза азамат» болу.

Ер жігіт тәрбиесінің моделі
(Бауыржан Момышұлының тағылымы негізінде)

↓

Ер жігіт тәрбиесінің негізі

✓ Ата дәстүр
✓ Ана тілі
✓ Халқымыздың жаугершілік, жауынгерлік қасиеті мен дәстүр-мұралары

Ер жігіт тәрбиесінің негізгі қағидалары:

✓ Ердің екі сөйлегені – өлгені. Уәде бермеуге тырыс. Әйтпесе, сөзіңде тұр;
✓ Ешқашан мақтанба! Жұрт мақтасын;
✓ Өзіңді сыйла. Өзгелер сыйласын;
✓ Күнде өзіңе есеп бер. Өзіңді тәрбиелей бер;
✓ Құмар ойын – әлсіздің әлегі. Мықтының рухы биік, денесі шымыр;
✓ Сыйлағанның құлы бол. Кішірею төмендеу емес;
✓ Ең алдымен өзіңе өзіңнің көңілің толатындай өмір сүр;
- Саяхатта. Дүниетанымыңның аясы кеңейеді;
- Қыран құстай қырағы бол. Өзгелерді өзіңдей көрме;
- Пенденің пендеден айырмашылығы адамгершілігі мен білімінде. Таны, оқы!
- Өнер үйрен. Мамандығыңда мықтысы бол;
- Жер қозғалмаса қозғалмайтын сабырлы зіл бол;
- Ұрпақ тәрбиесі елу пайыз сенің мойыныңда. Ұлың өзіңнен озатын болсын! Қызың саған қарап серігін тауып бақытты болсын.

↓

Ер жігіт тәрбиесін жүзеге асырудағы құндылықтар:
Ұлттық салт-дәстүр, білім, ғылым, ұлт тарихы, орта

↓

Жігіт сынының өлшемі:
Парыз, тектілік, ұят, намыс, ар мен жан тазалығы, ерлік, табандылық, жігерлілік, өжеттілік, қайсарлық, борышқа беріктілік, ұстамдылық, жауапкершілік, көшбасшылық, қолбасшылық, көрегендік, шешендік, еңбексүйгіштік, сенімділік, инабаттылық

↓

Нәтиже:
Ұлттың даңқын арттырып, салтымен мақтана алатын, бабалар аманатын жеткізетін патриот

ОТАННЫҢ ҰЛЫ

Сурет 11 – Бауыржан Момышұлының тағылымына негізделген ер жігіт тәрбиесінің моделі

Бауыржан Момышұлы тәлімінің түпкі мәні – намысшыл, әділ, ақиқат сөзді, ұлт дәстүрін бәрінен жоғары қоятын, отаншыл ерді тәрбиелеуде. Ұлттың ерлік дәстүрлері негізінде тәрбие алған ұл баладан болашақта намысты ерді қалыптастыруға болатындығы анық.

Қазақ ағартушысы, жантанушы, бірегей тұлға Ж.Аймауытов жас ұрпақты біліммен қаруландыру мен лайықты тәрбие берудегі мақсатты айқындай келе: «Мектеп бітіріп шыққан соң, бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен, ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне, білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек» - деп саналы ой айтады.

Халқымыз ұл бала тәрбиелеуде қол жеткізген өзіндік тәжірибесі бар. Қалыптасқан тәрбие мектебінің басты мақсаты – ары мен жаны таза, рухани жан дүниесі бай, адамгершілік дүниетанымы, талғамы жоғары, нағыз азаматтарды тәрбиелеу болып табылады.

Қазақ қоғамының ұл бала, ер жігіт тәрбиесінде қол жеткізгісі келетін мақсаты – халық ұғымындағы әдепті, қайырымды, мейірбан, отансүйгіш, ержүрек, табанды, қырағы, бекзат, яғни «нағыз ер азаматты», «сегіз қырлы бір сырлы» ер жігітті тәрбиелеу [132].

Казақ халық педагогикасындағы ұл баланы казақ халқының дәстүрлері арқылы тәрбиелеу және ұлттық келбетін, бітім-болмысын калыптастыру моделінің мақсаты – ұлттың рухани тамырынан нәр алған, жалпыадамзаттық және мәдени-әлеуметтік құндылықтарының білімі мен тәжірибесі мол ұл бала, ер жігіт тұлғасын қалыптастыру.

Осы аталған мақсатты жүзеге асыра отырып, ұл баланың ұлттық келбеті мен бітім-болмысын қалыптастырудың жүйесін құрастыру негізгі міндет болып табылады. Ал осы міндет қалыптастырудың үш бөлігін жүзеге асыруды көздейді.

Ұл баланың ұлттық келбетін, бітім-болмысын калыптастыруда мынадай жетістікке қол жеткізетіндігімізді болжауға болады: туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілік сезімі қалыптасқан, мәдени құндылықтарды толық игерген, адамгершілік қасиеті жоғары, саналы, толерантты, белсенді де құзыретті ұл бала тұлғасы. Атап айтқанда ұлттық сананы, ұлттық сезімді, мүддені, патриотизм мен отбасылық сезімді арттыруы; халықтық педагогиканың тәрбие заңдылықтарын, ұлттық салт-дәстүрлерін, мәдениетін, әдіт-ғұрыптарын үйлесімді пайдалануы; ұлттық сана мен принципін, мінез-ерекшеліктерін, ұлттық психологиясын, қазақ елінің ойшылдары, философтары, ақын-жыршылары, би-сұлтандарының еңбектерін, ертегі қисса, жырларында ұл бала тәрбиесін білуі.

Жалпы аталмыш модель қазақ халқының ұл баласының ұлттық келбетін, бітім-болмысын қалыптастыруды айқындауға жол ашады. Олай болса, әрбір ата-ана өз баласын өнегелі сөзімен, іс-әрекетімен, жүріс-тұрысымен тәрбиелеуі кажет. Ол жайында тұлғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім Б.Момышұлы: «Жасынан жасыған ұрпақ жаумен жағаласа алмайды. Ұрпағың жақсы болып өссін десең, жастайынан шолжың етпе, жасытпа. Жүгенсіз өскенді тезірек жобаға сал, ақылға келтір, баланды жөргегінен жөндеп өсір! Әйтпесе, кеш қаласың», - деп ескерткен [41, 64 б.]. Ал оның кескін-келбеті, бітім-болмысы, мінез-құлқы отбасындағы жандардың ықпалымен қалыптаспақ.

Мақсаты: Болашақ мұғалімдер ұлттың рухани тамырынан нәр алған, жалпыадамзаттық және мәдени-әлеуметтік құндылықтарының білімі мен тәжірибесі мол ұл бала, ер жігіт тұлғасын қалыптастыру.
Тұғырлар: мәдени-тарихи, тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік, аксиологиялық



Сурет 12 – Ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің құрылымдық-мазмұндық моделі

Сондықтан, ұл баланы қазақ халқының дәстүрлері арқылы жоғарыда аталған қоғам талаптарын ескере отырып тәрбиелеудің үш компонентін бөліп алып, оларды анықтаудың өлшемдерін, көрсеткіштерін анықтадық (кесте 12).

Негізгі өлшемдер мен көрсеткіштерді анықтағанда егемен еліміздің білім мен тәрбие саласындағы талаптарын басшылыққа алып, қазақ халқының дәстүрлері, асыл мұралары негізінде қалыптастырудың міндеттері мен мазмұнын, меңгеру жолдарын анықтау және қалыптастыруда тәрбие

құралы ретінде пайдаланудың эксперимент жүйесін жасаудың маңызы ретінде карастырдық.

Кесте 2. Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіттің ұлттық келбетін, бітім-болмысын қалыптастырудың компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері

Компоненттер	Өлшемдер	Көрсеткіштер
Мотивациялық	*Ынталанушылық өлшемі* Қазақ халық педагогикасының ұл бала, ер жігіт тәрбиесін қалыптастыруға саналы көзқарас, оның қоғамдық мәнін түсіну, қажеттілігін сезіну	1) қазақ халық педагогикасына деген ерекше сыйластық пен құрметтің болуы 2)қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесіне қызығушылығы; 3) қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің маңызын түсінуі; 4) қазақ халық педагогикасындағы ар - ұят, намыс, ар-ождан түсініктерінің мәнін ұғынуы;
Когнитивтік	*Танымдық өлшемі.* Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасы туралы білімнің және сана-сезімінің болуы	1) қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің қалыптасу, даму тарихы туралы білімі; 2) қазақ халық педагогикасының ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің идеялары туралы білімі 3) қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің мазмұнын түсінуі және салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды ажырата алуы.
Мінез-құлықтық	*Іс-әрекеттік өлшемі* Қазақ халық педагогикасы арқылы ұл бала, ер жігіттің ұлттық келбетін, бітім-болмысын қалыптастыруда ұлттық мінез-құлықтың қалыптасуы мен оны іс-әрекетте қолдану білігі	1) қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің құралдары мен әдіс- тәсілдерін қолдануы; 2) білім беру жүйесіндегі болашақ педагог қызметінде перспективалы-жоспарлай алуы; 3) қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінде ұлттық мінез-құлықтың көрініс табуы.

Көрсетілген өлшемдер ұл баланың ұлттық келбетін, бітім-болмысын қалыптастыру процесінің нәтижесін анықтауға септігін тигізеді. Сондықтан осы процестің бір құрылымдық компоненті ретінде қарастыра отырып, қазақ халық педагогикасындағы ұл баланы қазақ халқының дәстүрлері арқылы тәрбиелеу мен ұлттық келбетін, бітім-болмысын қалыптастыру нобайы жасалды (сурет 1).

Мотивациялық компонент қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасының маңызын түсіне білуімен, өз бетінше білімін жетілдіруге ұмтылуымен анықталады, сондай-ақ білім алу,

ынталану, қызығушылық таныту, түсіну қабілеті және этникалық тәрбиенің ерекшеліктеріне деген қызығушылығы мен этнопедагогикалық дәстүрлер мен этикалық жүйелерді білуге ұмтылысы жатады. Этникалық тәрбиенің ерекешеліктеріне деген қызығушылығы мен этнопедагогикалық дәстүрлер мен этикалық жүйелерді білуге ұмтылысы.

Когнитивтік компонент таным білу компонентіне студенттердің қазақ халық педагогикасындағы ұл бала тәрбиесіне қатысты міндеттерді шешу үшін қажетті теориялық білімінің көлемін танып білу, қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің қалыптасу, даму тарихы туралы білімі; қазақ халық педагогикасының ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің идеялары туралы білімі, қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің мазмұнын түсінуі және салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды ажырата алуы. Қазақ халқының ұл бала, ер жігіт тәрбиесіне қоятын талаптарды және отбасындағы ұл бала тәрбие ерекшеліктерін білуі.

Мінез-құлық компоненті қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің құралдары мен әдіс- тәсілдерін қолдануын, қазақ халық педагогикасындағы ұл бала тәрбиесінің мазмұнын қалыптасуын, қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінде ұлттық мінез-құлықтың көрініс табуын қарастырады. Халық педагогикасындағы салт-дәстүрлерді қолдануы, этнопедагогикалық мәдениет, дәстүр, түрмыстық мәдениет қырларын үйлесімді пайдалануы. Мұнда ұлттық сана мен іс-әрекет бірлігі принципін қалыптастыруы, қазақ елінің ойшылдардары, философтары, данышпандары, ақын-жыршылары, би сұлтандарының еңбектерін тәжірибе жүзінде қолдануы. Сонымен қатар бұл компонент білім алушылардың кәсіби және өмірлік тәжірибесіне, олардың кәсіби іс-әрекеттеріне, ғылыми басқару жоспарларына, қызығушылықтарына, қажеттіліктеріне негізделеді.

Біздің айқындаған өлшемдеріміз қазақ халық педагогикасындағы ұл бала тәрбиесінің теориясы мен практикасы туралы студенттерге білім беруді жүзеге асыру деңгейлерін көрсетуге негіз болды. Білім беру үдерісі барысында студенттерде қазақ халық педагогикасындағы ұл бала тәрбиесінің негізі туралы мағлұматтардың болуы бұл қазақ халық педагогикасы туралы білімінің қалыптасу деңгейі болып есептеледі.

Біз қазақ халық педагогикасындағы ұл бала тәрбиесінің теориясы мен практикасында айқындалған өлшемдер мен көрсеткіштердің ара қатынасын жоғары, орта, төмен деңгейлермен белгіледік.

Осы мәселеге байланысты жеке-жеке талдап, қарастыруды жөн көрдік:

Жоғары деңгей

- студенттердің бойында қазақ халық педагогикасына деген ерекше сыйластық пен құрметтің болуы, оны қабылдауға бағытталған адамгершілік санасы қалыптасқан. Жалпы алғанда қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесі қоғам үшін маңызды құндылық ретінде жете түсінеді; қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесіне қызығушылығы өте жоғары. Ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасын ұғыну мен оны өз өмір жолында пайдалану ынтасы зор. Ұл бала тәрбиесіндегі

барлық тәрбие әдістерін, талап-тілектерін, ұстанымдарын сезіну, қазақ халық педагогикасының ұл бала, ер жігіт тәрбиесін қалыптастыруға саналы көзқарас, оның қоғамдық мәнін түсіну деңгейі – жоғары.

- қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасы туралы білімнің және сана-сезімінің болуы, қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің қалыптасу, даму тарихы туралы білімі толық қалыптасқан, қазақ халық педагогикасының ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің идеялары туралы білімі кең көлемде игерілген, қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің мазмұнын түсінуі және салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды ажырата алу деңгейі - өте жоғары.

- қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің құралдары мен әдіс-тәсілдерін қолдануы кең көлемде дағдыланған; қазақ халық педагогикасындағы ұл бала тәрбиесінің мазмұнын қалыптасуы жоғары; қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінде ұлттық мінез-құлығы кәсіби шығармашылық құзіреттілктерінде жоғары деңгейде көрініс тапқан.

Орта деңгей:

- студенттердің бойында қазақ халық педагогикасына деген ерекше сыйластық пен құрметтің болуы, оны қабылдауға бағытталған адамгершілік санасы толыққанды қалыптаспаған. Жалпы алғанда қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесі қоғам үшін маңызды құндылық ретінде жете түсінігі толық емес; қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесіне қызығушылығы жоғары. Ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасын ұғыну мен оны өз өмір жолында пайдалану ынтасы орташа. Ұл бала тәрбиесіндегі барлық тәрбие әдістерін, талап-тілектерін, ұстанымдарын сезіну, қазақ халық педагогикасының ұл бала, ер жігіт тәрбиесін қалыптастыруға саналы көзқарас, оның қоғамдық мәнін түсіну деңгейі де орташа;

-қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасы туралы білімнің және сана-сезімінің болғанымен, қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің қалыптасу, даму тарихы туралы білімі толық қалыптаспаған, қазақ халық педагогикасының ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің идеялары туралы білімі бірен-саран ғана игерілген, қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің мазмұнын түсінуі және салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды ажырата алу деңгейі орташа қалыпта дамыған;

- қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің құралдары мен әдіс-тәсілдерін қолдануы кең көлемде дағдыланбаған, бірен-саран қолдану мүмкіндігі бар; ұл бала тәрбиесінің мазмұны туралы түсінігі орташа; қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінде ұлттық мінез-құлығының кәсіби шығармашылық құзыреттіліктері толыққанды қалыптаспаған.

Төмен деңгей:

- студенттердің бойында қазақ халық педагогикасына деген сыйластық

пен құрметі бар, бірақ оны қабылдауға бағытталған адамгершілік санасы қалыптаспаған. Жалпы алғанда қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесі қоғам үшін маңызды құндылық ретінде жете түсінігі төмен; қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесіне деген қызығушылығы төмен. Ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасын ұғыну мен оны өз өмір жолында пайдалану дағдылары қалыптаспаған. Ұл бала тәрбиесіндегі тәрбие әдістерін, талап-тілектерін, ұстанымдарын сезіну, қазақ халық педагогикасының ұл бала, ер жігіт тәрбиесін қалыптастыруға саналы көзқарас, оның қоғамдық мәнін түсіну деңгейі төмен;

-қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасы туралы білімнің және сана-сезімі толық қалыптаспаған, қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің қалыптасу, даму тарихы туралы білімі аз, әлі де білім алуды көздейді, қазақ халық педагогикасының ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің идеялары туралы білімі кең көлемде игерілмеген, ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің мазмұнын түсінуі және салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды ажырата алу деңгейі төмен;

-қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің құралдары мен әдіс- тәсілдерін қолдануы төмен; қазақ халық педагогикасындағы ұл бала тәрбиесінің мазмұны қалыптаспаған; ұл бала, ер жігіттің ұлттық келбетін, бітім-болмысын қалыптастыруда ұлттық мінез-құлықтың қалыптасуы мен оны іс-әрекетте қолдану білігі төмен деңгеймен сипатталады.

Әлеуметтік-мәдени орта тәрбиелік-білім беру кеңістігі, ол арқылы адам қоғамның мәдени қатынастарына белсенді енеді, мәдени іс-әрекет пен рухани практикада дербес тәжірибені меңгереді. Бұдан басқа әртүрлі жастағы жастарға кез келген мемлекеттік және халықаралық аренада сапалы білім беру ерекше рөл атқарады, ол біздің мемлекетің тұрақты дамуының маңызды көрсеткіші болып табылады. Зерттеуімізде дайындаған модельдің құрылымындағы *компоненттер* (мотивациялық, когнитивтік, мінез-құлықтық) мазмұнға сәйкес *өлшемдерін* (ынталанушылық өлшемі, яғни қазақ халық педагогикасының ұл бала, ер жігіт тәрбиесін қалыптастыруға саналы көзқарас, оның қоғамдық мәнін түсіну, қажеттілігін сезіну; танымдық өлшемі ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасы туралы білімнің және сана-сезімінің болуы; іс-әрекеттік өлшемі, яғни ұл бала, ер жігіттің ұлттық келбетін, бітім-болмысын қалыптастыруда ұлттық мінез-құлықтың қалыптасуы мен оны іс-әрекетте қолдану білігі), *көрсеткіштерін* (қазақ халық педагогикасына деген ерекше сыйластық пен құрметтің болуы, қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесіне қызығушылығы; қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің маңызын ұғынуы; қазақ халық педагогикасындағы ар-ұят, намыс, ар-ождан түсініктерінің мәнін ұғынуы; қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің қалыптасу, даму тарихы туралы білімі; қазақ халық педагогикасының ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің идеялары туралы білімі қазақ

халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің мазмұнын түсінуі және салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды ажырата алуы; қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің құралдары мен әдіс-тәсілдерін қолдануы; қазақ халық педагогикасындағы ұл бала тәрбиесінің мазмұнын қалыптасуы; қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінде ұлттық мінез-құлықтың көрініс табуы) эксперименттік-тәжірибе жұмысымызда дәлелдеуді талап етеді. Сонымен қатар гуманистік құндылықтарға сәйкес ұл бала, ер жігіт тәрбиесін қалыптастыруды қарастырады.

Осылайша біздің зерттеуіміздің көзқарасы тұрғысынан алғанда, студенттерді қазақ халық педагогикасы негізінде ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасының сапасын анықтайтын өлшемдердің жиынтығы, біріншіден ұл бала тәрбиесінің мотивациялық компонентімен байланыста болып, қазақ халық педагогикасы негізінде тәрбие беру қызметін жүзеге асыруға ұмтылысымен және оның тиімділігіне талпынумен, студенттердің қазақ халық педагогикасындағы ұл бала тәрбиесі туралы білімінің жалпы деңгейін көтеруге және жоғары нәтижелерге қол жеткізуге құштарлығымен сипатталады.

Екіншіден, зерттеліп отырған когнитивтік компоненті қазақ халық педагогикасындағы ұл бала тәрбиесінің теориясы мен практикасын танып білу үшін теориялық, әдістемелік, тәжірибелік білімдерінің кешенді жиынтығы, қаралып отырған үдерістің мүмкіндігі ретінде қарастырылады.

Үшіншіден мінез-құлық компоненті студенттердің білім алу процесі барысында жүзеге асырылатын халықтық мінез-құлық, менталитет арқылы ұл бала тәрбиесінің практикалық іскерлігі мен дағдыларын меңгеруден көрініс табады.

3. БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ ҰЛ БАЛА-ЕР ЖІГІТ ТӘРБИЕСІНІҢ ПРОГРЕССИВТІ ТӘЖІРИБЕЛЕРІН ПАЙДАЛАНУҒА ДАЯРЛАУ НӘТИЖЕСІ

3.1 Студенттердің қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесі дәстүрлері негізіндегі тәрбие жұмысының педагогикалық даярлығының диагностикасы

Тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмысымыздың мақсаты – қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің қалыптасуын тәжірибеден өткізіп, нәтижелерін тексеру. Біздің тәжірибелік-эксперименттік жұмысымызда келесідей міндеттер қойылды:

- Студентердің қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесі дәстүрлері негізіндегі тәрбие жұмысына педагогикалық даярлығын

диагностикалау арқылы олардың қазақтың ұлттық дәстүрлері негізінде тәриеленуі деңгейлерін және болашақ кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке оқушыларды тәрбиелеуде оларды пайдалануға даярлықтарын анықтау.

- Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің прогрессивті тәжірибелерін пайдалануға болашақ мұғалімдерді даярлаудың психологиялық-педагогикалық әдістемесін әзірлеу және оның тиімділігін анықтау («Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курсы).

Осы міндеттерді жүзеге асыру барысында ғылыми зерттеудегі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарымыз 2017-2020 оқу жылдарында анықтау, қалыптастыру, бақылау сынды үш кезеңнен өтіп, мақсатқа бағытталған зерттеу жұмыстарымызға 122 студент қатысты. Атап айтқанда, Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің 5В010400-«Бастапқы әскери дайындық», 5В010800-«Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша оқитын 2-4 курстың студенттері – 62, және М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 5В010400-«Бастапқы әскери дайындық», 5В010800-«Дене шынықтыру және спорт» мамандықтары бойынша оқитын 2-4 курстың студенттері – 60, яғни эксперименталды топта – 62 студент, бақылау тобында – 60 студент қамтылып, жүргізілді. Зерттеуіміздің барысында қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесін анықтаумен бірге, олардың бүгінде жоғары оқу орындарындағы ұлттық тәлім-тәрбие аясындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесі жайлы көзқарасының қаншалықты қалыптасқандығын байқап білдік. Анықтау экспериментіміз – бақылау, сауалнама алу, сұхбат жүргізу, болашақ мұғалімдер мен профессор-оқытушылар құрамымен және өзге де қызметкерлердің қатысуымен әңгімелесу, білім беру бағдарламаларына талдау жасау сынды зерттеу тәсілдерін қолдану арқылы жүргізілді. Сонымен қатар, жүргізілген зерттеулердің әр кезеңіндегі жұмыстар үнемі бақылауда болып, нәтижелері бекітіліп, қажетті көрсеткіштер алынып отырды. Алынған нәтижелерді салыстыру, талдау және қорытындылау қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесі жайлы қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмысы – қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесі дәстүрлерінің тиімділігін тексеруге бағытталды. Зерттеу жұмысының негізгі мақсатын басшылыққа ала отырып, тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының зерттеу кезеңдері өз деңгейінде жүргізілді. Аталған кезеңдер арасында өзара байланыс сақталды. Сәйкесінше, әр кезеңдегі нәтижелерге талдау жасалып, сараланып қорытындылары шығарылды. Біздің зерттеу жұмыстарымызды жүргізу және ғылыми негіздеу үшін белгілі ғалымдардың зерттеулері, тақырып бойынша ғылыми еңбектер мен эксперимент жүргізудің тиімді әдістері мен тәсілдері зерделенді. Сонымен қатар, экспериментті ұйымдастыру барысында біз ең алдымен оны жүргізуге қойылатын педагогикалық талаптарды басшылыққа алдық. Бұл жасалған қадамдарымыз бізге зерттеуіміздің тәжірибелік-

эксперименттік нәтижелері бойынша нақты қорытындылар жасауға мүмкіндік берді [133].

Жұмыстың 1.3 тармақшасында қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің құрылымдық-мазмұндық моделінде анықтау экспериментін жүргізуімізге сәйкес деңгейлері, көрсеткіштер, өлшемдері айқындалды. Аталған тақырыпта анықтау экспериментінің жұмыс барысы баяндалып, болашақ мұғалімдерді даярлауда біз зерттеп отырған сапалық қасиеттері өз деңгейінде қалыптастырылмайтындығы анықталды.

Жоғары оқу орнында білім алу үдерісінде білім алушылардың қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасы, ғылыми тұғырларын теориялық талдау, қалыптасу моделін дайындау, педагогикалық және психологиялық диагностикалау әдістерін пайдалану оны тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Эксперимент барысында тәуелсіз және тәуелді айнымалыларды анықтау үшін біз төмендегі әдістерді қолданамыз:

-теориялық (тарихи-логикалық; индукция және дедукция; теориялық талдау және жинақтау; жалпылау және салыстыру);

-сауалнамалы-диагностикалық (сауалнама жүргізу, сұхбат алу, әңгімелесу, тест жүргізу, бағалау-рейтинг);

-обсервациялық (тікелей және жанама, қосылған бақылау, дәрістер мен сабақтарды хаттамалау);

-эксперименттік (анықтаушы, қалыптастырушы және бақылаушы педагогикалық эксперимент) математикалық және статистика әдістері.

Анықтау экспериментінде – қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің қалыптасу деңгейі, жағдайы, көрсеткіштері анықталды. Топ эксперименталь және бақылау тобы болып бөлінді.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты жүзеге асыруда «Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт бейнесі» сауалнамасы, практикалық тапсырмалар, (бақылау тапсырма) қолданылды. Психологиядағы гендерлік зерттеулердің дамуы негізгі психометриялық талаптарға жауап беретін тиімді диагностикалық құралдарды пайдалану мүмкіндіктерімен тікелей байланысты. Сондай-ақ, зерттеушілердің танымал жеке сауалнамаларды пайдалану кезінде алынған деректерді түсіндіруде тұжырымдамалық негіздерді білуі және сақтауы маңызды болып табылады.

Сондықтан зерттеу барысында негізге алынатын әдістерге зейін аударылып, әрқайсысына және оларды пайдалану арқылы жүргізілген зерттеу жұмыстарына қысқаша сипаттама беруді жөн көрдік. Кез келген зерттеудің негізгі әдісі – бақылау болып табылады.

Бақылау әдісі – студент туралы ақпарат алудың ең тиімді тәсілі. Бақылау диагностикада да, білім беруде де, тәрбие мен даму процесінде де жүзеге асырылады. Оқытушының бақылау процесі бірнеше кезеңнен тұрады: 1) Тексеру (студент алған білім, білік, дағды деңгейін анықтау); 2) бағалау (стандартты оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес ЖОО студенттерінің білім, білік және дағды деңгейін өлшеу); 3) есеп (университет жүйесіндегі

сабаққа қатысу, ағымдағы бақылау балы, емтихан балы, сандық жүйедегі рейтинг). Бақылау мазмұны оқытудың әр түрлі кезеңдеріндегі дидактикалық міндеттермен; оқу тәртібінің өзіндік ерекшелігімен, білім алушыларды дайындаумен, даму деңгейімен анықталады.

Бақылау әдісі-студенттің қызметіне араласпай, сырттай зерттеу мен зерттеуді талап етеді. Педагогикалық бақылау арнайы даярлық пен білімді, дағдыны қамтамасыз етеді. Бақылау алдында қандай мәселелер анықталуға тиіс екендігі туралы жоспар жасалады. педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің адамгершілік құндылықтарының қалыптасуын зерттеудің күрделі процесі. Тек жүйелі жүргізілген бақылау әдісі ғана жеке тұлғаның ерекшеліктерін сипаттай алады.

Бақылау объектілерінің сөздері, іс-әрекеттері, мінез-құлқының өзгерістері Деректер көзі ретінде арнайы парақтарда тіркеледі. Сауалнама қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасын анықтау үшін қолданылатын жазбаша әдіс. Сауалнама студенттерде көптеген статистикалық материалдарды жинау кезінде ерекше сипатқа ие. Сауалнама респонденттерге үшінші тұлға туралы ақпаратты жинау үшін тікелей немесе жанама түрде алынуы мүмкін. Сауалнаманың бірқатар әдістері-бұл тек педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттерін қызықтырған мәселелер туралы ғана емес, сонымен қатар өздерінің адамгершілік құндылықтарының бағасын анықтау туралы және т.б. сауалнама зерттелетіндерге арналған сұрақтардан тұрады. Сауалнама мәліметтерінің негізінде қандай нақты қорытынды жасауды алдын ала болжайды. Құжаттарды талдау немесе контент-талдау әдісі-деректерді кездесудің сандық және сапалық жиілігін анықтауға мүмкіндік береді.

Контент-талдау процесінің негізгі қиындығы зерттелген құбылыстарды немесе сипатталған мәтіннің тиісті индикаторларын табуға, оны өлшеуге және барабар нәтижені жасауға көмектесетін рәсімдерді анықтаудан тұрады. Контент-талдау санаты деп зерттеудің негізгі тұжырымдамалық ұғымдарын қалыптастыру және статистикалық өңдеуге бағытталған зерттеу мақсаттарына сәйкес алынған сандық деректерді шығару түсініледі. 1.Зерттелетін сапалық белгілер бір реттік сипатқа ие және құжатта едәуір жиілікке ие болуы тиіс. 2. Зерттелетін материалдың қосылыстары бағалау мүмкін емес дәрежеде болуы тиіс. Әсіресе құжаттар жүйесіз сипатта болғанда. Контент-талдау категорияларды сапалы бірліктерде жатқызуға болады. Контент-талдау санаты ретінде біз зерттеудің тұжырымдамалық схемасын құрайтын негізгі ұғымдарды қарастырамыз. Санаттар ұсақ, сапалы бірліктерге, яғни шағын санаттарға бөлінуі мүмкін [133]. Санаттардың индикаторлары-референт ретінде көрінетін тиісті санаттар мен кіші санаттардың, мазмұн бірліктерінің сапалық белгілері.

С.Бемнің «Маскулинділік, феминділік» атты сауалнамасының әдістемесі бүгінгі студент үшін өте маңызды (ер жігіт, маскулинділік пен феминділік зерттеулері) ер адамға қажетті ақпараттарды анықтауға мүмкіндік береді. С.Бем «Bem Sex Role Inventory». (Клецкина бейімдеген) «Маскулинділік,

феминділік және тұлғаның гендерлік типі» атты сауалнамасы біздің зерттеуіміздің әдістемесін негіздеді [134].

С.Бемнің ойынша «гендерлік тұлға» бұл мәдениеттің гендерлік категорияларын интериоризациялаудың нәтижесі болып табылатын когнитивті-конструктивтік, басқаша айтқанда, гендерлік контексте «мәдениетке кіріктірілген» (Л.С.Выготскийдің терминологиясы бойынша) нәтижесі. Адамның гендерлік типизациялануы (С.Бем «Bem Sex Role Inventory) сауалнамасының көмегімен анықталатын ерлердегі маскулиндік және әйелдердегі феминдік анықтамасы) деп С.Бем «шындықты поляризацияланған жыныстық және гендерлік санаттарға табиғи түрде бөлініп көрінетін дайындық» деп түсініледі [1; 178], бұл, атап айтқанда, өзін-өзі бағалауда да көрініс табады. С. Бем сондай-ақ гендерлік типизацияланған тұлғаларды «өзінің туған мәдениетіне жоғары дәрежеде кіріктірілген, біздің пікірімізше ақпаратты қайта өңдеу тәсілі ретіндегі жалпы мәдениетке кіріктіретін «терезе» бола алатын адам ретінде қарастырады» [1; 180].

Анықтау эксперименті барысында 2017-2018 оқу жылында эксперименттік топ ретінде алынған Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті 5В010400-«Бастапқы әскери дайындық» және 5В010800-«Дене шынықтыру және спорт» мамандықтары 2-4 курсының 62 студентінің және бақылау тобына кірген М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің – 5В010400-«Бастапқы әскери дайындық» және 5В010800-«Дене шынықтыру және спорт» мамандықтарының 2-4 курсының 60 студентінің маскулинділігін немесе феминділігін, яғни ер жігітке тән қасиеттерді анықтау үшін С.Бемнің «Маскулинділік, феминділік және андрогинділік» (С.Бем «Bem Sex Role Inventory) әдістемесі бойынша зерттеу жүргізілді.

Бұл сауалнамада белгілі бір қасиеттерді бейнелейтін сөздер немес сөз тіркестері беріледі. «Әрбір 60 қасиеттің тұсына жауапты «иә» (+) немесе «жоқ» (-) деп береді, сол арқылы аталған қасиеттердің болуын немесе болмауын анықтаймыз (Кесте 3).

1.Өзіне сенімді	31.Шешім қабылдауда жылдам
2.Шегіне алатын адам	32.Жаны ашитын адам
3.Көмек беруге дайын	33.Шынайы
4.Өзінің көзқарасын қорғауға дайын	34.Тек өзіне сенеді
5.Ақжарқын	35.Аяушылық қабілеті зор
6.Жабырқаңқы	36. Атаққұмар
7.Тәуелсіз	37.Әмірші
8.Ұялшақ	38. Бәсең дауысты
9.Ұжданды, намысшыл	39. Тартымды.
10.Шымыр	40. Ержүрек
11.Нәзік	41.Жылы жүзді, кең жүректі
12.Жасанды	42. Маңғаз, айбынды
13.Албырт	43.Өз позициясы бар
14.Жағынушылыққа құмар	44.Жұмсақ
15.Жолы болғыш	45.Досқа адал
16. Күшті тұлға	46. Агрессивті

17. Адал, жанқияр	47.Аққөңілді
18. Болжап болмайтын тосын тұлға	48.Нәтижесіз
19. Мықты	49.Өзінің артынан ерте білетін
20.Биязы	50.Инфантильді.
21.Сенімді	51. Бейімделгіш
22.Аналитикалық	52. Индивидуалист.
23.Сезгіштік қабілеті зор	53. Ұрысуды сүймейтін
24.Қызғаншақ	54. Жүйесіз.
25. Көшбасшылыққа қабілетті	55. Жарысқа қатысуды жақсы көреді.
26.Қамқорлы адам	56. Балаларды сүйеді.
27. Тура, шыншыл	57. Әдепті
28.Тәуекелшіл	58. Өршіл, даңққұмар
29.Басқа адамдарды тез түсінетін	59. Байсалды.
30.Жасырынды	60. Түрлі жағдайларға бейімделгіш.

Студенттердің жауап парағы сауалнаманың кілтімен тексеріледі: «Маскулинділік» көрсеткіші бойынша «Иә» жауабына 1 ұпайдан мына реттік нөмірдегі сұрақтарға қойылып, барлығының қосындысы шығарылады: 1,4, 7, 10, 13,16, 19, 22, 25, 28, 31, 34, 37, 40, 43,46, 49, 52, 55, 58 және «Феминділік» көрсеткішіне «Иә» жауабына 1 ұпайдан мына реттік нөмірдегі сұрақтар 2, 5, 8, 11, 14, 17, 20, 23, 26, 29, 32, 35, 36, 41, 44, 47, 50, 53, 56, 59

Кілтпен жауаптың әрқайсысы сәйкес келуі үшін бір балл есептеледі. Содан кейін мынадай формулаларға сәйкес феминділік (F) және маскулинділік (М) көрсеткіштері анықталады:

$$F = \frac{\text{феминділік бойынша ұпай саны}}{20}.$$

$$M = \frac{\text{маскулинділік бойынша ұпай саны}}{20}$$

IS негізгі индексі IS = (F-M) * 2,322 ретінде анықталады,

Интерпретация. Егер IS индексінің шамасы -1-ден +1-ге дейін болса, онда андрогинділік туралы қорытынды жасаймыз. Егер индекс -1 (IS < -1) аз болса, онда маскулинділік туралы қорытынды, ал егер индекс +1 (IS > 1) көп болса — феминділік туралы қорытынды жасалады.

Бұл жағдайда IS < -2,025 айқын көрінген маскулинділік туралы, ал егер IS > +2,025 болса, онда ол айқын көрінетін феминділік туралы айтуға болады.

Алынған деректер негізінде төрт жыныстық түрге бөлінеді:

1.Маскулинді – маскулиниділіктің жоғары көрсеткіштері және феминділіктің төмен көрсеткіштері;

2.Феминді – феминділіктің жоғары көрсеткіштері және төмен-маскулинділік;

3. Андрогинді – маскулинділік пен феминділіктің жоғары көрсеткіштері;


4.Дифференциалды емес – бұл маскулинділік пен феминділік көрсеткіштерінің төмен болуы.

Студенттер жауаптарына С.Бемнің сауалнамасының кілтіне сәйкес талдау жасап, оны төмендегі көрсеттік.

Кесте 4 -Анықтау эксперименті бойынша 2-4 курс студенттерінің С.Бем әдістемесімен феминділік, маскулинділік, андрогинділік бойынша көрсеткіштерінің алынған (%) пайыздық қорытындысы

Шкалалар	**Бақылау тобы 60 студент**	**Эксперименталды топ 62 студент**
Маскулинділік	14 (23,3%)	15 (24,2%)
Феминділік	17 (28,3%)	16 (25%)
Андрогинділік	22 (36,6%)	24 (38,7%)
Дифференциалды емес	7 (11,6%)	7 (11,3%)

Анықтау экспериментінің көрсеткіштерін С.Бем әдістемесі бойынша феминділік, маскулинділік, андрогинділік, дифференциалды емес көрсеткіштер негізінде өлшемдеріне сүйене отырып, бақылау тобы мен эксперименттік топтарының пайыздық салыстырмалы көрсеткіштері келесідей диаграммаға сәйкестендірілді (Сурет 13)



Сурет 13 - Анықтау эксперименті бойынша студенттердің феминділік, маскулинділік, андрогинділік, дифференциалды емес көрсеткіштерінің пайыздық диаграммасы.

Бұл суреттен көріп тұрғанымыздай, бақылау және эксперимент топтарындағы айырмашылықтар бақылау және эксперименттік топтарда болашақ педагогтардың маскулинділік көрсеткіші 14%, ал эксперименттік топта жоғарғы көрсеткіші 15% құрады.

Аталмыш әдістеменің талдауы бойынша маскулинділік көрсеткішінен қарағанда ер жігіттерде де қыз балаларда да феминділік көрсеткіші жоғарырақ екенін байқауға болады. Кейбіреулерінің арасынан феминділік пен маскулинділік көрсеткіштері бойынша төмен деңгейді көрсетіп дифференциалды емес көрсеткіштерге ие болған. Андрогинділік көрсеткіші бойынша бақылау тобының 22 респонденттері нәтиже көрсетсе, эксперимент тобы 24 респонденті, яғни 38,7% пайызды құраған.

Диагностика жүргізген кезімізде, біз студенттерге әртүрлі сабақ түрлерінде бақылау жүргіздік. Феминділік, маскулинділік сияқты көрсеткіштер білім алушылардың бір-бірімен қарым-қатынас жасағанда, сабақ оқығанда және тағы да басқа аудиториядан тыс уақыттарында бақыладық.

«Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт бейнесі» атты сауалнама студенттердің қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесі туралы қалыптасқан білімдерін анықтайтын сұрақтардан тұрады. Сауалнама:

Кесте 5. Респонденттердің сауалнама нәтижесі


№	Сауалнама сұрақтары	Бақылау тобы 60 студент	Эксперимент тобы 62 студент
1.	Ер жігіттер көбінесе белсенді іс-әрекеттерді ұнатады (спорт, аңшылық, балық аулау және т.б.)	10 (16,6%)	9 (14,5%)
2.	Ер жігіттер қарым-қатынаста жан тәнімен сөйлесуді ұнатады	9 (15%)	12 (19,3%)
3.	Қазақ отбасында ер жігіт басшылық етуі тиіс	11 (18,3%)	10 (16%)
4.	Қазақ отбасында әйел адам басшылық етуі тиіс	2 (3,3%)	3 (4,8%)
5	Ұл бала, ер жігіттің өмірлік құндылығы отбасына қызмет ету, кәсіпті игеру, досқа адал болу болып табылады	5 (8,3%)	4 (6,4%)
6	Ұл бала, ер жігіттің өмірлік құндылығы алдымен өзіне-өзі қызмет ету, табысқа жету, мансап қуу болып табылады	6 (10%)	7 (11,3%)
7	Ұл бала мен ер жігітке тән қасиеттерді тәрбиелеуде: ертегілер, лиро-эпос жырлары, батырлар жыры, тарихи	4 (6,6%)	4 (6,4%)

	жырлар маңызды		
8	Ұл бала мен ер жігітке тән қасиеттерді тәрбиелеуде тұрмыс-салт жырлары, айтыс өлеңдері, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар маңызды	4 (6,6%)	5 (8%)
9	Ер жігіттер бос уақытын интеллектуалды және мәдени тұрғыдан өткізуді ұнатады	5 (8,3%)	5 (8%)
10	Ер жігіттер бос уақытын спорттық клубтарда, белсенді қозғалыстармен өткізуді ұнатады	4 (6,6%)	3 (4,8%)

Анықтаушы эксперименттегі жоғары оқу орны студенттерінің «Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт бейнесін» анықтау мақсатында құрастырылған сауалнама нәтижесі бойынша зерттелуші топтардың пайыздық көрсеткіштерін салыстыратын болсақ, онда аталмыш бақылау тобы бойынша 6 зерттелушілердің «ер жігіттер көбінесе белсенді іс-әрекеттерді ұнатады (спорт, аңшылық, балық аулау және т.б.)» сұрағының 16,6(%) пайызын құрады, ал «ер жігіттер қарым-қатынаста жан тәнімен сөйлесуді ұнатады» сауалнама сұрағы бойынша – 9 студент (15%) пайызын құрады, «қазақ отбасында ер жігіт басшылық етуі тиіс» 11 сыналушылардың 18,3(%) пайызында көрініс тапты. Ал, «қазақ отбасында әйел адам басшылық етуі тиіс» сауалнама сұрағында 2 зерттелушіде, яғни бақылау тобының 3,3(%) пайызында көрініс тапты, «ұл бала, ер жігіттің өмірлік құндылығы отбасына қызмет ету, кәсіпті игеру, досқа адал болу болып табылады» деп қолдаған 5 адам, яғни 8,3(%) пайызын құраса, «ұл бала, ер жігіттің өмірлік құндылығы алдымен өзіне-өзі қызмет ету, табысқа жету, мансап қуу болып табылады» деген сауалнама сұрағы 6 адамда оңды көзқарасы байқалып, яғни зерттелушілердің 10 (%) пайызында көрінді, «Ұл бала мен ер жігітке тән қасиеттерді тәрбиелеуде: ертегілер, лиро-эпос жырлары, батырлар жыры, тарихи жырлар маңызды» деген көзқарасты 4 зерттелушілерден 6,6(%) пайызы көрінді, «ұл бала мен ер жігітке тән қасиеттерді тәрбиелеуде тұрмыс-салт жырлары, айтыс өлеңдері, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар маңызды» 4 адам, яғни 6,6(%) пайызын қамтыса, «ер жігіттер бос уақытын интеллектуалды және мәдени тұрғыдан өткізіду ұнатады» деп ойларын білдірген 5 зерттелуші 8,3 (%) пайызын құрайды, «Ер жігіттер бос уақытын спорттық клубтарда, белсенді қозғалыстармен өткізуді ұнатады» деген сыналушылар саны 4, яғни зерттеу нысанының 6,6(%) пайызын қамтыды.

Енді анықтаушы эксперимент нәтижесінде эксперименттік топты құраған 62 студент бойынша 9 зерттелушілердің «ер жігіттер көбінесе белсенді іс-әрекеттерді ұнатады (спорт, аңшылық, балық аулау және т.б.)» сұрағының 14,5(%) пайызын құрады, ал «ер жігіттер қарым-қатынаста жан тәнімен сөйлесуді ұнатады» сауалнама сұрағы бойынша зертелуші саны – 12,

бұл 19,3(%) пайызын құрайды, «қазақ отбасында ер жігіт басшылық етуі тиіс» 10 зерттелушілердің 16(%) пайызында көрініс тапты. Ал, «қазақ отбасында әйел адам басшылық етуі тиіс» сауалнама сұрағында 3 зерттелушіде, яғни эксперимент тобының 4,8(%) пайызында көрініс тапты, «ұл бала, ер жігіттің өмірлік құндылығы отбасына қызмет ету, кәсіпті игеру, досқа адал болу болып табылады» деп қолдаған 4 адам, яғни 6,4 (%) пайызын құраса, «ұл бала, ер жігіттің өмірлік құндылығы алдымен өзіне-өзі қызмет ету, табысқа жету, мансап қуу болып табылады» деген сауалнама сұрағы 7 адамда оңды көзқарасы байқалып, яғни зерттелушілердің 11,3(%) пайызында көрінді, «ұл бала мен ер жігітке тән қасиеттерді тәрбиелеуде: ертегілер, лиро-эпос жырлары, батырлар жыры, тарихи жырлар маңызды» деген көзқарасты 4 зерттелушілерден 6,4(%) пайызы көрінді, «ұл бала мен ер жігітке тән қасиеттерді тәрбиелеуде тұрмыс-салт жырлары, айтыс өлеңдері, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар маңызды» отбасында әйел адам негізгі табыс көзі 5 зерттелуші, яғни 8(%) пайызын қамтиды, «ер жігіттер бос уақытын интеллектуалды және мәдени тұрғыдан өткізуді ұнатады» деп ойларын білдірген 5 зерттелуші 8(%) пайызын құрады, «ер жігіттер бос уақытын спорттық клубтарда, белсенді қозғалыстармен өткізуді ұнатады» деген респонденттер саны 3, яғни зерттеу нысанының 4,8(%) пайызын қамтыды. Жоғарыда келтірілген әдістеме бойынша алынған алғашқы тәжірибелік нәтижелердің пайыздық көрсеткіштері төмендегі диаграммада көрнекі түрде бейнеленген (14-сурет).



Сурет 14 - Анықтау экспериментіндегі «Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт бейнесі» сауалнама нәтижесі бойынша алынған екі зерттелуші топтардың пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Сауалнамаға қатысқан студенттердің жауаптарына назар аударатын болсақ, басым көпшілігі ер жігіттер көбінесе белсенді іс-әрекеттерді ұнататынын айтады. Бұл бүгінде ер жігіттердің бойындағы ерік-күшін жоғары санайтын студенттердің ойларынан көруге болады. Сонымен қатар қазақ отбасында ер жігіт пен қатар әйел адамның басшылық етуі тиіс деген көзқарасты бақылау тобы мен эксперименталды топтың сыналушылар сәйкестік танытып отыр, бұл материалдық жетістіктерге екі жақта бірдей қол жеткізетінін нық сеніммен айтатын студенттер санының артуын көрсетеді. Дегенмен ұл бала, ер жігіттің өмірлік құндылығы алдымен өзіне-өзі қызмет ету, табысқа жету, мансап қуу болып табылады деп жауап берген студенттердің саны да арттырылғанын байқауға болады. Бұл орайда қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесі туралы білімдерін әлі де жетілдіруді қажет ететіндігін дәлелдейді.

Студенттердің ұл бала, ер жігіт жайлы түсініктерін анықтаудың ерекшеліктері жоғары оқу орындары жағдайында қазақ халық педагогикасы, этнопедагогика, туралы білім мен тәрбие саласындағы болашақтағы жұмыстарға бағдар болады: қазақ халық педагогикасындағы ұл баланы тәрбиелеу мәселелері; студенттердің ер адамның бойындағы маңызды қасиеттері жөніндегі түсініктерін олардың ерекшеліктерін ескере отырып, студенттердің қазақ халық педагогика саласындағы нақты мінез-құлқы мен жас ерекшеліктерін есепке алуға мүмкіндік береді. Осыған орай, Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінде оқу жылдарында өткізілген тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижесінде жоғары оқу орындары студенттерінің қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесіне арналған элективті курсы дайындалды.

Сауалнаманы Ю. А. Решетняк, Г. С. Васильченконың бейімдеуімен жасап шығарған автор Т. Лири.

Бұл сауалнама көпаспектті және әртүрлі жеке ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған, ол тұлғаның құрылымындағы маскулинді және фемининді сипаттамалардың айқындылық дәрежесін анықтау үшін қолданылады. Сыналушылардың контингенті: жастар, студенттер.

Әдістеме құрамы: сауалнама әртүрлі жеке тұлғалық қасиеттерді анықтайтын 8 психологиялық шкалаларға топтастырылған және 128 ерекшеліктеріндіріп тұратын сипаттамалық тұжырымдардан тұрады: авторитарлық, эгоисттілік, агрессивтілік, күдіктілік, бағыныштылық, тәуелділік, достық, альтруисттік.

Теориялық негіз: алғашқы төрт шкаланың сипаттамалары (авторитарлық, өзімшілдік, агрессивтілік, күдіктілік) – «маскулинділік» ұғымымен сәйкес, сондықтан бұл қасиеттерді шынайы «маскулинді» тұлғада кездеседі деп түсінуге болады. Ал бесінші-сегізінші (бағыныштылық,

тәуелділік, достық, альтруистік) шкала сипаттамалары «феминділік» ұғымына сәйкес келетіндіктен, бұл қасиеттерді шынайы «феминді» тұлғада кездеседі деп түсінуге болады және оның сипаттамалары ретінде қарастыруға болады.

Әдістемелік түсініктемелер: нұсқаулыққа сәйкес сыналушы сипаттамаларды екі рет іріктейді. Алдымен ұсынылған 128 сипаттамалардан сыналушы өзінің «шынайы Мен» бейнесіне сәйкес қасиеттерін таңдап алады, яғни бұл сыналушыға өзіне тән қасиеттерді іріктеп алады, сосын сыналушы «идеалды Мен» бейнесін қалыптастыру үшін қандай қасиеттер мен сипаттамаларға ие екендігін анықтайды, ол үшін берілген 128 сипаттаманың ішінен болашақ идеалды өзіндік бейнесін құрастырады, яғни ол өзінің «идеалды – Мен» бейнесін сипаттай отырып, өзі ие болғысы келетін белгілерді таңдайды.

Әрбір жағдайда кемінде 18 сипат таңдалуы тиіс. Мәтін сауалнамасы өзгеріссіз қалады, нұсқаулық ғана өзгереді.

Нұсқаулық: сіздің алдыңызда 128 тұлға қасиеттерінің тізімі, олардың көмегімен кез келген адамның психологиялық портретін сипаттауға болады.

1. Қасиеттердің барлық жиынтығынан тек қана сіздің бейнеңізді қалыптастыратын қасиеттерді іріктеп алуға тырысыңыз және оған өзіңіз толық сенімді болуыңыз қажет. Таңдалған сипаттамалардың нөмірлерін. Сауалнама бланкінің «шынайы-мен» бағанына толтырасыз.

2. Енді сіз өзіңіздің болашақ бейнеңізді қалыптастыруға тырысыңыз. Берілген қасиеттердің арасынан «идеалды мен» бейнеңізді сипаттайтын қасиеттерді іріктеп алыңыз. Қасиеттердің нөмірлерін «идеалды- мен» бағанына жазыңыз

Әрбір жағдайда кемінде 18 қасиет таңдалуы тиіс.

Сауалнама мәтіні ауқымды болғандықтан, сәйкесінше қасиеттер тізімі қосымшада көрсетілген.

Әдістеме нәтижелері 8 шкала бойынша анықталады.

1. Авторитарлық шкаласы: көшбасшылық-билік-өктемшілдік.

2. Өзімшілдік шкаласы: өзіне сенушілік – өзіне-өзі сенімділік –өзін-өзі сүюшілік.

3. Агрессивтілік шкаласы: талапшылдық-ымырасыздық –қатыгездік.

4. Күдіктілік шкаласы: күмәншілдік-қыңырлық-негативтілік.

5. Бағыныштылық шкаласы: көнгіштік–момындық-мойынсұнушылық.

6. Тәуелділік шкаласы: сенімділік-тілалғыштық -тәуелділік.

7.Достық шкаласы: мейірімділік-дербессіздік–шамадан тыс конформизм.

8. Альтруистік шкаласы: елгезектік-риясыздық -құрбандық.

Әр шкала бойынша жинаған балдардың санына байланысты сапа деңгейі туралы айтуға болады:

0-8 ұпай-дамудың бейімделу нұсқасы;

9-12 ұпай-бейімбілігі төмендеу және экстремалды мінез-құлық үрдісінің элементтері байқалады;

13-16 ұпай-дамудың экстремалды дезадаптивті нұсқасы;

0-4-төмен балл;
5-8-орташа балл (орташа дәреже);
9-12-жоғары балл.

8 шкаланың әрқайсысы бойынша кілтпен сәйкес келетін жауаптардың санын санау және нәтижелерді жиынтық кестеде енгізу қажет. 4.

Кесте -6. Т. Лири тестінің кілті және бағалау парағы

р/с	Шкала атауы	Қасиеттер нөмері	Балл саны	
			«Шынайы - Мен»	«Идеалды-Мен»
1	Авторитарлық	1–4, 33–36, 65–68, 97–100		
2	Өзімшілдік	5–8, 37–40, 69–72, 101–104		
3	Агрессивтілік	9–12, 41–44, 73–76, 105–108		
4	Күдіктілік	13–16, 45–48, 77–80, 109–112		
5	Бағыныштылық	17–20, 49–52, 81–84, 113–116		
6	Тәуелділік	21–24, 53–56, 85–88, 117–120		
7	Достық	25–28, 57–60, 89–92, 121–124		
8	Альтруистік	29–32, 61–64, 93–96, 125–128		

Маскулиндік қасиеттердің айқындылығының мәнін алу үшін, шкала бойынша мәндердің жиынтығы қажет: авторитарлық, өзімшілдік, агрессивтілік, күдіктілік деп төртке бөлінеді. Феминдік қасиеттердің айқындылық мәнін алу үшін шкала бойынша мәндердің жиынтығы қажет: бағыныштылық, тәуелділік, достық, альтруисттік деп төртке бөліп аламыз.

М = (1-ден 4-ке дейінгі балл жиынтығы): 4;

F = (5-тен 8-шкалаға дейінгі балл жиынтығы): 4.

Феминдік және маскулиндік сипаттамаларға сәйкес келетін мәндер кестеге енгізіледі

Зерттеу нәтижелерін түсіндіріп кетсек. Атап айтқанда:

1-шкала «Авторитарлық». Жоғары көрсеткіштерде билікке құмар, өктемшіл тұлға. Топтық әрекетте көш бастап келеді. Барлық жағдайда тек өз пікіріне сүйенуге ұмтылады, басқалардың кеңестерін қабылдай алмайды. Доминантты. Сонымен қатар өзінің бойында жақсы айқындалған көшбасшылық қасиеттері болғанымен, бірақ мінез-құлқында өктемшілдік сипаттағы қасиеттер басымырақ.

2-шкала «Өзімшілдік». Жоғары көрсеткіштер деңгейінде өзін-өзі қатты сүйетін, тез өзін ғана ойлайтын сипаттамалардың жиынтығынан тұратын тұлға қасиеттерімен байланысты. Мұндай адам өзіне-өзі әрдайым риза, жиі

мақтана алады. Эгоцентристтік тұлға. Орта көрсеткіштер деңгейінде өзіне сенімді, қарсыласуға бейім, бірақ эгоцентризм белгілері қалыптаспаған.

3-шкала «Агрессивтілік». Жоғары көрсеткіштер деңгейінде айналасындағыларға қатысты қатты және өктем, агрессивті болып келуі мүмкін, мінез-құлқында ауытқушылықты байқауымызға болады. Төзімділік қасиеті аз дамыған, айналасындағыларына қатты сын айтады. Жоғары тітіркенгіштікке ие. Орта деңгейде бұл шкаланың қасиеттері талаптанышулықпен, табандылықпен, жігерлілікпен ерекшеленеді.

4-шкала «Күдіктілік». Жоғары көрсеткіштер деңгейінде күдікшілдік, негативтік, айналасындағыларға күмәнданушылықпен қарайтын, түңілушілік, тұйықтық сияқты сапаларға ие. Орта деңгейде сыни тұрғыдан ойлау қабілеті жоғары, ақылдылық, саналылық сияқты сапаларға ие.

5-шкала «Бағыныштылық». Жоғары көрсеткіштер деңгейінде бағыныштылық, әлсіздік, әрдайым және барлығына жол беруге дайын, мойынсұнушылық, тым ұялшақтық сапалары көрініс береді. Орта көрсеткіштер деңгейінде өз міндеттерін адал орындауға дайын, яғни шынайылық, бойсұнушылық сапалар көрініс тапқан.

6-шкала «Тәуелділік». Жоғары көрсеткіштер деңгейінде жеке қарым-қатынас барысында біреуге тәуелді, мезі ететін үрей, қауіп-қатер, қорқыныш сапалар орын алады. Орта көрсеткіштер деңгейінде сенімділік, сыпайылық, жұмсақтық сапаларымен байланысты.

7-шкала «Достық». Жоғары көрсеткіштер деңгейінде айналасындағыларға тым көп көңіл аударып, әлеуметтік мақұлдауға бағынышты, барлығы үшін «жақсы болуға» ұмтылысы жоғары, шамадан тыс конформизмді көрсетеді. Орта көрсеткіштер деңгейінде ынтымақтастық пен бірлестікке бейім. Басқаларға достық пен эмпатия танытады, айналасындағылардың пікірімен келісімде болуға ұмтылады, ымыраға қабілетті.

8-шкала «Альтруисттік». Жоғары көрсеткіштер деңгейінде «құрбандық» терминімен анықталуы мүмкін, барлығына көмектесуге даяр және аяушылық жасауға ұмтылады, әрқашан өзін құрбандыққа шалуға дайын, өз мүдделерінен басқалардың мүдделерін жоғары қояды. Орта көрсеткіштер деңгейінде қайырымдылық, ізеттілік, риясыздық, мейірімділік, қамқорлық және жалпы басқаларға ізгі қарым-қатынас танытуға қабілеті мен ұмтылысы айқын көрсетілген.

Кесте -7 Т.Лиридің (Ю.А. Решетняк, Г.С.Васильченко бейімдеген) «Жеке тұлғаның феминділік, маскулинділік қасиеттерінің айқындығы» әдістемесінің шкалалары бойынша көрсеткіштері

р/с	**Шкалалар атауы**	**Бақылау тобы**	**Эксперименталдық топ**
1	Авторитарлық	7 (11,6%)	9 (14,5%)
2	Өзімшілдік	9 (15%)	10 (16,1%)

3	Агрессивтілік	7 (11,6%)	8 (12,9%)
4	Күдіктілік	5 (8,3%)	4 (6,4%)
5	Бағыныштылық	9 (15%)	7 (11,3%)
6	Тәуелділік	6 (10%)	5 (8 %)
7	Достық	8 (13,3%)	9 (14,5%)
8	Альтруистік	9 (15%)	10 (16,1%)

Кесте барысында берілген пайыздық көрсеткіштегі шкалалардың сипаттамасы бізге келесідей нәтиже береді. Біз аталған қасиеттерден бақылау тобында да эксперименттік топта да айтарлықтай айырмашылықтарды байқамадық. Дегенмен екі топта да бағыныштылық, альтруистік, өзімшілдік шкалалары өзге шкалаларға қарағанда жоғары екенін көруге болады. Бұл шкала бойынша студенттердің бойында бағыныштылық тудыратын жағдайларға төтеп беретін ішкі мүмкіндіктері бар екенін байқауға болады. Сонымен қатар екі топта да күдіктілік шкаласының төмен деңгейде екенін анықтаймыз. Бұл сыналушылардың күдіктілік тударытан жағдайлардан тез шешім қабылдауға бейім екенін көрсетеді, және өзіне-өзі сенімділігін оятуға бет бұрысын байқауға болады. Өзімшілдік шкаласының жоғары болуы, зерттеулішілердің эгоистік танытатын қасиеттерді көптеп қолданатынын, өзімшілдікпен қарым-қатынас жасайтын адамдардың қатарынан екенін көреміз, өйткені бұл әдістеменің түсіндірмесі бойынша шкала сипаттамасының ұпайы жоғары болған сайын, сыналушылардың экстремалды мінез-құлықтың нышандары айқын екені көрсетіледі. Дегенмен эксперименталды топтағы сыналушылардың жағымды немесе жағымсыз көзқарас шкаласы бойынша жоғары бағаға иеленген студенттер саны басым, бұл шкала біздің жағдайымызда сыналушылардың адамгершілік мүмкіндіктерінің жоғары екендігіне сенімділігін бейнелейді.


Көрсеткіштердің жоғары болуы тұрақты шынайы және дұрыс қарым-қатынастарға негізделеді, яғни студенттердің арасында шынайылық пен сенімділік байқалады. Бұл біз үшін жақсы жағымды жағдай десек, қателеспейміз, өйткені шынайы қарым-қатынасқа негізделген сыналуышылар бойында қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің көрсеткіштерін қалыптастыру қиындық туындатпайды. Басқа шкалалар бойынша екі топта да орташа деңгейді көрсетеді. Осының негізінде біз жалпы әдістеме бойынша маскулинділік пен феминділік деңгейін орташа есеппен шығаратын болсақ, онда осы аталған әдістеме негізінде анықтау экспериментіне қатысқан сыналушылар келесідей қорытынды шығарғанын көруге болады. Орташа балл негізінде маскулинділік пен феминділік деңгейлері үш факторға негізделеді. Жоғары деңгей - 0-4 балл; орташа деңгей- 5-8 балл (орташа дәреже); төмен деңгей - 9-12 балды құрағанын 8-кестеде беріледі.

Кесте 8. Т.Лири, Ю.А. Решетняк, Г.С.Васильченко бейімдеген «Жеке тұлғаның феминділік, маскулинділік қасиеттерінің айқындығы» әдістемесінің шкалалары бойынша көрсеткіштері

№	Деңгейлері	Бақылау тобы (60 студент)	Эксперименттік топ (62 студент)
1	**Жоғары**	12(20%)	11 (17,7%)
2	**Орташа**	30 (50%)	32 (51,6%)
3	**Төмен**	18 (30%)	19 (30,6%)

Жоғарыда көрсетілген кестеден көріп тұрғанымыздай Жеке тұлғаның феминділік, маскулинділік қасиеттерінің айқындығы бойынша үш деңгейге бөлініп көрсетілген. Мұнда жоғары деңгей – бақылау тобында 20%, ал эксперименттік топта – 17,7%, орташа деңгей бақылау тобында 50%, ал эксперименттік топта – 51,6%, төмен деңгей бақылау тобында 30%, ал эксперименттік топта – 30,6% құраған. Әдістемені өткізу нәтижесінде жоғары факторлы маскулинді болып табылатын тұлғалардың бойында авторитарлық шкаласы жоғары болған сайын топтық іс-әрекеттерде көшбасшылық қабілетін танытады, тым жоғары ұпай саны болса, онда ол билікке ұмтылатын тұлға болып табылады, біздің қорытындымыз бойынша сыналушылар авторитарлық шкала бойынша орташа деңгейді көрсеткенін байқауға болады, яғни бұл олардың көшбасшылық қасиетінің тым асыра кетпей, билікке деген құмарлығының жоқтығын көрсетеді. Дегенмен зерттелушілердің бойында «өзімшілдік» шкаласы басқа шкалалардан қарағанда жоғары балл көрсеткішін анықтадық, бұл сыналушылардың бойынан өзін-өзі тым жақсы көретіндігімен сипатталады және мақтаншақтық пен масаттанушылық белгілері байқалады. «Күдіктілік» шкаласы бойынша сыналушылардың қорытындысы төмен деңгейді көрсетеді, бұл олардың бойындағы өзіне-өзі күмәнданушылық, кекшілдік, түңілушілік сияқты қасиеттерінің қалыптаспағанымен ерекшеленеді. Бұл біздің ары қарай қалыптастырушы экспериментімізді жалғастыруға жағымды жағдай екенін анықтауға болады.

Осы тұста біз аталған әдістеме аясында жоғарыда аталып кеткен шкалалар бойынша пайыздық қатынастардағы көрсеткіштерге диаграмма негізінде талдап, 15 - сурет арқылы сипаттама беруді жөн көрдік.



Сурет 15. Т.Лири сауалнамасы

Ю.А. Решетняк, Г.С.Васильченко бейімдеген, Т.Лиридің жасаған «Жеке тұлғаның феминділік, маскулинділік қасиеттерінің айқындығы» әдістемесі деңгейлерінің салыстырмалы пайыздық көрсеткіштері.

Жоғарыдағы қолданылған әдістемелер (С.Бемнің «Маскулинділік, феминділік және андрогинділік» әдістемесі, «Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт бейнесі» сауалнамасы, Т.Лири, Ю.А. Решетняк, Г.С.Васильченко бейімдеген «Жеке тұлғаның феминділік, маскулинділік қасиеттерінің айқындығы» әдістемесі) жоғары оқу орындары білім алушыларының қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасын қалыптастырудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері жиынтығына сай жоғары, орташа және төмен деңгейлерін анықтауға мүмкіндік берді:

- мотивациялық (қазақ халық педагогикасына деген ерекше сыйластық пен құрметтің болуы; қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесіне қызығушылығы; қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің маңызын ұғынуы; қазақ халық педагогикасындағы ар - ұят, намыс, ар-ождан түсініктерінің мәнін ұғынуы);

- когнитивтік (қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің қалыптасу, даму тарихы туралы білімі; қазақ халық педагогикасының ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің идеялары туралы білімі; қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің мазмұнын түсінуі және салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды ажырата алуы);

- мінез-құлықтық (қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің құралдары мен әдіс- тәсілдерін қолдануы; қазақ халық педагогикасындағы ұл бала тәрбиесінің мазмұнын қалыптасуы; қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінде ұлттық мінез-құлықтың көрініс табуы).

Анықтау эксперименті бойынша ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің мотивациялық компонент деңгейі бойынша бақылау тобында 60 студенттің ішінен 15 зерттелуші қатысып, жоғары деңгейде, яғни 25% пайызын құрады. Қазақ халқының педагогикасы арқылы ұл баланың ұлттық келбетін, бітім-болмысын қалыптастырудың мотивациялық компонентінің орташа деңгейі бойынша зерттелушілер саны 27 адам, яғни 45% пайызын құрады. Бұл

компоненттің төмен деңгейінде 18 зерттелуші адам қатысып, 30% пайызын қамтыды. Ал анықтау экспериментінде қазақ халық педагогикасы арқылы ұл баланың тәрбиесін қалыптастырудың мотивациялық компоненті бойынша эксперимент тобында 62 студент қатысып, соның ішінде 16 зерттелуші, яғни 25,8% пайызы жоғары деңгейді көрсетті. Аталмыш топтың мотивациялық деңгейі бойынша орташа көрсеткішке 28 зерттелуші қатысып, 45,1% пайызын құрады, ал 18 респондент, яғни 29% пайызы ұл бала тәрбиесінің мотивациялық компоненті бойынша төмен деңгейдегі көрсеткішін құрайды. Анықтау экспериментінде ұл баланың ұлттық келбетін, бітім-болмысын қалыптастырудың когнитивтік компоненті бойынша бақылау тобы студенттерінің 13 зерттелуші, яғни 21,6% пайызы жоғары көрсеткіш көрсетті, орта деңгей бойынша зерттелуші саны 28, яғни 46,6% пайызын құрады, ұл бала тәрбиесінің когнитивтік деңгейінің төмен көрсеткіші бойынша зерттелуші саны 19, яғни 31,6% пайызын қамтыды. Ал эксперимент тобында студенттердің ұл бала тәрбиесінің когнитивтік компоненті бойынша зерттелушілер саны 15 адам болса, оның 24,5% пайызы жоғары көрсеткішті танытты, 48,3% - орта деңгейде, яғни 30 зерттелуші болды, когнитивтік компоненті деңгейінің төмен көрсеткіші бойынша респондент саны 17, яғни 27,4% пайызын көрсетеді.

Анықтау экспериментінде қазақ халқының педагогикасы арқылы ұл баланың ұлттық келбетін, бітім-болмысын қалыптастырудың мінез-құлықтық компонентінің деңгейі бойынша бақылау тобы студенттерінің 13 зерттелушісі, яғни 21,6% пайызы жоғары көрсеткіш көрсетті, орта деңгей бойынша зерттелуші саны 26, яғни 43,3% пайызын құрады, мінез-құлықтық деңгейінің төмен көрсеткіші бойынша зерттелуші саны 21, яғни 35% пайызын қамтыды. Ал эксперимент тобында мінез-құлықтық компоненті деңгейі бойынша зерттелушілер саны 17 адам болса, оның 27,4% пайызы жоғары көрсеткішті көрсетті, 46,7% - орта деңгейде, яғни 29 зерттелуші болды, мінез-құлықтық компоненті деңгейінің төмен көрсеткіші бойынша респондент саны 16, яғни 25,8% пайызын көрсетеді. Сонымен қазақ халқының педагогикасы арқылы ұл баланың ұлттық келбетін, бітім-болмысын қалыптасуын анықтайтын мотивациялық (қазақ халық педагогикасының ұл бала, ер жігіт тәрбиесін қалыптастыруға саналы көзқарас, оның қоғамдық мәнін түсіну, қажеттілігін сезіну), когнитивтік (қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасы туралы білімнің және сана-сезімінің болуы), мінез-құлықтық (қазақ халық педагогикасы арқылы ұл бала, ер жігіттің ұлттық келбетін, бітім-болмысын қалыптастыруда ұлттық мінез-құлықтың қалыптасуы мен оны іс-әрекетте қолдану білігі) деңгейлеріндегі көрсеткіштеріне сүйене отырып, орташа пайыздық көрсеткіштері анықталды, ол бақылау тобында 22,7% - жоғары, 44,9% - орта, 32,2% - төмен деңгейде болса, ал эксперименттік топта 25,9% - жоғары, 46,7% - орта, 27,4% - төмен деңгейді көрсетеді.

Кесте 9 – Бақылау және эксперименттік топтардың арнайы өлшемдер бойынша ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің деңгейлері (%)

Компоненттері мен өлшемдері	**Бақылау тобы**			**Эксперименттік топ**		
	жоғары	**орта**	**төмен**	**жоғары**	**орта**	**төмен**
Мотивациялық	25	45	30	25,8	45,1	29
Когнитивтік	21,6%	46,6%	31,6%	24,5%	48,3%	27,4%
Мінез-құлықтық	21,6%	43,3%	35%	27,4%	46,7%	25,8%

Алынған көрсеткіштер бақылау және эксперименттік топтарда қазақ халқының ұл баласының ұлттық келбеті, бітім-болмысы әлі де болса жеткілікті деңгейде қалыптаспағандығын көрсетеді.

Эксперимент жүзінде студенттердің қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесі дәстүрлері негізіндегі тәрбие жұмысына педагогикалық даярлығы деңгейлері туралы алынған сандық және сапалық нәтижелер χ^2 (хи-*квадрат) критерийі* математикалық-статистикалық өлшеу әдісінің көмегімен өңделді *(Грабар М.И., Краснянская К. А. «*Педагогикалық зерттеулерде математикалық статистиканы қолдану. Параметрлік емес әдістер»*)* [272].

$$T = \frac{1}{n_1 \cdot n_2} \sum_{i=1}^{c} \frac{(n_1 O_{2\,i} - n_2 O_{1\,i})^2}{O_{1\,i} + O_{2\,i}}, \quad (1)$$

χ^2 (хи-*квадрат) критерийі* – номиналды немесе сапалық айнымалыларды талдау үшін қолданылатын, яғни екі айнымалының арасындағы тәуелсіздіктің бар-жоқтығын анықтау үшін қолданылатын әдіс. Екі айнымалының тәуелсіз екендігі олардың өзара байланысының жоқтығын, демек бірінің екіншісіне тәуелді болмауын білдіреді.

Алынған мәліметтерді №1, №2 іріктеме топтарының деңгейлеріне сәйкес төмендегі кесте үлгісінде толтырамыз:

	Категория 1	Категория 2	
№1 іріктеме	O_{11}	O_{12}	$O_{11}+O_{12} = n_1$
№2 іріктеме	O_{21}	O_{22}	$O_{21}+O_{22} = n_2$
	$O_{11}+O_{21}$	$O_{12}+O_{22}$	$n_1 + n_2 = N$

Мұндағы, O_{11} - бірінші іріктеме тобындағы бірінші деңгейдің мәні;
O_{12} - бірінші іріктеме тобындағы екінші деңгейдің мәні;
O_{21} - екінші іріктеме тобындағы бірінші деңгейдің мәні;
O_{22} - екінші іріктеме тобындағы екінші деңгейдің мәні;
n_1 – бақылау тобындағы студенттердің саны.

n_2 – эксперимент тобындағы студенттердің саны.

N – іріктеменің жалпы саны; $n_1 + n_2 = N$ *немесе* $O_{11}+O_{12+}\ O_{21}+O_{22.}$

10-кестеде эксперименттің анықтау кезеңі нәтижелері бойынша студенттердің қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесі дәстүрлері негізіндегі тәрбие жұмысына педагогикалық даярлығы деңгейлерінің салыстырмалы көрсеткіштері келтірілген.

Кесте 10 - Эксперименттің анықтау кезеңіндегі студенттердің қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесі дәстүрлері негізіндегі тәрбие жұмысына педагогикалық даярлығы деңгейлерінің салыстырмалы көрсеткіштері

Топтар (іріктемелер)	Іріктеме көлемі	Студенттерінің қазақ халық педагогикасындағы ұл бала - ер жігіт тәрбиесі дәстүрлері негізіндегі тәрбие жұмысына педагогикалық даярлығы деңгейлері		
		Төмен	Орташа	Жоғары
Бақылау тобы	$n_1=60$	$O_{11}=34$ (56,7%)	$O_{12}=20$ (33,3%)	$O_{13}=6$ (10,0%)
Эксперимент тобы	$n_2=62$	$O_{21}=34$ (54,8%)	$O_{22}=21$ (34,0%)	$O_{23}=7$ (11,2%)

Біз бастапқы ұстанымымызды болжауда нөлдік гипотезаны ұсындық: мұнда бақылау және эксперименттік топтарда студенттердің қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесі дәстүрлері негізіндегі тәрбие жұмысына педагогикалық даярлығы деңгейлерінде айырмашылық байқалған жоқ. Нөлдік гипотезаны дәлелдеуде, χ^2 критерийі статистикасының мәні төмендегі формула бойынша анықталды:

$$\text{Тбайқ} = \frac{1}{n_1 \cdot n_2}\sum_{i=1}^{c}\frac{\left(n_1 O_{2\,i} - n_2 O_{1\,i}\right)^2}{O_{1\,i} + O_{2\,i}} =$$

$$= \frac{1}{n_1 \cdot n_2}\left[\frac{n_1 O_{21} - n_2 O_{11}}{O_{11} + O_{21}} + \frac{n_1 O_{22} - n_2 O_{12}}{O_{12} + O_{22}} + \frac{n_1 O_{23} - n_2 O_{13}}{O_{13} + O_{23}}\right] \quad (1)$$

мұнда, Т – критерий статистикасы, n_1 – бақылау тобындағы экспериментке қатысушылар саны (іріктеме көлемі), n_2 – эксперимент тобындағы қатысушылар саны (іріктеме көлемі). $O_{1\,i}$ – тиісті деңгейдегі бақылау тобы қатысушыларының саны, $O_{2\,i}$ - тиісті деңгейдегі эксперимент тобы қатысушыларының саны.

Енді, жоғарыда көрсетілген формулаға кестедегі мәндерді қою арқылы Т критерийі статистикасының мәнін анықтаймыз:


$$\text{Тбайқ} = \frac{1}{60 \cdot 62}\sum_{i=1}^{3}\left[\frac{(60 \cdot 34 - 62 \cdot 34)^2}{34 + 34} + \frac{(60 \cdot 21 - 62 \cdot 20)^2}{20 + 21} + \frac{(60 \cdot 7 - 62 \cdot 6)^2}{6 + 7}\right] \approx 0{,}068$$

М.И.Грабарь, К.А.Краснянская ұсынған статистикалардың критикалық мәндері кестесіне сәйкес [*Грабарь* М.И., *Краснянская* К.А. Применение математической статистики в педагогических исследованиях. Непараметрические методы. - М.:Педагогика, 1977 - 136с. , 130-б.], $\alpha=0,05$ мән деңгейі және еркіндік дәрежелерінің саны $v=C-1=3-1=2$ үшін $T_{крит.}$ *критерийдің критикалық мәні* $T_{крит}=5,991$, Біз анықтаған байқалатын мән $T_{байқ.}=0,115$ $T_{байқ.} < T_{крит.}$ теңсіздікті қанағаттандырады, яғни 0,068 ‹ 5,991, бұл нөлдік болжамды жоққа шығармауға негіз береді.

Кесте 10 - Анықтау эксперименті нәтижелері бойынша студенттердің пайыздық көрсеткіштерінің деңгейлері %

Деңгейі	**Бақылау тобы** ($n_{1=}$ 60)	**Эксперименттік топ** ($n_{1=}$62)
Жоғары	6 (10,0%)	7 (11,2%)
Орта	20 (33,3%)	21 (34,0%)
Төмен	34 (56,7%)	34 (54,8%)

Анықтау экспериментінің нәтижелері қазақ халкының ұл баласының ұлттық келбетін, бітім-болмысының қалыптасуы орта деңгейде, ол студенттердің бойында қазақ халық педагогикасына деген ерекше сыйластық пен құрметтің болуы, оны қабылдауға бағытталған адамгершілік санасы толыққанды қалыптаспағандығын**,** ұл бала, ер жігіт тәрбиесі қоғам үшін маңызды құндылық ретінде жете түсінігі толық еместігін**,** ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасын ұғыну мен оны өз өмір жолында пайдалану ынтасы бірен-саран**,** ұл бала тәрбиесіндегі барлық тәрбие әдістерін, талап-тілектерін, ұстанымдарын сезіну, қазақ халық педагогикасының ұл бала, ер жігіт тәрбиесін қалыптастыруға саналы көзқарас, оның қоғамдық мәнін түсіну деңгейі толық қалыптаспағандығын айқындайды **(16 - сурет).**



Осыдан зерттеуіміздің анықтау экспериментінің мәліметтері мен олардың нәтижелерін өңдеу қазақ халқының педагогикасындағы ұл бала, ер жігіттің ұлттық келбетін, бітім-болмысын қалыптасу деңгейінің төмендігі осы бағыттаға оқу-тәрбие жұмыстарының жеткілікті дәрежеде жүргізілмегендігін сипаттайды. Зерттеуіміздің нәтижесі бойынша байқағанымыздай, қазақ халық педагогикасы арқылы ұл бала, ер жігіттің тәрбиесіне деген көзқарастары, ұл бала, ер жігіт тәрбиесін қалыптастыруға саналы көзқарас, оның қоғамдық мәнін түсіну, қажеттілігін сезіну әлі де болса жеткіліксіз деңгейде толық қалыптаспаған. Сондықтан қазақ халық педагогикасына деген ерекше сыйластық пен құрметтің болуы қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесіне қызығушылығы; қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің маңызын ұғынуы; қазақ халық педагогикасындағы ар-ұят, намыс, ар-ождан түсініктерінің мәнін ұғынуы; қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің қалыптасу, даму тарихы туралы білімі; қазақ халық педагогикасының ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің идеялары туралы білімі қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің мазмұнын түсінуі және салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды ажырата алуы; ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің құралдары мен әдіс-тәсілдерін қолдануы; ұл бала тәрбиесінің мазмұнының қалыптасуы; ұл бала, ер жігіт тәрбиесінде ұлттық мінез-құлықтың көрініс табуы сияқты айқындалған өлшемдерді дамытуы қажет. Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері сипатталады.

Қорыта келгенде, ұлттық сананың өсіп, мәдени және рухани дәстүрлердің, тілдің қайта жаңғырған кезінде білім алушыларды өз халқының рухани құндылықтарымен, ұлттық мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен түбегейлі, неғұрлым терең таныстыру қажеттілігі туады, яғни өткен мен бүгіннің және келешектің арасындағы рухани байланыс біріктіруші элемент болуы тиіс. Келесі тарауда қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесі әдістемесінің мазмұны құрастырылып, ұл бала, ер жігіт жайлы қазақтың халықтық педагогикасының негізгі идеялары теориялық және практикалық тұрғыда негізделген, жеке тұлғаны дамыту ісі ұзақ уақытқа созылатын, қазақ халқының сан ғасырлық ізгілік дәстүрлеріндегі ұрпақтар сабақтастығын көздейтін, біртұтас, көпқырлы үдеріс ретінде қарастырылып отыр. Сондықтан зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, білім алушылармен қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасын қалыптастыруға бағытталған элективті курс бағдарламасын жасап, ғасырлар бойы жинақталған халық педагогикасының тәжірибесін теориялық біліммен ұштастыра отырып, практикалық тапсырмалар мен жаттығулар, тренингтер жүргізу қажеттілігі туындады.

Демек, жоғары оқу орындары студенттерінің қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасына байланысты түсініктерін қалыптастыру барысында қолданылған әдістеменің

рөлі өте маңызды, сонымен қатар келесі тарауда оның тиімділігі тәжірибелік тұрғыдан дәлелденеді.

3.2 «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курсының мазмұны мен әдістемесі

Курстың мазмұны.

Элективті курстың сипаттамасы: білім алушылардың кәсіби дайындығына қажетті білімдердің жиынтығын қамтиды. Қазақ халық педагогикасының теориялық және әдіснамалық негіздерімен таныстырады. Педагогикалық шеберлік, көшбасшылық, кәсіби педагогикалық қарым-қатынасты дұрыс ұйымдастырудың жолдарын қарастырады. Қазақ халық педагогикасы негізінде ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің жұмысын ұйымдастырудың теориялық және практикалық негіздерін қарастырады.

Ғылыми білімдерді қазақ халық педагогикасы аясында кіріктіру ұстанымдарын сипаттайды; тәрбиелік дәстүрлер, салттар, жоралғылар, ережелер және тыйымдардың ерекшеліктерін ажыратады; түрлі халықтардың ұл баланың тәрбиелік үрдісін этникалық ерекшеліктері арқылы педагогикалық үдерістің ғылыми мәселелерін ашып көрсетеді; ақпараттық мәдениетін көрсете білуді, пәнаралық білім интеграциялауды, педагогикалық тұжырымдарды сыни тұрғыдан қарауды және практикада қолдануды қарастырады

«Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курсы болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлық жүйесінде маңызды орын алады. «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курсы оқу, ғылыми пән, қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесін қалыптастыруда психологиялық ағарту және тәрбие әдістемесі ретінде қарастырылады. «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» пәнінің мақсаты қазақ халық педагогикасын зерттеу арқылы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің идеяларын қайта жаңғырту және өмірге енгізу жұмыстарын жүргізу.

Курстың міндеттері:

– қазақ халық педагогикасы, оның тарихы мен қазіргі жағдайы, ұл бала, ер жігіт тәрбиесі жөнінде түсініктерді беру;

– пәнаралық категория ретінде отбасы, құндылық феномендерінің мәнін ашып көрсету;

– отандық және шетелдік философия, әлеуметтану, психология, педагогика, этнопедагогика ғылымдарында халық педагогикасы зерттеудің теориялық тәсілдеріне мазмұндық талдау жасау

– тәрбиелік дәстүрлер, салттар, жоралғылар, ережелер және тыйымдардың ерекшеліктерін ажыратады;

– қазіргі халық педагогикасының ғылыми-теориялық идеяларына негізделген білім мен түсініктерін көрсетуді және танымдық, шығармашылық қабілеттерін мен зерттеу әдістерін меңгере отырып, кәсіби мәселелерді шешу жолдарын талдай білу;

– өз дәстүрін, өз халқының мәдени – тарихи және этникалық дәстүрін, сондай-ақ Қазақстанның басқа да халықтарының ұл бала, ер жігіт тәрбиесін білуі;

– ұл бала, ер жігіт мәселелерді шешудегі құзыреттілігін қалыптастыру; т.б.

– ақпараттық мәдениетін көрсете білуді, пәнаралық білім интеграциялауды, педагогикалық тұжырымдарды сыни тұрғыдан қарауды және практикада қолдану.

Жалпы құзырет:

құралдық:

– өз бетінше ізденуде іс-әрекет құралдары мен тәсілдерін пайдалану: жоспарлау, жобалау, үлгілеу, болжау, зерттеу;

– оқытудың мақсат-міндетері мен мазмұнын, әдістері мен құралдарын негіздей білу, оқыту стратегияларын құру;

– ақпаратты жинау, талдау және интерпретациялау;

– ғылыми, сандық технологияларды пайдалану, мультимедиалық, электрондық білім ресурстарын қолдану, Интернет-технологияларды игеру;

– оқу және педагогикалық әрекет барысында өзінің интуициясын пайдалана алу, ынтасын көрсету;

тұлғааралық:

- қарым-қатынас жасаудың әлеуметтік-психологиялық механизмдерін игеру;

- өзіндік жетілу, өзіндік реттелу, өзіндік даму, өзін-өзі анықтау;

- тұлғалық және пәндік рефлексия: кәсіби жетілу, тілдік жетілу, шығармашылық жетілу;

- тұлғааралық іскерлігі: командалық жұмыс, топпен жұмыс істеу білігі, ұжымдық шешім таба білу, әр түрлі мәдени контекстерде басқалармен бірігу;

- медиаторлық қабілет: ұйымдастыра білу және келісімге шақыру дағдыларын көрсету, жеке пікірін кішіпейілдікпен дәлелдеу, даулы жағдайлар мен қақтығыстардың алдын алу және шеше білу, өзгені құрметтеу, қабылдау, төзімді болу (толеранттылық), әлеуметтік мобильдік;

- өзінің психо-эмоционалдық қабілетін пайдалана алу, күйзелістің алдын алу, іс-әрекет пен қарым-қатынас барысында өзіне және өзгелерге сыни көзқараспен қарау, сыни қабілеттерін конструктивті қолдану.

жүйелік:

- білім, дағды мен іскерлікті меңгеру;

- білімді практикада пайдалану, жаңа креативті идеяларды табу;

- өзбетінше жұмыс істеу мүмкіндігі мен жобаларды жасау және басқару қабілеті;

- тез өзгеретін түрлі жағдайларға бейімделе отырып, жылдам ойлай білу және жұмыс істеу;

- көшбасшылық, бастамашылдық;

- болашақ мұғалім тұлғасын құрайтын кәсіби қасеиеттер мен белсенді педагогикалық ұстанымдарды қалыптастыру, әлеуметтік мәртебесін арттыруға талпыну, жетістікке ұмтылу.

Курстың постреквизиті мен пререквизиттері:

Постреквизиті: Педагогика, этнопедагогика, психология, философия, тарих, әлеуметтану.

Пререквизиті: Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, педагогиканы оқыту әдістемесі

Пәнаралық байланыс: Педагогика, этнопедагогика, педагогика тарихы, психология, философия, әлеуметтану, мәдениеттану, педагогиканы оқыту әдістемесі, психологияны оқыту әдістемесі.

Пәнді оқып үйрену пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыру мен дамытуға бағытталған: өз елінің мәдениетті және толерантты азаматы болу қабілетіне ие; өзінің пәндік саласын терең және толық түсінеді, кәсіби қызметінде білімін қолданады.

Пәнді оқып үйрену нәтижесінде студент білуі қажет:

– қазақ халық педагогикасының теориялық және әдіснамалық негіздерін;

– ұл бала, ер жігіт психологиясының негізгі ұғымдары мен категорияларын;

– тәрбиелік дәстүрлер, салттар, жоралғылар, ережелер және тыйымдардың ерекшеліктерін.

іскерліктері:

– ақпараттық мәдениетін көрсете біледі

– пәнаралық білім интеграциялауды түсінеді:

– педагогикалық шеберлік, көшбасшылық, кәсіби педагогикалық қарым-қатынасты дұрыс ұйымдастырудың дағдыларын қолданады;

– педагогикалық тұжырымдарды сыни тұрғыдан қарауды және практикада қолдану дағдыларын дамытады.

«Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курсын оқыған кездегі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында болашақ мұғалімдердің қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесін қайта жаңғыртудың психологиялық-педагогикалық талаптар кешенін іске асыру, осындай қызметке психологиялық және педагогикалық дайындық жүзеге асырылды.

«Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курсының мазмұны:

– қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтау;

– «тәрбиелік дәстүрлер», «салттар», «жоралғылар», «әдет-ғұрыптар» ұғымдарын құрылымдау, оның мәнін ашу;

– қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесін дамытудың жолдарын, формаларын, инновациялық әдістерін пайдалана отырып, сабақта және сабақтан тыс іс– шаралардың үлгілерін, әдістемелерін ұсыну және т.б.

«Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курсының бағдарламасы студенттердің тұлғалық, коммуникативтік, реттеушілік,

танымдық, әмбебаптық әрекеттерін (мынадай сапалардың құндылығын саналы түсіну: жауапкершілік, жақындарын сыйлау және құрметтеу, әртүрлі ақпараттарды меңгеру, өз әрекетін бағалау және түзету, өзін-өзі реттеу, өзіндік рефлексия, т.б.) дамытуға бағытталған.

Сонымен бірге бұл элективті курс бағдарламасы бойынша оқу-тәрбие жұмыстарының жүйесі құрастырылып, оқу-тәрбие үдерісінде педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің ұлттық құндылықтарын қалыптастыруға, ұл бала тәрбиесін дамытуға ықпал ететін жүйелі педагогикалық іс-әрекеттер белгіленді.

Оқу бағдарламасы дегеніміз – пәнді өту барысында белгілі бір мамандық студенттерінің игеруі тиіс білімдері мен тәжірибелік дағдыларының ең төменгі мөлшері мен оқыту жоспарын айқындайтын нормативтік құжат Нормативтік құжатқа әрдайым оқыту бағдарламасынан көрінетін белгілі бір талаптар қойылады [220].

Болашақ мұғалімдердің қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесін қайта жаңғыртудың көзі болып табылатын «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» атты элективті курсты құру үшін келесідей мақсаттарды көздейміз:

- таныстыру – ақпараттық ағындарды жоспарлау;
- психологиялық – тұлғаны педагогикалық дамыту, ұл тәрбиесі жайлы білімдерін болашақ кәсіби іс-әрекетінде қолдануға ынталандыру;
- ұйымдастырушылық – қазақ халқының құралдардың көмегімен білім алушылардың бір-бірімен өзара әрекеттестігінің тиімді схемасын құру.

«Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курсы бойынша оқу бағдарламасын жасау кезінде оның негізгі оқыту мақсаттарына қайшы келмеуі, әмбебап және икемді болуы тәрізді стандартты талаптарға жауап беруі маңызды.

Оқу бағдарламасын жасау кезінде мынадай факторлар ескерілуі тиіс:

а) оқу үдерісін алдын-ала құру және оны нақты бір оқу орны аясында сынақтан өткізу;

ә) курс аясында қазақ халық педагогикасы негізінде ұл баланы тәрбиелеу дағдыларын дәл қалыптастыру;

б) оқу курсының өзекті мазмұнын қалыптастыру (бағдарламаға заманауи, ескірмеген ақпараттық құралдармен жұмыс істеуге бағытталған тәжірибелік сабақтарды енгізу);

в) оқу үдерісінің тұтастығы, яғни теориялық білімдер мен тәжірибелік дағдыларды жүйелі түрде беру.

Жоғарыда сипатталған факторлардың негізінде «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курсы бойынша оқыту бағдарламасын қалыптастырудың төмендегідей алгоритмі жасалынды.

1. Қазақ халық педагогикасы жайлы білімдерін кеңейту. Басым мақсаты - студенттердің бойында өз кәсіби қызметінде қазақ халық педагогикасы туралы білімдерін кеңейтіп, тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру. Бұл мақсатқа жету төмендегі міндеттерді жүйелі түрде шешуді талап етеді:

– студенттерге дидактикалық материалдар негізінде қазақ халық педагогикасын болашақ кәсіби іс-әрекетінде қолданатын тәжірибелік дағдыларын меңгерту;

– болашақ мұғалімдерді қазақ халық педагогикасы негізінде ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориялық міндеттерді өз бетінше шешуге дайындау; қазақ халық педагогикасы

– білім алушылардың нақты бір оқу орнында және жалпы білім беру саласында білім беру үдерісін қазақ халқының дәстүрлері арқылы ақпараттандыруға дайындығын қалыптастыру [222].

Бұл міндеттерді шешу білім алушылардың репродуктивті, репродуктивті-шығармашылық, шығармашылық сияқты іс-әрекет нысандарын пайдалануын талап етеді. Аталған іс-әрекеттер үйлесімді жүргізілуі тұлғаның тәжірибелік міндеттерді шешу үшін қазақ халық педагогикасының материалдарын пайдалануға кешенді бағытталуына көмектеседі. Ал бұл өз кезегінде ұл бала, ер жігіт тәрбиесінде пайдалану дағдыларын меңгертетін арнайы элективті пәнді енгізудің мақсаты педагогикалық іс-әрекетте қазақ халық педагогикасының құралдарын қолданудың өзекті теориялық білімдері мен тәжірибелік дағдыларын алу болып табылады.

2. «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курсының теориялық бөлігі үшін материал жинау студенттердің қазақ халық педагогикасы туралы жалпы білім алуына мүмкіндік беретін әмбебап пән болып табылады.

Қазақ халық педагогикасының құралдарын пайдалану мақсатын қалыптастыру үдерісі кезең-кезеңімен жүруі қажет болғандықтан, теорияның 3 модулін бөліп қарастыруға болады [223, б.349].

І модуль – **қазақ халық педагогикасы туралы жалпы түсінік.** Қазақ халық педагогикасының негізгі идеялары келтіріледі, қазақ халық педагогикасы құралдарының білім мен тәрбие беру үдерісіндегі рөлі туралы әңгімеленеді. Халықтық педагогиканың дамуы мен қалыптасуы тарихы. ҚР болашақ педагог-психологтардың қазақ халық педагогикасы аясында кәсіби дайындық мәселесі. Ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің халықаралық тәжірибесі. Қазақ халқының отбасылық дәстүрлерін мен әдет-ғұрыптарын тәжірибеде қолданылуын талдауға айрықша көңіл бөлінеді.

ІІ модуль –**ұл бала, ер жігіт тәрбиесіндегі қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары.** Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының ерекшелігі қарастырылады. Қазақ жазушы-педагогтарының халықтық идеясын мұғалімдердің білім мен тәрбие беруде пайдалану іс-тәжірибесі. Қазақ отбасында ұл баланы тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерінің үйлесуіне ерекше көңіл бөлінеді.

11-кестеде арнайы пәннің бейіндік пәндерімен өзара байланысы көрсетілген (11-кесте).

Кесте 11 – Элективті курс аясында алынған теориялық білімдердің жалпы педагогикалық құндылықтармен және стандарттармен байланысының үлгісі

Курс тақырыбы «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі»	**Байланыстырушы буындар**	**Арнайы курстардың тақырыптарын қарастыратын бейіндік пәндер**
Қазақтың халықтық дәстүрлері, олардың тарихы мен шығу тегі	«Халықтық педагогика», «қазақ дәстүрі», «қазақ халық педагогикасы» ұғымдары	Этнопедагогика
Материалды беру сапасын арттыру үшін оқу үдерісінде ұл бала, ер жігіт тәрбиесінде қазақ халық педагогикасын қолдана отырып ұйымдастыру	Оқыту мен тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыру нысаны, сабақтың құрылымы	Педагогика
Білім алушылардың оқудан тыс іс-әрекетінде пайдалану	Оқудан тыс іс-әрекеттерін ұйымдастыру, сыныптан тыс сабақтардың құрылымы	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесін ғылыми-зерттеу іс-әрекетінде пайдалану	Ұл бала, ер жігіттің тәрбиесін үйлестіру үшін қазақ халық педагогикасының құралдарын ғылыми-зерттеу іс-әрекетінде пайдалану, білім алушылардың білімдерін тексеруге арналған жұмыс түрлері (рефераттар, курстық, тәжірибелік жұмыстар)	Білім алушылардың оқу, зерттеу жұмыстары

III модуль– **Халықтық педагогика идеяларын ұл бала тәрбиесі жұмысында пайдалану жолдары**.

1. Ұл бала, ер жігіт тәрбиесінде этнопедагогикалық технологияларды қолдану. Қазақ ұлттық психологиясының феномені. Ұлттық құндылықтарды жаңғырту арқылы ұл бала, ер жігіт тәрбиесін дамыту. Пәнді өту барысында алынған білімдердің нәтижелілігін бағалау кезеңінде студенттердің зерттеушілік және әдістемелік қызметтер барысында қазақ халық

педагогикасының құралдарымен жұмыс істей білу шеберлігіне талдау жасалады.

3. Теориялық және тәжірибелік сабақтарды күнтізбе мен уақыт бойынша жоспарлау. Пәннің қандай да бір блогының маңыздылығы негізінде қандай да бір сұраққа берілетін сағаттар саны көрсетіле отырып, оқу жоспары жасалады.

4. Терминология. «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» арнайы курсы *халықтық педагогика, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұл бала, ер жігіт* т.б. сияқты ұғымдар мен терминдерге негізделген. Бұл ұғымдар бүкіл оқу курсының бойында теориялық және тәжірибелік сабақтарды тиімді меңгеру үшін кезең-кезеңімен енгізіледі.

5. Білім алушылардың білімін бақылау. Білім алушылардың әртүрлі материалдарды игеру деңгейін бағалау үшін алуан түрлі әдістер қолданылады. Оқу курсының соңында қорытынды білім қиығы жүргізіледі. Оның нысандары: реферат жазу немесе қазақ халық педагогикасының құралдарын пайдалану арқылы қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу. Зерттеу жүргізуден бөлек, студенттер өз жобасын қорғауы қажет. Бұл теориялық білімдері мен дағдыларын сенімді етіп бекітуге мүмкіндік береді. Қорытындысында болашақ педагог-психологтардың өз кәсіби қызметінде ұл бала тәрбиелеу кезінде қазақ халық педагогикасының құралдарын қолдану саласында меңгерген құзыреттілігі деңгейін анықтауға болады.

Элективті курстың оқу бағдарламасы және оның әдістемесі педагогикалық-психологиялық мамандықтар студенттерін кәсіби қызметте халық педагогикасының құралдарын пайдалануға жүйелі және үздіксіз оқыту қағидасына, сондай-ақ Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті студенттерімен жұмыс барысындағы жеке тәжірибесіне сай болуы керек.

Элективті курстың оқу бағдарламасы 5В010400-«Бастапқы әскери дайындық» және 5В010800-«Дене шынықтыру және спорт» мамандықтарына бейімделіп жасалған. Курс бағдарламасы білім алушылардың оқу орнын бітіргенде меңгеруге тиісті білімдер мен дағдылардың төменгі мөлшерінен тұрады. 15-кестеде стандартты тақырыптық оқыту жоспары көрсетіледі (15-кесте).

Кесте 12 – Элективті курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Тақырыптар	Сағат саны			
		дәріс	семинар	СОӨЖ	СӨЖ
1.	Қазақтың халықтық дәстүрлері, олардың тарихы мен шығу тегі	1	1	3	3
2.	Қазақ халық педагогикасы құралдарының білім мен	1	1	3	3

	тәрбие беру үдерісіндегі рөлі				
3.	Халықтық педагогика: артықшылықтары, мүмкіндіктері, болашағы.	1	1	2	2
4.	Жалпы білім беру мектептегі тәрбие беру үдерісінде қазақ халық педагогикасының құралдарын пайдаланудың маңыздылығы	1	1	2	2
5.	ҚР болашақ педагог-психологтардың қазақ халық педагогикасы аясында кәсіби дайындық мәселесі	1	1	2	2
6.	Ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің халықаралық тәжірибесі	1	1	2	2
7.	Қазақ халқының отбасылық дәстүрлерін мен әдет-ғұрыптарын тәжірибеде қолдану	1	1	2	2
8.	Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының ерекшелігі	1	1	3	3
9.	Қазақ жазушы-педагогтарының халықтық идеясын мұғалімдердің білім мен тәрбие беруде пайдалану іс-тәжірибесі	1	1	2	2
10.	Қазақ отбасында ұл баланы тәрбиелеудің әдіс-тәсілдері	1	1	2	2
11.	Ұл бала, ер жігіт тәрбиесінде этнопедагогикалық технологияларды қолдану	1	1	2	2
12.	Қазақ ұлттық психологиясының феномені	1	1	2	2
13.	Ұлттық құндылықтарды жаңғырту арқылы ұл бала, ер жігіт тәрбиесін дамыту	1	1	1	1
14	Ұл бала, ер жігіт тәрбиесін үйлестіруде психологиялық тренингтер	1	1	1	1
15	Қазақ отбасында ер жігітті отбасылық өмірге дайындау ерекшелігі	1	1	1	1
Барлығы		15	15	30	30

Кестеде көрсетілгендей, арнайы курс көлемі – 90 сағатқа (3 кредит) есептелген, оның 15 сағаты дәріс, 15 сағаты семинар сабағы, ал 30 сағаты СОӨЖ, 30 сағаты СӨЖ-ге арналған.

Пәннің тақырыптық жоспарын жасау кезінде біз D.Klein жүргізген зерттеудің нәтижесіне сүйендік. Оқу жоспары студент оқу барысында 3 кезеңнен өтетіндей етіп жасалған, олар: лекцияда теориялық білім алу – алынған материалды тәжірибелік сабақта бекіту – алынған білімдерді шығармашылық барысында іске асыру (семинарлар, тақырыптық ойын, конференция).

«Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курсы бойынша теорияны ұсыну кезінде дәрістер мен тәжірибелік сабақтар пайдаланылады. Олар студенттердің халықтық педагогика идеяларын ұл бала тәрбие

жұмысында пайдалану жолдары туралы түсінігін қалыптастыруға, сондай-ақ тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру кезіндегі қол жеткен жетістіктерді арттыруға бағытталған.

Пәннің тәжірибелік бөлігі әдістемелік ойындар, ғаламтор желісіндегі жұмыс, ғаламтор-конференциялар, халықтық педагогика құралдарымен танысу үшін мектептерге бару арқылы жүзеге асырылады. Ол болашақ мұғалімдердің бойында ұл бала тәрбиесінде халықтық педагогика құралдарын пайдалануға жүйелі дайындықты қалыптастырады. Пәннің тақырыптық жоспарын қалыптастыру кезінде біз күрделі жағдайлар, рөлдік ойындар, ғылыми-зерттеу жобаларын жасау тәрізді оқыту нысандарын пайдаландық. Тәжірибелік бөлімде біз студенттерге ұл бала, ер жігіт тәрбиесінде қазақ халық педагогикасын пайдаланудың артықшылығын көрнекі түрде көруге мүмкіндік беретін жалпы орта білім берудегі педагогикалық үдеріске ұқсатуға маңызды орын береміз.

Сонымен қатар студенттерге арналған семинар сабақтарының тақырыптары мен оқытушымен бірге жасалатын студенттердің өзіндік жұмыстары және ұсынылатын әдебиеттер тізімінен тұрады.

Зерттеуімізде элективті курстың күнтізбелік-тақырыптық жоспарындағы тақырыптар аясында лекциялар оқытылып, практикалық сабақтар жүргізіліп, студенттердің жоғарыдағы тақырыптардың мазмұнын толық меңгеруіне жағдай туғызды. Осы курсты меңгеруде негізгі орында ғылыми-әдістемелік дереккөздердің мәліметтері өңделіп, курс тақырыптары бойынша зерттеу жұмыстарымен (диссертациялар, монографиялар, мақалалар) танысып, зерттеу мәселесіне байланысты шет елдік және отандық ғалымдардың ғылыми еңбектері де талқыланды.

«Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курсы біріктірілген болып табылады. Ол ұл бала тәрбиесінде қазақ халық педагогикасының құралдарын пайдалана отырып нақты пәндерді оқытудың әртүрлі салалары мен әдістемелерінен алынған білімдерді біріктіреді. Оқытудың оңтайлы әдістерін іріктеп алу басым міндеттердің бірі болып табылады.

Элективті курстың аясында оқыту нысандары дәрістен бастап ғылыми-шығармашылық зерттеулерге дейін – әртүрлі болуы мүмкін. Соның негізгілерін қарастырайық.

Сабақты өту барысында компьютерлік техника, оқу-әдістемелік және қосымша оқу құралдары қолданылады. Элективті курстың соңында қорытынды бақылау – ауызша емтихан формасында жүргізіледі.

Осы орайда, педагогикалық жоғары студенттерінің ұл бала, ер жігіт тәрбиесі аясында жүргізілетін жұмыс бағыттарына, оларды ұйымдастырудың формалары мен әдістеріне, құралдарына назар аударылып, мазмұндық сипаттама берілді.

Жоғары оқу орнында лекция және семинар сабақтары негізгі оқыту формасы екені анық. Дәріс бұл студенттерді білім және ғылым саласындағы жаңашыл бағыттар аясында негізгі түсініктер беру үшін жаңа идеяны насихаттау, жаңа мәліметтер жасау, жаңашыл тәжірибені жеткізу мақсатында

қолданылатын ауқымды және кең тараған оқыту әдістерінің бірі. Дәрістің маңызды сапасы оның ғылымилығы, өмірмен байланыстылығы, оның жаңашылдығы мен көрнектілігі болып саналады. Жоғары оқу орындарында білім алушылардың тың ақпаратты тиімді қабылдауы мен игеруі үшін өзара іс-әрекет пен қарым-қатынасқа түсудегі интербелсенді дәрістің маңызы зор. Интербелсенді дәріс студенттердің ашық пікір алмасуына, креативтілігіне, еркіндігіне, шығармашылығына, сыни тұрғыда қабылдауына, жаңа білім ізденісіне бағытталуына итермелейді.

Интербелсенді дәріс оқытудың неғұрлым белсенді әдістерін қолдану арқылы жүзеге асатыны белгілі. Интербелсенді әдістердің мақсаты: студенттерді командада жұмыс жасауға баулу, таным іс-әрекетін, тұлғаның жақсы қасиеттерін дамыту, білім деңгейлері әртүрлі студенттерге оқу бағдарламаларын тиімді игерулерін, оқуды белсендендіру, қызық және табысты ету.

Семинар – болашақ мамандардың білім алу қызметінің тізгінін өз қолдарына алудағы оқыту формасы. Оның нәтижелі болуы студенттердің білім алудың, өзін-өзі іске қосуының тетіктерін игеру дәрежесіне байланысты болып келеді. Семинар жұмысын мақсатқа сай жүзеге асыру үшін білім алушылар арасында жеке, топтық, ұжымдық, яғни алан түрлі жағдайда жұмыс жасау, қарым-қатынас жасау білігі бар кәсіби орта қажет. Сонда ғана білім алушылар өз пікірін, ойын дәлелдей алуға, бірлесіп талдау жасауға, қорытындыға келуге, шешім қабылдауға, бірін-бірі оқытуға, кері байланыстың туындауына мүмкіндік ала отырып, болашақта ұл бала тәрбиесінде қолдану үшін және халықтық педагогиканы қалыптастыру үшін дағды алады.

Оқытумен қатар жоғары оқу орны студенттерінің ұл бала тәрбиесін қалыптастыруда ерекше маңызды жұмыс бағыты тәрбие екені анық.

Тәрбие жұмысының формалары: тәрбие сағаты, тақырыптық әңгімелер, саяси хабарлама, оқырмандар конференциясы, дебат, диспут, олимпиада, спорттық және мәдени шаралар, бұқаралық шаралар, кездесулер жатады.

Тәрбиеші тәрбие жұмысында халықтық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды пайдалана отырып, білім алушылардың қазақ халқының рухани мәдениетінің қайнар көзідерін пайдалануына, оның төлтумалығын тануына мүмкіндік беруге тырысады, себебі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінің мәні де дәл осы халықтық дәстүрлерде толық көрініс тапқан. Қазақ дәстүрлерінде көптеген тіршілік жағдайларындағы ережелер, жөн-жобалар, мінез-құлық талаптары, ар-намыс және қадір-қасиет, сұлулық туралы түсініктер бар.

Тәрбие (кураторлық) сағаты топ ұжымын ұйымдастыру: сұхбаттасу, тақырыптық әңгімелер, тәрбие конференциясы, пікірталас, сұрақ- жауап, педагогикалқ олимпиада, көңілділер мен тапқырлар клубы (КВН), еңбекке қатысты істер, спорттық және мәдени шаралар, кездесулер, дөңгелек үстел, бұқаралық шаралар жатады.

Мұндай тәрбие жұмысының ең басты мақсаты – білім алушының шығармашылық дара ерекшелігін ашу, қабілетін дамыту, ал бұл үшін оны

шығармашылық жұмыстарға араластыру қажет. Қазақ халқының фольклорын шынайы игеру, халық шеберлерімен қарым-қатынас, қазақтың қолданбалы өнерінің көрмелерін аралау, фольклордық мерекелерді, айтыстарды өткізу және оған қатысу арқылы ғана студенттердің алдынан дүниетаным мен сұлулықтың ғажайып әлемі бірте-бірте ашылады. Бұл жердегі өте маңызды жайт, өзінің түп тамырын, халықтық дәстүрлерін таныту «өмірдің өзіндегідей», яғни табиғи түрде еркін бастама жағдайында өтуі тиіс, қандай да бір-әрекетті күштеп тануға, міндеттеп үйретуге мәжбүрлеп араластыруға болмайды. Ойындар, әндер, мереке – осының бәрі студенттерді қызықтыруға, жаңаны тануға, іс-шараны өткізуге қатысу ниетін оятуға тиіс. Оқытушының, жетекшісінің, куратордың, ұйымдастырушының рөлі білім алушының ойы мен ниетін тиісті арнаға бағыттап, қызықтырып, оны халық мәдениетінің бай қазынасына тарта білуіне байланысты.

Біз, тәрбие жұмысын неғұрлым тиімді жұмыс түрлерін алдын-ала көріп, пайдалана білу тиіспіз. Бұл үшін студенттермен жүргізілетін тәрбие жұмысын эстетикалық тәрбие мазмұнын, түрлері мен әдістерін анықтаудағы біржақтылық пен кездейсоқтықтан аулақ болатындай етіп құру қажет. Мұндай жүйенің маңызды элементтеріне мыналар жатады: ғылыми негізделген мазмұн, оны үнемі кеңейтіп әрі тереңдетіп отыру; ұжымдық және жеке іс-әрекеттің түрлері мен әдістерін мақсатты түрде таңдап алу, оларды үнемі өзгерту мен күрделендіру, көп нұсқалы және алуан түрлі болуы; дара ерекшеліктері мен жеке қызығушылықтарын ескеру. Студенттердің бастамашылдығы мен дербес іс-әрекетін дамытуға бағытталған шебер педагогикалық жетекшілік олардың тәрбие жұмысындағы шығармашылығы арқылы әсемдік әлеміне енуіне, қазақ халқының шығармашылығын, халық өнерін, халықтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын ұл бала тәрбиесінде қолдануына жол ашады.

Осыған орай, халықтық педагогика идеяларымен әлеуметтік тәрбие берудің барлық субъектілерінің іс-әрекеті өзара байланысқан үш бағытты көздеуі тиіс:

-студенттердің әлеуметтік тәжірибесін ұйымдастыру және әр адамның жеке тұлғасының өзін-өзі дамытуына, ойлағанын толығымен іске асыруына, отбасында және қоршаған ортасында беделді болуына қажетті, неғұрлым қолайлы жағдайды жасау;

-тәрбиелік орта жасау, шағын ортада әлеуметтік жағынан қолдау табатын, әлеуметтік мәні бар топтық және ұжымдық талаптарды, бағдарлар мен құндылықтарды қалыптастыру, бұл жеке тұлға үшін сол ортаның референттік маңыздылығын сақтауға жағдай жасайтын жағымды психологиялық ахуалдың, көтеріңкі көңіл-күй орнатудың негізі болады.

-студенттерді қазақ халқының дәстүрлеріне баулуды, ұлттық мәдениет арқылы ұл бала тәрбиесін қалыптастыруды көздейтін іс-шаралар кешені.

Ұл бала тәрбиесінде халықтық педагогиканың идеяларын пайдалану тиімділігі тәрбиешінің олардың рөлін түсуін ғана емес, жалпы педагогикалық ықпал ету тұрғысынан олардың барлық құнды жақтарын пайда асыра бүлуіне

де байланысты, бұл өз кезегінде мұндай жұмысты ұйымдастыру мен өткізудің әдістемесі дұрыс болуын талап етеді.

Тренинг – (ағылшын тілінен training – оқыту, тәрбиелеу) – білім, білік, дағдыларын және әлеуметтік көзқарастарын дамытуға бағытталған оқытудың белсенді әдісі. Тренинг интербелсенді оқытудың формасы, оның мақсаты қарым-қатынастағы кәсіби мінез-құлық пен тұлғаарлық құзыреттілікті дамыту болып табылады.

Тренингтегі ең негізгісі белгілі білік пен дағдыны жетілдіруге қажетті жаңа тәжірибені жете ұғына отырып, меңгеру. Мысалы, «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курсын оқыту барысында, «Менің қиялымдағы жігіт» психологиялық топаралық сайыс кешіндегі тренинг сценариін талдасақ: Тренингтің мақсаты, болашақ мұғалімдердің танымдық, талғамдық, іскерлік, біліктілік, шығармашылық белсенділіктерін арттыру, ер жігіттің бойындағы қасиеттеріне мән беру, оларды жүйелеу. Көрнекіліктер: төрт топтың атауы, ұраны жазылған нақыл сөздер, акт залы шарлармен безендіріледі, әділ-қазылар алқасы алдына ұпай саны көрсетілген белгілер, алғыс хаттар.

Бағдарлама: кештің ашылуы; таныстыру (20 мин.); қыз қиялына қазық болған бейнелерді сомдау (үй тапсырмасы) 5 мин.; мақал – сөз мәйегі (мақал-мәтел сайысы) 2 мин., өнер сайысы 3 мин.; ару армандаған жігіт шындықпен жанаса ма? (пікірталас) 5 мин., қарым-қатынастың вербалды емес тәсілдері арқылы көрініс көрсету 3 мин., ұстазға тағзым (арнау) 3 мин., фоторобот (жігіт портреті) 1 мин., қорытынды 5 мин.

Элективті курстың мазмұнын жоспарлау. «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» біліктілігінің студенттер үшін пәннің ұзақтығы 30 (90) академиялық сағатты құрайды. Курс материалды барынша сапалы ұғыну және ақпараттық-коммуникациялық технологияларымен жұмыс істеудің жаңа дағдыларын игеру үшін функционалдық дайындық деңгейінде енгізіледі (3 курс). Теориялық және тәжірибелік білімдерді ұйымдастыру мен берудің нысандары: лекция, іскерлік ойындар, ғылыми конференция, жеке-дара кеңес беру, шығармашылық жұмыс және т.б. болып табылады.

Бірінші тақырып. **Қазақтың халықтық дәстүрлері, олардың тарихы мен шығу тегі.** Ұйымдастыру нысаны – лекция, ұзақтығы 1 аудиториялық сағат.

Оның аясында төмендегі мәселелер қарастырылады:

-халықтық педагогика ұғымы және оның оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігін арттырудағы рөлі;

-қазақ халқының ежелгі мәдениеті, дүниетанымы, әдет-ғұрпы, шаруашылық дәстүрі;

-қазақ этнографиясының зерттелуі, қазақ халық педагогикасының тарихы мен шығу тегі.

БОӨЖ: 1. «Халық ұғымындағы адамгершілік тәрбиесі»;

БӨЖ: 2.Әсемдік - халықтың идеалы. (эссе)

Екінші тақырып: **Қазақ халық педагогикасы құралдарының білім мен тәрбие беру үдерісіндегі рөлі.** Ұйымдастыру нысаны – лекция, ұзақтығы 1 аудиториялық сағат.

-халықтық педагогика әдістері мен құралдарын оқу-тәрбие тәжірибесінде қолдану мүмкіндіктері.

-халықтық және ғылыми педагогиканың сабақтастығы.

-халықтық педагогиканың құралдары мен әдістері.

-халықтық педагогиканың негізгі құралдары (мақал -мәтелдер, жұмбақтар, ән, музыка, ертегілер,)

БОӨЖ: Мақал-мәтелдер және олардың халықтық педагогикадағы рөлі

БӨЖ: Мақал-мәтелдердегі еңбексүйгіштік тәрбие. Ән – халықтық педагогиканың құралы. Әннің жеке тұлғаға ықпалы. Бесік жыры, халықтық педагогикадағы ертегілер.

Үшінші тақырып. **Халықтық педагогика: артықшылықтары, мүмкіндіктері, болашағы.** Ұйымдастыру нысаны – лекция, ұзақтығы 1 аудиториялық сағат.

-Халықтық педагогикадағы еңбек, патриоттық, ақыл-ой, отбасы, эстетикалық, рухани-адамгершілік тәрбие түрлерінің іске асуы.

-Халықтық педагогиканың өзіндік ерекшелігі ұлттық мектеп пен ана тілі арқылы сақаталуының негіздері.

-Халықтық педагогика – әлеуметтік өмірдің тұтас кешені.

Еңбек халық педагогикасының өзегі;

БОӨЖ: Халықтық педагогика – тәрбие негізі. Реферат жазу.

БӨЖ: Халықтық тәрбиенің факторлары. Эссе.

Ежелгі жазба мұралардағы халық тәрбиесі. Презентация

Төртінші тақырып: **Жалпы білім беру мектептегі тәрбие беру үдерісінде қазақ халық педагогикасының құралдарын пайдаланудың маңыздылығы.** Ұйымдастыру нысаны – лекция, ұзақтығы 1 аудиториялық сағат.

-Ұл бала, ер жігіт тұлғасын қалыптастырудағы халықтық педагогиканың негізгі факторлары;

-Халық идеалындағы «жетілген тұлға, кемел адам» және оны тәрбиелеудің тәжірибесі;

-Халық педагогикасындағы ұл балалар мен жастарды өмірге тәрбиелеу;

-Мектептегі этнопедагогикалық жұмыстардың мазмұны

БОӨЖ: Ертегілердің танымдық рөлі. Реферат

БӨЖ: Қазақ отбасындағы ұл баланың орны. (пікірталас)

Бесінші тақырып. **ҚР болашақ педагог-психологтардың қазақ халық педагогикасы аясында кәсіби дайындық мәселесі.** Ұйымдастыру нысаны – лекция, ұзақтығы 1 аудиториялық сағат.

-Заманауи жоғары мектептегі кәсіби білім беру негіздері.

-Кәсіби білім берудің мақсаты мен міндеттері, үлгілері, мазмұны.

-Кәсіби білім берудегі педагогикалық үрдісті ұйымдастыру технологиясы.

БОӨЖ: «Мәңгілік Ел құндылықтары» деген идеяға өзіндік көзқарасын жазбаша білдіру.

БӨЖ: Қазақ батырларының қаһармандық бейнесі арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеудің негіздері. (фокус- топтар брифинг қорғауы)

Алтыншы тақырып **Ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің халықаралық тәжірибесі.**

-Этнопедагогиканың теориялық негізінің қалыптасуы, орта ғасырда және қайта өрлеу дәуіріндегі шет елдердегі педагогика мен этнопедагогиканың дамуы

-ҚР этностары мен әлем халықтары этнопедагогикасының мәселелерін зерттеу негіздері

-әр түрлі халықтардың этнопедагогикалық жүйесін теңестіре - салыстырмалы талдау

БОӨЖ: Әр ұлт азаматына тән білімділік пен тәлімділік және ұлағаттылық. (Түрлі ұлттарды зерттеу жұмысы)

БӨЖ: Әр түрлі елдердің ұлттық ерекшеліктерінен туындаған ұл баланы тәрбиелеу үрдісі. (салыстырмалы талдау жұмысы)

Жетінші тақырып **Қазақ халқының отбасылық дәстүрлерін мен әдет-ғұрыптарын тәжірибеде қолдану.** Ұйымдастыру нысаны – лекция, ұзақтығы 1 аудиториялық сағат.

-Отбасылық тәрбиенің қазақ халық педагогикасындағы орны мен маңызы. Мектеп пен отбасының бірлескен жұмысы.

-Отбасы, қазақ отбасы, отбасы тәрбиесі, отбасы дәстүрлері, қазақ отбасылық тәрбиесі ұғымдары нақтылау, мектепте мұғалімдер мен ата-аналарды ұл балаға отбасылық тәрбие берудің мазмұны мен әдістемесі.

БОӨЖ: «Қазақ отбасы дәстүрлері – ұл бала, ер жігітте адамгершілік мінез-құлық қалыптастыру» реферат жазу.

БӨЖ: «Отбасы», «қазақ отбасы», «отбасы тәрбиесі», «отбасы дәстүрлері», қазақ отбасылық тәрбиесі ұғымдарына контент талдау.

Сегізінші тақырып **Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының ерекшелігі.** Ұйымдастыру нысаны – лекция, ұзақтығы 1 аудиториялық сағат. Халықтың отбасылық салт-дәстүрлерінде баланы еңбекке тәрбиелеу.

-Халық педагогикасындағы салт-дәстүр;

-Халықтық педагогикадағы кемел адам үлгісі;

-Кемел адам, халықтық тәрбиенің мақсаты, кемел адамның этникалық сипаты

БОӨЖ: Мырзакелді Кемелдің «Әкесінің өз ұлына өсиеті» шығармасын оқып, РАФТ әдісін қолдану

(Мырзакелді К. Абзалдық әліппесі: Әкесінің өз ұлына өсиеті. – Уроки мудрости: Заповедь отеческая к сыну своему. 2 ое издание изм.идоп. – Алматы: Әл-Фараби. 1998, 42-б.)

БӨЖ: «отбасы тәрбиесі», «отбасы дәстүрлері», «дәстүр» ұғымдарына контент талдау.

Тоғызыншы тақырып **Қазақ жазушы-педагогтарының халықтық идеясын мұғалімдердің білім мен тәрбие беруде пайдалану іс-тәжірибесі.** Ұйымдастыру нысаны – лекция, ұзақтығы 1 аудиториялық сағат.

-қазақ ағартушыларының қазақ халық педагогикасы бағытындағы еңбектері мен ой-пікірлері.

-қазіргі кезеңдегі халықтық педагогика ғылымындағы өзекті мәселелер

БОӨЖ: Кітаптарды оқу. Кітаптардың негізінде өз пікірін жазу.

1. Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. – Алматы: қазақстан, 1991. – 247 б.

2. Қайыржанова Б.С. Махамбет Өтемісұлы шығармалары арқылы оқушыларға тәрбие берудің педагогикалық негіздері. Пед.ғыл.канд.дисс. – Атырау, 2008. – 143 б.

БӨЖ: М.Ғабдуллиннің «Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес» еңбегімен танысып, талдау жүргізу.

Оныншы тақырып **Қазақ отбасында ұл баланы тәрбиелеудің әдіс-тәсілдері.**

-Салыстырмалы тұрғыда ұл бала мен ер жігіттің физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері.

-Қоғамда, отбасында ұл балаға қойылатын талаптар.

-Азаматтық ұстаным, азаматтық жауапкершілік, ар-абырой, жігерлілік, ерлік, көшбасшылық қасиеттерін жетілдіру жолдары.

-Отбасын құру, еңбекке баулу, қоғамның белсенді мүшесі мәселелері. Отбасындағы ұл бала моделі.

БОӨЖ: Қазақтың отбасылық дәстүрлеріне, отбасылық тәрбие мәселелеріне байланысты эксперттермен сұхбат жүргізу

БӨЖ: «Еркектерге көзқарас немесе күйеу іздеген бойжеткенге хат» М.Шахановтың өлеңімен танысып, кейс жасау. Кейсте ер жігіттің негізгі қасиеттерін жинақтап, оған талдау жүргізу.

Он бірінші тақырып: **Ұл бала, ер жігіт тәрбиесінде этнопедагогикалық технологияларды қолдану**

-Қазіргі педагогикалық технологиялардың теориялық-әдіснамалық негіздері.

-Педагогикалық технологияларда мен тәрбиеоқу үдерісін жобалау заңдылықтар мен принциптер.

-Білім беру мен тәрбие үдерісін ұйымдастырудағы шетелдік және отандық технологиялардың білімдік сипаты .

БОӨЖ: «Жігерлендіру» өлеңін оқып, эссе жазу. (М.Шаханов Эверестке шығу. Өлеңдер, балладалар, поэмалар. Алматы: Атамұра, 2003. – 272 бет)

БӨЖ: Пікірсайыс жүргізу. Тақырыбы: Қазіргі мен ежелгі заман уақытындағы ер жігіт моделі

Он екінші тақырып **Қазақ ұлттық психологиясының феномені**

БОӨЖ: Кейқаус. Қабуснамадан ұл бала, ер жігіт туралы ақыл-кеңестер оқып, өз пікірлерін «Ой-толғау» түрінде жазу. (Кейқауыс. Қабуснама./Өзбек тілінен аударған – Т.Айнабеков. – Алматы: Жазушы, 2005. – 160 бет.)

БӨЖ: «Ақыл -ойды дамыту халық қамқорлығының бастауы» ой-толғау.

Он үшінші тақырып **Ұлттық құндылықтарды жаңғырту арқылы ұл бала, ер жігіт тәрбиесін дамыту.**

-ұлттық құндылықтар – төл мәдениетіміздің негізі;

-этномәдениет пен құндылық мәселесімен байланысты педагогикалық зерттеу жүргізу;

-ұл бала, ер жігіттің гуманистік көзқарасын қалыптастыру арқылы дамытуды тәрбиеге мақсат ете отырып, нәтижесінде ұлттық рухани құндылықтарды жаңғырту мүмкіндігі;

-жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарымыз бен халқымыздың тарихи тәжірибесін, ғасырдан ғасырға жалғасын тауып келе жатқан салт-дәстүрлерді, жөн-жоралғыларды ескеріп, тәрбие жүйесін жаңарту.

БОӨЖ: 1.Н.Келімбетовтың «Ұлыма хат» шығармасын оқып, эссе жазу. Эссе көлемі 450-500 сөз. Немат Келімбетов, «Ұлыма хат»//«Егемен Қазақстан газеті». 2005 ж. 5-8 қазан, №№225, 226, 227, 228.

БӨЖ: Бауыржан Момышұлы шығармаларындағы патриоттық идеялардың жіктемесін жасау.

Он төртінші тақырып **Ұл бала, ер жігіт тәрбиесін үйлестіруде психологиялық тренингтер**

-Тренинг негізіне кіріспе.Тренинг түсінігі;

-Мектептегі педагогикалық тренинг;

-Педагогикалық тренинг бойынша сабақ. Топты жүргізу психотехникасы.

БОӨЖ: В.А.Сухомлинскийдің «Ұлыма хаттар» еңбегін оқып, осы кітаптың негізінде «Болашаққа хат» жазу, оны аудиторияда таныстыру. Хат 20 жылдан кейінгі ұрпаққа, жас жігіттерге арналу тиіс. (Сухомлинский, Василий Александрович (1918-1970.). Сердце отдаю детям; Рождение гражданина; Письма к сыну / В. А. Сухомлинский; [Авт. вступ. ст. О. Сухомлинская]. - Киев : Рад. шк., 1985.-557с.:ил.;22см.;ISBN :2р.20к.)

Студенттерге әке мен ұлдың психологиялық жағынан бір-бірімен қарым-қатынасын жақсартып, жақындату түріндегі тренингтер, ойындар өту, ұлдар мен әкелерге арналған түрлі тақырыптық сайыстар мен тәрбиелік іс-шаралардың сценарийлерін жазу.

Он бесінші тақырып **Қазақ отбасында ер жігітті отбасылық өмірге дайындау ерекшелігі**

– Ер жігіттің сынына байланысты берілген ұлттық түсініктер. Ер жігіт салты ұғымы;

– Ер жігітті шаңырақ көтеруге дайындау;

– Ер жігіттің жар таңдауы. Ұлы ойшылдардың жар таңдауға байланысты ой-пікірлері;

– Қазақтың тектілік дәстүрі. Жеті ата салтының мәні;

– Қазақ қоғамындағы некелесу дәстүрі (экзогамиялық дәстүрдің сақталуы)

БОӨЖ: Тақырып аясында студенттерге бірқатар тапсырмалар беріледі: «Қазақ жігітінің портретін» жасау; «Тектілік – асыл қасиет» жеті ата, өз әулетінің шежіресін жасау.

Білім алушылардың қазақ халық педагогикасы арқылы ұл бала тәрбиесінің теориялық негіздері туралы алған білімдері семинар сабақтарында тереңдетіліп, өңделіп, бекітіліп отырылады. Мұндай сабақтың міндеттері: тәрбие жұмысынң теориясы мен әдістемесі курсындағы дәрістік сабақтарда меңгерген білімдерін бекіту, тереңдету, кеңейту; халық педагогикасына арналған еңбектермен студенттердің өздігінен дербес жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру; болашақ мұғалімдердің қазақ халық дәстүрлері арқылы ұл бала тәрбиесі туралы ой-өрісін, қабілеттерін, танымдық қызығушылықтарын дамыту.

«Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» атты элективті курсының әдістемесіне арнайы тоқталамыз.

Жоғары оқу орындарында болашақ білікті де білімді мамандар даярлаудың сапасын арттыру мәселесі білім алушыларды «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» атты элективті курсы оқыту жұмыстарының мазмұнын, ұйымдастыру түрлері мен әдістерін және қазақ халық педагогикасы негізінде ұл балаға тәрбие берудің дидактикалық қағидаларын айқындайды.

Мысалы, К.Мырзакелдінің «Абзалдық әліппесі: әкесінің өз ұлына өсиеті» атты өсиетнамалық кітабы – жан дүниесінің парасат иелерімен сырласуынан туындаған өсиеттері мен күйін-толғаныстарының жемісі. Өзіңді тану, өткенің мен бүгінгіден нәр алып, болашағыңа жол ашу – әрбір адамның жеке басын дамытудағы айқын мақсаты деп көрсететін кітатың бүгінгі азаматтарға берері мол. Автор ұлына «Егер балапан жерге жақындағанша қанатын аша алмаса, онда ана бүркіт шүйіліп кеп оны қағып алады да, қайтадан биік шың басындағы өз ұясына апарып қояды. Бірақ ана қыран шексіз аспан әлемінде өз күш-қуатымен бірден самғап кете алмаған темір қанат балапанына қайта мойын бұрып қарамайды екен. Енді әлгі балапан өзінің жер бауырлап жүретін жылан емес, аспан әлемінде құйындап ұшатын қыран екенін тек өз қайратымен, ерік-жігерімен ғана дәлелдей алады» деп ер жігіттің қайратын, жігерлілігін, қайсарлығын, күш-қуатын дәріптей келе, бұл қасиеттердің ұл баланың өміріндегі рөлін назарға алады.

Бүгінгі білім беру мен оқытуда дәрістер негізгі объекті болып саналады. Өйткені, дәрістер күрделі дидактикалық материал болып табылады. Теория жүзіндегі мәлімет пен ақпараттар беруде көп жағдайда кітаптар, қазақ жазушыларының еңбектері, шетелдік зерттеушілердің статистикалық мәліметтері, компьютерлік таныстырылымдар пайдаланылады.

Практикалық сабақтар студенттердің оқытушы басшылығымен жасалатын және жеке орындайтын жұмыстарымен қатар, семинарлар мен тренингтерден тұрады. Біз өз еңбегімізде бұлардың барлығы да негізгі

теориялық білімді бекітуге қызмет етуі тиіс деген Е.Д. Лидің ұстанымын қолдаймыз. Практикалық сабақтарда кәсіби қызметте халықтық педагогика құралдарын пайдаланудың дағдылары мен жүйелі әдістері қалыптасады. Практикалық сабақтардың негізгі мақсаты – дәрістегі қазақ халық педагогикасындағы ұлдар мен ер жігітті тәрбиелеу негіздері туралы алған білімдерін тереңдету және талдау. Дәрістер барысында студенттерден түрлі тақырыптағы эсселер, презентациялар мен шығармашылық жұмыстар талап етіліп, талдау жасалады, өзіндік тұжырымдары ескеріледі. Тренинг – микрооқытудың жеке формасы, онда халықтық педагогика құралдарын қолдана отырып, педагогикалық және практикалық мәселелерді шешу мақсаты көзделеді. Мұндағы сабақтардың негізгі мақсаты - студенттерді сабақтан тыс және қалыптан тыс жағдайларда ұл баланы тәрбиелеу үшін негіз болатын қазақ халық педагогикасының құралдарын пайдалануға үйрету және пәннен өту барысында алған білімдерін бекіту.

Шығармашылық жобаға жеке немесе ұжымдық дайындық - оқытудың тағы бір түрі. Жұмыс кезінде студенттер жобаны әзірлеп, содан кейін оны қорғайды. Бұл ақпараттық құралды таңдау туралы шешім қабылдаған кезде тәуелсіздікті қалыптастырады. Қорғау процесінде студенттер әрқашан өз пікірлерін білдіреді. Пікірталас әрқайсысының қарастырылып отырған тақырыпқа қатынасын анықтауға және тренингте не болып жатқаны мен нақты білім беру процесі арасында бәсекелестік құруға мүмкіндік береді. «Қазақ халық дәстүріндегі ұл бала тәрбиесі» пәні аясындағы ең көп тараған пікірталас тақырыбы – «Қазіргі және бұрынғы заман уақытындағы ер жігіт моделі». Шығармашылық ұжымдарда жұмыс істеу бұрын берілген критерийлер бойынша белгілі бір жоба құруды білдіреді. Оқытудың бұл түрі белгілі бір студенттің ғана емес, сонымен бірге бүкіл шығармашылық ұжымның кәсіби құзыреттілігін арттыруға ықпал етеді.

Шығармашылық топтардағы жұмыс – бұрын берілген өлшемдер бойынша белгілі бір жобаны құру дегенді білдіреді. Оқытудың бұл нысаны тек нақты бір студенттің ғана емес, жалпы шығармашылық ұжымның да кәсіби құзыреттілігін арттыруға көмектеседі.

Студенттерді қазақтың халықтық педагогикасы идеяларымен ұл бала, ер жігітті тәрбиелеу және оның насихаттау мақсатында өткізілген пәндік олимпиадалар олардың педагогика ғылымына және ғылыми қызметке қызығуының дамуына, ойша талдау жасау қабілеттерінің анықталуына, шығармашылық қабілеттерінің дамуына және кәсіби бағыттағы ой-пікірінің қалыптасуына жағдай жасады.

Ұл балаларды халық дәстүрімен тәрбиелеудің басты мақсаты олардың бойында ата-баба мұрасына жатырқамай, риясыз әрі жауапкершілікпен қарау сезімін ояту, рухани-адамгершілік қасиеттерді және ұлттық құндылықтарды сіңіру. Өткеннің мұрасына ұқыптылықпен, құрметпен қарау ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлердің, халық өнерінің, адамның әлемді көркемдік тұрғыдан игеруінің негізінде жатады және ұл бала бойында оларды игеру барысында дамуы мүмкін.

Ұл балаға тәрбиелік ықпал етуді жетілдіруге барынша тиімді ықпалын тигізетін педагогикалық тұжырымдар мен іргелі педагогикалық идеяларға төмендегілерді жатқызуға болады:

- мектептің тәрбие жұмысындағы рухани-адамгершілік бағдардың басымдығы, оқушыларды халықтық педагогика идеяларына негізделген бірыңғай тәрбие жүйесіне біртіндеп тарту;
- ата-аналардың және бүкіл қоғамның ұлдардың рухани-адамгершілік дамуы, халықтық педагогика идеялары арқылы эстетикалық талғамдар мен идеалдардың қалыптасуы туралы қамқорлығы;
– қазақ отбасының рухани-адамгершілік дәстүрлерін, моральдық-этикалық құндылықтарын, олардың ерекшеліктерін анықтау және ашу; баланың тарихи жадын ояту; өзінің «Кіші Отанына» деген құрмет сезімін қалыптастыру;
- қоғамдағы қоғамдық пікірді дамыту, түзету, байыту; баланың бойында «Туған үй сезімін», «отбасылық рухты», туған үйдегі ыстық ықыласты, отбасылық қатынастарға және ата-аналармен бірлесіп жұмыс істеуге деген ұмтылысты қалыптастыру;
- ересектер мен балалардың дәстүрлі тұрмысын, қазақ халқының өмір салтын нығайту, қарым-қатынас жасау, әртүрлі рухани-адамгершілік байланыстарды сақтау және дамыту, өмірлік тәжірибені, аға буынның рухани қажеттіліктер саласындағы еңбек және адамгершілік дағдыларын меңгеруді сіңіру мақсатында бірлескен ойын, қоғамдық пайдалы қызметі;
- ересектердің үлгісіне ер балаларға адамгершілік әсер етудің, олардың шығармашылығын дамытудың, қоғамдағы мерекелік-салттық, фольклорлық-көркемдік, мәдени және демалыс жұмыстарының белсенді түрлері мен әдістеріне, ұлттық өнер мен спорт түрлеріне тартудың, қоршаған ортаға, табиғатқа, адамдарға, қайырымдылық пен ізгілікке қамқорлық жасауға тәрбиелеудің жетекші күші ретінде сүйену;

-мектептегі педагогикалық үдерісті халықтық педагогиканың идеяларымен ізгілендіру, ұл баланың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың жаңа жолдарын, түрлері мен әдістерін іздеу;

- қазақтың дәстүрлі қонақжайлығын, үлкендерді құрметтеп сыйлауын, балалар мен жасөспірімдердің аға буын тәжірибесіне ұқыптылықпен қарауын қайта жаңғырту;

- ұл балалар ұжымдарының жас ерекшеліктерін және даму деңгейін ескеру, жеке тұрғыдан келу.


Халықтық педагогика идеяларымен тәрбиелеу міндеттерін жүзеге асыру барысында осы педагогикалық шарттардың орындалуы тәрбиелік ықпалдың бірлігін, тұтастығын және жүйелілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Барлық тәрбие мекемелері бірін-бірі толықтырып, байытып, бірлесе жұмыс істегендеғана тәрбие үдерісі мақсатына жетеді, сондықтан жалпы білім беретін мектептер өз жұмысында ұл балалармен тәрбие жұмысын жүргізетінмкітапханалармен мектептен тыс мекемелермен, клубтармен, балабақшалармен байланыс жасайды.

Осылайша, ұл балаларды қазақтың халық педагогикасының идеяларымен тәрбиелеу жүйесі жеке тұлға дамуындағы әлеуметтік жағдайлардың ерекшелігін және оның барлық жас кезеңдеріндегі (сәбилік, мектепке дейінгі, кіші мектеп жасындағы, жеткіншек, жоғары сынып оқушысы т.с.с.), тұлға дамитын шағын орталардың әртүрлі салаларындағы (отбасы, балабақша, мектеп, сынып, үй, көше, клуб, кітапхана, әуесқойлық бірлестіктер, үйірмелер) психологиялық ахуалын ескере отырып, баладан ата-анаға, педагогтарға дейінгі барлық тәрбие субъектілерінің, әртүрлі тәрбие мекемелерінің, қоғам өкілдерінің қатысуымен, тәрбие үдерісін үздіксіз, педагогикалық мақсатты түрде ұйымдастыруды қажет етеді.

Мектепте сабақтан тыс уақытта тәрбие жұмысын жүзеге асыру үшін өткізілетін іс-шаралардың бәрі кейбір педагогикалық әдебиеттерде бір ғана ортақ ұғымға біріктірілген – сыныптан тыс тәрбие жұмысы. Тек мынаған ғана назар аударайық, сабақтан тыс және сыныптан тыс жұмыспен қатар мектептен тыс білімдік-тәрбиелік жұмыс бар, онда жас ұрпақты халықтық педагогика материалдары арқылы тәрбиелеумен шұғылданады. Мектептен тыс жұмыстардың бірі болып «Тақымды тұлға» ұлттық ат ойындарын үйрету жобасы жүзеге асырылды. Бұл жоба ұлттық спортымызға оң бетбұрыс жасаудың жолы. Ұлтымыздың қанына, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына сіңген, сақталып келген мыңжылдық тарихы бар қимыл-қозғалыс, ақыл-ойды дамытатын ойындардың ерекшелігінің маңыздылығы жоғары десек те болады. Олай болса жастардың әлжуаз, денсаулығы нашар, өзінің денесін дұрыс ұстау алмайын болдырмас үшін және жол бермеудің берден бір жолы бұл ұлттық спорт ойындары деп білеміз.

Қазақтың ұлттық қозғалыс ойындарын зерттеген ғалым М.Гуннер қазақ халқының ұлттық ойындарының ережелерін сараптау негізінде мынадай жүйені ұсынады:

Сурет 17.Қазақтың ұлттық қозғалыс ойындары



Болашақ ұрпақты ойындар негізінде қимыл-қозғалыс әрекеттеріне баулумен қатар, оларды ұлттық игіліктер мен адамзат мәдени мұрасының сабақтастығын сақтай отырып, оқыту, жеке тұлға ретінде қарап оның жан-жақты дамуына мүмкіндік жасау маңызды міндеттердің бірі.

Ғалымдар М.Тәнекеев, Б.Төтенаев, Е.Сағындықовтың зерттеулерін зерделей келе, ұлттық ойындарды топтастырудағы ұсыныстарын қарастырдық:

Кесте 13. Қазақтың ұлттық ойындарын топтастыру

Қазақтың ұлттық ойындары		
М.Тәнекеев	Б.Төтенаев	Е. Сағындықов
1. Ат спорттық түрлері; 2. Атқа мініп жүруге байланысты ойындар	1. Салт-тұрмыс негізінде пайда болған ойындар; 2. Жастар ойындары мен қимыл ойындары	1.Көңіл көтеретін өимыл ойындары; 2.Дене шынықтыру спорт ойындары 3.Ойлау қабілетін дамытатын ойындар

Зерттеушілеріміздің, ғалымдарымыздың зерттеулерінде көне дәуірлерден келе жатқан ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде б.з.д. бірінші мыңжылдықта қалыптасқандығы туралы айтылып келе жатыр. Олардың ішіндегі ежелгілерінің бірі болып тоғызқұмалақ, асық ойындары Азия елдерінде кеңінен таралған. Қазақтың ұлттық ойындарының шығу тарихы, түп тамыры халқымыздың көшпелі дәстүр шаруашылығы әрекетінен бастау алып, мал шаруашылығы, аң аулау мен жаугершілікке негізделген. Осыған орай қазақтың ұлттық ойындары бес түрге бөлінеді: аң аулау, мал бағу сияқты кәсіпке байланысты. түрлі заттармен әрекеттесу арқылы ойналатын, ептілікті, зеректікті, елгезектікті, икемділікті қажет ететін ойындар. Бұл ойындарды келесідей етіп топтастыруға болады [Қозыбаев Е.Ш., Құлабекова Г.Қ. Қазақтың ұл балалрға арналған қимыл-қозғалыс ойындарының тарихи-педагогикалық аспектілері мен бүгінгі жағдайы. Педагогикалық жоғары оқу орындарындағы болашақ ұстаздың сана ашықтығын дамыту және қалыптастыру. Байтанаев оқулары – IV атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының ғылыми мақалалар жинағы. –Шымкент: «Оңтүстік Полиграфия» баспасы, 2018. – 512 бет]:

Кесте 14. Қазақтың ұлттық ойындарының түрлері

Қазақтың ұлттық ойындары		
Ойын-сауық, тұрмыс-салт ойындары	Жануарлар дүниесіне, аңшылыққа байланысты ойындар	Дене шынықтыру спорт ойындары
Қалтырауық кемпір және Ақ боран Күзем алу Тоғыз аяқ, тоғыз табақ Тоқым қағар Жар-жар (ойын-сауық) Қыз кәде Шалма (ойын) Түйілген шыт Дауыста, атынды айтам	Аңшылар (ойын) Тұзақ құру Ақ байпақ Көк сиыр Түйе-түйе Жануарлар қалай үндейді Қой бағу Алакүшік және т.б.	Атқаума Айгөлек Мәлкі тотай Соқыртеке Орамал тастау Жаяу жарыс Қасқырқақпан Көген тартыс Тең көтеру Арқан тарту

Сиқырлы таяқ Шертпек Инемді тап Белбеу тастау Монданақ Көрші ойыны Кім шертті? Сақина тастау (ойын) Жылдырт-жылдырт Алтыбақан және т.б.		Теңге ілу Қазан доп Ақ сүйек Жауя көкпар Тымақ ұру Қазақ күресі Білектесу Арқан тартыс Бәйге мен аламан бәйге Аударыспақ Қыз қуу Теңге алу Асық ойындары Бес тас Атбақыл және т.б.

Балалардың дене дамуына қимыл-қозғалыс ойындарының ықпалының мол екендігін жақсы түсінген халық жастайынан бүлдіршіндердің қозғалыста болуын қадағалаған.

Біз өзіміздің арнайы курсымызды іс жүзінде тәжірибеден өткізе отырып, мектеп оқушыларына және экспериментальды топтың студенттеріне «Тақымды тұлға» ұлттық ат ойындарын үйрету жобасын таныстырдық және ол практикада іске асырылды.

Жобаға мектеп оқушылары, орта кәсіптік және жоғары оқу орындарының студенттері қатысып қазақ халық педагогикасының негізгі құралы ат ойыны арқылы ұл балаларды атқа мінуге, атты баптауға және ұлттық ат ойындарына үйретуге, денсаулықты нығайтуға және мүмкіндігі шектеулі жандарды иппотерапия арқылы емдеуге ықпал ету болып табылады.

Жобаның мақсаты: Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры», «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» бағдарламаларын ұлттық ат ойындары арқылы насихаттау. Қазақтың ертеден келе жатқан ұлттық ат ойындарын қайта жаңғырту. Жобаға қатысушы жасөспірімдер мен жастарды, әсіресе қала жастарын атқа мінуге үйретуден бастап, «Көкпар», «Қыз қуу», «Жамбы ату», «Теңге ілу», «Аударыспақ» сынды ұлттық ойындарға үйрету. Мүмкіндігі шектеулі жандарды иппотерапия арқылы емдеуге ықпал ету.

Жобаға қатысушылар: мектеп оқушылары, орта кәсіптік және жоғары оқу орындарының студенттері.

Жобаның мазмұны: Қазақ халқы жылқы малын ежелден қастерлеп, төрт түліктің патшасы деп атаған. Қазақтың ұлттық сана-сезімі мен рухани болмысының, тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпының, мәдениеті мен өнерінің айрылмас бөлігіне айналған жылқы малы тұрмыста мінсе – көлік, ішсе – сусын, жесе – тамақ, кисе – киім, тұтынса – бұйым. Атқа міну, атты көлік ретінде пайдаланудың маңызы зор болған. Ат – ер қанаты деп есептелген.

Атқа міну дәстүрі бүгінгі күні ауылдық жерлерде әлі де маңыздылығын жоғалтпаған. Бірақ қала тұрғындары арасында атқа қызығушылық әлдеқайда төмен. Қала жастары арасында атқа міну тек сән үшін және ақылы негізде дамып отыр.

Аталған жобаның маңыздылығы қалада тұратын жасөспірімдер мен жастарды, әсіресе ұл балаларды атқа мінуге, атты баптауға және ұлттық ат ойындарына үйретуге, денсаулықты нығайтуға және мүмкіндігі шектеулі жандарды иппотерапия арқылы емдеуге ықпал ету.

Жобаны жүргізу мерзімі: 1 жыл (19.09.2018 – 19.09.2019жж.)

Жоба жетекшісі: Исатай Ғ.С., Құлабекова Г.Қ.

Жобаның демеушісі: Әбибулла А.Н. «Әбибулла Аида Нұрбекқызы» ЖК төрайымы (Жоба «Атамекен» кәсіпкерлік палатасының қолдауымен өтті)

Жобаның құрылымы:

Жоба үш кезеңнен тұрады.

І кезең (19.09. – 01.10.2018ж.**)**

Жоба туралы жасөспірімдер мен жастар арасында әлеуметтік желілер арқылы ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу. Студенттер қатарынан құрылған волонтерлер қызметі арқылы жобаға қызығушылық танытқан қатысушыларды, оқушылар мен студенттерді жинақтау, іріктеу. Жобаның мақсатымен таныстыру.

ІІ кезең (05.10.2018 – 01.04.2019жж.**)**

Жобаға қатысушыларды жас ерекшелігіне қарай топтарға бөлу және үйрету жұмыстарын жүйелі жүргізу үшін арнайы кесте жасау. Жаттықтырушы мамандардың (2 адам) топтармен жұмыс жасауы. Жоба қатысушыларын атқа мінуге үйрету.

ІІІ кезең (05.04.2019 – 10.09.2019жж.**)**

Жобаға қатысушы жасөспірімдер мен студент жастарды ұлттық ат ойындарын ойнау деңгейіне жеткізу. «Көкпар», «Қыз қуу», «Жамбы ату», «Теңге ілу», «Аударыспақ» сынды ұлттық ойындарға үйрету.

Жобадан күтілетін нәтижелер:

1. 1 жылда атқа міне алатын 100 жасөспірім мен жастарды дайындау.
2. Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалаларын қазақтың ұлттық ойындары арқылы жасөспірімдер мен жастар арасында насихаттау.
3. Жастар арасында «Көкпар» ойынының ойыншыларын дайындау.
4. Жоғары және орта кәсіптік оқу орындары студенттері арасында «Қыз қуу», «Жамбы ату», «Аударыспақ», «Теңге ілу» ойындарынан жарыс өткізу.
5. Мүмкіндігі шектеулі жандарды иппотерапия арқылы емдеу.

Бірінші кезеңде ақпараттық жұмыстардың нәтижесінде жобаға қатысуға Тараз қаласы №17, 29, 45 мектептерінің оқушылары, Жамбыл политехникалық колледжінің, Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті мен Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінің студенттері тартылды. Олармен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, жобаның мақсаты мен күтілетін нәтижелері жайлы айтылды.

Барлығы 102 адам (мүмкіндігі шектеулі 1 адам) қамтылды, 7 оқушы, 95 студент. Оның ішінде ұл балалар – 75, қыздар – 27.

Екінші кезеңде оқушылар мен студенттер жылқының жасына байланысты атауларымен, ат әбзелдерімен танысты. Сонымен қатар жаттықтырушы тарапынан атқа міну кезіндегі қауіпсіздік шараларымен таныстырылды.

Жоба қатысушылары жас ерекшеліктеріне қарай 20 адамнан 5 топқа топтастырылды. Кестеге сәйкес үйрету жұмыстары жүргізілді.

Кесте 15 - «Тақымды тұлға» ұлттық ат ойындары үйірмесінің» жұмыс кестесі.

Күндер	1 топ	2 топ	3 топ	4 топ	5 топ
Дүйсенбі	Сағ.10.00-12. 00				
Сейсенбі		Сағ.14.00-16. 00			
Сәрсенбі			Сағ.14.00-16. 00		
Бейсенбі				Сағ.14.00-16. 00	
Жұма					Сағ.14.00-16. 00

1 топ - №17, 29, 45 мектеп оқушылары, Жамбыл политехникалық колледжі

2 топ - Жамбыл политехникалық колледжі, Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті

3 топ - Тараз инновациялық- гуманитарлық университеті, Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті

4 топ - Тараз инновациялық- гуманитарлық университеті, Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті

5 топ - Тараз инновациялық- гуманитарлық университеті, Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті

Белгіленген мерзім аралығында атқа міне алатын студенттерден бөлек 2 жаттықтырушының қызметі негізінде мүлдем атқа міне алмайтын 6 оқушы мен 58 студент атқа мінуге үйретілді.

Үшінші кезеңде дайындықтан өтіп атқа мініп үйренген бес топтағы барлық оқушылар мен студенттер «Көкпар», «Қыз қуу», «Жамбы ату», «Теңге ілу», «Аударыспақ» сынды ұлттық ойындарды үйренді. Ұлттық ойындар сәуір айынан бастап әр аптаның соңғы күндері ұйымдастырылып, жоба қатысушылары топтарға бөлініп ойындарға қатысты.

Жүргізілген жұмыстың нәтижесі туралы Жамбыл облыстық «Ақжол» газетінің 2019 жылғы 11-шілдедегі №75 (18725) санында мәлімет берілді.

3.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері

Эксперименттік жұмысымызда қазақ халық педагогикасы негізінде ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасы қарастырғанда өзіміздің жасаған «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курсын арқау еттік. Бұл пән студенттерге берілетін қазақ халық педагогикасындағы ұл тәрбиесінің ерекшеліктерін қамтып, халықтық педагогика арқылы берілетін тәрбиенің нәтижелі жүзеге асырылуына негіз болды:

-қазақ халық педагогикасындағы ұл бала тәрбиесінің жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделуі;

-кәсіби педагогикалық қарым-қатынас, іс-әрекет, педагогикалық шеберлік, көшбасшылық, өзін-өзі тану арқылы

-білім алушылардың рухани-адамгершілік әлеуетін терең ашуға мүмкіндігін жетілдіруді жүзеге асыру.

Жоғарыда айтылғандардың бәрі білім алушылардың қазақ халық педагогикасындағы ұл бала тәрбиесі жайлы білімдерін әрі қарай дамытуға үлесін тигізеді деп ойлаймыз, сонымен қатар өз қабілеті мен мүддесін қазіргі заманауи қоғам сұранысымен үйлестіріп, рухани-адамгершілік қасиеттері педагогикалық қарым-қатынас жасауына мүмкіндік туғызады.

Эксперименттік-тәжірибе жұмысында ЖОО білім алушыларының қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделіндегі мотивациялық, когнитивтік, мінез-құлықтық компоненттері және соған сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштері бойынша деңгейлерін бағалау көрсетіледі. Сонымен модельдің мынадай өлшемдері бойынша деңгейлерін анықтау қажет:

- *ынталанушылық өлшемі*, қазақ халық педагогикасының ұл бала, ер жігіт тәрбиесін қалыптастыруға саналы көзқарас, оның қоғамдық мәнін түсіну, қажеттілігін сезіну өлшемі, ол қазақ халық педагогикасына деген ерекше сыйластық пен құрметтің болуы; қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесіне қызығушылығы; ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің маңызын ұғынуы; қазақ халық педагогикасындағы ар - ұят, намыс, ар-ождан түсініктерінің мәнін ұғынуы секілді көрсеткіштерін сипаттайды

- *танымдық өлшемі,* қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасы туралы білім және сана-сезім өлшемі, ол қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің қалыптасу, даму тарихы туралы білімі; қазақ халық педагогикасының ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің идеялары туралы білімі мен ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің мазмұнын түсінуі және салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды ажырата алуын көрсетеді;

- *іс-әрекеттік өлшемі,* қазақ халық педагогикасы арқылы ұл бала, ер жігіттің ұлттық келбетін, бітім-болмысын қалыптастыруда ұлттық мінез-құлықтың қалыптасуы мен оны іс-әрекетте қолдану білігінің өлшемі, ол қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің құралдары мен әдіс-

тәсілдерін қолдануы; ұл бала тәрбиесі мазмұнының қалыптасуы; ұл бала, ер жігіт тәрбиесінде ұлттық мінез-құлықтың көрініс табуын сипаттайды.

Осы орайда зерттеуімізде психологиялық және педагогикалық диагностика арқылы білім алушылардың қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесін қалыптастырудың тиімділігін арттыру мақсатында төмендегі бағытта қажетті ақпараттарды және мәліметтерді жинақтауға назар аударылды:

- білім алушылардың халықтық педагогика, қазақ халық педагогикасы, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар туралы түсініктерін, ұл бала, ер жігітке тән адамгершілік қасиеттерін әртүрлі іс-әрекеттерде тұлғалық сапаларды жүзеге асыруы;


- білім алушылардың қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің қалыптастыру деңгейін диагностикалау негізінде қажетті тәрбиелік, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және т.б.

Педагогикалық эксперименттің қалыптастыру кезеңінде білім алушылардың қазақ халық педагогикасы арқылы ұл бала, ер жігітті тәрбиелеудің теориясы мен практикасын қалыптастыруға бағытталған жоғары оқу орнының мақсатты бағыттағы іс-шаралары іске асты. Осы орайда тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында шешімін табатын негізгі міндеттердің мазмұнын анықталды: педагогикалық экспериментті жүргізу және ұйымдастыру алгоритмін құру; қазақ халық педагогикасы арқылы ұл бала, ер жігітті тәрбиелеудің теориясы мен практикасын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделіндегі мотивациялық, когнитивтік, мінез-құлықтық компоненттері және соған сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштері бойынша деңгейлерін бағалау жүйесін негіздеу; қазақ халық педагогикасы арқылы ұл бала, ер жігітті тәрбиелеудің теориясы мен практикасын қалыптастырудың әдістемелік мазмұнын қамтамасыздандыру; эксперимент барысында алынған нәтижелерге талдау жасау және өңдеу болып табылады. Қалыптастыру экспериментінің мақсаты – қазақ халық педагогикасы арқылы ұл бала, ер жігітті тәрбиелеудің теориясы мен практикасын қалыптастырудың деңгейін анықтау, сонымен бірге олардың осы мәселеге қатынасын айқындау, тұтас алғанда білім беру үдерісі үшін оның маңыздылығын түсінуін білу.

Қалыптастыру эксперименті барысында әдістемелердің ішінен, атап айтқанда С.Бемнің «Маскулинділік, феминділік және андрогинділік» әдістемесі, «Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт бейнесі» сауалнамасы, Т.Лиридің (Ю.А. Решетняк, Г.С.Васильченко бейімделген) «Жеке тұлғаның феминділік, маскулинділік қасиеттерінің айқындығы» әдістемесі қайтадан қолданылды. Олардың нәтижелерін талдау төмендегідей мәліметтер алуымызға мүмкіндік берді. Қалыптастырушы эксперимент нәтижесінде 2019-2020 оқу жылындағы бақылау және эксперименттік топқа кірген 2-4 курс студенттерінің С.Бемнің «Маскулинділік, феминділік және андрогинділік» әдістемесі бойынша деңгейлерінің пайыздық көрсеткіштерін төмендегі 16-кестеде көрсеттік.

Кесте 16 – С.Бемнің «Маскулинділік, феминділік және андрогинділік» әдістемесі бойынша бақылау және эксперименттік топтардың қалыптастыру экспериментіндегі деңгейлерінің пайыздық көрсеткіштері (%)

№	Шкалалар атауы	Бақылау тобы 60 студент	Эксперименттік топ 62 студент
1	Маскулинді	15 (25%)	18 (29%)
2	Феминді	16 (26,6%)	17 (27,4%)
3	Андрогинді	22 (36,6%)	24 (38,7%)
4	Дифференциалды емес	7 (11,6%)	3 (4,8%)



Сурет 18 – С.Бемнің «Маскулинділік, феминділік және андрогинділік» әдістемесі бойынша бақылау және эксперименттік топтардың қалыптастыру экспериментіндегі көрсеткіштерінің диаграммасы

Қалыптастырушы эксперимент көрсеткіштерін салыстыратын болсақ, бақылау тобының респонденттерін құраған М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 2-4 курс студенттерінің, яғни 60 сыналушыдан 15 адам маскулинділік, яғни 25% пайызды ортаңғы көрсеткіштерге ие болса, жоғары деңгейдің бірі андрогинділік шкаласына басымдық берілген, бұл 22 адам, яғни 36,6% пайызды құраған. Ал эксперименттік топты құраған Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің 2-4 курс студенттерінің маскулинділік көрсеткіші бойынша 18 респондент 29% пайызын құрайды, 17 зерттелушіде, феминділік көрсеткіші бойынша нәтиже көрсеткен. «Андрогинділік» көрсеткішінің қасиеттеріне жауап берген сыналушылар 38,7% пайызды құрап, 24 респондеттің жауабында байқалады. «Феминділік» көрсеткішіне жатқызылатын қасиеттерді таңдаған респонденттер саны 17

яғни 27,4% пайызды қамтыды. Төмен деңгейдегі көрсеткіштер «Дифференциалды емес» 4,8% пайызы, 3 зерттелушілерде ғана байқалған.

Жоғарыда С.Бемнің «Маскулинділік, феминділік және андрогинділік» әдістемесі бойынша бақылау және эксперименттік топтардың қалыптастыру экспериментіндегі көрсеткіштерінің диаграммасынан (18-суретте) көруге болады. 2018-2019 оқу жылында жүргізілген бақылау топтары бойынша анықтаушы эксперимент пен 2019-2020 оқу жылында аяқталған қалыптастырушы эксперименттегі С.Бемнің «Маскулинділік, феминділік және андрогинділік» әдістемесі бойынша бақылау тобындағы зерттелушілердің экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі нәтижелерін салыстырайық (Кесте 16).

Кесте 16 – С.Бемнің «Маскулинділік, феминділік және андрогинділік» әдістемесі бойынша бақылау тобы зерттелушілерінің экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері

№	Шкалалар атауы	БТ экспериментке дейін	БТ эксперименттен кейін
1	Маскулинділік	14 (23,3%)	18 (29%)
2	Феминділік	17 (28,3%)	17 (27,4%)
3	Андрогинділік	22 (36,6%)	24 (38,7%)
4	Дифференциалды емес	7 (11,6%)	3 (4,8%)

Сонымен бақылау тобы зерттелушілерінің экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі қорытындыларының пайыздық көрсеткіштерін салыстыратын болсақ, олардың «маскулинділік» шкаласы біраз ғана өзгерген. Дегенмен «Андрогинділік» шкаласында бірен-саран айырмашылық байқалады. Ал енді эксперименттік топ зерттелушілерінің С.Бем әдістемесі бойынша 3-курстан 4-ші курстың соңына қарай қалай өзгергенін қарастырайық (кесте-17).

Кесте 17 – С.Бемнің «Маскулинділік, феминділік және андрогинділік» әдістемесі бойынша эксперименттік топ зерттелушілерінің экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері

№	Шкалалар атауы	ЭТ экспериментке дейін	ЭТ эксперименттен кейін
1	Маскулинділік	15 (24,2%)	18 (29%)
2	Феминділік	16 (25%)	17 (27,4%)
3	Андрогинділік	24 (38,7%)	24 (38,7%)
4	Дифференциалды емес	7 (11,3%)	3 (4,8%)

Осылайша 4-ші курсқа қарай эксперименттік топ сыналушыларының маскулинділік, андрогинділік шкалалар бойынша өзгеру динамикасын қарасақ, жоғары деңгейге ие болғандар саны артып, төмен деңгейдегі көрсеткен зерттелушілер саны біршама азайғанын байқауымызға болады. Зерттеудің қалыптастырушы эксперименті барысында ұйымдастырып жүйелі жүргізген іс-шараларымыздың қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасы туралы түсініктерінің қалыптасқандығына айтарлықтай ықпал еткендігін көрсетеді. Қалыптастырушы экспериментке қатысқан студенттер түрлі танымдық іс-әрекеттер мен шараларға тартылды. Атап айтқанда, оқу, аудиториядан тыс, өзіндік жұмыстар, ғылым мен тәрбие бағыттарындағы іс-шаралар. Білім алушылардың ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасын тереңдетіп қалыптастыру үшін оқу іс-әрекеті және оқудан тыс жұмыстарға белсенді қатыстырып, студенттердің қазақ халық педагогикасының құралдарын пайдалануын байқадық.

Келесі кезеңде *«Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт бейнесі»* атты сауалнамамызды қайта жүргіздік. Бұл әдістеме біз ұйымдастырған қалыптастырушы тәжірибенің бірқатар әдістемелік іс-шаралардан соң студенттердің қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесі туралы жаңадан қалыптасқан білімдерін анықтау мақсатында қайта алынды.

Кесте 18 – Студенттерден қалыптастырушы эксперименттен соң алынған сауалнаманың нәтижесі


№	Сауалнама сұрақтары	Бақылау тобы	Эксперимент тобы
1.	Ер жігіттер көбінесе белсенді іс-әрекеттерді ұнатады (спорт, аңшылық, балық аулау және т.б.)	11 (18,3%)	7 (11,3%)
2.	Ер жігіттер қарым-қатынаста жан тәнімен сөйлесуді ұнатады	8 (13,3%)	4 (6,4%)
3.	Қазақ отбасында ер жігіт басшылық етуі тиіс	10 (18,3%)	12 (20,9%)
4.	Қазақ отбасында әйел адам басшылық етуі тиіс	3 (5%)	2 (3,2%)
5	Ұл бала, ер жігіттің өмірлік құндылығы отбасына қызмет ету, кәсіпті игеру, досқа адал болу болып табылады	6 (10%)	7 (11,2%)
6	Ұл бала, ер жігіттің өмірлік құндылығы алдымен өзіне-өзі қызмет ету, табысқа жету, мансап қуу болып табылады	5 (8,3%)	6 (9,6%)
7	Ұл бала мен ер жігітке тән қасиеттерді тәрбиелеуде: ертегілер, лиро-эпос	5 (8,3%)	7 (11,2%)

	жырлары, батырлар жыры, тарихи жырлар маңызды		
8	Ұл бала мен ер жігітке тән қасиеттерді тәрбиелеуде тұрмыс-салт жырлары, айтыс өлеңдері, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар маңызды	4 (6,6%)	6 (9,6%)
9	Ер жігіттер бос уақытын интеллектуалды және мәдени тұрғыдан өткізуді ұнатады	4 (6,6%)	8 (12,9%)
10	Ер жігіттер бос уақытын спорттық клубтарда, белсенді қозғалыстармен өткізуді ұнатады	4 (6,6%)	3 (4,8%)

Қалыптастыру экспериментіндегі «Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт бейнесін» сауалнама нәтижесі негізінде зерттелуші топтардың пайыздық көрсеткіштерін салыстыра отырып, бақылау тобы бойынша айтарлықтай өзгерістің байқалмағандығын көреміз. Ал енді қалыптастырушы эксперимент нәтижесінде эксперименттік топты құраған 62 студент бойынша 7 зерттелушілердің «ер жігіттер көбінесе белсенді іс-әрекеттерді ұнатады (спорт, аңшылық, балық аулау және т.б.)» сұрағының 11,3 (%) пайызын құрады, ал «ер жігіттер қарым-қатынаста жан тәнімен сөйлесуді ұнатады» сауалнама сұрағы бойынша зертелуші саны – 4, бұл 6,4 (%) пайызын құрайды, «қазақ отбасында ер жігіт басшылық етуі тиіс» 13 зерттелушілердің 20,9 (%) пайызында көрініс тапты. Ал, «қазақ отбасында әйел адам басшылық етуі тиіс» сауалнама сұрағында 2 зерттелушіде, яғни эксперимент тобының 3,2 (%) пайызында көрініс тапты, «ұл бала, ер жігіттің өмірлік құндылығы отбасына қызмет ету, кәсіпті игеру, досқа адал болу болып табылады» деп қолдаған 8 адам, яғни (12,9%) пайызын құраса, «ұл бала, ер жігіттің өмірлік құндылығы алдымен өзіне-өзі қызмет ету, табысқа жету, мансап қуу болып табылады» деген сауалнама сұрағы 7 адамда оңды көзқарасы байқалып, яғни зерттелушілердің (11,2%) пайызында көрінді, «ұл бала мен ер жігітке тән қасиеттерді тәрбиелеуде: ертегілер, лиро-эпос жырлары, батырлар жыры, тарихи жырлар маңызды» деген көзқарасты 7 зерттелушілерден 11,2(%) пайызы көрінді, «ұл бала мен ер жігітке тән қасиеттерді тәрбиелеуде тұрмыс-салт жырлары, айтыс өлеңдері, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар маңызды» отбасында әйел адам негізгі табыс көзі 6 зерттелуші, яғни 9,6(%) пайызын қамтиды, «ер жігіттер бос уақытын интеллектуалды және мәдени тұрғыдан өткізуді ұнатады» деп ойларын білдірген 8 зерттелуші 12,9(%) пайызын құрады, «ер жігіттер бос уақытын спорттық клубтарда, белсенді қозғалыстармен өткізуді ұнатады» деген респонденттер саны 3, яғни зерттеу нысанының 4,8(%) пайызын қамтыды. Көріп отырғанымыздай бірқатар сауалнама сұрақтарында өзгеріс бар екенін байқадық. Әсіресе «Қазақ отбасында ер жігіт басшылық етуі тиіс», «Ұл бала, ер жігіттің өмірлік құндылығы отбасына қызмет ету, кәсіпті игеру,

досқа адал болу болып табылады» «Ер жігіттер бос уақытын интеллектуалды және мәдени тұрғыдан өткізуді ұнатады», «Ұл бала мен ер жігітке тән қасиеттерді тәрбиелеуде: ертегілер, лиро-эпос жырлары, батырлар жыры, тарихи жырлар маңызды» және «Ұл бала мен ер жігітке тән қасиеттерді тәрбиелеуде тұрмыс-салт жырлары, айтыс өлеңдері, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар маңызды» сынды сұрақтарға қалыптастырушы эксперименттің әдістемелік іс-шараларынан соң бірқатар өсу динамикасы байқалады. Бұл дегеніміз отбасындағы, елдегі, жалпы ұлттың қалыптасуындағы негізгі тұлға ұл бала, ер жігіт екенін студенттер түсініп, қорытынды жасады, сонымен қатар ер жігіттің бойындағы ең негізгі қасиет тек ерік-күшінің мықтылығында емес, оның интеллектуалды, мәдени дүниетанымының қалыптасуы негізгі екенін осы сауалнама нәтижесінен байқауға болады.

Жоғарыда келтірілген әдістеме бойынша алынған соңғы тәжірибелік нәтижелердің пайыздық көрсеткіштері төмендегі диаграммада көрнекі түрде бейнеленген (19-сурет).



Келесі кезеңде қолданылған Т.Лиридің (Ю.А. Решетняк, Г.С.Васильченко бейімдеген) «Жеке тұлғаның феминділік, маскулинділік қасиеттерінің айқындығы» әдістемесі бойынша қалыптастырушы эксперименттен кейінгі бақылау және эксперименттік топтар нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштерін салыстыра келе, талдауды ұсынамыз (19-кесте).

р/с	Шкалалар атауы	Бақылау тобы	Эксперименталдық топ
1	Авторитарлық	8 (13,3%)	7 (11,3%)

2	Өзімшілдік	7 (11,6%)	7 (11,3%)
3	Агрессивтілік	7 (11,6%)	8 (12,9%)
4	Күдіктілік	5 (8,3%)	5 (8%)
5	Бағыныштылық	7 (11,6%)	6 (9,7%)
6	Тәуелділік	6 (10%)	6 (9,7 %)
7	Достық	7 (11,6%)	11 (17,8%)
8	Альтруистік	8 (13,3%)	12 (19,3%)


Кесте 19 – Т.Лиридің (Ю.А. Решетняк, Г.С.Васильченко бейімдеген) «Жеке тұлғаның феминділік, маскулинділік қасиеттерінің айқындығы» әдістемесі бойынша қалыптастырушы эксперименттен кейінгі бақылау және эксперименттік топтар нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері (%)

Кесте барысында берілген пайыздық көрсеткіштегі шкалалардың сипаттамасы бізге келесідей нәтиже береді. Біз аталған қасиеттерден бақылау тобында да эскперименттік топта да айырмашылықтарды байқадық. Дегенмен де екі топта да, өзімшілдік, агрессивтілік шкалалары екі топта да бірдей нәтиже көрсетті. Ал эксперменталды топта достық, альтруистік шкалалары өзге шкалаларға қарағанда жоғары екенін көруге болады. Бұл шкала бойынша студенттердің бойында бағыныштылық, тәуелділік тудыратын жағдайларға төтеп беретін ішкі мүмкіндіктерін пайдалана алды деп қорытындыласақ болады.

Анықтаушы эксперименттен кейін эксперименттік топта жүргізілген әдістемеміздің тиімділігі жоғары екенін достық және альтруистік шкалалардың жоғары болуынан көруге болады. Дегенмен де агрессивтілік шкаласы анықтау экспериментімізден кейінде өз нәтижесін бермеді десек болады. Жалпы қорытындылап айтсақ, қолданылған әдістеме өз нәтижесін берді, оны жоғары көрсетілген кестеден көруімізге болады. Бақылау тобы айтарлықтай айырмашылық көрсеткен жоқ.

Т.Лиридің (Ю.А. Решетняк, Г.С.Васильченко бейімделген) «Жеке тұлғаның феминділік, маскулинділік қасиеттерінің айқындығы» әдістемесі бойынша қалыптастырушы эксперименттен кейінгі бақылау және эксперименттік топтар нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштерін салыстыратын болсақ, бақылау тобы зерттелушілерінің 34% пайызы мотивациялық компонентінің жоғарғы көрсеткішін көрсетті, яғни мотивациялық көрсеткіш қазақ халық педагогикасының ұл бала, ер жігіт тәрбиесін қалыптастыруға саналы көзқарас, оның қоғамдық мәнін түсіну, қажеттілігін сезіну тұрғысынан қарастырылды, екінші компонент болып, конгитивтілік эксперимент тобында 33% пайыз болып айқындалды, онда когнитивтік көрсеткіш ұл бала, ер жігіт туралы білімі қамтамасыз етілді, ұл бала, ер жігіт жайлы оңды көзқарастары қамтамасыз етілді, ал 33% пайызы мінез-құлықтық көрсеткіші қазақ халық педагогикасы арқылы ұл бала, ер жігіттің ұлттық келбетін, бітім-болмысын қалыптастыруда ұлттық мінез-құлықтың қалыптасуы мен оны іс-әрекетте қолдану білігі анықталды.

Қалыптастырушы-тәжірибелік іс-шаралардан кейінгі эксперименттік топ зерттелушілері нәтижелерін талдайтын болсақ, олардың көбісі 30% пайызы мотивациялық компоненті бойынша жоғарғы көрсеткішті танытты. Когнитивтік компоненті бойынша 40% пайызында тәрбиесінің теориясы мен практикасы туралы білімнің және сана-сезімінің болуының артқанын байқайтын болсақ, мінез-құлықтық көрсеткіші бойынша 30% пайызы ұл бала, ер жігіттің ұлттық келбетін, бітім-болмысын қалыптастыруда ұлттық мінез-құлықтың қалыптасуы мен оны іс-әрекетте қолдану білігі нақты анықталды. Осы алынған нәтижелерді көрнекі түрде 15-суреттегі диаграммадан көруге болады.



Сурет 20 - Т.Лиридің (Ю.А. Решетняк, Г.С.Васильченко бейімдеген) «Жеке тұлғаның феминділік, маскулинділік қасиеттерінің айқындығы» әдістемесі бойынша бақылау және эксперименттік топтардың қалыптастыру экспериментіндегі көрсеткіштерінің диаграммасы


Ал енді эксперименттік топ зерттелушілерінің Т.Лиридің (Ю.А. Решетняк, Г.С.Васильченко бейімдеген) «Жеке тұлғаның феминділік, маскулинділік қасиеттерінің айқындығы» 3-курстан 4-курстың соңына қарай қалай өзгергенін қарастырайық (кесте-20).

Кесте 20 – Т.Лиридің (Ю.А. Решетняк, Г.С.Васильченко бейімдеген) «Жеке тұлғаның феминділік, маскулинділік қасиеттерінің айқындығы» әдістемесі бойынша эксперименттік топ сыналушылардың экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері

р/с	Шкалалар атауы	Қалыптастырушы	Қалыптастырушы эксперименттен

		эксперименткедейінгі	кейінгі
1	Авторитарлық	8	9
2	Өзімшілдік	10	10
3	Агрессивтілік	8	9
4	Күдіктілік	5	3
5	Бағыныштылық	10	11
6	Тәуелділік	8	6
7	Достық	8	6
8	Альтруистік	9	8

Осылайша 4-курсқа қарай эксперименттік топ зерттелушілерінің Т.Лиридің (Ю.А. Решетняк, Г.С.Васильченко бейімдеген) «Жеке тұлғаның феминділік, маскулинділік қасиеттерінің айқындығы» әдістемесі бойынша алған нәтижелеріміз қалыптастырушы экспериментке дейінгі алынған нәтижелермен салыстырғанда әлдеқайда жоғарылағынын байқаймыз. Бұл бізбен ұйымдастырылған қалыптастырушы іс-шаралардың болашақ педагог-психолог мамандарының қазақ халық педагогикасындағы ұл бала тәрбиесі туралы пікірлеріне тиімді әсер еткендігін дәлелдейді. Жоғарыда келтірілген әдістеме бойынша қалыптастырушы эксперименттен кейінгі алынған нәтижелердің пайыздық көрсеткіштері төмендегі диаграммада көрнекі түрде бейнеленген (Сурет 21).



Сурет 21 - Т.Лиридің (Ю.А. Решетняк, Г.С.Васильченко бейімдеген) «Жеке тұлғаның феминділік, маскулинділік қасиеттерінің айқындығы» әдістемесі бойынша эксперименттік топ зерттелушілерінің экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі нәтижелерінің салыстырмалы пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Қалыптастыру экспериментінен жоғары оқу орындары студенттерінің өзгеру динамикасы байқалады. Бақыланушылардың қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің мәселелеріне терең тоқталып, отбасындағы ерлердің рөлі, олардың психологиясы, ықпалын тигізетін , ынталанушылық, танымдық, іс-әрекеттік өлшемдерінің деңгейіне тікелей байланысты.

Сондықтан қалыптастыру экспериментінде студенттердің ынталанушылық деңгейі бақылау тобында 32% - жоғары, 52% – орта, 16% – төмен болса, ал эксперимент тобында студенттердің ынталанушылық деңгейі 37%- жоғары, 54% - орта, төмен деңгей көрсеткіші 9% пайызын құрайды. Танымдық деңгейі бақылау тобы студенттерінің 29% пайызын жоғары, 53% пайызы орта, 18% пайызы төмен болса, ал эксперимент тобында студенттердің танымдық деңгейі 32% пайызы жоғары, 59% пайызы орта, төмен деңгей 9% пайызды көрсетеді. Іс-әрекеттік деңгейі бақылау тобы студенттерінің 26% пайызы жоғары, 60% пайызы орта, 14% төмен деңгейде, ал эксперимент тобында студенттердің іс-әрекеттік деңгейі 33% пайызы жоғары, 61% пайызы орта, төмен деңгей көрсеткіші 6% пайызды көрсетеді. Жоғарыдағы әдістемелерді жүргізу мен олардың жауаптарын талдау нәтижесінде үш өлшем бойынша берілген мәліметтер эксперименттік топтардағы көрсеткіштердің біршама өзгергендігін көрсетеді. Бұның дәлелі бірінші өлшем бойынша төменгі көрсеткіш 9% пайызын, ал екінші өлшем бойынша да 9% пайызы, ал үшінші өлшем бойынша 6% пайызға дейін төмендеді. Сонымен студенттерінің қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің қалыптасуын анықтайтын ынталанушылық, танымдық, іс-әрекеттік өлшемдері көрсеткіштеріне сүйеніп, орташа пайыздық көрсеткіштері анықталды: ол бақылау тобында 29% пайызы жоғары, 55% пайызы орта, 16% пайызы төмен деңгейде болса, ал эксперименттік топта 34% пайызы жоғары, 58% пайызы орта, 6% пайызы төмен деңгейді көрсетеді. Бұл деңгей ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасы жеткілікті, терең, толық білімінің қалыптасқанын сипаттайды (22,23 - кестелер).

Кесте 22 – Қалыптастыру эксперименті бойынша бақылау және эксперименттік топтар өлшемдерінің ұл бала, ер жігіт тәрбиесі туралы теория мен практикасының пайыздық көрсеткіштерінің деңгейлері (%)

Өлшемдері	Бақылау тобы			Эксперименттік топ		
	Ж	О	Т	Ж	О	Т
*Ынталанушылық (*Қазақ халық педагогикасының ұл бала, ер жігіт тәрбиесін қалыптастыруға саналы көзқарас, оның қоғамдық мәнін түсіну, қажеттілігін сезіну*)*	32	52	16	37	54	9
*Танымдық (*Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасы	29	53	18	32	59	9

туралы білімнің және сана-сезімінің болуы)						
Іс-әрекеттік (Қазақ халық педагогикасы арқылы ұл бала, ер жігіттің ұлттық келбетін, бітім-болмысын қалыптастыруда ұлттық мінез-құлықтың қалыптасуы мен оны іс-әрекетте қолдану білігі)	26	60	14	33	61	6
Орташа көрсеткіш	29	55	16	34	58	8

Кесте 23 – Қалыптастырушы эксперименттің нәтижелері бойынша бақылау және эксперименттік топтары студенттерінің қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесі дәстүрлері негізіндегі тәрбие жұмысына педагогикалық даярлығы деңгейлері (%)

Деңгейі	Бақылау тобы ($n_{1=}$ 60)	Эксперименттік топ ($n_{2=}$ 62)
Жоғары	$O_{13=}$ 7 (11,6%)	$O_{23=}$21 (33,9%)
Орта	$O_{12=}$22(36,6%)	$O_{22=}$35 (56,4%)
Төмен	$O_{11=}$31 (51,6%)	$O_{21=}$6 (9,7%)

23-кестеде көрсетілген эксперимент соңындағы студенттердің ұл бала, ер жігіт тәрбиесіне даярлығы деңгейлерінің салыстырмалы көрсеткіштері тәжірибелік-эксперимент барысында сынақтан өткен әдістеменің болашақ мұғалімдердің қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесі дәстүрлері негізіндегі тәрбие жұмысына педагогикалық даярлығы деңгейінің едәуір өскенін көрсетіп отыр.

Бақылау және эксперимент топтары студентерінің ұл бала, ер жігіт тәрбиесіне даярлығы деңгейлеріндегі айырмашылық зерттеу жұмысымыз барысында ұсынылған психологиялық-педагогикалық шарттарды орындау және «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курсының мазмұны мен әдістемесін мақсатты іске асыру арқылы анықталады деген *альтернативті гипотезаны* ұсындық.

Статистикалық гипотезаны дәлелдеу үшін 1-формуланы қолдана отырып, Тбақ-тың мәнін есептейміз:

$$\text{Тбайқ} = \frac{1}{60 \cdot 62} \sum_{i=1}^{3} \left[\frac{(60 \cdot 6 - 62 \cdot 31)^2}{31 + 6} + \frac{(60 \cdot 35 - 62 \cdot 22)^2}{22 + 35} + \frac{(60 \cdot 21 - 62 \cdot 7)^2}{7 + 21} \right] \approx 26{,}83$$

М.И.Грабарь, К.А.Краснянская ұсынған статистикалардың критикалық мәндері кестесіне сәйкес [*Грабарь* М.И., *Краснянская* К.А. Применение математической статистики в педагогических исследованиях. Непараметрические методы. - М.:Педагогика, 1977 – Б.130.] $a=0,05$,

критикалық мән Ткрит =*5,991,* мұнда *С*- категориялардың (деңгейлердің) саны. Тбайқ =26,83 және Ткрит =*5,991 мәндерін педагогикалық салыстыра келе 26,83* › 5,991 теңсіздікке ие болды. Яғни, Тбайқ › Ткрит теңсіздігі анықталды.

Қалыптастыру экспериментінің нәтижелері бойынша зерттелінушілердің қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасының қалыптасуы жоғары деңгейде, ол студенттердің ұл бала, ер жігітті тәрбиелеуде халық педагогикасының рөлін қабылдауға бағытталған сана-сезімінің қалыптасқанын, отбасын жеке тұлға және қоғам үшін маңызды ұл баланың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін жете түсінетінін анықтады. Қазақ халық педагогикасына деген ерекше сыйластық пен құрметі артып, ұл бала, ер жігіт тәрбиесіне қызығушылығы жоғарылап, ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің маңызын терең ұғынды. Қазақ халық педагогикасындағы ар - ұят, намыс, ар-ождан түсініктерінің мәнін және ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің қалыптасу, даму тарихы туралы білімін тереңдетті. Салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды ажырата алуға үйреніп, қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің құралдары мен әдіс-тәсілдерін қолдану іскерлігі пайда болды. (21 сурет)





Қалыптастыру экспериментін қорытындылау үшін соңғы тексеру жүргізілді. Оның мақсаты зерттелінушілерді қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасын қалыптастыру жүйесінің тиімділігін анықтау болып табылды. Студенттер оқу және оқудан тыс әрекеттерге белсенді қатысып, олардың мазмұнына, түріне қарай өзінің белсенділігін, өзіндік ерекшеліктерін толығымен бағалауды үйренді. Эксперименттік топтағы студенттер сабақта және сабақтан тыс, өзіндік жұмыстарды орындауда және шығармашалық жұмыстарда еркін бағыт алып, кәсіби тұрғыдан алған білімдерін тәжірибеде қолдана алды.

Студенттердің қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесіне деген көзқарастары анағұрлым өзгерді. Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінде ұлттық мінез-құлықтың көрініс табуы мен ер жігіттің ұлттық келбетін, бітім-болмысын қалыптастыруда ұлттық мінез-құлықтың қалыптасуы мен оны іс-әрекетте қолдану білігі мен дағдының, қабілеттер мен сапалардың болуы маңызды.

Жалпы педагогикалық экспериментте тұлғаның даму деңгейіне диагностикалық талдау жасау үшін белгілі бір әдістеменің қажеттілігі байқалады. Соның ішінде, қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасы туралы білімнің және сана-сезімінің пайда болуына «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курстың маңызы зор. Ол ұл бала тәрбиесінде қазақ халық педагогикасының құралдарын пайдалана отырып ұл бала, ер жігіт тәрбиесіндегі маңызды тетіктерге тоқталып, жалпы ұлттық құндылықтарды біріктіреді.

Бақылау эксперименті барысында «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» атты элективті курс бағдарламасында көрсетілген білім негіздерін бере отырып, ЖОО-да сабақ және сабақтан тыс мен басқа да өткізілген іс-шараларды негізге алып, қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасының қалыптасуын анықтау мақсатында

өткізілген сауалнамалар көрсеткіші де зерттеу жұмысымыздың нәтижелі болғанын байқатты.

Жүргізілген тәжірибелік эксперимент-жұмыстары барысында сыналуышларымыздың ұл бала ер жігіт тәрбиесінің қалыптастыру динамикасын талдауда Стьюдент t критериі пайдаланылды. Эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелерінің өсуіндегі нақты айырмашылықты анықтау үшін t-критериінің есебін жүргіздік. Мысалы, ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің негізі ретінде «ынталанушылық» өлшемді мысалға келтіре отырып, осы формула бойынша есептеп көрсетеміз. Мысалы:

Беріліп отырған топтар бойынша дисперсия келесідей формулалармен

X_1 X_2 және S_1^2 S_1^2 деп есептеледі

$$X_1 = \frac{\sum X_i}{n}$$

$$X_2 = \frac{\sum X_i}{n}$$

- ЭТ, БТ қорытындылары бойынша өзгерістердің квадраттар қосындыларын қарастырамыз:

$\sum X_1^2$ дисперсияны анықтаймыз $S_1^2 = \frac{n\sum X_1^2 - (\sum x)^2}{n(n-1)}$

Дисперсиялардың тепе-теңдігі жөнінде болжамды тексереміз:

$F=\frac{S_1^2}{S_1^2}$ орташа көрсеткіштер арасындағы айырмашылықтың қателіктерін есептейміз: $S_{\boxed{X_1 - X_2}}=\sqrt{\frac{S_1^2}{n^1} + \frac{S_2^2}{n^2}}$

t – критериін төмендегі формуламен есептеп, алынған мәнді кестедегі мәндік деңгеймен (P = 0,05) және ерікті дәреже - f = n1 + n2 -2 = 53+48-2 = 99 санымен салыстырамыз.

$t=\frac{x_1 - x_2}{S_{\boxed{x_1 - x_2}}}$

Осындай есептеу әрбір студенттерге ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасында анықталған өлшемдер (ынталанушылық, коннитивтік, іс-әрекеттік) бойынша жүргізілді.

Осыдан қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасы деңгейлері бойынша бөліп көрсетуде өзара байланыс бар екендігі байқалады Эксперименттік топ бойынша білім алушылардың қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесі теориясы мен практикасының қалыптасу өлшемдерінің дұрыс нәтиже беруімен ерекшеленді. Экспериментке дейінгі зерттеу нәтижелері эксперименттік және бақылау топтарының ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің қалыптасу көрсеткіштері бойынша бір-бірінен айырмашылықтары аз болады. Анықтау және қалыптастыру эксперименттеріндегі көрсеткіштерді


салыстыра келе, біз соңғы қорытынды кезеңнің нәтижесін шығардық (24 кесте).

Кесте 24 - Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың салыстырмалы нәтижесі


Деңгейлер	**Бақылау тобы**		**Эксперименттік топ**	
	Э-ке дейін	Э-тен кейін	Э-ке дейін	Э-тен кейін
Жоғары	6 (10,0%)	7 (11,6%)	7 (11,2%)	21 (33,9)
Орташа	20 (33,3%)	22 (53,3%)	21 (34,0%)	35 (56,4)
Төмен	34 (56,7%)	31 (51,6%)	34 (54,8%)	6 (9,7)

Алынған нәтижелер сараптамасы көрсеткендей, тәжірибелік топтардың екеуінде де қазақ халық педагогкасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасын қалыптастырудағы жалпы көрсеткіштері де элективті курсты жүргізгеннен кейін біршама артқан.

Эксперименттік және бақылау топтары арасындағы бірлестік бойынша көрсеткіштерінің өзгеруіндегі айырмашылықтың өте үлкен болғанын да атап кеткен жөн. Егер бақылау топтарында бұл көрсеткіш мүлдем өзгермеген болса, эксперименттік топтарда бұл жоғары көрсеткішке ие. Сонымен қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің тоериясы мен практикасының қалыптастыру жүйелі жүргізілетін ұзақ үрдіс екені белгілі болды. Ол болашақ мамандарды тәрбиелеумен байланысты іс-әрекетінің ғылыми ұстанымдар жүйесіне қаншалықты негізделетініне байланысты. Нәтижелерді талдау тәжірибелік-эскперименттік жұмыс барысында болашақ мамандардың қазақ халық педагоикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің (ынталанушылық, когнитивтік, іс-әрекеттік өлшемдер) эксперименттік топтарда жоғарылағанын, соның ішінде жоғары деңгейдегі студенттер санының артқандығын көрсетеді, яғни жоғарғы деңгейі 25%-дан 34%-ға, орта деңгейі 47%-дан 58%-ға жоғарыласа, ал төмен деңгейі 27%-дан 8%-ға дейін төмендегенін байқап отырмыз. Бұл көрсеткіште экспериментке дейін төмен деңгей көрсеткен студенттерді орташа деңгейге дейін көтеруге қол жеткізілді. Ал бақылау тобында эксперименттік топқа қарағанда көп өзгерістер байқалмайды. Біз тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың салыстырмалы нәтижесін төмендегі - 22 суретте бейнеледік.



Сурет 22 – Бақылау тобының тәжірибелік-эксперименттік жұмыс диаграммасы



Сурет 23 – Эксперимент тобының тәжірибелік-эксперименттік жұмыс диаграммасы

«Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курстың тиімділігінің

артқандығы дәлелденді. Демек, біздер дайындаған әдістемелер студенттердің қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасын ары қарай жетілдіруді керек ететінін анықтадық. Қорыта келгенде, зерттеу барысында дайындалған қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің ұлттық келбетін, бітім-болмысын қалыптастырудың құрылымдық моделінің құрылымындағы маңыздысы өлшемдер мен компоненттер, әр компоненттің мазмұнына сәйкес өлшемдерін бөліп қарастырып, оның көрсеткіштерін эксперименттік тәжірибе жұмысымызда дәлелдедік.

Әлеуметтік-мәдени орта тәрбиелік-білім беру кеңістігі, ол арқылы адам қоғамның мәдени қатынастарына белсенді енеді, мәдени іс-әрекет пен рухани практикада дербес тәжірибені меңгереді. Бұдан басқа әртүрлі жастағы жастарға кез келген мемлекеттік және халықаралық аренада сапалы білім беру ерекше рөл атқарады, ол біздің мемлекетің тұрақты дамуының маңызды көрсеткіші болып табылады.

Зерттеуімізде дайындаған моделдің құрылымындағы компоненттер (мотивациялық, когнитивтік, мінез-құлықтық) мазмұнға сәйкес өлшемдерін (ынталанушылық өлшемі, яғни қазақ халық педагогикасының ұл бала, ер жігіт тәрбиесін қалыптастыруға саналы көзқарас, оның қоғамдық мәнін түсіну, қажеттілігін сезіну; танымдық өлшемі ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасы туралы білімнің және сана-сезімінің болуы; іс-әрекеттік өлшемі, яғни ұл бала, ер жігіттің ұлттық келбетін, бітім-болмысын қалыптастыруда ұлттық мінез-құлықтың қалыптасуы мен оны іс-әрекетте қолдану білігі), көрсеткіштерін (қазақ халық педагогикасына деген ерекше сыйластық пен құрметтің болуы, қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесіне қызығушылығы; қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің маңызын ұғынуы; қазақ халық педагогикасындағы ар - ұят, намыс, ар-ождан түсініктерінің мәнін ұғынуы; қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің қалыптасу, даму тарихы туралы білімі; қазақ халық педагогикасының ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің идеялары туралы білімі қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің мазмұнын түсінуі және салт-дәстүрлерді, әдет- ғұрыптарды ажырата алуы; қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің құралдары мен әдіс- тәсілдерін қолдануы; қазақ халық педагогикасындағы ұл бала тәрбиесінің мазмұнын қалыптасуы; қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінде ұлттық мінез-құлықтың көрініс табуы) эксперименттік-тәжірибе жұмысымызда дәлелдеуді талап етеді. Сонымен қатар гуманистік құндылықтарға сәйкес ұл бала, ер жігіт тәрбиесін қалыптастыруды қарастырады.

Біздің айқындаған өлшемдеріміз қазақ халық педагогикасындағы ұл бала тәрбиесінің теориясы мен практикасы туралы студенттерге білім беруді жүзеге асыру деңгейлерін көрсетуге негіз болды. Білім беру үдерісі барысында студенттерде қазақ халық педагогикасындағы ұл бала тәрбиесінің

негізі туралы мағлұматтардың болуы бұл қазақ халық педагогикасы туралы білімнің қалыптасу деңгейі болып есептеледі.

Зерттеу барысында біз ұсынған «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курсының бағдарламасы студенттердің тұлғалық, коммуникативтік, реттеушілік, танымдық, әмбебаптық әрекеттерін (мынадай сапалардың құндылығын саналы түсіну: жауапкершілік, жақындарын сыйлау және құрметтеу, әртүрлі ақпараттарды меңгеру, өз әрекетін бағалау және түзету, өзін-өзі реттеу, өзіндік рефлексия, т.б.) дамытуға бағытталған. Сондықтан тәжірибелік эксперимент жұмыстарның нәтижесінде алынған жоғарыдағы мәліметтер студенттерінің ұлттық құндылықтарын қалыптастыруға, ұл бала тәрбиесін дамытуға ықпал ететін жағымды динамика байқалады деп тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысын қорытындылай келе, білім алушыларымен жүргізілген эксперимент жұмысының нәтижесінде, біз келесідей тұжырымға келдік:

Біз дайындаған «Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала тәрбиесі» атты құрылымдық-мазмұндық моделі, оның құрамының біртұтас жүйелілігін көрсетті.

Қорыта келе, болашақ мұғалімдердің қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесі дәстүрлері негізіндегі тәрбие жұмысына педагогикалық даярлығы бағытында жүзеге асырылған іс-қимылдар педагогикалық білім беру бағдарламалары студенттердің халқымыздың ұл бала-ер жігіт тәрбиесі бойынша жинақтаған бай этнопедагогикалық білімдері мен тәжірибесі негізінде жалпы білім беретін мектептердің біртұтас тәрбие жүйесінде адал азаматтарды тәрбиелеудің тиімді тәслдерін меңгеріп, мектептегі тәрбие жұмысының нәтижелілігіне оң ықпал тигізіетіндігін көрсетті.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ халық педагогикасының теориясы мен практикасында ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің қалыптастыру мәселесін теориялық тұрғыдан салыстырмалы талдау қазақстандық білімді, ұлттық құндылықтарымызды модернизациялаудың қазіргі заманғы жағдайында студенттерге халық педагогикасындағы ер жігіт тәрбиесі білім беру үдерісінде көрініс табуы қажет деп тұжырымдауымызға негіз болды.

Сонымен жүргізілген зерттеу нәтижелері мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

1. Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасының теориялық-әдіснамалық негіздерін қарастыру «халық педагогикасы», «ұл бала», «ер жігіт» ұғымдарының мән-мағынасын жанжақты талдау және осыдан туындаған «қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесі» ұғымын құрылымдау, мәнін зерттеу оларға берілген анықтамалар мен тұжырымдарды жүйеге келтіріп, жан-жақты сипаттама беруге, олардың бір-бірімен өзара байланысын көрсетуге және аталған түсініктерді нақтылауға мүмкіндік туғызды.

2. Ғалымдар еңбектеріндегі қазақстандағы гендерлік ерекшеліктер, гендерлік сәйкестілік, гендерлік білім беру туралы ұғымдарының және ата-аналардың гендерлік ұстанымдары жайлы, сонымен қатар маскулинділік/феминділік белгілерінің бөлінуі мәселелер талқыланды. Ерлер мен әйелдердің психофизиологиялық ерекшеліктерінің салыстырмалы сипаттамасы жасалынып, ұл бала, ер жігіттің бойынан эмоционалдық, интеллектуалдық, физиологиялық тұрғыдағы ерекшеліктері анықталды.

3. Қазақ халық педагогикасында ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің тиімділігі бар, тірек болатын әдіснамалық негіздер қатарында мәдени-тарихи, тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік, аксиологиялық тұғырлары қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени өзгерістер жағдайында қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесін қалыптастырудың функционалдық-құрылымдық моделін жасауға мүмкіндік берді.

4. Зерттеу барысында қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіттің ұлттық келбетін, бітім болмысын қалыптастырудың құрылымдық - функционалдық моделі дайындалды. Модельде оның мақсаты, қағидалары, тұғырлары, қазақ халық педагогикасындағы ұл баланың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері және өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері қарастырылады. Бұл қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің қалыптасуының ынталанушылық, танымдық, іс-әрекеттік өлшемдерін негіздеуге, сонымен бірге осы өлшемдерді сипаттайтын көрсеткіштерді бөліп көрсетуге мүмкіндік берді.

5. Зерттеу барысында қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесін қалыптастырудың әдістемелік кешені дайындалды. Аталмыш кешен: «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курс бағдарламасын құрастырдық. Дайындалған әдістеме қазақ халық педагогикасының

құралдарын пайдалана отырып нақты пәндерді оқытудың әртүрлі салалары мен әдістемелерінен алынған білімдерді біріктіреді және жалпы болашақ маманды даярлауда қолданылатын білім берудің формалары мен әдістерін жетілдіруге, студенттердің сабақтағы және сабақтан тыс іс-әрекетіне белсенді қатыстыруға және бұл іс-шараларды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Осы курсты меңгеруде негізгі орында ғылыми-әдістемелік дереккөздердің мәліметтері өңделіп, курс тақырыптары бойынша зерттеу жұмыстарымен танысып, зерттеу мәселесіне байланысты шет елдік және отандық ғалымдардың ғылыми еңбектері де талқыланды.

6. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды жүргізу барысында ұсынылған моделдің қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесін қалыптастырудағы маңызы дәлелденді. Алынған зерттеу нәтижелерінің тиімділігі білім беру үдерісінің тиімді формаларын ұйымдастырумен, жеке және топтық жұмыстардың оңтайлы үйлесімділігімен, студенттердің жасампаздық белсенділігімен, субъект-субъектілі өзара әрекеттесу негізінде қамтамасыз етілді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардан кейін эксперименттік топтағы студенттердің маскулинділік/феминділік қалыптасу деңгейлерінде позитивті динамикалық өзгерістер айқындалды.

7. Жоғары оқу орындары студенттерінің қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесін қалыптастыру әдістемесі бойынша тәжірибелік-педагогикалық эксперимент жүргізілді және іс жүзіндегі тиімділігі дәлелденіп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстары дайындалды.

Жүргізілген зерттеудің қорытындылары бойынша төмендегідей ұсыныстар жасалады:

- қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасын диагностикалаудың әдістемелік құралдарын осы мәселені ары қарай зерттеуде қолданылса;

- зерттеуімізде дайындалған «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курс жоғары оқу орындарының оқу жоспарына ендірілсе;

- «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курсының мазмұндық сипаты педагогика, әлеуметтік педагогика, этнопедагогика сынды міндетті пәндерінің тәрбиеге қатысты бөлімінің мазмұнына ендірілсе;

- қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесін қалыптастыруға әсер ететін психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері жоғары оқу орындарының педагогикалық іс-әрекетінде ескерілсе.

Ғылыми зерттеу жұмысымыздың мақсаты мен белгіленген міндеттері орындалып, ғылыми нәтижеге қол жеткізе алдық. Дегенмен, зерттеліп отырған мәселе өзекті болғандықтан оны толығымен, түбегейлі шеше алдық деп айта алмаймыз. Күрделі мәселе ретінде қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесі әр түрлі тұстарынан зерттелуі тиіс деп есептейміз.

ПАЙДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Bilim jáne Ǵylym!» атты тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзі https://ult.kz/post/tokaev-tarbie-sapaly-bilimnin-negizgi-arkauy
2 Қазақ халқының тәлім-тәрбие тарихынан/Ред.басқарған С.Қалиев. – Алматы. - 1992
3 Аль Фараби. Социально-этические трактаты. - Алма-Ата: Наука, 1973. 399с.
4 Баласағұни Ж. Құтты білік. - Алматы: Жазушы, 1986 . - 358 б.
5 Махмұд Қашғари. Түбі бір түркі тілі/Аударғандар: Қ.Бекетаев, Ә.Ибатов. – Алматы: Ана-тілі, 1993. – 427 б.
6 Йассауи Қожа Ахмет. Диуани Хикмет (Ақыл кітабы) , Алматы, 1993.
7 Уалиханов Ш. Шығармалар жинағы. – Алматы, 1961. – Т. 5, - 89 б.
8 Алтынсарин Ы. Шығармалар толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 1988.- 207 б.
9 Құнанбаев А. Қара сөз, поэмалар// Құрастырған К.Серікбаева. – Алматы: Ел. 1992. – 272 б.
10 Әуезов М. Адамдық негізі - әйел. 20 томдық шығармалар жинағы. Т-15. – Алматы: Жазушы, 1984. – 7- 9 б.
11 Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 247 б.
12 Ғабдуллин М. Қазақ мақалының күші. Ана тілі. – 1967. - №43. -3 б.
13 Қалиев С.Қ. Қазақтың халықтық тәлім-тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері:пед.ғыл.док.дисс 13.00.01. – Алматы, 1996. – 65 б.
14 Ұзақбаева С.А. Қазақтың халықтық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие:пед.ғыл.док.дис.13.00.01.- Алматы, 1993 – 420 б.
15 Ансабаева А.Д. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Талдықорған, 2024. -140 б.
16 Жарықбаев Қ.Б. Развитие педагогической мысли в дореволюционном Казахстане: дисс...доктора пед.наук. 13.00.01. –Киев, 1982. – 317 с.
17 Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. Оқу құралы. - Алматы, 1991. - 288б.
18 Ансабаева, А.Д. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үдерісінде ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру [Мәтін]: Оқу құралы / А.Д. Ансабаева, Л.В. Мардахаев, Г.С. Майлыбаева.- Талдықорған: І.Жансүгіров атындағы ЖУ, 2022.- 113 б.
19 Қалыбекова А. Қазақ халық тәрбиесінің асыл мұрасы. Алматы: БАУР, 2021. – 488 б
20 Балтабаев М.Х. Казахская традиционная художетсвенная культура в системе образования. – Алматы: РИК, 1994
21 Қозыбаев Е. Құлабекова Г. Ұлы түркі ғұламаларының мұраларындағы бала тәрбиесі мәселелері. «Европа и тюркский мир: наука, техника и

технологии». Материалы Международной научно- практической конференции. г.Алания (Турция) 2-4 мая 2018г. -С.383-387
22 Наренова А.Б. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі [Мәтін]: Оқу құралы / А.Б. Наренова.- Алматы: ЭСПИ, 2021.- 144 б.
23 Арзымбетова Ш.Ж., Турабаева Г.К., Оспанова Г.С., Бозшатаева Г.Т., Турабаева Л.К., Турабаева Р.К., Есенбаева М. Формирование экологической культуры у студентов среднего профессионального образования // Успехи современного естествознания. – 2014. – № 7. – С. 156-158;
24 Волков Г.Н. Этнопедагогика . – Чебоксары, 1974. – 375 б.
25 Тасимова А.А. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі [Электрондық ресурс]: Оқу құралы / А.А. Тасимова.- Алматы: ССК, 2021.- 1 электр. опт. диск.
26 Филонов Г.Н. Воспитание личности школьника. М.: Педагогика, 1985. – 223 с.
28 Измайлов А.Е. Народная педагогика: педагогические воззрения народов Средней Азии и Казахстана. – М.: Педагогика, 1991. – с. 256.
29 Гашимова А.Ш. Идеи умственного и нравственного воспитания в азербайджанских народных сказках и пословицах: автореф.дисс. ...канд.пед.наук. Баку, 1975. – с 17.
30 Ханбиков Я.И. Из истории педагогической мысли татарского народа. – Казань, 1967. – 231 с.
31 Бейсембаева А.А. Патриотическое воспитание старшеклассников средствами казахского героического эпоса: дисс. ...канд.пед.наук. – Алматы, 2004. – 138 с.
32 Санабаев У.К. Педагогические основы воспитания патриотизмау военнослужащих внутренних войск МВД Республики Казахстан: дисс. ...канд.пед.наук – Караганды, 2004.
33 Ешімханов С.Е. Оқушыларға әскери патриотттық тәрбие беру. – Алматы, 1991. – 266 б.
34 Жұматаева Е. Қазақстан майдангер жазушыларының шығармалары арқылы оқушыларға патриоттыққа тәрбие беру.пед.ғыл.канд. ...дисс. – Алматы, 1997. – 135 б.
35 Иманбаева С.Т. Қазақстан Республикасының әлеуметтік даму жағдайында мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің ғылыми педагогикалық негіздері:пед.ғыл.кан. ...дисс. –Алматы, 2007. -37 б.
36 Базарғалиев Ғ. Х.Досмұхамедовтың ағартушылық қызметі мен шығармашылық еңбектеріндегі патриоттық тәрбие идеялары: пед.ғыл.канд. ...дисс. – Алматы, 2002. – 22 б.
37 Құсайынова Д.С. Әлия мен Мәншүк ерлігінде жоғары сынып оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеудің педагогикалық негіздері:пед.ғыл.канд....дисс.. – Алматы, 1999. – 135 б.
38 Калимолдаева А.К. Формирование патриотизма будущих специалистов в целостном педагогичском процессе вуза в современных условиях: дисс. ... канд.пед.наук. – Алматы, 2003. – 118 с.

39 Дүйсенбаев А.Қ. Этнопедагогика және этнопсихология. Оқу құралы. – Алматы: «Medet Group» ЖШС, 2021. – 156 б.
40 Сүлейменова Б. Бастауыш сынып оқушыларын қазақ батырлар жыры арқылы адамгершілікке тәрбиелеу: пед.ғыл.канд. ...дисс. – Алматы, 1997.- 22 б.
41 Қалиев С. Үлгілі үйдің ұл-қыздары. – Алматы: «Санат», 2000. – 208 б
42 Жұмаханов Ә. Орта мектептің жоғары класс оқушыларын аға ұрпақтың ерлік және еңбек дістүрлеріне тәрбиелеу. – Алматы: Қазақ унив-ті, 1991. – 48 б.
43 Әмірәлиев Ш. Ұлттық салт-дәстүр сабақтастығы. Эверо, 2015. -119б.
44 Джанабаева Р.А. Қазақ халық педагогикасындағы патриоттық-ерлік тәрбиесінің ғылыми негіздер:пед.ғыл.докт. ...автореф. – Алматы, 2007. – 42 б.
45 Адамбаев Б. Халық даналығы. -Алматы, 1976.
46 Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2005. – Т.1.- 296 б.
47 Табылдиев Ә. Ұстаз тәлімі.-Алматы: Білім, 2006. -248 б.
48 Елікбаев Н. Қазақтың ұлттық психологиясының қалыптасуы мен дамуының тарихы және әлеуметтік-мәдени негіздері: филос. ғыл. докт. дисс.: 09.00.01. – Алматы, 2000. – 247 б.
49 Педагогика тарихы. -398 б. Оқулық. ҚазМемҚызПУ Алматы, 2009.
50 Тарихи тұлғалар / Құраст. Б.Тоғысбаева, А.Сужикова. Алматы кітап ЖШС, 2005.-19 б.
51 Қорқыт ата кітабы / ауд. Ә.Қоңыратбаев, Ә.Байділдаев. Жазушы 1986. -160 б.
52 Баласағұни Ж. Құтты білік.- Алматы: Жазушы, 1987.-301 б.
53 Қашқари М. Түбі бір түрік тілі. Алматы: Ана тілі, 1993.-125 б.
54 Елубаева М.С. Қазақ ақын-жырауларының тәлім-тәрбиелік мұралары (XV-XVIII FF.). -Тараз: ТарМПИ, 2014.-150 б.
55 Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. Онтомдық. /3-том: Көне жазба мұралар тағылымы (б.з.б. 1-мыңжылдық-XV г. соны) Құраст, С.К.Калиев, К.К.Аюбай. -Алматы, 2007.-194 б.
56 Мағауин М. Бес ғасыр белестері. Кітап: «Ай заман-ай, заман-ай..» - Алматы: Қазақ ССР баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті Бас редакциясы, 1991.-8 б.
57 Қалиев С. XV-XIX ғасырлар акын-жырауларының поэзиясындағы педагогикалық ой-пікірлер.-Алматы: Рауан, 1990.-47 б.
58 Қалиев С., Иманбекова Б. Халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі және оны орта мектептің оқу-тәрбие үрдісіне пайдалану. 2010.-236 б.
59 Қозыбаев Е.Ш., Құлабекова Г.Қ. Қазақ балаларын отансүйгіштікке тәрбиелеудегі ұлттық идеологияның мәні. //Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы (педагогикалық ғылымдар) №2 (58), 2018. 232-238 б.
60 Құлабекова Г.Қ. Абай мұрасындағы ер жігіт тәрбиесі. //Научный журнал «Вестник Академии Педагогических наук Казахстана», №3. Алматы, 2020. С. 20-29.

61 Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. Этнопедагогика. -Астана. Фолиант, 2003.-328 б.
62 Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары.-Алматы: ҚКӘБ, 1958, 250 б.
63 Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. – Алматы: Білім, 2003. – 120 б.
64 Иманбекова Б. Қазақстандағы педагогикалық ойлар мен білім беру тарихы - Алматы: Қазақ университеті, 2010.-158 б.
65 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. Алматы: Санат, 1995.
66 Құнанбаев А. Шығармалар толық жинағы, Алматы, 1945.-333 б.
67 Құнанбаев А. Қара сөз. /Ауд. Серикбаева - Алматы, 2001.-264 б.
68 Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау.-Алматы: Нұрлы Әлем, 2004.-304 б.
69 Байтұрсынов А. Шығармалары. -Алматы: Жазушы, 1989.-320 б.
70 Құлжанова Н. Мектептен бұрынғы тәрбие. - Орынбор, 1923.
71 Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: Ана тілі, 1992. -106 б.
72 Әбиев Ж. Педагогика тарихы, Алматы: Дарын, 2006. - 480 б.
73 Тайшықова Қ. Қазақ отбасында ер бала тәрбиесінің маңыздылығы / Этнопедагогика, 2006. 1.-53-54 б.
74 Қалиев С. Сексеннің сеңгіріндегі – Сарағаң Алматы. Полиграфия Сервис и К, 2009.-446 б.
75 Елубаева М.С. М.Әлімбаевтың этнопедагогикалық мұрасы. —-Тараз, ТарМПИ, Редакциялық баспа бөлімі, 2010.-91 б.
76 Канатова Т. Менің Бауыржаным // Тәрбие құралы, 2009. о1. -64 б.
77 Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар - Алматы: Ғылым, 1990 - 296 б.
78 Ғабдуллин М. Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес. -Алматы: Мектеп, 1966. - 123 б.
79 Елубаева М.С. Музафар Әлімбаевтың педагогикалық көзқарастары: пед. ғыл. канд. дис.-Түркістан, 2006.-167 б.
80 Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. – Алматы: Білім, 1995. – 235 б.
81 Әлімбаев М. Халық – қапысыз тәрбиеші. Алматы: Білім, 1977. -53 б.
82 Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы.-Алматы: Білім, 2003.-280 б.
83 Бөлеев Қ., Ибраимова Л. Қазақ этнопедагогикасындағы отбасылық тәрбие. -Алматы: Нұрлы Әлем, 2008.-156 б.
84 Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. Алматы: Санат, 2001. -320 б.
85 Жарықбаев Қ. Қазақ тәлім-тәрбиесі. Алматы: Санат, 1995. -352 б. 50.
86 Елубаева М.С. Халық педагогикасы арқылы ұл баланы тәрбиелеу жолдары. Хабаршы Абай атындагы ҚазҰПУ «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. 2017. №1 (53).
87 Ахметов З. Күретамыр. Алматы, 2018. – 208 бет
88 Қозыбаев Е.Ш., Г.Қ. Құлабекова. Ұл бала тәрбиесі және Бауыржан Момышұлының тағылымы //ҚазҰҚПУ Хабаршысы № 4 (80) 263- 271 бет
89 https://massaget.kz/jigitterge/psihologiya/46453/

90 Қозыбаев М.К. Ата тарихы туралы сыр /Егемен Қазақстан. 3-қазан.1992.-2 бет
91 Иманбаева С.Т. Оқушыларды ұлттық жауынгерлік дәстүр арқылы ерлікке баулудың педагогикалық негіздері. Пед.ғыл.канд дәрежесін алу үшін жазылған дисс.Алматы - 1997. Жетекші С.Қ.Қалиев
92 Джанабаева Р.А. Халық педагогикасындағы патриотттық-ерлік тәрбиесінің негіздері. Оқу құралы. – Алматы, 2010. – 263 бет.
93 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы /Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 247 Қаулысы // ресми мәтін. – Астана, 2023
94 Аймауытов Ж. Психология.-Алматы: Санат, 1995. -312 б.
95 Қозыбаев Е.Ш., Құлабекова Г.Қ. Бала тәрбиесі: ұлы дала елінің тәжірибесі// Абай ат.ҚазҰПУ Хабаршысы (педагогикалық ғылымдар сериясы) №3 (29), 2018. 255-260 б.
96 Қозыбаев Е.Ш., Құлабекова Г.Қ. Жаһандану жағдайында ұл балалар бойында ұлттық сана мен мінез-құлықты қалыптастырудың маңыздылығы// «Prospects for the development of Modern Science»: Materials of the III International Scientific-Practical Conference. – Seoul, Korea: Regional Academy of Management 2018 -410 p.
97 Көпеев М. Қазақ шежіресі, Алматы, 1993, Б76.
98 Бөлеев Қ. Халық педагогикасын оқытудың үш бөлімі. Материалы научно-практической конференции «Использование традиции народной педагогики и психологии в учебно-воспитательном процессе». Алматы, 1992
99 Ұзақбаева С.А. Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрі. – Алматы: Мектеп, 1998. – Б.7-9
100 Кожахметова К.Ж. Теоретико-методологические основы казахской этнопедагогики. Автореферат докт.дисс. Алматы, 1998, 33с.
101 Колесов Д.В., Сельверова Н.Б. Физиолого-педагогические аспекты полового созревания. – Москва: Педагогика, 1978. - 224 с.
102 Ұзақбаева С. Қазақ халық педагогикасы: оқу құралы. –Алматы. «Глобус» баспасы, 2013 – 468 бет
103 Иванова Е. Гендерные исследования в психологии. /Введение в гендерные исследования. Ч.1: Учебное пособие /Под ред. И.А. Жеребкиной. Харьков, ХЦГИ, 2001; СПб., 2001
104 Ерофеева Н. В. В классе мальчики и девочки… Как их учить? // Народное образование, 2001, №2..
105 Fivush R. Exploring sex differences in the emotion content of mother- child conversations about the past. Sex roles, 1989,20. P.675-691
106 Құлабекова Г.Қ. Ұл бала тұлғасының қалыптасуындағы әке тәрбиесінің рөлі. «Global Science and Innovations 2019: Central Asia» атты IV Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (III ТОМ)/Құраст.: Е.Ешім, Е.Абиев т.б. – Астана, 2020 – 336 б

107 Әшімова Е.Ұ. Қазақ отбасында халықтық педагогика құралдары арқылы мектеп жасындағы қыз баланы тәрбиелеудің педагогикалық шарттары. Пед,ғыл,канд. Шымкент, 2006
108 Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік философиялық талдау. Монография. - Алматы, 2000. -180б. (57б.)
109 Ізтілеуов Т. Өмір өткелдері /Бес ғасыр жырлайды, Алматы, 1989, 2-т, Б.448-471
110 Бужигеева М.Ю. Гендерные особенности детей на начальном этапе обучения // -2002. Педагогика . -№8. 29-35с.
111 Cross, S. E. Models of Self: self-construals and gender / S. E. Cross, L., Madison // Psychological Bulletin. – 1997. – Vol. 122. – P. 5–37.
112 Нишанбаева С.З. Студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру негіздері: оқу-әдістемелік құрал/ Алматы, 2018. – 76 б.
113 Здравомыслова Е, Темкина А. Социальное конструирование гендера как феминистская теория // Женщина. Гендер. Культура. – М., - 1999. – 368 с.
114. Воронина О.А. Теоретико–методологические основы гендерных исследований // Теория и методология гендерных исследований. Курс лекций. – М.: МЦГИ–МВШСЭН – МФФ, - 2001. – 416 с., С. 102
115 Мухина В.С.Личность: Мифы и реальность (Альтернативный взгляд. Системный подход. Инновационные аспекты). – Екатеринбург: ИнтерФлай, 2007. – 1072 с., С. 648–649
116 https://www.psychologos.ru/articles/view/tri-stadii-razvitiya-malchikov
117 Жуков Д. А. Биологические основы поведения. Гуморальные механизмы. - СПб.: Юридический центр Пресс, 2004. - 455 с.
118 Аруин А. С., Зациорский В. М. Эргономическая биомеханика. — М.: Машиностроение, 1989. — 252 с
119 Ақан сері Қорамсаұлы. Жастық шақтар /Бес ғасыр жырлайды, Алматы,1989, 2-т, Б.143-164 б.
120 Баймағанбетова Ж.Т. «Қазақ ақын-жыраулар мұрасындағы жас кезеңдеріне қатысты тәлім-тәрбиелік ой-пікірлер» (XYIII-XIX ғ.ғ.)13.00.01 Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы 2004
121 Kulabekova G., Kozybayev Y., Kurmanbekova A., Sarybekova Zh., Ayazbaev T. Kazakh national pedagogy in the upbringing of boys Opción, Año 35, Regular No.90-2 (2019): 806-819 ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385
122 Қозыбаев Е.Ш., Құлабекова Г.К. Роль казахских женщин в гражданском становлении и воспитании наиональной интеллигенции. Женщины-ученые Беларуси и Казахстана: сб.материалов МНПК, Минск, 1-2 марта 2018 г – 566 с
123 Қозыбаев Е.Ш., Құлабекова Г.Қ. Ұлттық құндылықтар – ұрпақ тәрбиесінің өзегі. Materials of the III International Scientific Community to the Global Challenges of Our Time. In three volumes. Volume III – Kyoto, Japan: Regional Academy of Management, 2018. – 423 p.

124 Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» атты тамыз конференциясында сөйлеген сөзі
https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-bilim-keleshegi-adal-azamat-kasibi-maman-takyrybyndagy-tamyz-konferenciyasynyn-plenarlyk-otyrysynda-soylegen-sozi-1571340
125 Фромм, Э. Психоанализ и этика. – М.: ООО «Издательство АСТ-ЛТД», 1998. – 568 с .
126 Бабанский Ю.К. Оптимизация учебно-воспитательного процесса. - М., 1982. – 192 с.
127 Философский энциклопедический словарь.- М.: ИНФВА М., 1999. – 576 с.
128 Педагогический энциклопедический словарь / гл. ред. Б.М. Бим-Бад. – М.: Большая Российская энциклопедия, 2002. - 528 с.
129 Штофф В.А. Моделирование и философия. - Л.: Наука, 1966
130 Краевский В.В. Проблемы построения целостной теории содердания образования и процесса обучения. Сб.научных трудов. Челябинск: ЧГПИ, 1988. – 138 с
131 Подласый И.П. Педагогика – М.: ВЛАДОС, 2004
132 Қозыбаев Е.Ш., Құлабекова Г.Қ. Ұл балаларға адамгершілік тәрбие берудің этнопедагогикалық негіздері. Әуезов оқулары – 16: «Төртінші өнеркәсіптік революция: Қазақстанның ғылым, білім және мәдениет саласындағы жаңғырудың жаңа мүмкіндіктері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция еңбектері – Шымкент. М.Әуезов ат.ОҚМУ, 2018 ж
133 Таубаева Ш. Научные основы формирования исследовательской культуры учителя общеоброзавательной школы: автореф. докт. пед. наук. 13.00.08.- Алматы, 2002. - 46 б.
134 Практикум по гендерной психологии Под ред. И.С. Клециной. СПб., 2003. С. 277-280.
135 Нұрбеков Т.б. Қазақ халық ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесі: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2025. – 194 б.
136 Кембаева А.Т. Тілдік тұлғаның ұлттық-мәдени феномені (Ш.Мұртаза шығармашылығы бойынша): филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2025. – 189 б.

ҚОСЫМША А

ҒЗЖ нәтижесі бойынша жасалған «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курсының оқу үдерісіне енгізілгені туралы Актісі

«Бекітемін»
Оқу-әдістемелік жұмыстар,
ғылым, халықаралық қатынастар
жөніндегі проректор, г.ғ.к.
_____ Л.К. Махмудова
«___» __05__ 2019ж.

Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті

Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін оқу үдерісіне
ЕНДІРУ АКТІСІ

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығының докторанты Кулабекова Гульшат Камарбековнаның философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасы» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуінің ғылыми нәтижелері 2018-2019, 2019-2020 оқу жылдарының оқу үдерісіне ендірілгенін осы акт растайды.

Тапсырушы: «Білім» факультетінің 5В010800 - «Дене шынықтыру және спорт», 5В010400 - «Бастапқы әскери дайындық» мамандықтары.

5В010800 - «Дене шынықтыру және спорт», 5В010400 - «Бастапқы әскери дайындық» мамандықтарына арналған «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» атты элективті курсы негізінде 2018-2019, 2019-2020 оқу жылдарында тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Ендірудің тиімділігі: Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері болашақ мұғалімдердің ұл бала-ер жігіт тәрбиесінде қазақтың халық педагогикасы негіздерін педагогикалық-психологиялық өзекті мәселелерді шешуде тиімді пайдаланып, кәсіби шеберлігін шыңдауына мүмкіндік берді.

Ректор мен тапсырушының атынан:
Оқу-әдістемелік бөлім бастығы _____ Г.А. Кабылбаева

Университеттің ғылыми-әдістемелік кеңесінің төрағасы _____ Л.К. Махмудова

Кафедра: «Жалпы педагогика»
Кафедра меңгерушісі _____ Р.С. Елубаева